Жарқ еткен сәулелі сол сәттер ғана, – деген жолдарда ең сәулелі кездер сол туған ауылдағы кез, ең ыстық сезім сол жерге махаббаты екені көрінеді.

Қалқаман Сарин өлеңдерінде:

Ее, өмір-ай, арылтпай мұнар мұннан,

Сағынышқа сарқылмас сыңар қылған.

Елге кеткім келеді, Елге барсам,

Елең қағып шығады кім алдымнан? – бұл [3, 100] жолдарда ақынның туған жерге деген сағынышы шексіз таусылмайтыны көрінеді. Сол сағынышқа батып, мұң басқан ақын туған ауылына асығып, сонда баруға құштар.

«Туған ауыл» өлеңінде ақынның еліне сағынышы бірнеше жерде бар.

Бір сағыныш мазалап ертелі-кеш,

Жүреді ылғи жанымды өртеп менің, – деп [3, 100] туған жерді үнемі ойлап жүретіні көрінсе, келесі жолда:

Қатты маған қызуың күннен сенің,

Сағынышым өзіңсің, мұң мен шерім, – деу арқылы туған жердің ыстықтығын оған деген сағынышы мұңға айналғаны байқалады.

Қайран ауыл, қалдың-ау үзіп алып,

Жұдырықтай жүректің бір бөлшегін, – деп келетін жолдардан жүректің бір бөлшегі үнемі сол туған елімен бірге екеніне көзіміз жетеді.

Көнермес қасиет бар келбетінде,

Сағынтар жалғыз мекен жер бетінде, – деп [3, 101].

туған жер сағынатын жалғыз мекен екенін білдіреді.

Саған деген сағынышым,

Содан бері көз ілмеді, – деп келетін жолдардан ақынның сағынышты образ қылып бейнеге айналдырғанын байқалады.

Мерей Қарттың «Ауылды аңсау» өлеңіндегі:

Қаладан іш тарылды,

Ұмыттым құштарымы.

Сен жаққа ұшырамын,

Сағыныш құстарымды!-деген жолдардан ақынымыздың өлеңдерінен де туған жерге сағынышы көрінеді.

Менің жаным қоштасуға осал-ақ,

Туған жердің тауын жүрмін тасалап, – деп келген шумақта Мерей ақынның тіпті, туған жерден алыстамағанын, қолы қалт етсе туған ауылына баратынын байқаймыз. Сол себептен болар ақынның туған жер тақырыбындағы өлеңдерінде сағыныш туралы жолдар көп ұшыраспайды.

Осы өлкесіне деген сағынышын ақындар өлеңдері арқылы көрсетіп отырған. Туған өлкедегі балалық дәуренін, арманы алып-ұшып тұрған жастық шағын сағына еске алып қолдарына қалам ұстаған.

«Поэзия адамның еркін тілімен берілетіндіктен, онда үн де, сурет те және байымды, айқын айтылған түсінік те болмақ. Поэзия-өнердің жоғарғы тегі», – деген В. Г. Белинский [1].

Міне, туған жер – адам өмірінде киелі орын алатыны рас болса, оны поэзияда тақырып қылу заңдылық. Ақындардың шығармасындағы туған ауылына арналған жырлар осының дәлелі.

Бағалы затын қалдырған жандай қарайлай берем артыма,

Арманға мініп, ала шыңдардың сауырын сипап кетсем де, – деген Серікзат ақынның өлеңінен адам қандай дәрежеге өссе де, туған жері үшін сол қарапайым қалпында қалу керек деген ой көрінді.

Жолбарыс жонды жоталарың мен шұрайлы шалғын өлкеңе,

Ұланың едім, қыраның едім, шынайы ғашық, шын ғашық, – деген жол да соған дәлел.

Шаңдақ жол жағыр шақырып тағы шалғайға,

Жазғырма мені... Жазылған тағдыр маңдайға.

Кетуге, бірақ, қия алмай тұрмын, тамсанып,

Анамның берген ақ құртын салып таңдайға,-деген жері туған жерді қия алмаған махаббатының айғағы.

Қалқаман ақын үлкен жерлерге барып, үлкен мінбелерден сөйлеп жүрсе де туған жеріне деген үлкен сүйіспеншілікті арқалап келеді. Туған елін шынайы сүйетінін көрсетіп тұр, тамсану деген сөзден қаншама мән ұғылады, ауылдың дәмін ұмытпау, қазақилықтан ажырамау деген ойды береді.

Ақындарымыз адам бойындағы тіршілік кепілі күретамыр арқылы туған жерімен үзілмес байланысын көрсетеді. Тағдырларының сол елге байланғаны әр ақын өлеңдерінен табылады.

Ал Серікзат ақын метафора арқылы өз елінің сәні де, тіршілігінің нәрі де болған Аягөзінің суын тамыр арқылы тіршіліктің кепілі болғанын, өз тағдырына қатысы бар екенін айтқан.

Аягөз-бұлақ қан тамырымда,

Бүлкілдеп соққан тағдырымбысың.

Туған жердің әр тасын, әр тауын ерекшелеп өлеңге қосқан ақындар өлеңдерінен тау ұлына лайық мінез,тектілік көрінеді.

Күт мені, туған өлкем,

тұмар-өлкем,

Бас иіп, босағанда тұрам ертең!

Байланған жүрегімнің сәулесіне,

Балалық дәуренімнің шуағы ең сен,-деп туған жерді өзінің бойтұмарым деп метафорамен берген.

Ақынның туған елдінің алдындағы кішіпейілдігін, құрметін бас иіп тұрамын деген жолдардан байқадым.

Тарихтан тамыр тартып, қанға сіңген,

Кешегі өткен күннің таңбасы іргең, – деп өлкеміздің тарихи өлке екенінен сыр шерткен. Ақындар өлеңдеріндегі ортақ ұқсастық туған жер табиғатын, табиғат құбылыстарын,оған деген сағыныштарын ерекше теңеулер арқылы жеткізген. Мысалы, Серікзат Дүйсенғазин

Шаһардан жеріп тастан қаланған,

Құлын шағымның құнын жоймаймын.

Тас жарып шыққан бастаудан алған,

Бұлақтай мөлдір күнімді ойлаймын деп балалық шағын мөлдір бұлаққа теңеген.

«Өз жеріңе деген сүйіспеншілігіңді ең алдымен отбасыңа, ауылдастарыңа арнамай тұрып, барша әлемді сүю мүмкін емес», – деп М. Шаханов [6, 105].

Айтқандай ақындар өлеңдерін анасына,әкесіне арнаған, кішкентай ғана ыстық мекені қара шаңырағына арнаған. Ақындардың туған жер тақырыбына арнаған шығармалары анаға, әкеге, туған үйге,тау туралы,жылқыға арналған деген циклдарға бөлінді. Ана туралы Серікзат ақында 6 өлеңі бар,ал Қалқаман ақын 7 өлең арнаған. Мерей Қарт 4 өлеңі жинаққа енген.

Өсіріп, ер жеткізген сегіз бала,

Әлемде менің шешем – ең ізгі ана.

Жатса да ертелі-кеш үйге адам кеп,

Күтетін соның бәрін «сыйлы адам» деп.

Қонақты құт келгендей қарсы алумен,

Ғұмыры дастарханын жинаған жоқ,-деген жолдар Серікзат ақынның анасына арнаған өлеңі. Бұл өлеңде көп балалы мейрімді жанның, дастарханы ортаймаған, қазақы қонақжайлықты салт қылып ұстаған ананың бейнесін көрінеді [2, 105].

Қайырымсыз қалаға, мейірімді,
Қалдырып кете бергем қалай ғана-ай?!

Ал, бүгін ақын болды ақылды ұлың,
Жанымды жегідей жеп жатыр мұңым.

Ардақтап арнамасам саған өлең,

Адыра қалатындай ақындығым, – деп Қалқаман ақынымыз да анасына жыр арнады. Ана құшағы – мейірім ұясы. Ақын өлеңінен анаға деген сағыныш, сезімі көрінеді.

Мейірленсең, мінезің де мақпалдан.

Ашулансаң, адуының – ақпаннан.

Ана – Саған қарызбын,

Ақ сүтіңнің алғаш дәмін татқаннан.

Алақаның ыстық, жұмсақ жөргегім,

Тілеуіңмен шыңға шықтым, өрледім.

Ана, Саған қарызбын,

Бал сөзіңмен – тал бесікті тербедің, – бесік тербеген аналарымыз әлемді бір қолымен тербеп отырғанының дәлелі. Мейірімге қанған Серікзат, Қалқаман, Мерейдей ұлдары бүкіл елді әнімен тербеп жүр. Өйткені артында қыймай қалған ана тілегінің арқасында ұлдары осындай дәрежеге жетті.

Қолынан бір сәт тастап әлгі ұршығын,

Көтерер үйдегі бар жанның жүгін.

Еңбекке жаратады ертелі-кеш,

Ерітіп от үстінде қардың суын.

Үйге енсе, түсіп қайбір адам аттан,

Тосатын алдына әкеп ғаламат дәм.

Қазақтың салтыменен қонақ күтіп,

Босамай бұрқырайтын қазаны астан, – деген жолдардан үйдің берекесі болған аналарымыздың арқалаған ауыр жүгін көреміз [5, 12].

Соның барлығын үнсіз орындайтын қазақы қарапайымдылықты өлеңдердің барлығында бар.

Мен оқып отырған ақындардың барлығы қарапайым ғана көп балалы жанұядан шыққан ауыл баласы. Ақындарымыздың бойындағы ата-ана қанымен берілген сол қарапайымдылық

өздерінен де, өлеңдерінен де көрініп тұрады. Менің үлгі алуға болатын деп көрсеткім келетін құндылықтың бірі де осы.

Ақ самаурын бұрқ-бұрқ қайнайтын,

Тәтті, кәмпит күнде бізде болмайтын.

Күрең шайы, ыстық наны, қантымен

Анамыздың дастарханы жайнайтын, – деген жолдардан қарапайым дастархан болса да, берекелі екенін жайнайтын сөзінен көрінеді.

Ыстық наннан ананың мейірімі, еңбектің берекесін көрінеді [3, 98].

Анам – момын, Әкем – қатал,

Бір біріне жақын, серік.

Кілең ұлдар қатар-қатар,

Кілем үсті жатушы едік.

Ақ көйлекті (ағамдікі),

Кетседағы сарғыш тартып,

Киім қылып маған бүтін,

Беруші еді сәл қысқартып,- міне,нағыз қарапайымдылықтың үлгісі болған балалық шақтан естелік. Қарапайымдылық нағыз елге жаны ашитын осындай азаматтарды туғызады [3, 102].

Жерлес ақындар шығармаларындағы туған жерге деген сүйіспеншілік мінезден де байқалады. Жылқы малына арнаған өлеңнің көшін Мерей Қарт бастап тұр. Мерей ақын 11 өлеңі жылқыға арнаса, Серікзат ақын 6 өлең жазыпты. Қалқаман Сарин 3 өлеңінде жылқы туралы айтқан.

Серікзат ақын түсіне енетін дөнелі арқылы өз мінезінен сыр береді,қағылез, адал, ақкөңіл қазақ көрінеді.

Бүгін де кіріп, Көкдөнен түсіме менің,

Көңілімді бұзды күлдірлеп кісінегенің, – деп жануарын бала шақтан өзінің баптағанын айта келе, кіснеген үн арқылы балалыққа деген сағынышы көрінеді.

Тұлпар мінезді Тұранның ұлы емеспін бе,

Кеудемнен кәусар жырларым атқыды мына, – деп келген жері арқылы Тұранның ұлы болғанын зор мақтанышпен айтып, елінің ақын халық екенін дәлелдеген.

Менің ерекшелігімнен емес, мен ата-тегіме тартқанмын деп,елмен жермен кіндігі бір екенін көрсетеді [2, 9].

Жаратып мінген күлігін,

Сайыпқыран Сақтың ұлымын!

Арқыраса тарпаң күреңім,

Бал-бұл да жанар түр-өңім, – дәл осыған ұқсас жолдарды Мерей Қарттың шығармасынан да көреміз. Жылкының кісінеуін «арқыраса» деген жолдар арқылы бере отырып, дауыс күшімен туған жерді аңсауын береді [4, 25]. Тура Серікзат ақынға ұқсас Сақтың ұлы екенін мақтанышпен, зор құрметпен айтады.

Қалқаман Сарин шығармасында да осы құмарлықтың біздің қанымызда бар екені көрінеді:

Жануардың жалына жармасып

Жаудан кегі қайтпаған ерше ұмтылып. Сол өлең жолдарында аттан түспеуге, салтынан танбауға серт берген.

Алты қабат аспан аунап,

Жеті қабат жер сілкініп,

Кетсе-дағы

Ант егемін аттан түспен [3, 120].

Қарапайымдылықтың, қазақилықтың алтын бесігі болған іргелі ауылдарды сүюге тәрбиелеуге болатын құрал туған жер тақырыбындағы өлеңдер екені анықталды.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1 Ақындық туралы Белинскийдің айтқандары https://adebiportal.kz/kz/news/view/aqyndyq-turaly-belinskiidin-aitqandary__2844

2 Серікзат Дүйсенгазин «Қарашығымда көшкен бұлт Алматы қаласы «Мерей» баспасы 2014

3 Қалқаман Сарин «Арманымның бейнесі» Астана қаласы «Нұра Астана» баспасы 2011

4 Мерей Қарт «Қарашықтағы құбылыстар» Астана «Фолиант» баспасы 2020

5 Жұлдызай Ысқақ «Жапыраққа тамған жыр» Астана «Фолиант» баспасы 2021

6 М.Шаханов «Желтоқсан эпопеясы» Алматы қаласындағы «Достар Медиа» баспаханасы 2013

ҚАЗАҚ ТАНЫМЫНДАҒЫ «ЖҰЛДЫЗ» КОНЦЕПТІСІ

ЖОЛДАСХАНОВА Д. М.

қазақ тілі мен қазақ әдебиеті мұғалімі, №23 ЖОББМ, Абай облысы, Семей қ.

ЛҰҚБАН А. М.

11 сынып оқушысы, №23 ЖОББМ, Абай облысы, Семей қ.

Көне замандарда басқа аспан шырақтары сияқты Жұлдыздарға байланысты нанымсенімдер болған.

Қазақ тіліндегі жұлдызы жоғары, жұлдызы жалған, жұлдызы оңынан туды, жұлдызы қарсы, т.б. фразеологизмдерден көне замандағы жұлдыздың құдіретіне сенушіліктің, оған табынушылықтың белгілерін байқауымызға болады. Шынында да көпшілік халықтар, соның ішінде түркі халықтары жұлдыздарды ерекше қадірлеп, оларды адамдар, жан-жануарлар, хайуанаттар, т.б. ретінде қабылдап, ат берген. Ал ерте дәуірлерде жұлдыздар жер бетіндегі тіршілік атаулыға әсер етеді деп сеніп, оларға табынған. Мұны қазақ арасындағы жұлдызбен қатысты наным-сенімдерден көруімізге болады. Бұл жөнінде кезінде Ш. Уәлиханов: «Тағдыр сүйген адамды қазақтар «жұлдызы жоғары адам» – дейді. Қазақтар жұлдыз адам тағдырына әсер етеді деп сенеді», – деп жазған [1, 128 б.].

Жалпы қазақ ұғымындағы әрбір адамның аспанда жұлдызы бар, одан дүниеден өткен бойда көктегі жұлдызы ағып түседі. Сондықтан аққан жұлдызды көргенде қазақ «өз жұлдызым жоғары болсын» немесе «менің жұлдызым емес» деп дауыстап айтады да, дүниеден өткен адамға арнайы бағыштап бата жасап, бетін сипайды. Таң алдында ақпа жұлдыздар (метеорлары) жиірек ағады. Халық түсінігінде бұл мезгілде адам өлімі көп болады, сондықтан жұлдыздар да жиі ағады. Мұны халық ішінде бар тағы бір сенім толықтыра түседі. Халқымыздың сенімі бойынша, ауырып, әл үстінде жатқан адам үшін түн баласында екі қауіпті кезең бар. Бірі – жұлдыз туып, жамырай бастаған шақ та, екіншісі жұлдыз сөнер мезгіл, таң алдындағы уақыт, халық ұғымынша, осы екі мезгілде адам көп өледі.

Жоғарыда аталған жұлдыздармен қатысты наным-сенімдер мұсылман дінінен бұрынғы түркі халықтарындағы табиғатқа табынудың белгілері. Ал мұсылман дінінде жұлдыздар туралы түсінік басқаша болып келеді. Мұсылмандық мифологияда аққан жұлдыздарды аспанның жетінші қабатына өтуге тырысқан перілерді

куу үшін періштелердің лақтырған тастары деп түсіндіреді. Бір кезде осы мұсылмандық аңыз қазақтар арасына да тараған.

Көне заманның өзінде-ақ түркі тайпалары көктегі жұлдыздарды бақылап, олардағы құбылыстарды күнделікті тұрмыс-тіршіліктің қажетіне пайдаланғаны белгілі. Жұлдыздарға қарап түнгі уақытты ажыратқан, ауа-райын болжаған. Жұлдыздар туралы сан ғасырлық халықтық білім тәжірибесін меңгерген адамдарды жұлдызшылар деп атаған. Мықты жұлдызшылар болашақ туралы болжамдар айтқан. Бұрынғы уақытта мұндай жақсы жұлдызшыларды ел билеген қаған, хан, әскербасылар қол астына ұстап, оларға лайықты құрмет көрсеткен. Мұның материалдық айғақтары кейбір археологиялық қазбалардан табылып отыр. Археологтар Орталық Қазақстандағы Жанғабыл өзенінің бойындағы УІП-Хғғ. жерленген бір жұлдызшының зиратын тапты. Онда қабірге мүрдемен бірге «жұлдыз тас» – метеорит салынған, Қабір үстіне қаланған тастар арқылы күн бейнесі көрсетілген, Зират үстіне оба үйіліп, оның жанына жұлдызшының граниттен шабылған тас мүсіні қойылған. Бұл жәйт ежелгі түркілердің өмірінде жұлдызшылардың белгілі роль атқарғандығын көрсетеді.

Кейінгі дәуірлерде жұлдызшылар тек аспандағы жұлдыздардың қозғалысын, құбылысын бақылап қана қоймаған жалпы табиғаттағы метеорологиялық құбылыстарды, жанжануарлар, хайуанаттар, өсімдіктер дүниесіндегі өзгерістерді, т.б. назардан тыс қалдырмаған. Мұндай адамдар жылдың әрбір күніндегі табиғат ауа райы туралы нақты болжамдар айтқан. Сондықтан қазақ мұндай зерделі, зерек адамдарды есепшілер деп те атаған.

Халқымыздың жұлдызшы, есепшілердің тәжірибесі бойынша, түнгі аспанда жұлдыздардың аз-көп көрінуі мен алдағы күннің жұлдыздар арасында байланыс бар. Егер түнгі аспан жүзінде жұлдыздар бұлыңғыр көрініп, мөлшер жағынан көзге аздау шалынса, онда келер күннің ауа райы бұзылады. Жауын-шашын немесе боран-бұрқасын болуы мүмкін. Керісінше, көк жүзінде жұлдыздар барынша жарқырап, жамырай көрінсе, егер қыс болса, ертеңгі күн ашық, аязды болады да, ал жаз кезі болса, қатты ыстық болуы тиіс.

Халқымыз жұлдыздардың тууын, қозғалуын, батуын бақылай отырып, түнгі уақытты біршама дәлдікпен ажырата алған, Күзеттегі жылқышы, қойшы, түнгі жолаушы аққан жұлдыздың көк жүзінде көбірек көрінуіне қарап, таңның жақындағанын шамалаған. Ал Үркер, Босаға, Сүмбіле, Таразы, т.б. жұлдыздардың тууы мен батуын бақылай отырып, жыл ішіндегі уақытты дәл айыра алған [2, 154 б.].

Жұлдыздың символдық мән – мағыналарын құрамында осы атау бар тіліміздегі фразеологизмдерден аңғаруымызға болады. Бұларға қазақ тіліндегі көркемдегіш құрал ретінде қолданылатын мынадай тұрақты теңеулерді атай аламыз: жарқыраған жұлдыздай, жұлдыздай жайнау, жұлдыздай жалтылдау, жұлдыздай жиі, жұлдыздай көп, т.б. Мысалы. «Екі көзі» жұлдыздай, жайнап кетіп барады (Батырлар жыры), Осы дінгектің өн бойына жазғытұрым қазүйрек, шағала жұлдыздай жиі жұмыртқа салады (С.Мұқанов).

Жоғарыда қазақ арасындағы жұлдыздар туралы наным-сенімді сөз еттік. Ал құрамында Жұлдыз атауы ұшырасатын көркемдегіш құралдардың да бар екенін атай кеткеніміз орынды. Бұларға мына фразеологизмдерді атауымызға болады: аққан жұлдыздай, аққан жұлдыздай сырғу, аққан жұлдыздай жүйткү, ағып түскен жұлдыздай т.б. Мысалы,

Жал құйрығын жел соғып,

Жұлдыздай аққан сырғиды (Батырлар жыры);

Өз өмірінде әдейі бұған арнап, ағып түскен жұлдыздай елес берді (М. Әуезов).

Жалпы халқымыз көне замандарда жұлдыздардың құдіретіне сеніп, оларға табынса, бертін келе олардағы құбылыстарды, өзгерістерді өздерінше танып, біліп, мұны өмірдің қажетіне пайдалана алған. Сонымен қатар бабаларымыз жұлдыз косомонимі бейнелі сөз тудыру үшін де қолданған. Бұған жоғарыда аталған фразеологизмдер мысал бола алады.

Ай, Күн, Жұлдыздар қысқа қайырғанда аспан денелерінің қазақ халқының тұрмысындағы қазіргі кезде немесе жылдар бойы қандай ұғымда қалыптасқандығын жеке-жеке атап өттік. Енді олардың концептілік мәнін мақал-мәтелден іздестіріп көрсек. Мақал-мәтелдерде халқымыздың өзіндік ой-өрісі, білім-тәжірибесі т.б. тұжырымдалған. Бұған тіліміздегі аспан денелерінің атауларына байланысты кейбір мақал-мәтелдермен көз жеткіземіз.

Ай шалқасынан туса – ай бойы аяз. Бұл мақал қазақ арасындағы халықтық сеніммен байланысты шыққан. Өйткені халықтың сенім бойынша, егер жаңа ай тігінен туса, ауа райы шаруаға жайлы, жылы болады. Ал Ай шалқасынан туса, ай суық, жайсыз болып өтеді. Бұл сенім тіліміздегі «Айдың тік туғаны халыққа жайлы, шалқасынан туғаны өзіне жайлы» деген мақалдан да айқын көрінеді.

Ай қырынан туса айбалтанды сайла, Ай шалқасынан туса, күрегінді сайла. Ай қырынан яғни тігінен туса, жаз шыға бастайды. Ал ертеректе жаз айларында қуғын-сүргінді жарық күндері

басталады. Көрші елдер бір-біріне қарымта қайтару, кек қуу мақсатында жорықтар жасайды. Аталмыш мақалдағы «Ай қырынан туса, айбалтаңды сайла» деген жолдар осыны аңғартады. Жер мен Айдың қозғалыстарына байланысты күз айларында Ай бірте-бірте жантая туып, ал желтоқсан айында шалқалап туа бастайды. Қыстан малды, әсіресе қойға қараған арық-құрақты аман алып қалу үшін бұрынғы кезде қалың жауған қарды аршып, малдың бір мезгіл жерден аттауына жағдай жасаған. сөз етіп отырған мақалдағы екінші жол соны меңзейді.

Ай қорғалау. Қазақ Айдың кеш туғанын немесе кемігенін «ай қорғалады» дейді. Бұл фразеологизмдерді түсіндіретін қазақ арасында аңыз да болған. Аңыз бойынша, баяғы заманда Ай мен Күн егіз туған екі керемет сұлу қыздар екен. Әсіресе, Ай сұлуырақ болыпты. Бірде Ай сұлулығын, әдемілігін айтып, мақтанады. Бұл күннің қызғанышын туғызады да, ол Айдың бетін тырнап, бетіне мықтап дақ түсіреді. Содан бері Күнге жақындап барғанда Ай қорғалап бетін жасырады. Ал қашықтағанда Ай толып Күннің қызғанышын қоздыру үшін бетін түгел көрсетіп, мақтанады. Сонымен тіліміздегі ай қорғалау фразеологизмі жоғарыда айтылған аңыздың негізінде пайда болса керек.

Бетін айдай қылу. Кінәлі, жазықты, оңбаған, опасыз адамды жұрт алдында кінәсін бетіне басып, масқараласа, мұны қазақ «бетін айдай қылды» дейді. Мысалы: Бәрі жаңағы айтқандай: Оразбайдың бетін айдай қыламыз, айыпты етеміз, сол айып-қиыбымен Абайдың аяғына әкеп-жығамыз дескен еді (М. Әуезов). Бұл фразеологизмнің тіліміздегі қара бет қылу фразеологизмімен мәндес, синонимдес екені белгілі. Ал соңғы фразеологизм қазақ арасындағы масқаралау салтымен байланысты шыққан. Өйткені қазақ бұрын кінәлі, опасыз адамды жазалағанда, бетіне күйе жағып, атқа, есекке теріс қаратып отырғызып, ел аралатып, масқарасын шығарған. Ай бетінде де дақтың бары белгілі, осы дақты кінәлі адамның бетіне жағылған күйеге ұқсатқан да, сондықтан «бетін айдай қылды» деп те айтқан.

Ай қарап жүр ме? Бұл фразеологизмдер түсіндірме сөздікте мынадай түсініктеме берілген: «Ай қарап жүр ме? Босқа жүр, түк көрмейді деген мағынада». Ал фразеологиялық сөздікте: «Ай қарасы, Құр бекерге, тектен-тек қарап отырды; ештеңе бітірмей, күні босқа өтті», деп ай қарады фразеологизмнің мағынасын ашады. Сонымен осы фразеологизмнен мәндес ай күзетті, ай күзеттің бе? деген фразеологизмнің тілімізде барлығы белгілі. Біздің мөлшерде байланысы бар. Бұрын атап өткеніміздей, халқымыздың Айға,

әсіресе оның жаңа ай фазасына табынған. ескі айдан кейін яғни ай арасы кезінде көл жүзінде Ай көрінбейді де, белгілі бір уақыттан соң жаңа ай түрінде туады. Айға табынған бабаларымыз жаңа айдың тууын ерекше күткен. Сондықтан жаңа ай туар қарсаңында далада болып, ай туысымен оған иіліп тәжім етіп, жақсылықтар жасауын өтінген. Бір кездегі осы салтты сипаттайтын сөз тіркестері бірте-бірте тура мағыналарынан ажырап, фразеологизмге айналып, тілімізде жоғарыда көрсеткендей, ауыспалы мағыналарға ауысқан.

Күн теңелу. Желтоқсанның соңғы аптасында күн ұзара бастайды. Осы табиғи процестің нәтижесінде наурыздың 21-нде күн мен түн дәл бірдей уақытқа яғни әрқайсысы 12 сағатқа ие болады. Мұны «күн мен түннің теңелуі» немесе «күннің теңелуі» дейді. Жыл бойына күн мен түн екі рет теңеледі. Күн мен түннің 2 рет теңелуі 23.09-да болады. сондықтан бұл құбылыстарды көктемгі, күзгі күн теңелу деп атайды [3, 363 б.].

Шығыс халықтарының, соның ішінде қазақ халқы да көктемгі күн теңелуі ерекше құрметтеп, жаңа жылды осы күннен бастап есептеген. Бұрын қазақ көктемгі күн теңелген күнді «ұлыстың ұлы күні» деп атаған.

Жұлдыз көру. Қазақ арасында жұлдызға қатысты наным-сенімдердің бірі – жұлдыздың от тәрізді пәле-жаладан аластайтын күшіне құдіретіне сену. Мәселен, Атырау, Маңғыстау қазақтарында қазіргі күнге дейін өлген адамды ораған кілемді, оның киімдерін «жұлдыз көрсін» деп іліп қояды да, қараңғылық түсіп, жұлдыздар жамырай бастағанда жинап алады. Мұндай салт Қазақстанның басқа аймақтарында да бар екен.

Жалпы, жұлдыз көру фразеологизмі жұлдыздар құдіретіне сенушіліктен пайда болған. Ай қараңғысы. Айдың кеш туғанын қазақтар «ай қараңғысы» деп атады. Мысалы:

Бүгін айдың нешесі,

Ай қараңғы кешесі,

Бар халық осы әлемді қабылдайды, бірақ оны әр түрлі елестетеді.

Демек, тіл – таным бәйтерегі. Сондықтан тілдегі ғалам бейнесі адамның әлемді тануының өзегі болып табылады. Э. Сепир мен Б. Уорф болжамы бойынша түрлі тіл өкілдері әлемді өз көзқарасы негізінде танып, өзінше пайымдайды. Басқаша айтқанда, тіл біздің атабабаларымыздың «ғалам бейнесін» қалпына келтіруге көмектеседі.

Кез келген тілдегі ғалам бейнесі екі жақты сипатқа ие: бір жағынан, кез келген тілдегі ғалам бейнесі адамның әлемге көзқарасымен байланысты болса, екінші жағынан нақты әр тілдегі әлем моделіне әлеуметтік – мәдени қоғамдағы ұлттық «әлем бейнесі» жалғасады. Осының нәтижесінде жеке тіл өзіндік сипатқа ие болады. Әр табиғи тіл ғаламды өзінше бөлшектейтіні белгілі, ол дегеніміз – тілдің өзінің ерекше концептуализациялық (әлемді ұйымдастыру) әдістері бар. Басқаша айтқанда, әр концептуальды тілдің негізінде ерекше бір модель жатыр немесе ғалам бейнесі бар. Сондықтан сөйлеуші осы модельге байланысты өз ойын жинақтап, баяндауы қажет. Соңғы кездегі ғаламның тілдік бейнесін зерттеу бағытында ізденістерде ұлттық сипатқа ие жеке концептілер қаралады.

Концепт ұғымы – когнитивтік лингвистикадағы негізгі ұғым. Семантикалық бағытта концепт сөзге сәйкес келсе, логикалық бағытта ұғыммен сәйкес келеді. Демек, әлемнің пәк бейнесі (наивная картина мира) когнитивтік модельде айқындалады. Ол өз кезегінде ұжымдық санамен, көзқараспен, ұжымдық философиямен байланысты болады. Ал ғаламның кез келген ұлттық тілдік бейнесінің әмбебаптығы және өзіндік ерекшелігін айқындайтын метафора, теңеу және символ болып табылады.

Осы мәселеге қатысты К.Т. Юнгтің пікірін фразеолог орыс ғалымы А.Н. Афанасьев былайша нақтылайды: «Символдық мәнге ие сөздердің табиғаты ерекше, ол ерекшелік символ – сөздердің танымдық, ұлттық мәдени, фондық мағыналарын сол тілде сөйлейтін халықтың дүниені тану мен құбылыстарға баға берумен, әлемнің тіл бейнесімен тығыз байланысты» [4, 278 б.].

Қорыта келе, концепт ұғымымен байланысты әлем бейнесі және әлемнің тілдік көрінісі қазіргі тіл білімінде өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Әлем бейнесін ұлт, әр адам, әр ұжым мүшесі өз дүниетанымына, мәдениетіне, ментальдық ерекшелігіне, ұлттық психологиясына, жеке психикасына, т.б. байланысты түрлі қабылдайды.

Әлемнің тұтас бейнесін тілдік бірліктер арқылы танымдық аспектіде айқындауда «концепт» термині маңызды рөл атқарады. Аспан денелері атауларының концептуалды өрістері тілімізде тілдік бірліктерде, сөз қолданыстарында, мақал-мәтелдерде, көркем әдебиетте, тұрақты тіркестерде молынан ұшырасады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Уәлиханов Ш - шығыстанушы, Р.Б.Сүлейменов, В.А.Моисеев, «Ғылым» баспасы, Алматы, 1985. -328 б.

2 Сейілхан А. Қазақ тіліндегі этнографизмдердің лингвомәдениеттанымдық мәні. Фил.ғыл.канд. дисс. қолжазбасы. – Алматы, 2001.– 154 б.

3 Ақатай С. Древние культы и традиционная культура казахского народа. – Ааматы, 2001. – 363 с. 4. Афанасьев А. Н. / Попова И. Л. // Большая российская энциклопедия: [в 35 т.] / гл.ред. Ю. С. Осипов. – М.: Большая российская энциклопедия, 2004–2017. с.278.

ӘБІШ КЕКІЛБАЕВТІҢ «МАХАББАТ МҰНАРАСЫ» АТТЫ ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ДИАЛЕКТ СӨЗДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫСЫ

КЕЛІС Б.Д.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-модератор,
К. Бозтаев атындағы қазақ мектеп-гимназиясы, Абай облысы, Аягөз қ.

АСЫЛБЕКОВА А. А.

7 сынып оқушысы, К. Бозтаев атындағы қазақ мектеп-гимназиясы,
Абай облысы, Аягөз қ.

Қай тілдің болмасын құрамында дәстүрлі норма болып қалыптасқан, жалпыхалықтық деңгейде қолданылатын, баршаға ұғынықты әдеби сөздермен қатар түрлі өңірде түрліше айтылып, өзгешеленіп тұратын сөздер мен сөз тіркестері көптеп ұшырасады. Мұндай сөз қолданыс жергілікті ерекшеліктер (диалектизмдер) деп аталады. Оны тіл білімінің арнаулы саласы-диалектология дыбыстық, мағыналық тұрғыдан жан-жақты зерттейді.

Тіл білімінің диалектілер мен говорларды зерттейтін саласы – диалектология деп аталады. Диалектологияның міндеті – жергілікті тіл ерекшеліктерін тексеру. Қазақ диалектологиясы қазақ тіліндегі говорлар мен диалектілерді зерттейді. Диалект, говор деп халықтық я ұлттық тілдің өзіндік ерекшеліктері бар жергілікті тармақтарын, бөліктерін айтамыз. Ол жалпы тілге тән ортақ белгілерден өзгеше ерекшеліктерді қамтиды.

Диалект деген термин тілде жалпыхалықтық сипат алмаған, белгілі бір жерде ғана қолданылатын ерекшеліктердің жиынтығын, өзіне ғана тән тілдік ерекшеліктері бар жекелеген аймақ,

территорияны білдіреді. Бұл мағынада диалект халық не ұлт тілінің құрамды бөлігі болып табылады.

Говор – жергілікті диалектілердің шағын аймақты қамтитын бөлігі. Мәселен, Қазақстан жағдайында диалект екі-үш облыс көлемінде жерді қамтуы мүмкін.

Қазақ тіліндегі жергілікті диалектілерді арнайы зерттеу жұмысы шын мәнінде совет дәуірінде ғана басталды.

ССРО Ғылым академиясының Қазақ филиалы 1937 жылы алғаш рет Алматы облысының Кеген, Нарынқол, Оңтүстік Қазақстан облысының Мақтаарал, Қарағанды облысының Нұра аудандарында диалектологиялық үшү экспедиция шығарды. Мұндай экспедициялар 1939 жылы Мақтаарал, Маңғыстау, Торғай аудандарында, 1940 жылы Сарысу, Арал, Орда аудандарында болып материал жинады. 1943 жылы академияның кейбір ғылыми қызметкерлері Түлкібас, Жуалы, Талдықорған аудандарында болып материал жинады. 1944 жылы Ж.Досқараев «Оңтүстік диалектісінің кейбір мәселелері» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. 1948 жылы С.Аманжолов «Қазақ диалектологиясының негізгі проблемалары» деген тақырыпта диссертация қорғады.

Тіл ерекшеліктерін жинау жұмысын ұйымдастыруда 1945 жылы ССРО Ғылым академиясы Қазақ филиалының Тіл және әдебиет институтында қазақ тілінің тарихы мен диалектологиясын зерттейтін арнаулы бөлім құраудың мәні зор болды. 1956 жылы «Қазақ тіліндегі диалектілік ерекшеліктерді жинау бойынша сұраулық» жарық көрді. 1959 жылы бұл сұраулық толықтырылып, қайта басылып шықты.

Қазақ диалектологиясының алғаш зерттелу және қалыптасу тарихы профессор С. Аманжоловтың есімімен байланысты. С. Аманжолов бұл тақырыпта докторлық диссертация қорғап, одақтық және республикалық баспасөз бетінде бірсыпыра ғылыми мақала жариялады. Абай атындағы Қазақ педагогика институтында 1938-1939 оқу жылынан бастап қазақ тілі тарихы мен диалектологиясынан лекция оқу үстінде осы курстың негізін салды. С. Аманжоловтың тікелей араласуымен революциядан бұрын басылған нұсқалардан, халық ақындары мен жазушылардың шығармаларынан, 1932, 1935 және 1938 жылдардан бері шыға бастаған аудандық газеттерден шыға бастаған көлемді материал жиналды. С. Аманжоловтың ғылыми мұрасында қазақ тілінің диалектологиясы туралы еңбектері басты орын алады. Оның 1959 жылы шыққан «Вопросы диалектологии и истории казахского

языка» атты күрделі еңбегі автордың диалектология мен тіл тарихы саласында көп жылдар бойы жүргізген зерттеу жұмысының нәтижесі еді.

Ә. Кекілбаевтың «Махаббат мұнарасы» шығармасынан терілген диалект сөздердің тақырыптық топтамасы

Кесте 1 – Етістікке тән диалектизмдер (Іс-қимылды білдіреді)

1	Сары ала күйменің ішінде сусылдақ құмаққа шашасын қаптырып, малтыға жорғалап келе жатқан көп аттың тұншыға жапа-тармағай дүсірін тыңдай-тыңдай мезі боп кетіп, тұсындағы селдір пердені ысырып сыртқа қарады-ақ – көзіне ылғи сол түседі. (Әбіш Кекілбаев «Махаббат мұнарасы» 11 бет)	МАЛТЫ (Гур., Есб) үнсіз, тыныш отыру. (Қазақ тілінің аймақтық сөздігі. 473 бет)
---	---	---

Кесте 2 – Сын есімге тән диалектизмдер (Сындық-сапалық мәндес)

1	Әумесер жел-бұл мініп келе жатқан сары күймені де жер бетінен жұлып ап, төбесінде бедірейіп жатып алған сұп-сұр кеңістіктің әлдебір тұңғығына жітіріп жібергісі келгендей, екілене жұлқылайды. (Әбіш Кекілбаев «Махаббат мұнарасы» 12 бет)	ӘУМӘСІР. (Сем, Шұб.) әумесер, есерсоқ. (Диалектологиялық сөздік. 130 бет)
---	--	---

Кесте 3 – Зат есімге тән диалектизмдер

1	Кенет, әмірші алдындағы ақ шағылдың үстіне шаншылып шыға келген бір жіңішке сырықты көзі шалды. (Әбіш Кекілбаев «Махаббат мұнарасы» 18 бет)	СЫРЫҚ 1. (Қ. орда., Арал, Қарм, Маңғ.) бақан. 2. (Қ. орда, Қарм, Сыр) жер өлшеуші. (Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі 609 бет)
---	---	---

Кесте 4 – Табиғат құбылыстарына байланысты диалектизмдер

1	Астынан әлдекім алып дәулердің сүйегін қазып алғандай, шағылдардың бүйірлері опырайып-опырайып көрінеді. (Әбіш Кекілбаев «Махаббат мұнарасы» 14 бет)	ШАҒЫЛ. (Маңғ, Шевч, Түрікм, Красн.) желмен сусып жататын өркеш-өркеш өсімдігі жоқ жалаңаш күм төбелер. (Шығ. Қаз.) жарықшақ тастар, тау бетіндегі ұсақ тастар, қорым тастар. (Қазақ тілінің аймақтық сөздігі 724 бет)
---	--	---

Кесте 5 – Киім-кешек атауларына байланысты диалектизмдер

1	Көк масаты көйлек киген әлдебір арудың алыстан арып-ашып келе жатқан жарына сағына, қол бұлғап, көкке көтерген білегіндей жұп-жұмыр, сымбатты, мұнара жақындаған сайын жалт-жұлт ойнап жарқырай түсті. (Әбіш Кекілбаев «Махаббат мұнарасы» 19 бет)	МАСАТЫ. (ҚХР) жеңіл, жұқалтақ. (Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі 504 бет)
---	--	---

Кесте 6 – Ас-су, тағам атауларына байланысты диалектизмдер

1	Бес күн бойы қарсы алдынан тандырдың деміндей шарпыған қызыл жел ұрған да тұрған. (Әбіш Кекілбаев «Махаббат мұнарасы» 11 бет)	ТАНДЫР. (Орал, Орда) Қарынға салып, жерге көміп, үстіне от жағып пісірген ет. (Диалектологиялық сөздік. 621 бет)
---	---	--

Кесте 7 – Көрпе-жастық атауларына байланысты диалектизмдер

1	Үш бала орындарынан тұрып, ту түште, сарайдың алдындағы сая жайда зер төгіп тіккен шаршы бөстекте қос құс жастықты шынтақтап отыр. (Әбіш Кекілбаев «Махаббат мұнарасы» 65 бет)	БӨСТЕК. (Сем, Ақс, Көкп.) жүні көтерілмеген арық, нашар төл. (Қ.орда, Қарм.) түйенің, не қойдың жабағы жүнінен жасалан, бір адамға арналған көрпеше не төсеніш. (Қазақ тілінің аймақтық сөздігі 155 бет)
---	--	--

Кесте 8 – Жан-жануар атауларына байланысты диалектизмдер

1	Мынандай тас қараңғы түнде, төңірегінде күйек сасып теңкиіп жатқан өңшең жануарлар ортасында, қапаста қапырық жұтып отырғаннан асқан азап бар дейсің бе? (Әбіш Кекілбаев «Махаббат мұнарасы» 57 бет)	КҮЙЕК. (Алм., Жам.) күзде туған қозы. (Қазақ тілінің аймақтық сөздігі 778 бет)
---	--	--

Кесте 9 – Өсімдік атауларына байланысты диалектизмдер

1	Құм арасында араға екі-үш күн салып жолығатын бетіне сексеуіл төсеп, шағырмен жапқан көмбе құдықтың басында аяқ суытып алады. (Әбіш Кекілбаев «Махаббат мұнарасы» 85 бет)	ШАҒЫР. (Рес, Орын.) өсімдіктің сабағы. (Рес, Саратов.) жусан тәрізді сабағы қаттылау өсімдік. (Қазақ тілінің аймақтық сөздігі 724 бет)
---	---	--

Жұмыстың басты нысаны ретінде Әбіш Кекілбаевтің «Махаббат мұнарасы» атты шығармасы алынды. Талдау негізінде Ә.Кекілбаев шығармасында қолданылатын диалектизмдердің Маңғыстау өңірі сонымен қатар, бүкіл Қазақстан аймағындағы халықтар тіліне тән екендігі байқалды. Диалект сөздерді кейіпкер тілінде қолдана отырып жазушы қазақ халқының өмірінен, тұрмыс-салтынан, тіршілігінен толықтай хабардар етеді.

Шығармада жергілікті тіл ерекшеліктерінің қолданылуы сол өңірдің ерекшелігін көрсетіп, шығарманың шынайылығын барынша аша түседі. Талдау барысында Әбіш Кекілбаевтің «Махаббат мұнарасы» атты шығармасынан 70 (жетпіс) диалект сөз теріліп, диалектологиялық сөздіктен және қазақ тілінің аймақтық сөздігінен мағыналары ашылды.

Ә. Кекілбаевтің «Махаббат мұнарасы» шығармасында кездесетін диалект сөздердің ерекшелігіне төмендегідей классификация жасадық:

Етістікке қатысты диалект сөздер – 8

Сын есімге қатысты диалектизмдер – 16

Зат есімге тән диалект сөздер жалпы алғанда – 26

Ыдыс-аяқ атауларына байланысты диалектілер – 8

Табиғат құбылыстарына байланысты диалект сөздер – 8

Киім-кешек атауларына тән диалектизмдер – 5

Ас-су, тағам атауларына байланысты диалектілік сөздер – 2

Көрпе-төсек атауларына тән диалектизмдер – 1

Жан-жануар атауларына байланысты диалектілер – 1

Өсімдік атауларына байланысты диалектілік сөздер – 1

Қорытындылай келе, Әбіш Кекілбаев тілі басқа да көркемдегіш құралдармен қатар диалектілік сөздерге де бай. Кейбір сөйлемдерден екі-үш диалектілерді байқауға болады.

Әбіш Кекілбаев сынды ақын-жазушыларымыздың шығармаларын неге оқымасқа?! Расында да, қазақты қазақ көтермесе, ешкім көтермейді. Сол себепті барлығымыз да бір жағадан-бас, бір жеңнен-қол шығару арқылы қазірден бастап жастарды қазақтың әдеби шығармаларына қарай бұрар болсақ, онда олардың ұрпақтары да осыны насихаттары айдай анық дүние емес пе?!

Әбіш Кекілбаев балалық, бозбалалық шағын ауылда өткізгендіктен, ұлтымыздың уызын қапысыз еміп, таза ұлтжанды болып өсті. Ол көптеген әңгімелерінде қазақтың салт-санасын, әдеті мен ғұрпын, дәстүрін, этнографиясын, этномәдениетін, керек болса, қырғыздың да, кәрістің де қыз-келіншектерінің мінез-

күлқын, адами болмысын, тәрбиесі мен тәртібін, ұстанымын, туған жерге, Отанға, ата-анаға, аруаққа, ағайын-туған, құда-жекжатқа ағайындық ілтипатын, олармен қарым-қатынас нормасын, басқа ұлт өкілдеріне ілтипаты мен көрсеткен құрметін, жалпы халықтың өмірлік философиясын кітаптан оқып емес, тәттісі мен ащысы мол өмірден тоқып өсті.

Жазушының әңгіме, повестерінің басты кейіпкерлері ұлтымыздың небір марқасқалары мен серкелері болғандықтан, ұлттық сана, ұлттық менталитетіміз басты орынды ойып алады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Диалектологиялық сөздік. Алматы. 2007 жыл.
- 2 Қалиев Ғ. Сарыбаев Ш. «Қазақ диалектологиясы». Оқу құралы.
- 3 Мұсабаев Ғ. «Тіл білімінің мәселелері» Алматы-2014. Оқу құралы. -640 б.
- 4 Кеңесбаев І. «Тіл білімінің мәселелері» Алматы -1959. Оқу құралы. -162 б.
- 5 Сарыбаев Ш. «Тіл білімінің мәселелері» Алматы-2014 Оқу құралы. 640 б.
- 6 «Сарыбаев Ш. және қазақ тіл білімі мәселелері» Алматы-2005. Оқу құралы.
- 7 «Сәрсен Аманжолов және қазіргі қазақ филологиясының өзекті мәселелері» Алматы-2004. Оқу құралы
- 8 «Қазақ диалектологиясының мәселелері және профессор Хасан Кәрімұлы» Алматы-2007. Мақала. 208 б.
- 9 Өтебекова Балтақесті. «Ауған, Иран қазақтарының тіліндегі жергілікті ерекшеліктер». Алматы 1998 ж. Кандидаттық диссертация авторефераты. -27 б.
- 10 Есімболова М. «Жетісу сөйленісінің лексикалық ерекшеліктері». Алматы -2001. Кандидаттық диссертация авторефераты. -23 б.
- 11 Жүсіпова Бибихадиша «Түркістан тұрғындары тілінің ерекшеліктері» Алматы -2003. Кандидаттық диссертация авторефераты. -25 б.
- 12 Атабаева Мереке Сатылғанқызы «Қазақ тіліндегі диалектілік лексиканың этнолингвистикалық негізі». Алматы -2006» Кандидаттық диссертация авторефераты. -28 б.

13 Мұхамбетов Жомарт Ибатоллұлы «Көркем мәтіндердегі диалектизмдердің этномәдени мәні» Алматы -2007. Кандидаттық диссертация авторефераты.

14 Есенбай Анар Заманбекқызы «Сыр өңірі жазушыларының тіліндегі жергілікті қолданыстар» Алматы -2008. Кандидаттық диссертация авторефераты. -22 б.

15 Есенова Қырмызы Есеновна. «Ә.Кекілбаев шығармаларындағы жергілікті атаулардың лингвомәдени сипаты». Алматы -2009. Кандидаттық диссертация авторефераты. -22 б.

16 Әбіш Кекілбаев. «Махаббат мұнарасы» Роман және хикаят. Алматы-2005. -288 б.

ШӘКЕН АЙМАНОВ – ҚАЗАҚ КИНОСЫНЫҢ САҢЛАҒЫ

АСЫЛОВА Р. Б.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Ш. Шөкин атындағы гимназия-мектебі, Павлодар қ.

СУЖЕН І. Б.

б«Ә» сынып оқушысы, Ш. Шөкин атындағы гимназия-мектебі, Павлодар қ.,

Биыл қазақ киносының жарық жұлдызы Шәкен Аймановтың 110 жылдық мерейтойы. Шәкен Айманов – біртуар, ғасыр тұлғасы, қазақ өнерінің шоқтығы биік тұлғасы, дарынды актері әрі режиссері. Оның қазақ киносына сіңген еңбегі өлшеусіз, ұлттық театр өнері мен кино саласының қалыптасуы мен дамуы үшін бүкіл ғұмырын арнады. Қазақ халқы осындай ардақты ұлымен мәңгі мақтана береді.

Шәкен (шын аты Шаһкерім) Айманов, біздің жерлесіміз, Павлодар облысының Баянауыл ауданында туған. Жерленген орыны Алматы қаласы. Соғыстан алдындағы жылдардағы ауыр кезеңде, елде ашаршылық жауған кезде, Баянауыл тауларының етегінде дүние есігін ашқан дарындының балалық шағы қиын-қыстау күндерге кез келген. Ол жақсы көретін жездесінен, Қали Байжановтың, әндерін тындап өскен, әуестенген. Ауыл мектебін бітірген соң, 1924 жылы Шәкенді жақын туысы Қажымұрат Семейге оқуға түсіруге алып кетеді. Өзі мұғалім болған соң, Шәкенді де мұғалімдікке тартады. Басында Казкоммунаға, кейіннен Халық ағарту институтына оқуға түсірген.

Өз мамандығының нағыз шебері ретінде Шәкен Айманов өз кейіпкерлерін ойнағанда көзтартар іс-қимылдар жасаумен қатар, оның ішкі дүниесін ашуға тырысатын. Қазақ театрындағы тамаша рөлдері аз емес, оның ішінде Ақан сері («Ақан сері – Ақтоқты», Ғ. Мүсірепов),

Қобыланды («Қарақыпшақ Қобыланды», М. Әуезов), Казанцев («Түнгі сарын, М.Әуезов), Тихон («Найзағай» А. Островский), солдат Шадрин («Мылтықты адам», Н. Погодин), Петруччио («Асауға-тұсау», Шекспир), Отелло («Отелло», Шекспир). 1938 жылдан бастап Шәкен Айманов кинофильмдерде түседі.

1952 жылы «Абай» (М.Әуезов) қойылымы үшін қуанышты хабар алады, Сталин атындағы Мемлекеттік сыйлығына ие болады. Ал 1954 жылдан бастап режиссер қызметін атқарып, бірнеше кинофильмдерді түсіреді. Режиссерлік жұмысы барысында Айманов кинофильмдердің мазмұнын жан-жақты, терең ашып, ой жаңашылдығымен қызықтырып, көркемдік өнері жағынан суреттейді. 1959 жылы КСРО Халық әртісі атағына иеленді. 1970 жылы «Атаманның ақыры» фильмі үшін Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығы берілді. Бұл сыйлық Шәкен Аймановқа өмірден озғанынан кейін берілген. 1947-1951 ж. қазіргі М. Әуезов атындағы Қазақтың академиялық драма театрының бас режиссері болады. «Абай әндері» (1945), «Жамбыл» (1947) көркем фильмдерінде күрделі экрандық бейнелерді ойнады. 1953 – 1970 ж. «Қазақ фильм» студиясының көркемдік жеекшісі болып, қазақ кино өнерінің өркендеуіне үлкен үлес қосты. Ло шеберлікпен қойған көркем фильмдері: «Махаббат туралы аңыз» (1953), «Алдар көсе» (1965), «Атамекен» (1966), «Найзатас баурайында» (1968). Көрермендердің ой-толғамынан шыққан «Біздің сүйікті дәрігер» (1958) мен «Тақиялы періште» (1969) фильмдері ұлттық кино өнерінде комедиялық жанрды дамытудағы мықты ізденістерімен ерекшеленді. Оның соңғы қойған «Атаманның ақыры» (1970) фильмі талантты режиссер Шәкен Айманов шығармашылығының биік шыңына айналды.

Айманов Қазақстан Кинематографистер одағын ұйымдастыруға белсене қатысып, Одақ басқармасының бірінші хатшысы болып қызметін барлық күш-қуатын салды. Ерең еңбегі үшін КСРО Мемлекеттік сыйлығының (1952) және Қазақ КСР-і Мемлекеттік сыйлығының (1968) лауреаты атанды. 1970 ж. 24 желтоқсанда Мәскеу қаласында жол апатынан қайғылы қазаға ұшырады, Алматы қаласында жерленді. Алматы, Павлодар, тағы басқа Қазақстан қалаларының көшелері және «Қазақфильм» киностудиясы (1984) Айманов есімімен аталады. Ол тұрған үй мен киностудия ғимаратына мемориалдық тақта орнатылған.

Театр өнерімен жан-жақты әуестеніп, 1933 ж. Қазақ драма театрының құрамына алынады. Осы театр сахнасында жиырма

жылдай еңбек етіп, актерлік шығармашылығын шырдады. Театрдың бас режиссері болды (1951).

Ол М. Әуезов атындағы Мемлекеттік драма театрының сахнасында үздік қазақ драматургиясының Ақан сері, Қобыланды, Қодар, Керім («Абай»), Алдар Көсе, Исатай (Жансүгіров, «Исатай – Махамбет») бейнелерін, әлем драматургиясынан Кассио және Отелло (Шекспир, «Асауға тұсау»), Уәлиханұлы және Тихон (Островский, «Таланттар мен табынушылар», «Найзағай»), Сатин (Горький, «Шыңырауда»), Шадрин (Погодин, «Мылтықты адам»), Кидд (Лавренёв, «Америка дауысы»), Бетт (Дж. Гоу мен А. Дюссо, «Терең тамырлар»), Хлестаков (Гоголь, «Ревизор»), Кривенко (Чирсков, «Жеңімпаздар»), Гельпак (Ф. Вольф, «Профессор Мамлок») бейнелерін сомдады. Режиссер ретінде қойған «Абай» спектакліне Аймановқа 1952 ж. КСРО Мемлекеттік сыйлығы берілді. Ш. Айманов актер ретінде алдымен кейіпкерінің жан дүниесін шеберлікпен ашуға және соған лайықты нағыз әрекет қимылдар жасау шеберлігімен ерекшеленсе, ал режиссер ретінде сол шығармаға көркемдік идеялық мазмұнын ашып, ұлттық ерекшеліктерін дарытып, ғасырға лайық және қоғам туралы философиялық ой толғам жасауға айрықша мән берген кемеңгер тұлға.

Шәкен аса дарынды суреткер актер, ойшыл режиссер ретінде қазақтың сахна өнері мен кино өнерінің қалыптасып, шыңдалуына айрықша ықпал еткен, өшпес із қалдырған дара дарын иесі. 1953 ж. бастап, өмірінің соңына дейін қазақ кино өнері саласында өнімді еңбек етті. ҚазССР-інің халық артисі. Қазақ кино өнерінің негізін салушылардың бірі. Айманов режиссер ретінде «Біздің сүйікті дәрігер», «Атамекен», «Алдар көсе», «Атаманның ақыры» және басқа фильмдерді түсіріп, Н. Ф. Погодиннің «Мылтықты адам», «Таланттар мен табынушылар», М. Әуезовтің «Абай» спектакльдерін театр сахнасына көтерді. Актер ретінде «Абай әні», «Жамбыл» т. б. фильмдерде ойнаған. «Абай әні» фильмінде Абайдың шәкірті, жас ақын Айдардың бақталасы Шәріп бейнесін сомдады. Ол бірнеше рет Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты болып атанды.

Шәкен Айманов кино саласында да өз дарынын шебер пайдалана білді. Оның «Махаббат туралы аңыз» (1953), «Дала қызы» (1954), «Біздің сүйікті дәрігер» (1958), «Алдар Көсе» (1965), «Туған жер» (1967), «Атаманның ақыры» (1970) фильмдері қазақ кино өнеріне қосқан өлшеусіз үлесі, өміршең туындылар.

Кино өнері, негізінен, 4 салаға бөлінген: көркем фильм (художественный фильм), деректі фильм (документальный

фильм), мультипликациялық кино, ғылыми-көпшілік (научно-публицистический). Алғашқы фильмдер 1928 жылдан бастап түсірілді. 1941 жылы Алматыда көркем фильмдер шығаратын киностудия ұйымдастырылып, қазақ киностудиясы 1975 жылға дейін, Айманов тусында да, 100-ден астам көркем фильм және 500-ге жуық деректі фильм шығарды. Қазір киностудия Ш. Айманов атында.

Әлем драматургиясындағы сомдаған рөлдері: аз емес Кассио және Отелло (Шеспир «Асауға тұсау»), Тихон (Островский «Таланттар мен табынушылар»), Сатин (М.Горький «Шыңырауда»), Кидд (Лавренев «Америка дауысы»), Кривенко (Чирсков «Женімпазлар»), Гельпак (Ф. Вольф, «Профессор Мамлок») т.б.

Келесі кинофильмдер сценарийларының авторы болған: 1968 «Тақиялы періште» (Я. Зискиндпен бірге), 1959 «Өмірге жол», 1966 «Ән қанатында».

Шәкен Аймановқа көптеген марапаттар мен жүлделердің иесі. Соның ішінде 1952 – КСРО Мемлекеттік сыйлығы, Ташкент. Африка және Азия елдерінің Халықаралық кинофестивалі (диплом, «Біздің сүйікті дәрігер» фильмі үшін), Бүкілодақтық кинофестиваль (Құрмет дипломы, «Біздің сүйікті дәрігер» фильмі үшін), Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығы (марқұм болған соң, «Атаманның ақыры» фильмі үшін), Ленин ордені, Еңбек Қызыл Ту ордені, Екі «Құрмет Белгісі» ордені, Қазақстанның халық әртісі...

Қазақстанда жыл сайын «Шәкен жұлдыздары» кинофестивалі өтеді. «Шәкен жұлдыздары» кинофестивалінің басты мақсаты – кино өнері арқылы ұлттық рухани дамуына негізделген жаңа әлеуметік-қоғамдық қауымдастықтың қалыптасуына жағдай жасау. Осы мақсат аясында жас қазақ кинематографияшылар мамандарының кәсіби – шығармашылық деңгейінің шыңдалуына, әрі олардың түсірген кинотуындыларын фестиваль кезінде көрермен - көпшілікке көрсету арқылы дүниежүзілік кино өнері жетістіктеріне қол жеткізуге талпындыру, ұлттық кино мектебінің шығармашылық дәстүрін сақтай отырып, одан әрі өркендету, қазақ кинорежиссерлері мен актерлерінің шығармашылық еңбегін жан-жақты насихаттау, ұлттық киношеберлері мен озық шет ел әріптестері арасындағы өзара кәсіби - шығармашылық байланыстарды нығайту, кинобайқаулардың таңдаушыларымен және жетекші киносыншыларымен кездесулер ұйымдастыру, фестиваль кезінде семинарлар мен шеберлік-сыныптар өткізу, т.б. мәдени іс - шаралар өткізу көзделінеді.

2005 жылы «Шәкен жұлдыздары» кинофестивалі Халықаралық жастар киносы және дебюттік фильмдер байқауы дәрежесіне

көтерілді. 2003–2004 жылдары өткен «Шәкен жұлдыздарының» алғашқы екі фестивалі кезінде жергілікті көрермендерді ұлттық кино өнерінің (1998–2004) 20-дан аса көркем және елуге тарта деректі туындыларымен таныстырып, ол «Қазақстан киносы ғасырлар тоғысында» деген девизбен жүргізілді. 2003–2007 ж. аралығындағы «Шәкен жұлдыздары» кинофестивалі кезінде ұлттық, сондай - ақ жақын (Өзірбайжан, Беларусь, Грузия, Өзбекстан, Қырғызстан, Ресей, Татарстан) және алыс (АҚШ, Египет, Израиль, Иран, Испания, Латвия, Германия, Литва, Қытай, Түркия, Үндістан, Франция, Чехия) шетелдік фильмдер көрсетілімі болды.

Айманов туралы көптелік естеліктер бар. Нағыз таланттың иесі Ш Айманов өз ұрпағының бала-шағасының игілігі емес, бүкіл халқының қазынасы болып қалмақ. Халқына адал еңбек етіп, барлық ғұмырын сарп еткен тұлғалардың бірі деп ойлаймын.

Қазақстанның халық әртісі Есмұхан ОБАЕВ былай дейді: «Жастар театрында жүрген кезімде Шәкен Аймановтың соңынан ерген, спектакльдерде ойнағанда, қолы бос кездерінде жанында өнегесін алған жастардың бірімін. Ол кісі әртісті көзінен не сөзінен біледі ме, шын талантты танитын. Олардың әрқайсысына рөл беретін, өнерге тартатын. Шәкеңнің арманы жоқ, тек өмірден ерте кеткені арман. Қазақ өнері үшін көп шаруа тындырды.»

Қазақстанның халық әртісі Нүкетай МЫШБАЕВА: «Шәкеңді еске алғанда қазақтың бұрынғы сал-серілері – Ақан сері мен Біржан сал еске түседі. Шәкен аға өлген жоқ, ол кісі мәңгі тірі. Соңында тәрбиелеген шәкірттері, немере-шөберелері бар. Өзінің туған ұлындай көрген Асекең Әшімов бар.»

Асанәлі Әшімов: «Шәкен Айманов қазақ өнерінің қамқоршысы, қызметшісі ғана емес, оның айбыны да еді.»

Ш Аймановтың есімі туған жерінде сақталған. Баянауылда мемориалды мұражай ашылып, көше аталған. 100 жылдығына орай дара тұлғаға ескерткіш бой көтерді, оның биіктігі 4 метр. Авторы – Асар Нардов.

Алматы қаласындағы «Қазақфильм» киностудиясына Шәкен Аймановтың есімі беріліп, сол жерде актер бюсті орнатылған. Киностудияда Шәкен Айманов атындағы кабинет-мұражай ашылды. Ол тұрған үй мен киностудия ғимаратына мемориалдық тақта орнатылған. Алматы, Павлодар тағы басқа қалаларда көшелерге аты берілген.

Павлодар қаласында Шәкен Айманов атындағы кинотеатр ашылған.

Атақты режиссер, актер Ш.Айманов туралы мен мектеп оқушыларына: «Ш.Айманов кім екенін білесіз бе?» деген сұрақ қойдым. Сұраған оқушылардың барлығы да берілген сұраққа жауап берді, біледі екен. Ол өте үлкен көрсеткіш деп санаймын.

Көшеде жүрген адамдарға да осы сұрақты қойдым. Білген адамдар да бар, білмегендері де аз емес.

Оқушыларға тағы: «Қазақ кинематографиясынан қандай кино көрдіңдер?» деген сұрақ қойылды. Көбінің жауабы бойынша қазақ киносын аса көп біле қоймайды деген ойға келдім. Өкінішті болды.

Шәкен Айманов - туған халқына өшпес рух шашып, өнерімен оптимистік күрескерлік жойқын күшке толы мұра қалдырып кеткен халқының адал перзенті. Осындай сара жол салып берген мықты тұлғалардың жалғастырушы жас ұрпағымыз үшін тәрбие, білім, өнеге қала береді деп сенемін. Шәкен Аймановтың көксеген еркіндігі, аңсаған азаттығы келіп жетті. Ақыл-айласымен әдісін асырып, Алдар көсенің адалдығын жырлаған ақынжанды ақиық ағамыздың асыл есімін ұмытпау – ұрпақ міндеті. Сан қырлы таланттың мәңгі бітпес әңгімесін әр ұрпақ өзінше жырлар. Тек бітпесе екен сол бір мәңгіліктің шынайы рухани жыры. Шәкен Айманов есімі бәрінен бұрын қазақ киносы тарихында тұңғыш рет ұлттық киноны түсірген адам ретінде және оны барынша биікке көтерген талант ретінде ел жадында мәңгілік сақталған.

Бұл ғылыми жоба біздің, қазақ халқымыздың, әлемдік деңгейінде орнын көтеруге талпынатын, халықаралық қатынасқа қызығушылығы бар екендігіне керек болар деп ойлаймын.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақстан жөнінде шыққан көркемсуретті фильмдердің каталогы. – Алматы: 1994ж
- 2 Документальный экран Казахстана. –Алма-Ата: Кітап, 1978. – 128 с.
- 3 Очерки истории казахского кино. Алма-Ата: Өнер, 1980. – 236
- 4 Геннадиев И. Қазақстанда алғаш түсірілген ленталар // Жаңа фильм.
- 5 Казахская кинематография // Кинословарь в 2-х т. - Т.
- 6 Тарихи тұлғалар. Танымдық - көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А. – Алматы. «Алматы кітап баспасы», 2009

7 Жолдасбекұлы М., Салғараұлы Қ., Сейдімбек А. Айманов Шәкен // Елтұтқа. Ел тарихының әйгілі тұлғалары. – Астана: KÜL TEGIN, 2001. – С. 335-336. – 358 с. – ISBN 9965-441-26-X.

8 Шәкен Айманов туралы естеліктер / Құрастырған: К.Кенжетәев, Р.Сатаев. АйнагуловаК. ЛегендарныйШакенАйманов // Мәдениет. – 2004.

ШЕРХАН МҰРТАЗА «АЙ МЕН АЙША» РОМАНЫНДАҒЫ КЕЙІПКЕРЛЕРІНІҢ ПРОТОТИПТЕРІ

КАКЕЕВА С. Т.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,

Ш.Уәлиханов ЖОББМ, Павлодар облысы, Ертіс ауданы

АУБАКИРОВА А.

8 сынып оқушысы, Ш. Уәлиханов ЖОББМ, Павлодар облысы, Ертіс ауданы

Шерхан Мұртаза-қазіргі қазақ әдебиетінің рухани қорын әр жанрдағы еңбектерімен байытқан қарымды қаламгердің бірі. Ол көркемсөзбен қазақ халқының бір ғасырлық жанды картинасын жасауға белсене қатысты.
(Г. Орда)

Қазақ әдебиеті тарихында алар орны ерекше Шерхан Мұртаза шығармаларының тақырыптары ар алуан. Сонымен қатар, оның шығармалары өміршең, бүгінгі күнде де өз маңызын жоймаған асыл мұралар. Өйткені, Шерхан шығармалары жас ұрпаққа рухани азық сыйлап елжанды, Отансүйгіш, ата-ананың қадірін білуге үйретеді.

Шығармадағы кейіпкер мен уақиға нағыз өмірден алынғанда да, олар қаламгердің өмірлік тәжірибесімен, бұрынғы көрген-білгендерімен ұштасып, оның қиялында туған сезім-әсерлерімен сабақтасады. Өйткені өмірден көрген сол кейіпкер мен оқиға жазушы жанына жақын болмаса, ой-қиялымен, арман-мақсатымен жанаспаса, ол тіпті соларға елендемеген, мән бермеген де болар еді. Сөйтіп әдеби кейіпкердің тұлға-бейнесі, образы нақтылы бір прототипке негізделіп жасалғанымен, әдебиетке, көркем өнерге тән типтендіру, жинақтау қағидаларына сәйкес және жазушының нақтылы шығармасындағы идеялық нысанасына орай сомдалып, өзгеше сипат алады. Шығарманың кейіпкері әдебиетте бұрыннан белгілі көркем тұлғаға негізделіп жасалса, оны да прототипі бар образ деуге болады [1, 5 б.].

Жазушы шығармаларының өзге қаламгерлерден ерекшеліктері бар. Басты ерекшеліктері – Ш. Мұртаза кейіпкерлерінің өмірдегі прототиптерінің болуында. Жазушы шығармаларындағы кейіпкерлердің прототиптерінің болуының өзін бірнеше себептерін көрсетуге болады:

1. Ш. Мұртаза өзінің қаламгерлік жолын журналистикадан бастайды. Журналист ретінде қоғамдағы болған, болып жатқан оқиғалар туралы зерттеулер жасайтыны анық. Сондықтан да қаламгер шығармаларындағы кейіпкерлердің прототиптері оның журналистік зерттеулерінен басталып, көркемөнерге ауысқан жол деп есептеледі.

2. Ш. Мұртаза тек көркем шығарма жазып, әдеби шығармашылықпен айналысқан қаламгер емес. Жазушы өмірбаяны қазақ қоғамының 1960-жылдарының басынан бастап, рухани әлеміне кең араласып, өзінің қайраткерлік, басшылық істерімен де ел есінде қалды. Осы қызметтерде жүріп, ұлт тарихындағы ақтандақ беттер туралы мол деректер жинап, олардың жарыққа шығуына да көп еңбек етті. Сондықтан да қаламгер шығармаларында қиялдан туған, ойдан шығарылған, арман мен тілектен болған кейіпкерлер жоқ.

Ш. Мұртаза қазақ әдебиетіндегі жаңа дәуірдің, қоғамдық мазмұны, тақырып-идеялары мен көркемдік сапасы мүлде жаңа классикалық әдебиеттің көрнекті өкілдерінің бірінің қатарынан көрінеді. Ол қоғамдық ойөрісі, дүниетанымы, тарихи мақсат-нысанасы, эстетикалық-көркемдік жүйесі – барлық сипат-қасиеттері өзгеше сөз өнерін қалыптастырды, қазақ әдебиетінде реализм әдісін берік орнықтырды. Ол өзінің туған халқына асқақ сүйіспеншілік сезіммен қарап, оның өміріне, әдет-ғұрпына, мәдениетіне зер салды. Жазушының «Табылған теңіз», «Бұлтсыз күнгі найзағай», «41 жылғы келіншек», «Белгісіз солдаттың баласы», «Қара маржан», «Қызыл жебе», «Жұлдыз көпір» т.б. әңгімелер, повестер, романдар бар. Бәрінде де ойда қалар оқиғалар, естен кетпес кейіпкерлер бар. Уақыт, заман тынысы бар. Қым-қиғаш тағдырлар көлденеңдеп, алдыңды орайды. Бәрі де ойлантады, күрсінтеді. Бірақ «Ай мен Айшаның» жөні бөлек екен.

Қандай тақырып, нендей оқиға болса да алдымен жазушының көкірегінде пісіп жетіледі ғой. Содан келіп бір сәті түскенде жазбасына қоймай, жан-дүниенді мазалап, толғағы жетіп, ай-күніне толған перзенттей жарық дүниеге ұмтылады. Ақ қағаздың бетіне түсе бастайды. «Ай мен Айша» да жазушы жанын ұзақ жылдар тербеп келген үлкен толғаныстан, өткенге, балалық шаққа деген

мұнды сағыныштан ата-баба, әке-шеше аруағы алдындағы туған жер, өскен ел алдындағы перзенттік парызды терең сезінуден туған жүрек-жарды сыр, жан-дүниені мәңгілік әлдилейтін таусылмас жыр десе болғандай [2, 75 б.].

Адам тағдыры деген қызық қой. Кешегі бала Барсхан-бүгінгі жазушы Шерхан дүниеге келер кезең аумалы-төкпелі аласапыранға толы сұрапыл заман болатын. Дүниенің астаң-кестені шығып, ел күйзеліп тұрған. Оның үстіне шешек ауру шығып, әсіресе жас сәбилерді көктей жұлып, бір-бірінен кейін бірін жалмап жатқан. Бұл зобалаң Мұртаза отбасын да айналып өткен жоқ. Үш бірдей жас шарана бірінен-кейін бірі шетінеді. Ешнәрсеге мойымайтындай көрінетін Мұртазаның шашы ағарып кетті. Сөйтіп жүргенде колхоз деген келді. Тізерге тұяқ қалдырмай, малдың бәрін сыпырып алды. Сондай бір сұрапылдар осы Барысхан жарық дүние есігін ашқан. Айша сөзі, ақылы, оның тәрбиесі Барсханды әр кезде жаман әдет-қылықтан сақтандырып, дұрыс жолға салып, тәрбиелі бағытқа бастап отырады. Нағашыларының ауылына барғанда, Сәли Қали аталарының үйінде дастархан басында отырып Барсханның есіне Айшаның сөзі түседі. Түлкіқұрсақ бала дастархандағы нанды көргенде, шыдай алмайды. «Мен сілекейім ағып, үздігіп бара жатсам да атамнан бұрын қол созбай жағымды қарыстырып, тістеніп отырдым. Айша: «Сұғанак болма!» деген дейді. Көрдіңіз бе, мұнда да қандай өнеге жатыр [3, 75 б.].



Бозбала Шерхан
анасы Айшамен

Сурет 1 – Шерхан мен анасы Айша (қосымша №1)

«Ай мен Айша» романындағы негізгі жүкті көтеріп тұрған тұлғалы да кесек характердің бірі-Айша. Барсханның анасы. Үйренген

үрдіспен айтсақ, Айшаны әдеби кейіпкер ретінде атасақ-басқалардан көркемдік жағынан шоқтығы биік көрінетін мінезі, болмыс-бітімі әр қырынан жан-жақты суреттелетін, адамгершілік іс-әрекеттерінің нанымдылығымен ерекше көзге түсетін образ (қосымша 1).

Айша басына түскен ауыртпалықты айтып тауысу қиын. Сібірге айдалып кетті деген Мұртазадан қайтыс болды деп қара хабар келді. Таң ата жұмысқа кетіп, қас қарая сүрініп-жығылып үйге келеді Айша. Онда да құры қайтпайды. Жол-жөнекей әр жерден жинап бір арқа отын көтеріп әкеледі. Не тамақ жоқ, не от жоқ азынап тұрған үйде қаһарлы дауылда қалған балапандардай бүрісіп үш бала отырады. Колхоз бастық Жуанқұл мен бригадир Тасбеттің жауыздық әрекеттері де өлтіріп барады. Бірнәрсе деп қалса Айша, Жуанқұл бастық: «Әй «халық жауының» қатыны, аузыңды жап!» дейді. «Халық жауы» деген сөз шыққан жерде қайран Айшаның аузына құлып салынады да қалады. Айша бүкіл жаратылыс, болмыс-бітімімен, ішкі жан тынысы, көңіл құбылысымен толық ашылады. Іс-әрекеті де, жан толқыныс сезімдері де нанымды. Мұнда халықтық қасиет, ұлттық ерекшелік жатыр. Сондықтан да мұның бәрінен Айшаны ғана танып қолдаймыз. Айша тектес қарапайым қазақ әйелдерінің рухани ар тазалығын, жан-сезімнің мөлдірлігін, қайсарлығын, намыс-жігерін байқауға болар еді. Соғыс кезінде ауылдағы бар ауыртпалық, жас балалар мен әйелдерге түскені анық. Осындай көріністі суреттей отырып автор романда мынадай бір ой түйіндейді: «Шіркін, сол кездің әйелдері-ай! Азамат орнына азамат болды., Отқа да түсті, суға да түсті. Бірақ бүк түсіп, белі сынбады. Егер олар сынғанда, елде ешкім қалмас еді». Ол рас. Шындығында солай. Бірақ осы пікірді өте-мөте Айшаға арнап айтқандай көрінеді маған. Өйткені осы айтылған әрекеттер мен қасиеттер Айшаның бойында толығымен бар. Керек жерінде Айша мейірімді де, қатал да, ашулы да, ақылды бола біледі (қосымша 2).



Анасы Айша ауылдастар ортасында

Сурет 2 – Анасы Айша ауылдастар ортасында (қосымша 2)

Тарихта. Шерханның анасы Айша деген кісі еді. Бурыл тауының астындағы Байтана деген ел болады. Шымырға жатады. Шымырдан Шыңқожа, Бекболат, Темір деген үш ағайынды болған. Айша соның Шыңқожасынан. Байтанада Есей деген кісінің қызы. Өмірде Шерханның анасы еңбекқор, адал кісі еді. Сексенге келіп қайтыс болған. Шерханның есінде: «Маңқа бригадир болған, күн шыққанда қамшымен қуалап жүріп, жұмысқа алып кететін. Содан күн батқанда шешеміз үйге әрең келетін. Бірде айран, тағы бірдеңе ішіп күні бойы күн көретінбіз». Айша балаларына әрі ана, әрі әке, әрі әже болған нар адам болған. «Сонда үш жетімін ұйықтату үшін, Айша неше алуан ертегі, қиссаларды айтады. Біз үшін бұл бір қадір түндері – Алланың ақ нұры жауған түндер. Анда – санда Айша осылай өзгереді. Ұзақ түнде бізге әр түрлі әңгіме айту арқылы өзі де азаптан арылып, уайымы жеңілдеп қалатын сияқты» [2, 76 б.].

Романда Барсхан еңбекқор, арманшыл, қиялшыл көңілі шарқ ұрып, жаңа бір дүниеге, жақсылыққа ұмтылады. Ер жеткен сайын Барсханның есіне әкесі Мұртаза жиі оралатын еді. Еміс-еміс есінде қалған әкесінің бейнесін іздеп, миының түкпір-түкпірінен тінтікелейді, бірдеңе бұлдырайды, кісі көрінгендей болады... әкесін сағынады. Барсханды, әсіресе, әкесінің қараптан қарап жүріп сотталып кеткені қинайтын. «Ұрлық қылмаса, кісі өлтірмесе, өкіметті боқтамаса, неге сотталады? «Халық жауы» дейді. Бір адаммен, екі адаммен жауласарсың. Ал, тұтас халықпен қалай жауласуға болады» деп басы қатады. Екінші кітапта осылай негізінен Барсхан іс-әрекеттері басым көрінеді де, Айша ақылшы, тілекші ретінде ара-тұра көрініс беріп отырады. Анасын ылғи да тындайтын. Ешқашан қарсы шықпайтын. Барсханның үлкен іс, өмірлік, адами мәнді жұмыстарға араласуына да бағыт-бағдар берген Айша. Өйткені Барсхан көбіне өз бетінше әрекет жасап, өмірден өз соқпағын, өз жолын табуға ұмтылатын. Сол жолда Барсхан ылғи да анасы Айшаның берген ақыл-кеңесінен, үлгі-өнегесінен қалыптасқан өз бойындағы қуат-күшті сезінетін [4, 10 б.].

Шерхан Мұртазаның өзіне тән шығармашылық ерекшелігі-қысқа жаза отырып, салмақты ой айтатыны. Образ сомдау, әсіресе басты кейіпкер Айша бейнесін әлеуметтік тұлғаға айналдырудағы автор ізденістері де сәтті шыққан. Шығарманың «АЙ мен АЙША» аталуы тегін емес. Осындағы АЙ кәдімгі қара түнді жарық қып, әлемге нұрын шашқан аппақ АЙ үлкен символдық мәнге ие. Романның бүкіл өнбойында АЙ Айшамен бірге көрініс беріп отырады. АЙ-ЗАМАН, АЙ-УАҚЫТ. Қытымыр заман ызғарын сәл

де болса жылытып, адам пенденің жанына шуақ себезгілеген сол жалғыз Ай ғана. Әсіресе, жадау көңіл, жабырқау жанды Айшаның көкірегіне үміт сәулесін шашатын осы АЙ. Тауқыметке толы қиын шақтағы көңілге демеу болар жалғыз жарық, жалғыз шуақ, жалғыз жылу, жалғыз үміт шырағы [3, 76 б.].

Шерхан Мұртаза шығармаларының қай-қайсысын алмайық, оқырманның жүрек қылын шертіп, ерекше сезімге бөлейтін, өз заманының ащы шындығын көрсететіндігімен ерекшеленеді.

Жазушы шығармаларының мән-маңызын ұғынып, көңілге тұшынып, одан әрі насихаттай берейік Қорыта келе, Шерхан Мұртаза шығармаларындағы айтылған ой халқымыздың баға жетпес құндылығы екендігін естен шығармауымыз керектігін түсіндім.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Аңыз адам «Шерхан Мұртаза» Өмірбаяны №2, 2018 жыл;
- 2 Т.Мәмесейіт: «Образ шындығы және шеберлік», «Ақиқат» №6, 2007 жыл.
- 3 А.А. Молдабаева; Э.Қ. Құтымбетова «М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті»; Тараз. №2, 2022 жыл;
- 4 Қазақ әдебиетінің тарихы. «М.Әуезов атындағы Әдебиет және Өнер институты» 9-том, Алматы. ҚАЗАқпарат, 2005 жыл.

ЧЕМУ УЧАТ СТИХИ МАГЖАНА ЖУМАБАЕВА: «Я ВЕРЮ В МОЛОДЕЖЬ...»

ИСКАКОВА Р. Р.

учитель казахского языка и литературы, СОШ №27, г. Павлодар

БАБАКОВ А. М.

ученик 8 «В» класса, СОШ №27, г. Павлодар

Магжан Жумабаев, выдающийся казахстанский поэт, стал национальным литературным героем и символом культурного наследия. Его стихи являются не только произведениями искусства, но и уроками, вдохновляющими и отражающими глубокий смысл.

Мы четко знаем, что один из самых талантливых казахских поэтов Магжан Жумабаев нашел свое место в жизни и оставил неизгладимое наследие. Магжан – поэт-националист. В стихотворении поэта «Я верю в молодых» прослеживается четкое описание того, какой должна быть настоящая казахская молодежь.

Поэтому, читая стихотворение Магжана Жумабаева «Я верю в молодых», я решил более открыто представить главные качества нашей молодежи современности.

Проблема: недоверие молодежи. Постепенно человеческие качества становились все реже и реже. Начало терять уважение к своей стране.

Если мы пропагандируем стихотворение Магжана Жумабаева «Я верю в молодых», поднимаем дух, энергию молодежи, переводим на каждый язык и демонстрируем мир казахских мальчиков и девочек другим странам, ставим на первый план качества казахской молодежи, мы открываем путь к любви казахской молодежи к своей стране, к оправданию надежд своей страны.

Магжан Жумабаев в своих стихах ярко передает красоту и богатство казахской культуры. Его слова становятся мостом между прошлым и настоящим, призывая сохранять традиции и ценности. Стихи Магжана вдохновляют на гордость за культурное наследие и поощряют сохранение языка и обычаев.

Создавая человека, отвечающего требованиям времени, М. Жумабаев определил цель образования. Авторская программа по образовательному направлению была ориентирована на богатое наследие его родного народа. «Национальное образование, которое было проверено с первых дней, каждый наставник должен быть знаком с воспитанием нации и следовать долговому пути воспитания нации», – написал он.

Это также позволило бы провести сравнительный анализ педагогических идей М. Жумабаева с мнениями и размышлениями этих выдающихся личностей о воспитании детей.

В результате содержание педагогических идей в произведениях поэта-педагога, руководствующегося идеей общечеловеческих ценностей, морали и благополучия, основанных на поведении и поступках, заключается в воспитании поколения нации на уровне высшего образования и культурных отношений.

Познавательные идеи популярного поэта-педагога, поэтическое наследие педагогических традиций в продвижении качественных реальных человеческих отношений, таких как дружба, уважение, честность, неподкупность, скромность и смирение, благополучие и т.д. были нацелены на человеческие основы качества.

Талантливый поэт, великий учитель и просветитель казахского народа погиб как жертва политической системы, несмотря на ранний уход, оставив после себя богатое наследие. Наконец, мы изучили,

проанализировали и пришли к выводам. Основная педагогическая идея произведений поэта-педагога, руководствующегося любовью к людям, земле и нации, заключается в служении целям и задачам общества, в котором живет молодое поколение в рамках морали и гуманности, что является главным принципом воспитания.

Стихотворение Магжана Жумабаева «Я верю в молодых» имеет большое значение для образования, потому что оно вдохновляет молодых людей верить в себя и свои способности, а также побуждает их стремиться к своим мечтам и стремлениям. Стихотворение призывает молодых поверить в себя и свой потенциал, а также признать силу молодежи для создания позитивных изменений в мире. Это может послужить источником вдохновения для молодых и помочь развить чувство надежды и решимости перед лицом трудностей. Кроме того, послание надежды и оптимизма, содержащееся в стихотворении, может стать ценным учебным пособием для преподавателей, помогая привить учащимся позитивный взгляд на жизнь и веру в их собственные способности формировать свое будущее.

Поэт хочет видеть не только себя или своего лирического героя, но и молодежь вокруг себя в виде «В грозных и бесстрашных львов, В тигров, чья отважна кровь». Основной силой, борющейся за будущее своего народа, является молодежь. Если это так, то для Магжана, который всю жизнь поднимал лозунг «Алаш», воспитание молодежи имеет особое значение. В своем стихотворении он с большой надеждой смотрит на молодежь. В молодости он видит силу, как в крепких крыльях орлов, чистое сердце и мужественный характер, безграничную любовь к родной земле. Хвастается этим. Вдохновенно поет «Я верю в молодых», – говорит он. Упорство в стихах, дух, настойчивость, справедливость, все-все берет свое начало в воспитании. Проявляет воспитанность. Конечно, такое воспитание мы получаем от главных родителей, нашего окружения и этого стихотворения.

В грозных и бесстрашных львов,
В тигров, чья отважна кровь,
В крепких крыльями орлов-
Верю, верю в молодых!

Личностный характер молодежи формируется с раннего возраста. К примеру, юный малыш по своей природе чистоплотен, а это значит, что молодые люди еще ничего не видели в жизни. Именно в это время важно воспитывать родителей, воспитывать у

педагогов образовательных учреждений, начиная с детского сада, постепенно прививать любовь к Родине, уважение и упорство.

И в глазах их искр не счесть,
И в словах их пламя есть,
Им дороже жизни честь. –
Верю, верю в молодых!
В дерзких юных тех орлят,
Что на крыльях ввысь летят,
В небеса вперяя взгляд, -
Верю, верю в молодых!
Разве устает тулпар
Или сокол, что не стар?
Святость им – великий дар. –
Верю, верю в молодых!
Верю в тех, кто сердцем мудр,
Кто в одно из вешних утр
Стяг Алаша ввысь взвывают, -
Верю, верю в молодых!

Поэт-Магжан Жумабаев, оставивший неизгладимый след в мире казахской поэзии, оставил свое великое искусство, яркую творческую поэзию для будущих поколений. Обо всех приключениях начала XX века свидетельствовал Магжан Жумабаев. Все они были заняты размышлениями, стихами. Для Магжана самый главный вопрос-судьба земли казахской в понимании поэта. Поэт не поддавался лозунгу и ложной пропаганде Октябрьской революции.

«Я верю в молодых»
В грозных и бесстрашных львов,
В тигров, чья отважна кровь,
В крепких крыльями орлов-
Верю, верю в молодых!

в своем стихотворении поэт убежден в том, что не теряет надежды на завтрашний день. Мы надеемся, что наши ожидания от молодежи оправдываются. Это процветание вечного казахского народа, в руках молодежи. Патриотический дух поэзии Магжана Жуумабаева не угаснет никогда...

Стихи Магжана Жумабаева – это не только произведения искусства, но и уроки по воспитанию, вдохновляющие к патриотизму, культуре и духовному совершенствованию. Он оставил нам богатое наследие, которое продолжает вдохновлять и учить новые поколения.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Жумабаев «Педагогика». Алматы, Родной язык, 1992.
- 2 Штайнер Р. Антропософия и падагогика. Dornach: P.Штайнер, 1965.-21 с.
- 3 Штайнер Методы преподавания и предпосылки образования – М.: Парсифаль, 1994. -78 с.
- 4 Антология истории педагогики в 3 книгах / Под ред. А. И. Пискунов. Т. 1: Антик. Средние века. М.: Сфера, 2006 512 с.
- 5 М. Монтессори. Метод научной педагогики, применяемый в детских домах. /Перевод с итальянского. М., 1993. -168.
- 6 Калиев С. Теоретические вопросы и история казахской этнической педагогики. А; «Образование 2004».
- 7 М. Жумабаев. Избранное / стихи, поэмы, исследования, переводы / «Наука», 1992.
- 8 М. Жумабаев Поэзия, проза и литературоведение / Составитель Ж. Сулейменов. Петропавловск, 2006. 428 с.

БЕЙІМБЕТ МАЙЛИН ӘҢГІМЕЛЕРІНІҢ ТІЛ КӨРКЕМДІГІ

БОЛАТХАНҰЛЫ А.

6 «А» сынып оқушысы, Аққулы ауданы, Жамбыл ЖОББМ
ЖУНУСОВА М. Б.

ғылыми жетекші, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Сәтті шыққан көркем шығарма – бір ғана жазушының жетістігі емес, ол бүкіл әдебиет көлеміндегі кесек құбылыс. Осындай тарлан талант, кесек құбылыс, шұрайлы шығарма туғызушы, ерекше өнер иесі – Бейімбет Майлин.

«...қазақ әдебиетінің аса көркем үлгілері Бейімбет Майлиннің өзгеше мұрасынан танылатын... Бейімбет әңгімелерінің көп топтары революцияның ең алғашқы жылдарынан бастап, отызыншы жылдардың ортасына дейін Совет дәуірінде қазақ ауылында болған өмірдің ұзақ көркем шежіресі деуге болады», - деген екен М.Әуезов. Бұл қаламгер шығармашылығына ғұлама ғалым тарапынан берілген әділ баға болатын.

1923 жылы жазылған жазылған «Талақ» атты әңгімесінде автор ерлі-зайыпты Айдарбек пен Зейнептің тату-тәтті отбасын болмашы нәрседен бұзыла жаздағанын, алайда екеуінің өз арасындағы сыйластық, сүйіспеншілік сезімдері ескі наныммен, діни ұғыммен іштей арпалысып күресу нәтижесінде ақыры қайта

табысқанын суреттейді. Болмашы нәрсеге ренжіген Айдарбек ашу үстінде Зейнепке: «- Мен сенен талақ» - дейді. Зейнепке таяқтан да қатты батқан осы «талақ» деген жаман сөз. Оның бала кезден білетіні, естігені: «неке – ерлі-зайыпты адамның тұрмысы, бірін-бірі сүймеген екі адамды неке сүйдіреді. Неке – махаббат жібі, ерлі-зайыпты адам қаншама бірін-бірі көрместей болып араздасса да, неке тұрған жерде махаббат үзілмейді. Ал, ерлі-зайыпты адамның жиренішті тұрмысына дәнекер болып тұрған жіпті үзетін бір нәрсе бар, – ол – талақ...». Міне, Зейнепті осы ойлар қатты қинайды, Айдарбектен шынымен-ақ айырылып қаламын ба деп өкінеді, бір жетіден бері одан жеген таяқ та, есіткен сөздері де ұмытылды, бойын тітіркендіріп, тікенектей қадалып тұрған жалғыз сөз – талақ. Ашу үстінде мән бермей айтып қалған Айдарбек те кейінірек есін жиып, өз сөзінен өзі шошиды. Оның ойынша, бұл – кешірілмес қате. Шарифаттың бұйрығын істеймін десе, Айдарбек әйелін екінші біреуге қосып, ол адам талақ қылғанның артынан үш айдан кейін барып неке қиып алу керек. Олай қылмаса некесіз жар ұстаған болады. «Некесіз әйелдің үйінің асы арам» деп шолақ молда екі күннің бірінде қақсайды». Бірақ жастай сүйіп қосылған Зейнебін Айдарбек қалай қисын біреуге? Осы ойлар оны да қатты қинайды. Ондай ой ұшынан шыға алмаған Айдарбек Зейнепсіз маған шарифаттың қажеті не? деген ойға келеді де: – Шарифаты құрысын, қатынымнан айырылмаймын...» деп ой түйеді.

Сырт қарағанда осы бір шағын ғана әңгімеде алып-жұлып бара жатқан тартыс желісі жоқ тәрізді, мынау ұнамды, мынау ұнамсыз деп тізбектеп жататын кейіпкерлер саны да көп емес. Әңгімеге Айдарбек пен Зейнеп екеуінен басқа олардың қызы Күләмза ғана қатысады. Өке-шешесі болар-болмас нәрсеге ренжіп қалса, ол да ренжиді, бүк түсіп ұйықтап қалады да, ал егер олар татуласып жайдары отырса, Күләмза да қуанады, шексіз бақытты адамдай көңілі тасиды. Мұның бәрі өмірде болатын, жиі ұшырайтын екінің бірінде кездесетін ақиқат жайлар. Алайда әңгімедегі оқиғаның идеялық мазмұнына тереңірек үңіле қараған адамға оның үлкен философиялық, тәрбиелік мәні бар екендігін түсіну қиынға соқпайды. Біріншіден, әңгімеде автор «талақ» деген ұғым жайындағы шарифат «сырын» әшкерелейді, ескі наным, діни ұғымды ирония арқылы шенейді, ескілік шырмауынан арылындар дегендей үгіт айтады. Екіншіден, ұлттық тәлім-тәрбие негізін дұрыс қалыптастыруға ой тастайды. Баланы тәрбиелеу үшін отбасындағы ата-ананың атқаратын рөлі,

олардың өз бастарының үлгі-өнегесі бала жүрегіне қаншалықты әсер ететіндігі аңғарылып отырады.

Қаламгер белгілі бір оқиғаны баяндау үстінде шегініс жасап, кейіпкерлерінің көрген түсін суреттеп кетеді. Ғажап түске сену ертеден келе жатқан фольклорлық мотив болғанымен жазушы оны кейіпкерлердің реалистік болмысымен, оның психологиялық күйінен, бір нәрседен қауіптеніп, қорқуынан, не бір жайды ойланып-толғануынан шығарады, сондай түс көрудің шындық өмірмен ұштастығын дәлелдейді. Түс көру эпизоды «Қырмызы», «Күлпаш», «Әже» әңгімелеріне шебер енгізілген. Оқиғаға жанасты суреттелетін түс кейіпкердің характерін ашуға септігін тигізеді. «Әжеде» Зылиха үйден кететін түні Қарымсақтың түсі қандай қорқынышты болса, оның өнінде кездестірген оқиғасы да сондай ренішті, ауыр. «Злиханы өзіне қарап таста берем дегенде, әлдекім арт жағынан келіп итеріп жібергендей болады... Қарымсақ жардан омақата құлап, басын көтеріп алса, ирендеген біреу Зылиханы қолынан ұстап, дедектетіп әкетіп барады!.. Әлдеқайдан Ұлпаның «Әже!» -деген ойбайы, Бақыттың мамалаған жылауы естілгендей болады... Қарымсақ күйіп кетіп, ойбайды салды: - «Зылиха, Зылиха!». Өз даусынан өзі шошып оянды. Бұл түсі екен». Қарымсақтың осы түсі бұлжымай келеді, айнымаған шындыққа айналады.

Қаламгер кейбір сөздің өзін әр туындысында жиі қолданғанымен, түрлі теңеулер мен метафоралармен ерекшелігін айқындап, ажырата алатындай етіп суреттейді. Мәселен автор адамның келбет-кейпін, түр-тұрпатын, мінезін, тіпті сыртқы-ішкі күй-жайын бергенде «қара» деген сөзді әңгімелерінде жиі қолданады. Ол көптеген кейіпкерлерін өң жүзіне қарай «қара» кісі деп көрсетеді. Бірақ, олар қара болғанмен, бір-біріне ұқсамайды. «Қара» деген сөзді кейіпкерлердің өз ерекшеліктеріне орай үстеме теңеулермен айшықтай түседі. Өңі қара болғанмен кейіпкерлердің бір-біріне тартпаған мінез-құлықтары, қасиеттері, әрекеттері, сырт пішіні басқа да өзгешеліктері белгілі боп көрінеді. Кейіпкерлерін бір-бірінен ажырату қиынға соқпайды. «Сары ала тон» әңгімесіндегі Сейпен байдың пысығы Қожан «қырықпа сақалды қара кісі» делінеді. «Қанды кек» әңгімесіндегі «сирек сақалды, жалақ қара кісі» Жарықбас қарт та, «Жуан қара кісі» Ыбырай байдың досы Тасберген. Осы екі адамның алдыңғысынан кедей кейпін көреміз де, екіншісінде «жуан» деген сөзден байды айтып отырғанын аңғарамыз. Сонда «қара» сөзіне қосылған анықтауыштар екі түрлі мән беріп, екі бейнені көз алдына әкеліп тұр.

Жазушы әңгімелерінде мынадай тұрақты тіркестер кездеседі: 1) «Аласа тар жер үйдің іші ит байласа тұрғысыз, есігінен, терезесінен жел азынап, үйдің ішіне қырауытып кеткен»; 2) «Дәмештің жүрегі мұздай боп, тұла бойы қалтырап қоя берді»; 3) «Қасен сені сүйеді» дегенде жүрегім аттай тулады»; 4) «Ақша сұрап дігірлеген «бәнкешіні» ит етінен жек көрді»; 5) «Міне, бұл мәселелер мұғалімдердің бес саусағындай біліп отыратын мәселелер; 6) «Ауылдың қарасы үзілген кезде, Желдібай артына бұрылып қарап тепектеп шауып келе жатқан орта жасты кісіні көрді»; 7) «Қасеннің қасы мен қабағына қара» және т.б.

Б.Майлин өз әңгімелерінде теңеуді ұтымды қолданған: 1) «Жалғыз Шырынкүл байының бас жағында, қазықтай боп қақиып тізерлеп отыр»; 2) «Қаныш бәйбіше жыландай ысқырып, «тұқымы жарымаған, қаңғырған!» деп сөккенде, адамның сай-сүйегін сырқырататын болды; 3) «Ә дегенше болмай торы аттың үсті термен ақ сабындай болып көпірді»; 4) «Шоққа қойылған құманша толған қозыдай бүйірленіп, сақылдап қайнап, шайдың иісін мұрынға кіргізіп барады»; 5) «Көк кітаптың ішіндегі баданадай әріптер қазақ елінің қараңғы түкпірінен оқушы тапқанына мәз болып, жымындап күліп тұрған секілді...» және т.б.

Бір сөзді яки лебізді қайта-айту қайталақтау деп аталады. Ондай қайта-қайта айту –нәрсенің өзін яки амалына көбірек назар салғызу үшін істеледі: «Үйде Ерғали пешке арқасын сүйеп, бәйбішесінің жыртылған мәсісін бастап отыр еді. Бәйбішесі Дәметкен қолында ұршығы, төрде шынтақтап жатқан Жамақ деген қайнысымен сөйлесіп отыр еді».

Троптың бір түрі –алмастыру, яки метонимия өзара шектес заттар мен себептес құбылыстардың бірінің орнына бірін қолдану: Қарауына себеп бар: бір жаяу сонау белестің басына жаңа шыға беріп еді. Жүгіре басқан жаяу боз шинельді солдат болып шықты. Пар ат жеккен бір шаналы терезенің алдынан зыр етіп өте шықты.

«Жазушы өз шығармашылығында қораштыққа басқан жоқ. Қарапайым халықтың өміріндегі, ойындағы, қиялындағы құпия күйде қалып келген мол көркемдікті ашты. Оның көркемдігі замана көркемдігімен нәрленді, қорланды, сол көркемдікке қазына болып қосылып байытты», -деп Т.Нұртазин қаламгер еңбегіне баға берді.

Өнердің қай саласын алсаңыз да, шынайы суреткер өзіндік келбетімен, стилімен, өрнегімен, нақышымен танылады.

Бейімбет Майлин –өз шығармаларында әдеби тілдің әсем үлгісін берген, көркем сөзді төгілте қолданған «нұсқалы жазушы». Қаламгер туындыларының тілі шұрайлы әрі көркем болып келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Б.Науразбаев. Қазақ прозасындағы Б.Майлин дәстүрі. – Алматы: «Ғылым» баспасы, 1979. – 184 бет.
- 2 Бейімбет Майлин. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2013. Он үшінші том: құжаттар, деректер, пікірлер/құрастырған Т.Бейісқұлов. – 384 бет.
- 3 Бейімбет Майлин. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Қазығұрт». – 2004. Үшінші том: өлеңдері. – 488 бет.
- 4 Бейімбет Майлин. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Қазығұрт». – 2003. Бірінші том: әңгімелері. – 584 бет.

КӘМЕН ОРАЗАЛИННИҢ «АБАЙ АУЫЛЫНА САЯХАТ» АТТЫ ДЕРЕКТІ ӘҢГІМЕСІНИҢ «АЛАТАУ АЯСЫНДА» БӨЛІМІНДЕГІ ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫНЫҢ ТІЛДІК- ТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ

ЖУМАГУЛОВА А. Р.

қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, К. Бозтаев атындағы
қазақ мектеп- гимназиясы, Абай облысы, Аягөз қ.

ФАБИТОВА З. Қ.

8-сынып оқушысы, К. Бозтаев атындағы
қазақ мектеп- гимназиясы, Абай облысы, Аягөз қ.

Шәкәрім ақынның қолынан дәм татқан, Мұхтардай ғұлама жазушымен үзеңгілес, сыйлас, Абай рухының асыл шырақшысы бола білген жазушы Кәмен Оразалин 1920 жылдың 16 маусымында Семей облысы, Абай ауданы, Құндызды ауылының Қылышбек жайлауында туған. 1939 жылы орта мектепті аяқтап, әскер қатарына алынып, Ұлы Отан соғысына қатысқан. Жасы 20-ға жеткен өрімдей жас жігіт елім мен өмір арпалысқан қан майданның қақ ортасында жүрді. Сол кездің өзінде-ақ Абай, Шәкәрім, Көкбай, Шәкірлер сияқты өлең жазып, Мұхтардай зерделі сөздің зергері болсам деп армандайтын жас жігіт қалам мен қаруды қатар ұстап жүрді. Соғыстан аман оралған жазушы өзінің болашақ шығармаларына қыруар материалды туған жер төсінен жинады.

1947 жылы мұғалімдер институтын бітірген соң, туған ауылындағы орта мектепте мұғалім болып қызмет атқарды. Бала оқытумен қатар жазушылықты та қатар алып жүрді. Абай ауылының құрметті азаматы. Ұлы Отан соғысынан қан кешіп оралған Кәмен Оразалин 1950 жылы алғаш рет «Жексен» повесімен әдебиеттегі жолын бастады. 1959 жылы тың тақырыбына арналған «Ақ жазық», коллективтендіруді суреттеген «Көктем салқыны», «Кең байтақ» романдары, «Абай ауылына саяхат» атты жол сапар, тарихи мағлұматтарға бай кітаптары жарық көрді.

Абай – Мұхтар әлемінде Кәмен Оразалиннің дербес орны болуы заңды, ұлы дәстүрге адалдық, ал дәстүрді жалғастыру парыз. 1972 жылы жазушы Мұхтар Әуезов туралы төрт томдық роман жазды. Бұл романды жазуға 20 жыл ізденіп, 35 жыл табан аудармай жазды. «Абайдан соң» – жазушының ең кесек, ең негізгі туындысы, мұнда қазақ дүниетанымының негізгі қағидаларынан, сахаралық қалыбынан айрылмаған мұрат бар. Өзінің жарты ғасыр ғұмырын Абай атындағы орта мектепте жас жеткіншектерді білім нәрімен сысындатып, зейнеткерлікке шықса да жазумен шұғылданды.

Майдангер жазушы, қазақ әдебиетінің қадірменді ақсақалы Кәмен Оразалин 2008 жылы наурыз айында дүниеден өтті. «Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген мұғалімі», Октябрь революциясы, III дәрежелі «Даңқ» ордендерінің, «Парасат» орденінің және көптеген медальдардың иегері.

Абай елі исі қазақтың назарындағы киелі мекен. Шыр етіп туғаннан күллі ғұмырын туған елден табаны ажырамай, іргесі сөгілмей өткізген жазушы Кәмен Оразалинның ұлы Елдар Кәменұлының айтары бөлек.

Елдар аға әкесінің «Абай ауылына саяхат» кітабы жөнінде көптеген деректерді айтқан.

... «Әкем туралы айтылар әңгіме көп... Әкемнің «Абай ауылына саяхат» кітабы алғаш рет 1976 жылы, содан кейін өңделіп ұлы Абайдың 150 жылдығы қарсаңында 1995 жылы қайтадан басылып шыққан еді. Бұл екінші басылымында Абай, Шәкәрім, Мұхтар жөнінде толықтай айтылған еді. «Абай ауылына саяхат» кітабы әрбір адамды осы елді көруге ынтықтыратын, оларға жолбасшы болатын кітап деуге де болады», – дейді Елдар Кәменұлы. Елдар Кәменұлы сұхбаттасқаннан кейін мен «Абай ауылына саяхат» кітабындағы жер- су атаулары ерекше жазылғанын байқадым.

Кәмен Оразалиннің «Абай ауылына саяхат» атты деректі әңгімесінің «Алатау аясында» бөліміндегі қазақ халқының жер-су

атауларын зерттеу-бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Кәмен Оразалиннің «Абай ауылына саяхат» атты деректі әңгімесінің «Алатау аясында» бөліміндегі жер-су атауларының: түр-түске байланыстылығы мен антропонимдер және этнонимдер арқылы жасалған.

Қазақ тілінің жер-су атауларын зерттеудің тіл тарихы үшін маңызы зор. Асыл қазына болып қалыптасқан топонимиканың лингвистикалық және тарихи-этнографиялық қыр-сырын ашу – тіл білімінің үлкен бір саласы – ономастиканың міндеті. Топонимикада халықтың тарихы және тарихи география жөнінде қыруар бай материал, құнды деректер сақталған. Топонимика қойнауында замандар бойы сақталған, талайға сырдың куәсі болған тарихи сөз – атаулар бар. Қазіргі сөйлеу тілімізде, сондай-ақ, әдеби тілде қолданудан мүлде шығып қалған сөздер де осы географиялық атаулар құрамынан табылады. Өйткені, олар географиялық атаулар ретінде тұрақталып, берік орын тепкен соң, ғасырлар бойы өмір сүріп, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отырады. Сондықтан да, Абай Құнанбаев, Кәмен Оразалин өмір сүрген жердің топонимикасынан халықпен бірге өмір сүріп келе жатқан тіл арқылы өткен тарихымыз жайлы көп мәлімет аларымыз сөзсіз, сонымен бірге, жер-су атауларына қатысты халықтық этимология көріністері де сақталып қалған.

Жер-су атауларының тарихи-лингвистикалық сипаттамасы. Географиялық нысандардың сипатына қарай:

1. ойконим – елді мекен аттары: Шыңғыс, Қарауыл, Сарысу, Кереку, Қараөткел, Қарқаралы, Әулиеата, Жарма.
2. гидроним – су аттары: Мұқыр өзені, Шаған, Ойқұдық,
3. ороним – тау аттары: Өкпеті, Алатау.
4. урбононим – қаланы сандары аттары: Түркістан, Орынбор, Бақыршық, Алматы.
5. гороним – көше аттары: Абай көшесі.
6. некроним – зираттар мен молалар аттары: Қоңырәулие.

Шағын географиялық нысандар атауын – микротопоним, ал белгілі бір немесе бірнеше аймақты қамтитын көлемді жер-су атауларын макротопоним деп атайды.

7. Түр-түске байланысты қойылған атаулар: Сарысу, Қарауыл, Алатау Қоңырәулие, Қараөткел, Ақшоқы [2, 15-б.].

«Кәмен Оразалиннің «Абай ауылына саяхат» атты деректі әңгімесінің «Алатау аясында» бөліміндегі төмендегідей сөздер көрсетілген:

- СЕМЕЙ. Көне түрік қабатына Әбілхан Әбіласанның «Көне сөздер құпиясы» еңбегінде, «Семей ме» әлде «Семипалат па» деген

тақырыбында «Семипалат» сөзі дереккөздеріне сүйенсек, бұл екінші атау яғни, «Семипалат» – қазақ жерінде «шәпкі қоқайтқан» орыс бекінісіне байланысты XVIII ғасырдың басында, дәлірек айтсақ, 1718 жылы пайда болған көрінеді. «Семей» атауының түп негізі «көне тас ғимараттар үйіндісінің» жанынан бой көтерген тас мешіттерге қатысты және «Семьпалат» «Жетісарай» да осы аттан туындаған деген пікірлер де бар [3, 18-б.]. Бұны дәлірек, түбін қазбаласақ, бұл «тас мешіттерге» емес, ана «көне тас ғимараттар үйіндісіне» қатысты атау болса керек. Сол Семей аты ежелгі есім, осы уақытқа дейін сақталған. Біз айтып отырған «тас мешітіміз» негізінде ол мешіт те, храм да, шіркеу де емес, бұл көне түркі қауымдары құлшылық ететін орын – ғибадатхана болған. Мысалы: Баба түркілер сары ұйғырлардың тілінде «Семей» сөзі «семе», «семі», «семь» тұлғасында да айтыла береді. Ғибадатхана моңғолша «сумэ», «сүме», «семе» делінеді. Сонымен «Семей» атауының түп негізі – сонау көне сақ, ғұн тілдерінің сарқыты. Олай болса, бүгінге жеткен тұмар сөз.

Шыңғыс. Шыңғыстың тауын үш топқа бөліп қарауға болады. Біріншісі - балақ төбелер. Шыңғыстың үлкен қатпарының бауырында бөлек жатқан адыр-бұйраты аралас төбелерді солай айтады. Бұлардың кейбірінің ені үш- төрт шақырымға созылып, ұзындығы 15-20 шақырымнан асады. Екіншісі, Шыңғыстың құж-құж қатпарлы таулары. Бұл таулар балақ төбелердің сыртын- да жатқандықтан, қарға қалқан, суыққа пана. Жаз бол- са сай-саласы неше түрлі гүлге бөгіп, шүйгін-шалғынымен құлпырып көздің жауын алады. Бұл жерлерді шабындыққа пайдаланған соң, жазда жайла- майды. Шыңғыстың үшінші қабаты - сыртқы жайлау таулары деп аталады. Жайлау таулары жатаған тоқал ке- леді де, жазығына шығатын шөп тауының басына дейін біркелкі болып өседі. Сондықтан мал таптамай тұрып, таудың басына дейін шөбі шабылып алынады. Жайлау тауларын тек жазда ғана пайдаланатын болғандықтан, шопандар өріс жаңарта үнемі жылжып, қонып отырады. Бәрінің аты Шыңғыс болғанмен, үйір-үйір тауларды же- ке-жеке пайдалануға уақыт таңдайды. Шыңғыстан бұлқынып шығатын Шет, Қос, Бұзау, Құндызды, Мұқыр, Тақыр, Қарауыл, Бөкенші, Көлденең, Қаражартас, Шаған секілді мөп-мөлдір өзендер бар. Осы өзендер таудан жазыққа құлағаннан кейін, жазға салым арнадан асып жайылады да, Шет, Жетімқорық, Құндызды, Қосағаш, Маян, Жидебай, Қыдыр, Саржал қорығы аталатын шабындықты өлкелерге саяды. Бұлардың кейбіреулері 400-500 шаршы шақырым

өңірді алып жа- тыр. Шыңғыстың шабындықсыз сай-саласы жоқ. Іші-сыр- ты бірдей жайылым болғандықтан, қыстаусыз төбе жоқ. Шыңғыстың екі жүз шақырымға созылған бөктері тақтайдай жазық болып келеді де, қыс күндерінде мұнда қар жатпайды. Шыңғыс елінде мынадай нақыл бар: «Оңынан соққан жел - құт, Шыңғыстан соққан жел - жұт». Тегінде, Шыңғыстың желі өте қатты. Арнасынан су қашып, тас борайды. Нашар жасалған құрылыстарды талқандап, машина- ны аударып кететін желдер оқтын-оқтын соғып тұрады. Біз Шыңғыстың теңіз деңгейінен мың метр шамасын- да жоғары тұрғанын білеміз [2, 18-б.].

Жарма. Жарма жері ертеден-ақ оңтүстік пен солтүстікті керуен жолдарымен байланыстырып жатыр. Бұл өлке саяхатшылар мен географтарды қатты қызықтырған, олардың көпшілігі жергілікті жердің табиғат көркі, тұрғылықты халықтың тұрмысы мен шаруашылық ерекшеліктері туралы мәліметтер қалдырған. Мәселен, бұл жерлерде Ш.Уәлиханов, П. Семенов-Тян-Шанский, Г.Потанин, В. Обручев, А. Янушкевич сияқты басқа да көптеген атақты ғалымдар мен зерттеушілер болған.

Антропонимдер мен этнонимдер арқылы жасалған жер-су атауларының қолданысы. Жер-су атауларының танымдық сипаты.

Танымдық (когнитивтік) ғылым бастауын өте ерте заманнан келе жатқан ғылым саласы, оның нысаны ақыл мен таным және олардың арақатынасы деп саналады. Сондықтан классикалық мәселелер – тілмен, ойлаумен тікелей астасып жатқан күрделі құбылыс.

Қара – түркі географиялық терминологиясында негізгі мағынасынан басқа қосымша мағыналарға да ие бола алады. А.Н.Кононовтың байқауынша, «қара» кейбір түркі тілдерінде жер, құрлық, топырақ деген мағыналарды береді. Құрамында қара сын есімі анықтауыш қызметін атқарады және зат есімнің алдында тұрады. Бірақ та қара түрлі топонимдерде әртүрлі мағынаға ие болады.

Қарауыл. Әңгімеде кездесетін мысалдар :

Аудан орталығы Қарауылға келе жатқан көп адамды көрген милиционер «Мыналар ауданды алуға келе жатқан көтерілісшілер» деп, қолында қамшыдан басқа қаруы жоқ адамдарға оқ жаудырған [1, 6-б.].

Ақшоқы – қазіргі түркі халықтарының тілінде де жер-су атауларын өзара салыстыра қарағанда да, олардың құрамындағы түр-түстердің беретін, анықтайтын мән-мағыналары бірдей емес.

Оларды зерттеу, әрине өз алдына жеке мәселе. Ақ сөзі түркі тілдерінде ақ формасында қолданылып, бір-біріне жақын үш топ мағына аңғартады: 1) «ақ» деген негізгі түр-түстік мағына (белый); оның төңірегіне: ақшыл, көздің ағы, жұмыртқаның ағы, жарық түс, паштың, сақалдың ағы, ақбоз, өңсіздік, сүт тағамдары, боз түсті кездеме т.б. мағыналар туған; 2) «ақ» сөзінің ауыс мағыналары: кіршіксіз таза, айыпсыз, ақжүрек, адал; 3) керемет, тамаша, ғажайып.

Әңгімеде кездесетін мысалдар :

Әбдірахман Алматыда қайтыс болып, аманат жерленді де, жаз шығар туған жері Шыңғыстаудағы Ақшоқыға алдырып қойылды [1, 6-б.].

Жер бедері атауларының зерттелуі: Жер бедері атауларының зерттелуіне қатысты еңбектер саны көп емес. Соның ішінде Кәмен Оразалиннің «Абай ауылына саяхат» атты деректі әңгімесінің кездесетін жер-су атаулары деп жер бедері атауларын да жинастыра қарастырдық. Жер бедері туралы зерттеулердің алғашқысы – географиялық терминдерді, халықтық қолданыстағы осындай жалпы есімдерді топтастыру мен бірізге түсіруде көп еңбек еткен ғалым-географ Ғ.Қоңқашбаевтың «Қазақ халық географиялық терминдері» атты кандидаттық диссертациясының авторефераты, ғылыми-зерттеу еңбектері мен мақалалары және сөздіктері кіреді. «Халық географиялық терминдері» деп атайтын географиялық лесикаға қатысты жалпы 540-қа жуық сөздерді қамтыған. Біздің нысанамыз – соның ішіндегі жер бедері атаулары. Е. Керімбаеваның «Қазақстан оронимиясының лексикасы» деген ғылыми жұмысымен таныспыз.

Жер бедері – Оронимдерге мысалдар: Өкпегі, Алатау.

Алатау. Әңгімеде кездесетін мысалдар :

Бауырында қатпар-қатпар бұлт шөгіп, күн қызуының күдіретті күші де басындағы мәңгілік мұзының көбесін сөге алмаған асқақ Алатаудың төсіндегі әсем астананың ең көрікті жері – Абай ескерткіші орнаалқан алаң [1, 12-б.].

Өкпекті. Әңгімеде кездесетін мысалдар:

Менің өз ауылдастарымнан қанша адам Сергиополь қаласына жете алмай, Өкпекті тауының кезеңінде қалды.

Қазіргі Абай ауданының тарихи жерлері: Қоңырәулие.

Қазақ тілінің тарихында өзіндік орны бар жер-су атауларының ең көп сақталған, әрі тілдік қабаттары көп өзгеріске түспей жеткен жері – «Кәмен Оразалиннің «Абай ауылына саяхат» атты деректі әңгімесінің «Алатау аясында» бөліміндегі тілі.

Жер-су атауының лексикалық мағынасы негізінде сөздің ішкі мағыналық құрылымы жатады, жаңа мағына соның негізінде жасалады. Жер-су атауларын уәжділік теориясымен жаңаша шешу – ғылыми жаңалық болып саналады. Мәселе тілдің түрлі заңдылықтармен ұштастыра отырып қарастырылды, жүйелеп көрсетілді.

Қорытындылай келе сөзімді Кәмен Оразалиннің сөзімен аяқтағым келеді. «Ұрпақтан ұрпаққа өсиет етіп қалдырар мұрасы бүгінгі бақытты өмірді ардақтай білу екендігі ақиқат. Біз енді Абай мен Мұхтар, Кәмен Оразалин туған өлкеге саяхат жасадық» деген сөзіне сүйене отырып, менде «Кәмен Оразалиннің «Абай ауылына саяхат» атты деректі әңгімесінің «Алатау аясында» бөліміндегі жер-су атауларының тілдік-танымдық сипатын талдау арқылы саяхат жасай алдым.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Ақпарат дереккөзі: <https://massaget.kz/blogs/29338/>

2 Кәмен Оразалин «Абай ауылына саяхат» деректі әңгімелер Алматы « Жалын» 1994 ж.

3 Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік ономастикалық жұмыс тұжырымдамасы. 2005 ж.

4 Ержанова Ұ. Жер-су атауларындағы ұлттық таным // Ономастикалық Хабаршы 2004, №1.

ТАБУ МЕН ЭВФЕМИЗМДЕРДІҢ ЭТНОМӘДЕНИ НЕГІЗДЕРІ (БИОЛОГИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕР БОЙЫНША)

ДАУЛЕТКАЛИЕВА Р. Л.

мұғалім, ХББ Назарбаев Зияткерлік мектебі, Павлодар қ.

МАУАФИК Т. С.

оқушы, ХББ Назарбаев Зияткерлік мектебі, Павлодар қ.

Сөз магиясына сену мен әр түрлі әлеуметтік себептердің негізінде қалыптасатын тыйым салынатын сөздер мен эвфемизмдердің ерекше бір тобы ауру атауларымен байланысты. Бұл – көптеген халықтарда кездесетін өте кең таралған этнолингвистикалық құбылыстардың бірі. Әсіресе, оба, шешек, қызылша, безгек, топалаң, мәлік т.с.с. тез тарайтын әрі адамдар мен малдарды жаппай қырғынға ұшырататын қатерлі дерттердің атын атау сол ауруларды шақырады немесе олардың

иесін шамдандырады деген үрей мен қорқыныштан туындаған анимистік әрі магиялық нанымдар ертеректе жиі кездескен. Соның салдарынан ондай ауру-індеттердің тура атаулары табуға айналып, ендігі жерде ондай атаулар, яғни сөздер айналымнан шығып, олардың орнын эвфемистік бүркеніш атаулар басып отырған.

Мәселен, саратовтық великорустар безгек ауруын жанды нәрсеге балағандықтан оның «лихорадка» деген тура атауын атаудан сескенип, орнына – «она», яғни «ол» деген есімдікті пайдаланатын болған. Чуваштардың арасында да ауруларды зиянкесті жын-перілер – узал немесе хаяр таратады деген сенім болғандықтан, әлгілердің атын ауызға алмайтын болған. Орыс халқы арасында шешек ауруының атауы (оспа) тура аталмаған. Оның орнына көбінесе «гостья», «гостиница» (қонақ), «матушка» (ана), «бабушка» (әже), «тетушка» (әкпе), «кумушка» (өкіл шеше) сияқты эвфемизмдерді қолданған. Орыс халқы да безгекті киелі ауру деп сенетіндіктен, оның тура атауын (лихорадка) атамай, кәдімгі бір анасы немесе етене жақын туысы я болмаса сіңлі-қарындасы, жақыны, жанашыры, өкіл шешесі, тіпті кейде баласы секілді еркелете құрметтеп: матуха, матушка, лихорадушка, матка десе, украиндықтар – тітка; белорустар – цяцуха; великорустар – тетушка ворогуша, дипноха; сестрица; подруга; кума, кумушка, кумноха; добруха деп, құлаққа жылы тиетін эвфемистік атауларды пайдаланатын болған. Якуттар да шешек, қызылша ауруларын апалы-сіңлілі әйелдердің кейпінде келеді деп сенетіндіктен олардың атын тура атаудан гөрі «аңіі» (әкпе), «пjanbi» (өкіл шеше) немесе орыс тілінен қабылдаған «матыска» («матушка») немесе «бабушка» сияқты кірме эвфемизмдерді, ал кейде «кіні» (ол) деген эвфемистік қызмет атқаратын есімдікті немесе шешектің орысша «оспа» деген атауының якут тіліне икемделген «уоспа» түрін пайдаланатын болған [1, 29].

Көркем шығармалардан алынған төменгі мысалдар шешектің халық арасында қорасан болып та аталатынын байқатады: Шешесінің айран көз шикі сарылығын бүгін аңғарғандай. Екі беті жап-жалпақ, қорасан дағы бар (Ө.Канахин. Жас дәурен.) «Сүзек», «қорасан» сияқты жұқпалы аурулардан басқа жұрт ептеп сақтанғанда, Шәрипа сол аурулардың шылқыма ортасында жүруші еді (Б. Майлин). Ну орманның қала жақ беті қысқы көрпесін қалың жамылған жазық дала, бүгін бетіне қорасан шыққандай шүп- шұбар (Ғ. Мүсірепов).

Адамдарды жалмайтын қатерлі дерттермен қатар малдарды қырғынға ұшырататын жұқпалы аурулардың атауларына да тыйым салынып, олар эвфемизмдермен ауыстырылып отырған. Мәселен,

ірі қара малға жаппай келетін әрі өлім-жітімге көп ұшырататын ең қатерлі, ең жұқпалы дерттің аты – мәлік. Бұл тұрғыдан алғанда, топалаң (жылқы мен түйеде – жамандат; ірі қара малда - қараталақ, ошақ; қойда – топалаң; ешкіде – кебенек) да мәлік ауруынан кем соқпайтын. Сондықтан да болар, жайшылықта, анығырақ айтқанда, ол індет жоқ кезде, малға ыза болып қатты ашынған малшы: мәлік келгір, топалаң тигір, жамандатқыр, қараталақ тигір, ошақ болғыр, кебенек келгір сияқты қарғыстарды айтып та жібереді.

Топалаң ауруын қазан татарлары да әйел кейпінде болады деп сенетіндіктен оны тура атамай «мамо», яғни «ана» деп «еркелете құрметтеп» атайтын болған [7, 35]. Шындығында, кейбір ғылыми зерттеу жұмыстарында тіл ерекшелігі ретінде қарастырылатын алан (топалаң) [8, 16], ұшаяқ (қарасан) [8, 17], ұшпа (топалаң), сыйпар (мәлік), тырысқак (оба) [8, 18], кемпір (мәлік), күл (шешек) [8, 19] сияқты атаулардың жергілікті тіл ерекшеліктерін сипаттайтын сөздер екеніне шек келтіруге болмайды. Алайда олардың халыққа кеңінен танымал, бірақ о баста «алла жіберген» немесе «киелі»/«иелі» аурулар деген нанымның негізінде тура атауларына тыйым салынған «топалаң», «қорасан», «мәлік», «оба», «шешек» сияқты қатерлі де қорқынышты дерттердің эвфемистік атаулары екеніне де дау айту қиын. Жалпы қатерлі дерттерді күдіретті күшті құдайдың өзі жібереді немесе олардың иесі болады деп сену көп халықтарға ортақ құбылыс. Мысалы, Қазан губерниясының орыстары кезінде безгек (лихорадка) ауруын тура атамай «божья», яғни «құдай жіберген ауру» деп атаса, моңғолдар шешек ауруын Бұрхан есімді құдайдың атымен байланыстырып «бұрхат» деп атаған. Чехтар талма ауруын құдаймен байланыстырып «bozec» деп атаса, словендіктер де ұстамалы талма ауруын «bozjast» (құдайдың күдіреті) деп атайтын болған [9, 20].

Ауру атауларын эвфемизмдермен алмастыру көркем шығармаларға да тән. Мәселен, тура атауы түрлі эвфемизмдермен ауыстырылатын аурулардың бірі – құрт ауруы. Медицинада бұл атаудың орнына көбінесе туберкулез немесе одан да жатықтау латынша атауының қысқарған tbc (тэбээс) немесе koh түрі жиірек қолданылса, көркем шығармаларда жөтел ауру, көкірек ауру, жіңішке ауру сияқты эвфемизмдер жиірек ұшырасады. Төменгі мысалдардан мұны өте айқын байқауға болады: Сәт екеумізді тапқан шешеміз, аузынан ақ майды ағызып отырып-ақ, сол жіңішкерген науқастан қаза болған (М. Әуезов). Бір жаман жері – жеңгесі жөтел ауру, сырқаты нашар деп естідім (С. Мұқанов). Әділғазыдан басқа,

бір ұзатылған қызы бар еді, бұдан екі жыл бұрын ол да көкірек науқасынан қайтыс болды (Н.Ғабдуллин).

Екі ай-ақ не қылып,
Басқаша ауырып,
Япырмай, докторлар,
Жүрмесін жаңылып.

Соңғы мысал Абайдан. Ұлы ақын бұл өлеңді сүйікті ұлы Әбдірахман ауырып жатқанда шығарған. Қатерлі дерттің тура атауын айтуға аузы бармайды. Олай деуге Әбдірахманын қимайды. Ол кездерде емі жоқ, бір жабысса адамды жалмамай тынбайтын жаман аурудың атын атаудан тайсақтап, ұлы ақынның астарлы эвфемистік тіркеске жүгініп тұрғаны да сондықтан.

Ауру атаулары секілді, туа біткен немесе кеселді дерттердің салдарынан болатын адамның, дене, ақыл-ой кемістігін білдіретін - ақсақ, шолақ, соқыр, пұшық, бүкір, керен, саңырау т.с.с. жағымсыз сөздер де естіген құлаққа ауыр тиетіндіктен, олардан әлдеқайда тігісі жатық «кемтар» немесе «мүгедек» деген жалпы ұғымды білдіретін эвфемизмдермен не болмаса эвфемистік мағыналы басқа сөз тіркестерімен ауыстырылып отырады. Бұл пікірдің дұрыстығына да көркем шығармалардан алынған төмендегі мысалдар көз жеткізеді: Он үш жасында шешек ауруының салдарынан қос жанарынан айырылды. Кеше ғана тұлмы желпілдеп ойнақтап жүрген қарақаткөз жеткіншек осылайша мүгедек болып қалды. Жылдар өткен сайын көзінің зағиптығы жанына бата берді («Жұлдыз»). Соғыста екі жыл болдым. Оң аяғымды қиратып, кемтар болып қайттым (Н. Ғабдуллин). Ауруға не ылаж, не амал бар, Жақында таңқы мұрын самал болды (Айтыс). Құлағы мүкістеу екен. Ермекті таяғымен түртті (Ғ. Мұстафин). Мүкіс тартқан кәрі құлағының үстіндегі кимешегін кейін жиырып қойып, басын жоғары көтере бере, құлағын төсей түседі (М. Әуезов).

Бұл мысалдардағы курсивпен жазылған сөздер мен сөз тіркестерінің барлығы да эвфемистік қызмет атқарып, құлаққа жағымсыз атауларды, яғни табу сөздерді қалқалап, олардың тігісін жатықтау етіп тұрған эвфемизмдер.

Қорыта келгенде, жоғарыда келтірілген материалдар атауларына діни нанымдар мен соқыр сенімдер немесе басқа әлеуметтік себептердің негізінде тыйым салынған ауру атаулары мен олардың орнына қолданылатын эвфемизмдерді жан-жақты сипаттай алады деп есептейміз. Ал бұл мәселеге қатысты эвфемизмдердің жасалу жолдарына мән беретін болсақ, біріншіден,

қай мәдениетте кездеспесін оларды тудыратын себептер негізінен өте ұқсас болып келетінін; екіншіден, табуға айналған атауды алмастыратын эвфемизмдердің қызметін есімдіктер, туысқандық қарым-қатынасты білдіретін терминдер, қатерлі дерттердің айрықша белгілерін сипаттайтын сөздер, бөтен тілдерден енген кірме сөздер, кейбір халықаралық медициналық терминдер, табуға айналған атаумен синонимдес жеке сөздер мен сөз тіркестері атқаратынын атап айту қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Зеленин Д.К. Табу слов у народов Восточной Европы и Северной Азии. Часть 2. Запреты в домашней жизни. Л.: Издательство Академии Наук СССР, 1969. С. 187.
- 2 Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алма-Ата, 1979. С. 392.
- 3 Қалиев Ғ. Арал говорының кейбір ерекшеліктері. Алматы, 1983, 143 б.
- 4 Болатов Ж. Аякөз ауданында тұратын қазақтардың тіліндегі жергілікті ерекшеліктер // Қазақ диалектологиясы. 1- шығуы. Алматы, 1975, 164 б.
- 5 Исмагуллаев Н. Эвфемизмы в современном узбекском языке. Автореф.... дисс. на соиск. канд. фил. наук. Алматы, 1994.
- 6 Лауд-Циртаутас И. К вопросу о табу и эвфемизмах в казахском, киргизском и узбекском языках // Советская тюркология. Алматы, 1976. №4. С. 74.
- 7 Аргынбаев Х. Мал ауруларын емдеудегі қазақтың халықтық тәжірибесі туралы этнографиялық очерк // Вопросы этнографии и антропологии Казахстана. Алматы, 1988. Т. 16. С. 7.
- 8 Бектұров Ш. Қазақ тілінің Қызылорда говоры. Алматы, 1978, 168 б.
- 9 Бөрібаев Ә. Орда қазақтарының тіл ерекшеліктері. Алматы, 1984, 128 бет.
- 10 Тэлор Э. Первобытная культура. М.: Государственное социально-экономическое издательство, 1969. С. 403.
- 11 Алексеев Н.А. Ранние формы религии тюркоязычных народов Сибири. Новосибирск: Наука, Сибирское отделение, 1980. С. 237.
- 12 Традиционное мировоззрение тюрков Южной Сибири. Человек. Общество. Новосибирск: Наука, Сибирское отделение, 1989. С. 46-47.

13 Алексеев Н.А. Шаманизм тюркоязычных народов Сибири. Новосибирск: Наука, Сибирское отделение. 1984. С. 220.

14 Нестеров С.П. Конь в культах тюркоязычных племен Центральной Азии в эпоху средневековья. Новосибирск: Наука, Сибирское отделение, 1990. С. 203.

15 Севротян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. Общетюркские и межтюркские основы на букву «Б». М.: Паука. 1978. С. 169.

БЕЙІМБЕТ МАЙЛИН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК ДЕТАЛЬДЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІГІ

ДЖУМАШЕВА Д. Р.

10 сынып оқушысы, ХББ Назарбаев Зияткерлік мектебі, Павлодар қ. КУШЕРБАЕВА И. Қ. жетекші, ХББ Назарбаев Зияткерлік мектебі, Павлодар қ.

Жиырмасыншы ғасырдағы қазақ әдебиетінің іргелі жанрларын қалыптастыруға айтарлықтай үлес қосып, биік белеске шығарысқан аса көрнекті суреткер жазушы, үлкен ақын әрі драматург Бейімбет Майлин – өндіре жазып, сөз өнерінің алтын қорына жататын туындылар берген бірегей дарын.

Майлин – реалист. Оның поэзия, проза, драматургия салаларының қай-қайсысында жазған шығармаларын алып қарасақ та, тұнып тұрған шындық: ақиқаттан ауып басқан бір де бір адымы болған емес [1].

Майлин шығармашылығында ерекше назар талап ететін қолданыстардың бірі бұл деталь. Бейімбет әңгіме жазбаларының әрбіреуінде мән мағынаны детальдар арқылы шебер аша білген ақын.

Бейімбет шығармаларындағы детальді анықтамас бұрын көркемдік деталь деген ұғымның бірнеше анықтамасын беруді жөн көрдік.

Көркемдік деталь (бөлшек, бедер-белгі) – мағыналық, көркемдік мәні бар ұсақ ерекшелік, сөз болып отырған нәрсенің жекелеген сипат-белгілері. Әншейінде оп-оңай көзге түсе бермейтін өзгешеліктерді байқағыштықтан, көрегендіктен туындайды, сондықтан ол өмір құбылысының әр түрлі нәрсенің ерекшелігін сондай-ақ адамның бойындағы қандай да бір қасиет – сипатты дәл тауып, бейнелеп беру шеберлігін танытады. Кейіпкердің мінезіндегі,

кескін-келбетіндегі, іс-әрекеті мен сөйлеу мәнеріндегі немесе шығарманың сюжеттік желісіндегі, композициялық құрылысындағы жекелеген ерекшеліктер немесе суреттеменің, баяндаудың дәлдігін, нақтылығын арттыра түсетін әр түрлі бояу-нақыштар – көркемдік деталь ретінде алып карауға болады.

Мұхтар Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясында жас Абайдың Тоғжанға деген ыстық сезімін суреттегенде қолданылатын портреттік деталь – қыздың бейнесін оның шолпысының сылдыры арқылы әсерлі елестетуі [2].

Деталь шағын мәтіндік көлемнің көмегімен ақпараттың максималды мөлшерін жеткізе алады, егжей-тегжейдің көмегімен бір немесе бірнеше сөзбен сіз кейіпкер (оның сыртқы келбеті немесе психологиясы), интерьер, қоршаған орта туралы ең жарқын түсінік ала аласыз. Әлемнің толық және сенімді бейнесін құра отырып, әрдайым басқа мәліметтермен жұмыс істейтін егжей-тегжейден айырмашылығы, егжей-тегжей әрқашан тәуелсіз. Бөлшекті шебер қолданған жазушылардың арасында А. Чехов пен Н. Гогольді атауға болады [3].

Деталь – көркем шығармада белгілі бір мағыналық, идеялық-эмоциялық жүк көтеріп тұрған көркемдегіш құрал. Ол бірер сопы сөз, сурет-деректеме арқылы берілуі мүмкін. Детальда аз ғана сөз суретке айналып, оқырманды әсерлі сезімге белейді, шындықтық ой-қырын ашады, яғни шындыққа жанасымды келеді. Мысалы, эпопеяда келіні Қамқа қайтыс болған күйеуінің түсіне кіргенін айтып толқығанды, атасы Қодар: «Түс шіркін жұбаныш па, тәңір-ай» деп қысқа қайырады. Бірақ бұл жай ғана айтылған сөз емес, қыр елінің қатыгез тұрмысынан хабар бөретін деталь Мұның соңы Қамқа мен Қодардың ажалымен бітеді («Қайтқанда») [4].

Жоғарыда айта кеткендей, көркемдік деталь мақсатына қарай кейіпкер бейнесін ашу және шығарманың сюжеттік желісін өрбіте отырып, оқиға ерекшелігін ашуда қолданыс табады. Бейімбет Майлин шығармашылығының жағдайында, екінші мақсатты көздейтін қолданыстық детальдар кең таралған.

Бұл тарапта ақынның жазушылық жолына тоқталар болсақ. «Елім деп есіктегі басын төрге сүйреген есіл ерлердің талайының басын жұтқан сталиндік зұлмат «жұмған аузын ашпайтын, қойдан да қоңыр» Бейімбет Майлинді де айналып өтпеді» – деп Жайық Бектұров журналист ағамыз атап өткендей, аз ғұмыры ішінде халқы үшін көп ұмытылмас із қалдырған Бейімбет Майлин бүгінде үш бәйтерегіміздің бірі.

Өз шығармаларын асқан реалистікпен суреттеген қаламгер сол заманға тән ашаршылық, жоқшылық, халық мұқтажыдығы мәселелерін үш қырынан сипаттайды.

Әлбетте, осындай күрделі де ащы өмір шындығын оқырман қауымға жеткізіп, оқырман назарын мәселеге баулу үшін өнерлі жазушы шығармашылық шеберлігімен ерекшеленері хақ. Оқиғаға не кейіпкер бейнесіне тән ерекшелікті бір ауыз сөзбен не болмаса бір ғана деталь, штрих арқылы шебер жеткізу, сүрлеусіз ұзақ сөйлеуден жалтару – Бейімбет стилінің ең басты ерекшеліктерінің бірі десек артық айтқандық емес. Оны келесі шығармаларында қолданған мысалдар арқылы дәлелдеп көрейік.

Мәселен, «Әже» әңгімесіндегі детальдік қолданыстарға тоқталсақ: Ең бірінші байқалатыны, жазушының оқырман назарын бірден аулау әрекеті. Шығармадағы: «Злиха бүгін көңілсіз. Көңілсіз болғанда жайшылықтағыдай емес, бүгін өзгеше өңі қашып, жақ жүні үрпиіп берекесі кетіп отыр. Не істейтінін, не істеп отырғанын өзі де білмейтін секілді» [5, 121] – деген алғашқы жолдардан-ақ оқырман санасында кейіпкердің көңілсіздік себебін білуге деген қызығушылық оянады. Кейіпкердің көңілінің түсіп отырғаны арқылы оқырманға интрига жасап, оқиғаның қалай өрбитінін оқып білуге қызықтыра түседі, ынталандырады, құштарландырады. Дәл осы «Әже» әңгімесінде автор детальдар арқылы оқырман қызығушылығын арттырып ғана қоймай, кейіпкерлер бейнесі мен тұрмыс тіршілігін жеткізуге тырысады. Мәселен, Сарымсақ әулетінің кедей тіршілігі туралы айтылмас бұрын, шығарманың басындағы: «Сандығында көптен жиналып қоқырсыған матаның қиқымын, суыртпағын, ширатқан жібін әлденеше рет ақтарды. Қоқырсыған құрақтың әрқайсысының езіне орны бар, бұлар сары майдай сақтап жиып жүрген мүлкі.» [5, 121], – үзіндісінен отбасыда артық зат жоқтығын, тіпті бір басталған шүберектің өзі де көпке сақталатындығына тұрмыс деңгейінің төмендігін байқауға болады. Бұның тағы бір айқын мысалы: «Сопақтау келген жер үйдің ортасын бөлу үшін салған ұзынша пеш бар. Сол пештің жанында жұлмаланған құрым киіздің тесігінен шөпті суырып, Бақыт ойнап отыр.» [5, 122], – жолдарынан көрінеді. Осы жердегі «киіздің тесігінің» деталі Злиха жанұясының дәулетті де, тіпті орташа дәулетті де еместігін жариялап отырғандай. Содан соң, Сары, Жалмақ, Кәрібай кеңесі мән-жайының толық ашылмауы, «– Не десін, әйелдің сөзі белгілі емес пе, көрмеген, білмеген адамға не деп барамын, ең арғысы жүзін де көргенім жоқ! – дейді.» [5,

123], – дегендегі «әйел» атаулысының белгісіздігі, оқырман ойында сұрақ үстінен сұрақ туғызып, сюжеттік интриганың сақталуын қамтамасыз етеді. Әңгіменің төртінші бөлімінде де, «Қысқа тоны қаудырап, суыққа тонып жаурап, жақ жүні үрпиіп, ашаң жүзді келген әйел сиырдың қорасын тазалап жүр.» [5, 125], – үзіндісінде қора тазалап жүрген жанның атының да, затының да оқырманға белгісіздігі қызығушылықтың одан әрі өрбуіне түрткі болады. Осылайша, үш бәйтерегіміздің бірі Бердібек Майлин жазушылық өнерін детальдар қолданысындағы шеберлігі арқылы айқындайды. Осының арқасында оқырман назарын сюжеттік желіге бұрып ғана қомай, осы назарды шығарманың шарықтау шегі мен соңына дейін детальдар көмегімен қызығушылықты арттыру есебінен сақтап қалады. Автордың деталь арқылы кейіпкер бейнесін, іс-әрекетін айқындауына тоқталатын болсақ, әңгімеде «Басқа әйелдерге қарағанда Злиха еркін өсті. Злиханың жайдарылығына, еркіндігіне қарап сырт оны «бозбалашылықтан сау емес» деп жоруды еді.» – жолдарынан Злиханың қыз бала болғанымен, еркіндікте өскеніне хабардар боламыз. «Бұның не жамандығы бар?» – деген сұрақ туындар. Алайда, «Ажарлы әйелді бозбалалар жағалап «тәуір әйел екен» деген атты тағатын әдеті ғой. Злиха мұны жас күнінде сезбеген секілденсе де, келіншек болып түскенде ойлана бастады.» [5, 123] – сол еркіндіктің ақыры Злиханың түбіне жеткендігін автор осы сөздерімен айқындайды. Ал, әңгіменің төртінші бөлімінде автор бұл кейіпкер бойындағы өкініш пен қайғыны, мұңды «Кішкене жүргеннен кейін күрегіне сүйеніп демін алады! Әлденелерді есіне түсіреді. Өткендегі мен қазіргі күнді салыстыра бастаса, өзінен-өзі мүжіліп, ыстық жас көзден тимей-тимей кетеді.»- осы жолдағы Злиханың өткені мен бүгінің салыстырып жылауы абыржып, өкінуі емес пе? Ал «Кішкене жүргеннен кейін күрегіне сүйеніп демін алады!» [5, 125] – сөздері арқылы Майлин Злиханың келешекте өкпе ауруымен ауырып қалатынын оқырман қауымға ескерткісі келетіндей... Демек, осы тарапта да детальдар арқылы Бейімбет Майлин кейіпкербойындағы міселелерді шебер жеткізе білді. Себебі, тематикасы ұқсас «Күлпаш», «Аштық құрбаны» әңгімелеріндегі Күлпаш пен Дәмеш сұмдық қадамдарға аштық пен жоқшылық кесірінен барса, Злиха адасқандықтан барды. Өйткені, Злиха – адасқан әйел. Өз бақытын өзі бұзды. Өз бақытын аяққа басқан адам бақытты болуы мүмкін емес. Жұрттың өсегіне еріп өз отбасын ойрандаған адам тағдыры трагедиямен аяқталатынын меңзейді жазушы.

Айта кетерлік, ірі жазушы Бейімбет Майлиннің басқа да шығармаларының детальдық идеясына тоқталатын болсақ, «Аштық құрбаны» әңгімесінен де ерекше сегіз көркемдік детальға тоқтала кеткен жөн. Ең алдымен шығарма «Боран. Қар бораны... Қар бораны емес-ау, қан бораны!» [5,151] – деген сөздермен бастау алып, оқырман назарын аудартады. Не себепті автордың бұл боранды «қан бораны» деп оттағаны әлбетте, қызық. Шығарма барысында жазушы Қайрақбай мен Шырынкүл отбасысының ауыр жағдайын сипаттағанымен, не себепті осылай болғаның соңына дейін түсіндірмейді. Тек ортасында ғана, мән-жайды түсіндірген жағдайда, оқырман қауын Дәмештің ата-анасының, Қайрақбай мен Шырынкүл қылығын жақтарын ба, айыптауын ба білмейді. Себебі, автор бір жағына Шырынкүлдің: «Быттыр күйеуің өлді. Өмеңгерім деп қайнаған қатын үстіне алғысы келеді, мен де, әкең де төбе шашымыз тік тұрып, сені айырып алуға жан салдық. Айналдырған төрт-бес қараны сыпырып, байдан алған қалың малдың төлеуін бердік. Нақ ол күнде сені айырып алудан басқа біздің ойымызға еш нәрсе келмеді. Біздің бар тілегіміз сені теңіңе қосып, қызығыңды көру еді.» [5, 152] – деген сөздерінен, ата-ананың баласына деген жаңашырлық пен сүйіспеншілік сезімін тудырады. Алайда, ана аузынан шыққан: «Ендеше сені Тілеумағамбет тоқалдыққа сұрап отыр. Мал бермейді, үй ішімізді қыстан асырап қана шығады.» [5, 152] – осы сөз енді кейіпкерге деген түсініспеушілікке әкеліп, оқырман бойында диссонанс сезімін тудырады. Осы арқылы автор оқырман назарын ұстап тұрып, өмір реалзмін көрсетеді. Екіншіден, параллелизмді қолдану арқылы Дәмештің бойындағы жағымсыз сезімдер мен айналасында болып жатқан атмосферамен шебер сабақтастырады. Мәселен, «Құдай-ау, неге ғана еркек болып тумадым екен?! Еркек болып тусам ең арғысы біреудің есігінде жүрсем де, қайыр сұрасам да, әке-шешемді мұндай қысылшаң күйге түсірмес едім!.. – деп ойлаған сайын еңіреп-еңіреп алады... Үй іші қара күңгірт тартып бұлдырлай бастады. Кеш болды білем, жағатын, жарық қылатын шам қайда?» [5,153] – үзіндісінде Дәмештің ұл болып тумағанға деген өкініші мен дәрменсіздігін Бейімбет жарықтың жоқтығымен теңейді. Осымен қоса, Дәмештің отбасысы тіреліп қалған жағдайдың әкелер ауыртпалығын «Шырынкүл пештің алдына отырып, сөніп бара жатқан оттың шоғын шыпшамен көсеп, тағы бір жайнатып қойды.Жанып біткен қамыстың шоғы қанша ұзаққа барсын, ә дегенше болмай сөніп қалды. Шырынкүл шын налыды.» [5, 151] – үзіндісіндегі «сөніп бара жатқан оттың шоғы»

деталі ауыр ызғарда далада қалу қаупі бар жанұяның жағдайын сипаттап ғана қоймай, дәл осы Шырынкүл налыған «сөніп бара жатқан от» бірте-бірте ата-ана жүрегінде өшіп бара жатқан үміт шырағының символына айналғандай. Соңғы үміттің өшуі ата-ананы дәрменсіздікке итермелегендей. Тағы бір деталь қолданысы «Пешке арқасын сүйеп, бүрісіп Қайрақбай жатыр. Қайрақбайдың қолтығына басын тыға Таңсық жатыр. Таңсыққа басын салып Дәмеш жатыр. Жалғыз Шырынкүл байының бас жағында, қазықтай боп қақиып тізерлеп ол отыр...» [5,153] – үзіндісінде анық байқалады. Осы жерде Шырынкүлді отбасы идилиясына бөліп алу арқылы автор ана жүрегі жамандықты ең алғашқы болып, ең анық сезінетінің көрсеткісі келгендей. Дәл осы жолдардан кейінгі «Қараңғылық түнеріп, тұлданған күннің ызғары әлемді құшағына алып тұншықтырып бара жатқан секілді.» [5,154] – үзіндісіндегі «қараңғылық құшағына алған әлем» – деп Дәмеш отбасысын меңзегендей. Ал, енді «Көзден шұбырған ыстық жас үн-түнсіз бетін бояп, қойнына құйылып жатты...» [5,153] – деген жолдарындағы Дәмештің ішкі жан дүниесінің толқынысын, уайым-қайғысын және ең алдымен «қойнына құйылып жатты» сөздерінен «Көндім, әже, көндім!» сөздеріне қарамастан ата-анаға деген балалық ренішін байқаймыз.

Бейімбет Майлиннің әңгімелер жинағында детальдік қолданыстардың көрінісімен ерекшеленетінінің бірі «Күлпаш» шығармасы. Бұл жерде де «Әже» әңгімесіндегідей автор «Бет-аузы көнектей ісік;тоңып бүрісіп, үйдің бұрышындағы пешке арқасын сүйеп мұнайып, терең ойға шомған адамша Күлпаш отыр» [5,24] –үзіндісі оқырман санасында қызығушылықты оятып, «Терең ойға берілуінің себебі неде?» – деген сұрақтарды туындатады. Оқырман назарын жаулап алудағы Бейімбет шеберлігі «Ол ойдың Күлпашты қинағанына бүгін екінші күн.» [5,24] – жолдарында да көрінеді. Күлпашты мазалаған ойды шығарма желісінің дамуымен де ашпай, оқырман қызығушылығын қыздыра түседі. Ойы Раушанның сөзінде болғанын нақтылай отырып, автор «Бірақ, ол сөздің өзіне пайдалы, я зиянды екенін бұл уақытқа шейін айырып білген емес.Өйткенмен, соны ойлайды, неге ойлайтынын өзі де білмейді.» [5,25] – дей отырып, Күлпаштың Жұмағазыға «байын тастап, тию» шешімі болашақта қай жағынан туарын айқындамай, «бұнысы дұрыс шешім болар ма?» деген ойларға баулайды. Ал баласына «Қарағым-ау, әкеңнің қарасы батсын» [5,26] – сөздерінен Күлпаштың сіңілісінің сөзіне көңгенін жеткізеді.

Әдебиеттің поэзия, проза, драматургия саласында бірдей қажырлы да жемісті еңбек етіп, қазақ әдебиетінің көркем сөз шеберіне айналған Бейімбет Майлин халық есінде мәңгі қалмақ. Ақынның шығармашылығында детальдардың кеңінен қолданылуы жазушылық шеберлігін аса ерекше дәлелдейді. Майлиндей, бір детальмен астарлы мағына ашып, ол мәселені әңгіме түрінде оқырман назарын жоғалтпай қысқа да нұсқа жеткізу екінің бірінің қолына келе бермейді деп түсінемін. Шығармашылық құндылығы жағына да Бейімбеттің проза, повесь, әңгімелері бай болып ғана қоймай, біздің бүгінгімізбен де, болашағымызбен де астарласып жатыр. Өйткені, «Әжедегі» Злихадай өмірлік жолынан адасып жүргендер бар емес пе?, «Аштықтың құрбанындағы» Дәмештей тағдар арпалысына түсіп, болашағына үміт артуды артыңғы қатарға қойғандар да бар болар! Бірақ осының бәріне жауап та, шығармашылық шабыт та Бейімбет Майлин туындылары...

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 <https://www.stud24.ru/literature/bmajlin-gmelern-negzgtayurtyary-men/463305-1755086-page1.html>
- 2 Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010 жыл.ISBN 9965-26-096-6
- 3 Добин Е. Герой. Сюжет. Деталь. – М.: Советский писатель, 1962.
- 4 <https://massaget.kz/qaarc/qa/19868/>
- 5 Майлин Б. «Шұғаның белгісі» әңгімелер жинағы. Алматы «Атамұра» 2003.

АБАЙ АТАМЫЗДЫҢ ҚАРА СӨЗДЕРІ

ЕЖИХАНОВА Г. К.
орыс тілі және әдебиет пәнінің мұғалімі,
Үштерек ауылының орта мектебі, Ақсу к.
СЕРИКБЕКҚЫЗЫ І.

10 сынып оқушысы, Үштерек ауылының орта мектебі, Ақсу к.

Қоғамдағы саналы азаматтардың аздығынан «ұятты», адами әрекеттердің көптігі және де «ұят» сөзі қадірінің төмендеуі, сонымен бірге жас ұрпаққа Абайдың қара сөздерінің мәнісін ұғындыру арқылы тәрбие үрдісін жүзеге асыру өзекті болуда. Сонымен бірге Абай атамыздың қара сөздеріндегі бар өнеге мен тәлім ұрпаққа

мәңгі мұра. Абай атамның қара сөздеріндегі өнегені ұрпаққа мұра ету. Абай атамның шығармаларын, әсіресе қара сөздерін толық зерттеу, танысу; Қара сөздерден жас ұрпаққа мәңгілік рухани мұра болатын «ұят» мәселесіне қатысты бөліктерін ажырату, іріктеу; Абай атамның талқыға алған «ұяты» мен қазіргі замандағы қоғам «ұяты» екеуін салыстыру және ортақ шиеленіс табу; Берілген сқрақтар бойынша сауалнама жүргізу; «Ұят» мәселесін жалпылама талқылау арқылы саналы азаматтар қатарын арттыруға негіз болатын ұсыныстар даярлау; Абай атамның сөздерін, даналығын көпшілікке наисхаттау.

Абайдың қара сөздерінің саналы тұлғаның өмір сүруіне қажетті факторлардың орын алуы Қазақтың ұлы ақыны Абай атам өз ғұмырын тек өлең жазуға, орыс және басқа да тілдерден аудармалар жасауға арнамаған. Сонымен қатар публицистикалық шығармаларын яғни «қара сөздерін» жазып қалдырғаны белгілі. Ал енді қара сөздерінің біршамасы не жайлы жазылғандығын және өзім нендей нәрсені түйгенімді жазайын! Ең алғашқы қара сөзінде алдағы өмірінде нені кәсіп қылып, қайтіп өткізетіні жайлы талқылап, жазған. Ел бағу, мал бағу, ғылым бағу, софылық қылып дін бағу, балаларды бағу - қажып, жер ортасы жасқа келгенде бұлардың ешбірін кәсіп қылғысы келмеді. Осы уақытқа дейін қылып жүрген істерінің байлаусызын, баянсызын, барлығының қоршылық екенін 1-ші қара сөзінде атап көрсетеді. Қорытындысында ойына келген нәрселерді қағазға жазып, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылуды жөн көреді: «Кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ», - деп ойын түйіндейді. Жоғарыда айтылғандай ол өз өмірінде, жалпы қазақ елінің өміріндегі кемшіл тұстарды айқындап жазып, тіпті қазақтардың бойындағы жаман қасиеттерді жіпке тізіп осыдан жиреніндер деп өсиет етеді. Бір сөзінде мақтаншақтық жайлы сөз қозғаса, енді бірінде иман жайында жазады, ал енді бірінде қазақтарда кең қолданысқа ие болған алайда еш мағынасы жоқ, мағлұм болған мақалдарды сынап отырып оқырманға оның дұрыс бұрыстығын нұсқап көрсетеді. Қара сөздерінің қайсысы болмасын қазақты жақсылыққа, игі істерге шақырады, жамандық пен жалқаулықтан жирендіру үшін түрлі әдіспен сөздерден маржан түзіп, әсерлі етуге барын салғандығы бізге ерекше ұнады. Қара сөздің барлығын публицистикалық шығарма деп тануға әбден болады. Себебі қайсыбірін оқысаңыз да санаңызға қозғау салып, ойыңызды шымырлата түспегі анық.

Тіпті білім-ғылым жайында жазылған қара сөздерден ерекше қуат алып, мотивация алатын жандар да баршылық. Әрбір қазақ азаматы осы қара сөздерді оқып шығуға міндетті деп санаймын. Әлбетте ол ұлтының нағыз жанашырын тәрбиелеп шығаратыны анық. 45 қара сөздің барлығын да жаттап алған жастардың саны бүгінгі күні аз болса да алдағы уақытта көбейетініне сенемін. Бірлік пен тірлікке, ізгілік пен адамгершілікке шақыратын публицистикалық шығарманы неге жаттап алмасқа?!

Руханият мәселесі ақын Абай қара сөздерінің тілі сырттай, тұтас алып қарағанда, бір стильдік үлгіде болғанымен іштей, жіктей оқығанда, осы үлгінің өзінде азды – көпті айырым жайлар байқалады. Әсіресе, ақынның поэзиясындағы талғампаздық, яғни сөз етіп отырған тақырыбына орай өлеңдік үлгі, форма іздену сияқты талғампаздық қара сөздері тілі тұтасында да көрінеді. Хәкім Абай тегінде поэзиясы сияқты қара сөздерінің де оқушысы кім болғанын көптен – көп ескеріп отырған болса керек. Сондықтан да бұлар қазақтық мінез, бұқара халыққа сөз болған орайда лексикасында араб, парсы сөздерінің барынша сирек ұшырасатыны сияқты, сөйлем жүйесінде, барынша қарапайымдылық, ауызекі әңгімелесу стиліне дін оңай, жеңіл оралымдар үстеме болып келсе, діни мораль, дін ережелері сөз болған шақта әрі дін иелерімен, ескіше оқығандармен пікір сарабына түсіп кететін реттерде лексикасында араб, парсы сөздері, діни лексика құран аяттары, түркі кітаптарына тән грамматикалық формалар көп енгізілетін сияқты, сөйлем құрылысында да өзгеше бір ерекшелік кездеседі.

Абайдың қара сөздерін мағынасына қарай: ел мінезі жөнінде, оқу ғылым жөнінде, мақал афоризмдері, тәлім-тәрбие жөнінде, адамгершілік жөнінде деп бөлуге болады. Мысалы: Адамгершілік жөніндегі қара сөздерге 7, 17, 19, 20, 31, 32, 34, 38, 43, 36. Солардың бірі отыз алтыншы қара сөзінде Пайғамбарымыз салалаһу һайлайһи уәсәләнің хадис шарифінде айтыпты: -«Мен лә хаяһу уә лә иманун ләһу» кімнің ұяты жоқ болса, оның иманы да жоқ, деген. Біздің қазақтың өзінің мақалы да бар: «Ұят кімде болса, иман сонда» деген. Енді бұл сөзден білінді, ұят өзі иманның бір мүшесі екен. [6.7]. Олай болғанда, білмек керек, ұят өзі қандай нәрсе? Бір ұят бар – надандықтың ұяты: жас бала сөз айтудан ұялған секілді, жақсы адамның алдында жазықсыз – ақ әншейін барып жолығысудан ұялған секілді. Не шарифатқа теріс, не ақылға теріс жазығы жоқ болса да, надандықтан бойын керістендіріп, шешілмегендік қылып, ұялмаса нәрседен ұялған ұялу – ақымақтық, жамандық. Шын ұят

сондай нәрсе: шарифатқа теріс, я ақылға теріс, я абыройлы бойға теріс бір іс себепті болады. Мұндай ұят екі түрлі болады. Біреу – ондай қылық өзіңнен шықпай-ақ, бір бөтен адамнан шыққанын көргенде, сен ұялып кетесің. Мұның себебі, сол ұят істі қылған адамды есіркегендіктен болады. «Япырмай, мына байғұсқа не болды. Бірнәрсе іштен рақым секілді болып келіп, өзіңді қысып, қызарып кетеді. Біреуі сондай ұят, шарифатқа теріс, я ақылға, я абыройлы бойға теріс я адамшылыққа кесел қылық, қатеден, яки нәпсіге еріп, ғапылдықтан өз жаза тарттырады. Кірерге жер таба алмай, кісіге бетіне қарамай, бір түрлі қысымға түсесің [3, 13]. Мұндай ұяты күшті адамдар ұйқыдан, тамақтан қалатұғыны да бар, хатта өзін-өзі өлтіретұғын кісілер де болады. Ұят деген адамның өз бойындағы адамшылығы, иттігінің ішіңнен өз мойнына салып, сөгіп қылған қысымның аты. Ол уақытта тілге сөз де түспейді, көңілге ой да түспейді.

Ұят мәселесін қоғам арасында жандандыру жолдары: Қоғам санасын арттыру, көзі ашық, көкірегі ояу жұрттың санын арттыру арқылы елімізде өзекті болып табылатын «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты бағдарламаны, оның «Саналы азамат» атты жобасын жүзеге асыруда Абайдың өмірі мен шығармашылығын бірден бір негізгі ресурс ретінде қолдануға болады. Мәселен, қоғамда «өзгеріс енгізу үшін өзгерісті, алдымен, әр адам өзінен бастау керек». [Назарбаевтың мақаласы] Ойластыра келе, қоғам арасында түрлі іс-шаралар өткізсек, не болмаса ұсынсақ, нұр үстіне нұр болар деген оймен түрлі ұсыныстар жасап көрдік.

1 Ұяттың жоғалуына және де арсыз әрекетке итермелейтін ресурсты фактордың бірі – әлеуметтік желі. Әлеуметтік желіден аулақ болу үшін, «МЕН – ОФЛАЙН» акциясын өткізсе болады. Яғни күніне, жұмыстан келген соң, оқудан келген соң, үйдегі ғаламтор таратушы вайфайды өшіріп, отбасыға көбірек көңіл бөлу. Рухани аңғыртатын, жанданыратын юір әрекетпен шұғылдану. Кітап оқу. Мәселен, мектептегі бір ұстаздың үйінде кіші қызы балабақшадан келгенде әке-шешесі ұялы телефонды қолынан түсірмегені үшін үнемі телефон сұрап, жылап, әйтеуір телефонды қолына алдыртып, отырып та, жатып та интернет желісінен сананы улайтын түрлі видеолар мен мультфильмдерді көретін. Ол мәселе баланың ата-ананың әрекетін қайталағаннан болып тұр. Содан, мәселе шектен шығып бара жатқандықтан, ата-анасы жұмыстан келгесін вайфайды өшіріп, телефонды тығып тастайды екен. Содан

бері, бір апта, кішкентай қызы ойыншықтармен ойнап, рөлдік ойынға беріледі. Кіші моториканы дамытады.

Сол секілді, ересек балалар мен үлкендер де интернетсіз өткізу сағаттарын күн сайын өсірсе, ұятты әрекеттерден аулақ болары анық.

2 Рухани байлыққа кенелтетін әрекеттерге көп көңіл бөлу. Абайдың шығармашылығын көбірек оқу, Абайдай болу. Абайдың қара сөздерін тарату. Абай Құнанбаевтың жазған қара сөздерінің тәрбиелік мәні өте зор. Біз одан үлкен ғибрат аламыз. Әр сөзі терең ойға, өзінді, ортанды тануға, жақсы қасиеттерді бойыңа дарытуға, жаманнан аулақ болуға жетелейді.

Абай сол заманғы қазақтың басты проблемасы философиямен көп айналысты. Абай атамздың әрбір сөзін қайта оқып, тереңірек барлай бастасақ, олардың қыр – сырлары қайта ашыла түседі. Шындығында Абай тағылымындәріптеу, оны терең түсіне білу, меңгеру оңай емес. Абайдың шығармаларында даналық толып жатыр. Өмірде ар-ұят пен имандықты қатар ұстау керек. Сонда адам баласы артына жақсы ұрпақ қалдырады. Ұят пен иман – адам өмірінің негізгі қасиеттерінің бірі. Адам баласының бақыты оның ар-ұяты таза болуында.

Абайдың қар асөзіндегі ар-ұят қазіргі жас ұрпақтарымыздың бойында аз да болса бар екенін дәлелдедік. Сонымен қатар үлкен кісілер мен жастардың ар-ұят түсінігінде айырмашылық бар екенін анықтадым.

Абайдың поэзиялық мұрасына қоса қара сөздері беретін бір заманда бағасы жойылмайтын бір үлкен қымбат қазына – деп ойлаймын.

Адамгершілік қасиеттер отбасында, қоршаған ортада, балалар бақшасында, мектепте, адамдардың іс-әрекетінің барысында бір-бірімен араласуын этижесінде, қоғамдық тәжірибе алуын өмірмен байланыстыру арқылы қалыптасады. Халықта: «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген мақал бар. Сондықтан адамгершіліктің іргетасы отбасында басталады.

Тәлім-тәрбие болмаған жерде адамгершілік мәдениеті мен қасиеті де қалыптаспайды дегеніне көзім толық жетті. «Адамға ең бірінші, керегі білім емес, тәрбие. Тәрбиесіз білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне апат әкеледі» Әбу Насыр Әл – Фарабидің сөзін әрдайым жадымызда сақтауымыз керек деп ойлаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 <https://bilim-all.kz/article/2228-Qara-sozder-36-qara-soz>
- 2 Абай педагогикасы «Келешек - 2030» Көкшетау, 2003
- 3 Абай қара сөздері «Көшпенділер» баспасы Алматы, 2007
- 4 Қазақ әдебиет энциклопедиялық анықтамалық «Аруна» баспасы Алматы, 2007
- 5 «Шапағатнұр» журналы 2006
- 6 Хадистержинағы

**МӘШҲҮР ЖҮСІП КӨПЕЕВ:
«ТОЛЫҚ АДАМ» КОНЦЕПТІСІ**

АХМЕТОВА С. Ж.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
ХББ Назарбаев Зияткерлік мектебі, Павлодар қ.

ЕРБОЛ Е.А.

8-сынып оқушысы, ХББ Назарбаев Зияткерлік мектебі, Павлодар қ.

Қазақ әдебиетінде «кемел адам» ұғымы бар. «Кемел адам» (арабша «инсан-и камил» – толық адам) – ақыл-ойы толысқан кісі. Діни ілімде кемел адам – кісілікке жат қылықтардан әбден арылып тазарған, ішкі жан дүниесі ағарып, рухани қасиеті артқан, мүлтіксіздіктің қалыбы мен негізіне мейлінше жақындаған асыл адам. Кемел адамның әрбір іс-әрекеті Алла тағалаға арналады. Ол – адасқандар үшін темірқазықтай жол көрсетуші, жолда қалғандар үшін – көпір, үміті үзілгендер үшін – ашылар есік.

«Кемел адам» ұғымы қазақ әдебиетінде кітаби ақындар мен Абайдан бастап сөз болып келеді. Бұл ұғымның арғы төркіні Жүсіп Баласағұнидің «Құтты білік» дастаны мен сопылық сарындағы туындылардан тамыр тартады. Сопылық сарындағы поэзияда «кемел адам» ұғымы екі таным тұрғысынан бір-біріне тығыз байланысты жырланады. Бұл құбылыс, әсіресе, «Құтты білік» дастанында өзінің айқын бейнесін аңғартып, ондағы Күнтуды (Әділет), Айтолды (Дәулет), Огдүлміш (Ақыл) үшеуі, яғни Әділет, Дәулет, Ақыл осы өмірге қызмет етуге ұмтылған кемел адам бейнесінде жырланады.

Кезінде Абай жырлаған толық адам, кемел адам қандай болуы керек деген сауал төңірегінде Мәшһүр Жүсіп те көп толғанып, жауап беруге тырысқан. Ақынның өлеңдерінде адамзаттық бойындағы ең асыл қасиеттер барынша әспеттеледі. Ақынның ұғымынша, нағыз

адам – өз тағдыры халқының тағдырымен ұштастырған, халқына қызмет қылған, өмірін соған арнаған адам.

«Шын жақсы ішкі өнерін жасырмаса,
Халқынан бойын биік асырмаса.
Бәріне мұсылманның бауыр болып,
Аулаққа бойын тартып қашырмаса»
– деп жырлайтыны да сондықтан.

«Түгел адам болуға, талап қылсаң» – нәпсіңді тый, өзіңді ғана емес, халқынды да ойла, жақсыдан үйрен, жаманнан жирен, білім-ғылым, өнер ізде деп өсиет айтады кейінгі ұрпаққа [1].

Қазақта «Шайтан азғырды» деген сөз бар. Осыған Мәшһүрдің берген түсіндірмесі назар аударарлық:

«Әй, жігіттер! Естеріңде болсын, шайтан... ол бір кесек нәрсе емес, бит пен бүрге сықылды бір жеріңнен денеге кіріп кететұғын. Өзіңнің денендегі арам қанның жүрегіңе барып құбылып, жүрегіңді толқытып, өзіңді бұзатұғын шайтан да сол... Қан бұзылса, кісі бұзылады. Шайтан деген нәрсе өзіңнің ойың. Ой иесі шайтан жүрегіне неше түрлі ой салады. Бәрін өзіңнің бұзылған қаныңның күші салады. Олай болса, көп ішіп көп жеумен екі арам көбейеді. Бірі қарын кебезесінде, бірі қап... бірі күллі денеңді аралайтұғын қан. Бұл екеуі бойында толық болып тұрғанда басқан-тұрған жұмысыңның бәрі өзіңе у болғаннан басқа пайдасы жоқ. Құнанбев Ыбырай марқұм айтты ғой:

«Өмір дүние дегенің ағып жатқан су екен,
Жүрген-тұрған жұмысың ойлап тұрсаң у екен»,
– деп. Және бір сөзі:

Адам бір боқ көтерген боқтың қабы,
Өлсең сасық боласың боқтан тағы.
Менімен сен тең бе деп мақтанасың,
Білімсіздік белгісі ол баяғы,

– дейді екен. Соңғы әулиелер адамды санына кіргізбей жүрген қарындағы бір қап... екенін білді де ішпек-жемекті аз қылды. Ол екеуі азайған соң, ұйқы бөлінді, сергек болды. Сонан соң күлкі кем болды. Денеде арам қан азайды. Арам қан азайған соң жүректі барып ұйытқытып бұзатын дәнеме табылмады... күш, құт алып, періште сипатта болды...» [2].

Мәшһүр бұл жерде тіршілікте адамды бұзатын негізгі әрекеттерді барынша бейнелі түрде қолға ұстатқандай, айтып отыру діншіл Мәшһүр Жүсіп идеалистік тұрғыдан дейсіз бе, әлде жан-жақты білімдар Көпеев материалистік тұрғыдан дейсіз бе,

қалай ойласаңыз да өз еркіңіз, бір нәрсе анық, ғұлама акын адам бұзылуының қайнар көзін, негізгі себептерін дәл тауып айтып отыр.

Акын осы мәселеге дүркін-дүркін соғып отырған. «Адам қалай қылғанда адам болады?» – деген сұрақ қойып, оған төмендегіше жауап береді: «Ұшқан құстан, жүгірген аңнан ғибрат алып, солардың мінезімен мінезденбесе, аш арыстан жүректі болып келсе, досы көп болып, дұшпаны жоқ адамнан осы екеуінің жүрегі, білегі табылады» – деп бастап, одан әрі: «Жігіт адамның қырлығы бүркіттей болсын. Зеректігі байғұздай болсын. Жүрісі маймылдай болсын. Он екі қырлы, бір сырлы, отыз аяқты болсын... орнына қарай мінез қылсын. Сонда адам болып, адам қатарына кіреді» – деген ой түйіндерін жасайды. Төрт-түлік мал күнкөрісі болған қазаққа сол өзі күнде көріп жүрген нәрселерінің өзінен ғибрат алуға шақырады. Қарға мен сұңқардың, мысық пен құмырсқаның, түйе мен қойдың, жапалақ пен байғұздың тіршіліктеріне ой жіберіп қарап, солардан ғибрат алуға үндейді. «Ұшқан құсты торға түсіретұғын, жүгірген аңды орға түсіретұғын тамақ екен. Жұтқан тамағына ие болған адам торға да түспейді, орға да түспейді» – деп тұжырымдайды өз ойларын.

Мәшһүр Жүсіп жалпы сөздің адамның толық адам болып қалыптасуында аса маңызды қызметін жоғары бағалаған. Адам тілінің адам өміріндегі негізгі мәселе екендігін төмендегіше түсіндіреді: «Жан бір асыранды құс. Дүние бір қапас. От, су бермесе, қапаста тұрып аштан өліп қалады. Оған керек беру керек. Адам баласы тамақтан семіреді, адам құлақтан семіреді. Жанның керегі құлақ сүйсінерлік сөз екен. Адам тіршілігінде, денсаулығында құлақ сүйсінерлік сөз естуге талап қылып, тырмысу керек». Адамның хайуаннан басты айырмашылығы пайда болған екінші сигнал жүйесінде. Ғұлама Мәшһүр Жүсіп осы ғылыми мәселені нақтылы да ұғынықты түрде қарапайым тілмен түсіндіре алған.

Абайдың «толық адамы» Мәшһүр Жүсіптің «толық адамына» сай келеді. Оның да бойында ізгі қасиеттер жиналып, ол да жақсылық нұрын шашып тұр. Мұндай тұлғаны біз Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің діни мистика айналасында жазылған шығармаларынан кездестіре аламыз. Бұл шығармаларында нәпсіні тәрбиелеу мәселесі діндар Мәшһүр Жүсіптің негізгі тақырыбына айналған. «Нәпсінді атқа мінгізбе» өлеңінде:

Бір іске өкінбейін деп ойласаң,
Нәпсіңнің достық айтқан алма тілін.

Жаяу қыл, нәпсінді атқа мінгізбей бақ,
Міне қалса жортқызып, желгізбей бақ.
Өзін-өзі бағуға көп әл керек,
Көз соңынан көңілді жүргізбей бақ,

– деп нәпсіні тыюға, құмарлық ноктасында кетпеуге шақырады. Нәпсіні тыю үшін ерік, ақыл, ар, таза жүрек, сенім, ерлік керек. Ал бұл қасиеттер «толық адам» бойындағы қасиеттерге сәйкес келеді.

Мәшһүр Жүсіптің «толық адамы» Абайдың «толық адамына» қарағанда анық көрінбеуі мүмкін. Бірақ бұл оның жоқтығын білдірмейді. Оның шығармаларында адамның ішкі дүниесіндегі (өз-өзімен) соғысы жайлы сөз болады. Құмарлыққа берілмей, дұрыс жолдан сүрінбей алға ұмтылу – «толық адам» атану кезеңдерінің бірі.

Мәшһүр «Адам мен жұлдыздар ара қатынасы» еңбегінде: «Бір денеде екі жан болмақшы емес, бір-ақ жан. Миға барғаны ақыл атанды, бауырға барғаны қан аталды. Жүректің өзінде тұрып қалғаны көңіл аталды. Ақыл, сезім, қайрат, жігер – көңілдің жұмысы. Өзге дене қара бұқара жалпақ, жұрт сықылды. Көңіл – бәрінің үстінен қарап билейтұғын патшасы» [3], – деген еді. Оның бұл ойы Абайдың «Он жетінші» қарасөзінде жүректі басты орынға қоюмен дәлме-дәл келеді. (Себебі көңіл жүректен шығады деп акын нақты көрсетеді.)

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармашылығындағы «түгел адам» концепциясы төрт асыл, бес берекеден тұрады.

Адамға зәру керек төрт асылды,
Білуге тырысындар бұл пәсілді.
Меңгеріп, жиып-теріп ала алмайды,
Төртеуден өсіп-өнген көп хасылды.

Бірі тілде, біреуі көңіл, ойда,
Енді бірі теп-тегіс түгел бойда.
Бұл үшеуін жүргізсе қара жолмен,
Бәйге алады жарқырап үлкен тойда.
«Енді бірі теп-тегіс түгел бойда»

– деген жолдарды тарқатар болсақ: жақсылық, жамандық адамның өз бойынан табылады, даладан іздейтұғын дәнеме жоқ. Жұрт қорқа беретұғын – жеті есікті үйдің кілті ашқышы ешкімнің қолында емес, өзінің бойында.

Өз денеңде жеті есік бар. Денеңдегі жеті есікті бекітсен, тозақтың жеті есігі тас болып бекітіледі де қалады.

Денеңдегі жеті есік: көз, құлақ, ауыз, қарын, ұят жері, қол, аяқ. Осы жетеуінен өзінді аршып, таза ұстасаң, тозақтың жеті есігі сен дегенде тарс жабылып, бекіп қалды деп біл».

Адам бойындағы жеті есіктің негізгі тетігі үш асылда тұр. Бұл ойымызды Мәшһүрдің «Үш асыл» атты әңгімесі арқылы дәйектей аламыз: «Адамның қара бойында үш асыл бар: асылдықта бірінен-бірі өтеді. Сол үш асыл болған нәрсесіне ие болған жанға екі дүниеде де еш пәле жоқ. Бірі – көз, бірі – тіл, бірі – көңіл. Кәне, бұл үшеуіне ие болайын десе, көздің де жамылғышы бар. Екі қабақ – көздің жамылғышы. Екі қабақтың басын қосса, көз жұмылады. Тілдің де жамылғышы бар – отыз тіс пен екі жақ ауызды тарс бекітсе, о да жабылады».

Батырлық жолдасқа пайда, – жанға қас,

Мырзалық қонаққа пайда, – малға қас

Өтірік сөз дауға пайда, – иманға қас,

Өткір пышақ қолға пайда, – қынға қас.

- Басқа пәле қайдан?

- Басқа пәле тілден, – дегендей, «он күнәнің тоғызы тілден»

болатыны баршамызға аян. Сондықтан түгел адам болуға талаптанушы, ең алдымен, тілін безеп, жанын жалдап, нәпсі лағынға дос, Аллаға қас болудан сақ болуы тиіс.

Абай 38-қара сөзінде: «Құдай Тағаланың жолы деген жол Алла Тағаланың өзіндей ниһаятсыз болады. Оның ниһаятына ешкім жетпейді. Бірақ сол жолға жүруді өзіне шарт қылып кім қадам басты, ол таза мұсылман, толық адам делінеді» – дейді.

Бұл жайында Мәшһүр: «Төрт асыл бар. Бұл төртеуі бір кісіде түгел болса, ол мүмин мұсылман. Егер бұл төртеуі табылмаса, мұсылмандығы түгел болмайды. Бірде-бірі болмаса, ол нағузу билләһи кәпір болады. Егер біреуі бар болып табылып, үшеуі жоқ болса – мунафиқ. Егер екеуі бар болып табылып, екеуі жоқ болса фасик (күнәһар, біле тұра күнәға батушы) болады. Егер үшеуі бар болса, бірі жоқ болса мубтадиғ тозақтың иті болады. Төрт асыл – осы тілмен иқрар, көңілмен расқа тұтумен, ғамал қылу пайғамбарымыздың (с.а.у.) сүннетімен жүру шарт» [4].

Нұр иман – Мәшһүрдегі төртінші асыл жайында Абай 38-қара сөзінде: «Сіздің батыныңыздың таза болмағы әуели иман болып, бұл заһир ғибадатыңыз иманды болған соң ғана парыз болған, сіздің заһирыңыздағы ғибадат – батыныңыздағы иманның көлеңкесі, һәм сол иманның нұрланып тұрмағына көрік үшін бұйырылған», – дейді [5].

Адам бойындағы болуға тиіс 5 нұр 4 асыл түгел табылған жаннан табылады десек, кейінгі бес нұр бес берекенің негізінде жатыр. Алтын, жауһарға толған әбдіре, сандық бір көрген жанның көз жауын алатынындай рухани әбден толысқан жанның жүрегіндегі нұры көзінен білініп, ерекше сұлулыққа ие болады екен. Осы орайда түгел адамды, әбден толысып, кемеліне жеткен адамды қазақ практикада да ажырата білген.

Қазақта «Түрі игіден түңілме» деген сөз бар. Жүзінен нұр тамған адамды «иманжүзді» дейді қазақ. Адамның жан кеніші көңілінің айнасы – көзі мен жүзіннен нұры тамған келбетінен көрінеді екен. Мәшһүр бабамыз айтқандай, «көз – көңілдің басшысы». Көңілдегі сыр көзден танылады.

Тіпті ерте кезде тақуа, әулие жандардың арасында имамдыққа таласта түрі көркем адам имамдыққа шығатын болған екен. Тоқсан ауыз сөздің төрелігін айтар болсақ, Абайдағы «кәміл мұсылман» тіркесі – Мәшһүрдің «түгел адам» концепциясының негізі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қабдолов З. Сөз өнері. - Алматы: Қазақ университеті, 1992. - 352 б.

2 Мәшһүр Жүсіп. Шығарамалары. - Павлодар, 2003. - 1 том. - 420 б.

3 Көпеев, М. Ж. Тандамалы. - Алматы : Ғылым, 1992. - II том. - 320 б.

4 Көпеев, М. Ж. Өзгеше бір заман болар: Мәшһүр Жүсіп жазбаларынан // Дауа. 1990, - 2 қазан.

5 Көп томдық шығармалар жинағы [Мәтін] / М.Ж. Көпейұлы; С.Торайғыров ат.Павлодар мем. ун-ті, Мәшһүртану ғылыми-практикалық орталығы, ҚР Мәдениет және ақпарат мин-гі, құраст., ауд. Н. Қ. Жүсіпов. - Алматы: Алаш, 2006. – Алаш мұрасы. – 2000 дана. – ISBN 9965-669-74-0 (6-т.) (мұқ.) 6-том. Қазақ фольклоры, ауыз әдебиеті үлгілері – 295 б.

ЕКІБАСТҰЗ ӨҢІРІ ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫНЫҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

САПАРФАЛИ Ә. Қ.

9-сынып оқушысы, Майқайың ЖОББМ, Екібастұз ауданы

САЙДИЛЬДИНА С. А.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,

Майқайың ЖОББМ, Екібастұз ауданы

АЛИБЕКОВ Қ. С.

бастауыш сынып мұғалімі, Майқайың ЖОББМ, Екібастұз ауданы

Кез келген географиялық атау, ең алдымен, әрбір халықтың тарихи және мәдени ескерткіші. Жылдар, оның иіріміндегі адамдар, олардың өміріндегі оқиғалар – осының бәрі өткінші. Олар қашан болса да тарихтың үлесіне тиіп, кейінгі ұрпаққа көбінесе жер-су атаулары арқылы ғана жетеді. Тіпті ең жаңа жер-су атауының өзі көп кешікпей-ақ тарих қойнауына кіреді. Кез келген аймақтың атаулары сол жерге келіп қоныстанған халықтың тілінде емес, керісінше, сол жердің тұрғылықты халық тілінде қалыптасады. Сондықтан белгілі бір аймақтың жер-су атаулары сол өлкені ерте заманда мекендеген адамдар, этнос, ұлт өмірінен, олардың тұрмыс тіршілігінен, салт-дәстүрінен аса құнды мәлімет береді.

Ш. Уәлиханов: «Көне түркі салт-сана, әдет-ғұрпының қаймағы бұзылмаған қазақтарда өмірдің бір саласын қамтитын тарихи оқиғалармен байланысты жер-су атаулары, адам аттары, тағы да басқалары есте сақталып, атадан балаға жалғасып жатады», – деп көргендікпен айтқан [1].

Кез келген объектінің көзге түсетін мәнді белгілерінің бірі атауға негіз болып, оның қасиет-қалпын сипаттап тұрады. Сондықтан да ол бір ұрпақтан екінші ұрпаққа жалғасып, ғасырдан-ғасырға ауысып, халық жадында мәңгі жатталып қалады. Сөйтіп, мәңгілік шығармашылық үрдіске айналып жатады.

О. А. Сұлтаньяев, В. Н. Попова, Е. Ә. Керімбаев жүргізген жер-су аттарының мағыналық топтастырулары, негізінен, бір-біріне ұқсас болып келеді. Ұжымдық «Орталық Қазақстан жер-су аттары» атты монографияда Орталық Қазақстан өзен аттарының мағыналық топтары былай топтастырылған: 1. Жан-жануарлар атынан қойылған өзен аттары; 2. Өсімдік атауларынан қойылған өзен аттары; 3. Белгілі оқиғаға байланысты қойылған өзен аттары; 4. Түр-түске байланысты өзен аттары; 5. Өлем кеңістігіндегі денелерге байланысты қойылған өзен аттары; 6. Судың дәміне байланысты өзен аттары;

7. Өзеннің формасы мен көлеміне байланысты қойылған аттар; 8. Географиялық орналасу ерекшелігіне байланысты қойылған өзен аттары; 9. Санға байланысты қойылған өзен аттары; 10. Адамның өмір тіршілігіне байланысты өзен аттары; 11. Өзеннің ағысына байланысты атаулар; 12. Модельді атаулар; 13. Қазба байлыққа байланысты өзен аттары [2, 152-б.].

Жер-су аттарының мағынасы оның беріп тұрған хабарынан, атқарып тұрған тілдік және атаулық қызметінен байқалады. Тілдік тұрғыдан алғанда олар атау сөз не сөз тіркесі, біріккен, туынды сөз т.т. болып келеді. Жер-су атауларының мағынасында тілдік, тарихи, географиялық, мәдени т.б. деректері тұтасып жатады. Оларды топтастырғанда осы ерекшеліктерді ескерген жөн.

Біз Екібастұз өңірі жер-су атауларын қарастыруда Қ.Т. Сапаровтың еңбектерін басшылыққа алдық [3], [4], [5]. Осыған орай жұмыста Екібастұз өлкесінің жер-су атауларының жүйесінде төмендегідей мағыналық топтарды айқындадық:

1. Мағынасы күңгірт атаулар:

а) көл: Аппа, Қала, Қопа, Құтаяқсор, Ора т.б.;

ә) өзен: Қылықарасу т.б.;

б) елді мекен, қоныс-жайлау мен қыстаулар: Барын, Бәйет, Елшеубаза, Көбек, Көкей, Қоғалы, Корең, Құжатқан, Құрық, Құғаяқсор, Науул, Сайтакөл, Сатпақ, Тасқара, Тасқын, Тастақ, Тасшат, Тағыртөбе, Тектөле, Тойлық, Түбек, Үрпек, Шаңдық, Шөкейқазған т.б.;

в) тау-тас, төбешік: Кемер, Қалбағай, Қармабиік, Қожаншат, Мұқыр, Нілді, Шақпақ, Шақшан т.б.;

г) зират: Кемер, Сасай, Төбелес т.б.;

2. Географиялық объектілердің түр-түсіне байланысты атаулар:

а) көл: Ақкөл, Аққан, Аққасық, Ақтүйесор, Бозайғыр, Бозертіс, Бозшакөл, Бозшасор, Бурылат, Көксор, Көктөбе, Қансалаадыр, Қарасор, Қарасу, Қызыладыр, Қызылкөл, Сарықамыс т.б.;

ә) өзен: Ақжар, Ақтасты, Көкқарасу, Көкөзек, Қаражар, Қарасу, Қарасу Жартас т.б.;

б) құдық: Қаракұдық, Көксор, Қаратақыр, Қаратөбе, Қаратомар, Қызылқұдық т.б.;

в) бұлақ: Қарабұлақ, Қаратас т.б.;

г) елді мекен, қоныс-жайлау мен қыстаулар: Ақбидайық, Ақжар, Ақкөл, Аққошқар, Аққұдық, Ақтасты, Ақши, Алашағыр, Бозбие, Бозшакөл, Жиренкөл, Қаражар, Қаражыра, Қаракұдық,

Қараой, Қарасор, Қарасу, Құлакөл, Қызылкөл, Қызылоба, Қызылтам, Сарықамыс, Сарықияқ, Сарықыз, Сарыоба, Сарыөзек, Сарысор, Сарытайлақ, Шұбарөзек т.б.;

ғ) тау-тас, төбешік: Ақбет, Ақтастыбиік, Сарытау, Сарытөбе, Ақбиік, Ақшабай, Ақшағыл, Бозбел, Қансалаадыр, Қоңырбиік, Қызыладыр т.б.;

д) зират: Қаратам, Қызылмола, Сарыоба т.б.;

е) канал: Сарықамыс т.б.;

3. Географиялық объектілердің сапалық белгісіне, түрлі ерекшеліктеріне байланысты атаулар:

а) көл: Ашыкөл, Ащықарасу, Ащықұдық, Бараншоқы, Бассор, Дөнгелексор, Жағанарсор, Жалтыркөл, Асушілік, Жарсор, Кішкене Қандыкөл, Кішірексор, Кішкенеқопа, Кішкенеқөл, Қылдыкөл, Ортасор, Сасықкөл, Сасықсор, Тақырсор, Тоқкөл, Шаңды, Шаңсор, Шөлсор, Шұқыркемер т.б.;

ә) өзен: Ащысу, Ащықарасу, Жарлықарасу, Жартасқарасу, Жыра, Сүйкенбұлақ, Тасбұлақ, Темірастау, Теренқарасу т.б.;

б) құдық: Жарыққұдық, Басқұдық, Жарқұдық, Жартас, Батпаққұдық, Тақырқұдық, Тасқұдық, Теренқұдық, Тыңқұдық, Ыстыққұдық т.б.;

в) елді мекен, қоныс-жайлау мен қыстаулар: Жарық, Аралтөбе, Басжыра, Батпақ, Бөгеу, Былқылдақ, Дөнгелексор, Жалғызтас, Жалғызтөбе, Жарсор, Жартас, Желді, Желтимес, Заңғартас, Келте, Күзеуқопа, Кішіобалы, Қарасу түбек, Қарауылшоқы, Күйгенқопа, Күйлі, Құдықадыр, Құмдықұдық, Құркөл, Суыққұдық, Тасөткел, 3-ші бөлімше, 1-ші бөлімше, 2-ші бөлімше, Шақпаққұдық, Шаңқора, Шошақтөбе, Шұқыркемер т.б.;

г) тау-тас: Әділшоқы, Бараншоқы, Баспақтөбе, Бәйгетөбе, Желдіадыр, Темірастау т.б.

ғ) зират: Жартытам, Жота, Күркелі, Мұздықөл т.б.;

д) бұлақ: Бөгеубұлақ, Жартасбұлақ, Келтебұлақ, Тасбұлақ, Шетбұлақ т.б.;

е) қорған, аңғар: Жұмыстау т.б.;

4. Кісі аттарынан жасалған атаулар:

а) көл: Айдарбек, Аманбайсор, Дүзеке, Жангелді, Жангелдісор, Жәнібек, Қалибайсор, Қодарсор, Омартам т.б.;

ә) өзен: Әділбек, Бадамбике, Жангелді, Түлкібекқарасу т.б.;

б) құдық: Күлшаш, Тілеубердінің құдығы, Хасанқұдық т.б.;

в) бұлақ: Кененбайбұлақ т.б.;

г) елді мекен, қоныс-жайлау мен қыстаулар: Амантай, Аулабай, Әбіжан, Әбілтаз, Әйтен, Әкіш, Бәкір, Болатбай, Болтай, Бояубай, Бөгембай, Ержан, Ессалған, Жазыбай, Жақсылықтөбе, Жамбет, Жанболатқопа, Жүнісбек, Жылқайдар, Сәулебай, Тоқабай, Шотаубай, Ыңырбай т.б.;

ғ) тау-тас: Әділбек, Байахмет, Бармен, Құлбай т.б.;

д) зират: Айдарбек; Ақан, Аманбай, Ахмет, Байғұстам, Басар, Бәкіш, Желдібай, Жүніс, Қайтты Дүкен, Манап, Омартам, Темірболат, Шалғынбай т.б.

е) жылға: Алтынайдың жырасы т.б.;

5. Өсімдік дүниесіне, жеміс-жидекке байланысты атаулар:

а) көл: Бидайық, Батпақкөл, Жосалы, Жыңғылды, Жыңғылдысор, Қарақоға, Қамысқопа, Қарабидайық, Қарағанды, Қосбидайық, Шөптікөл т.б.;

ә) өзен: Өлеңті, Талдыөзек, Шилі т.б.;

б) құдық: Жыңғылды, Қылқашы, Қаратал, Пішенқұдық, Шилікұдық, Шілікқұдық т.б.;

в) бұлақ: Кершеағаш, Өрінтоғай, Қаратал т.б.;

г) елді мекен, қоныс-жайлау мен қыстаулар: Еркебидайық, Қайыңды, Қайыңшат, Қамалқамыс, Қамысақ, Қарағанды, Қарасу, Қаратал, Құрайлы, Майқайың, Миялы, Өлеңті, Пішенқұдық, Талды, Талдықамыс, Талтүбек, Шиқыстау, Шилі, Шилікұдық, Шитүбек, Шілікті т.б.;

ғ) тау-тас: Қайыңды т.б.;

6. Жан-жануар мен құсқа байланысты атаулар:

а) көл, батпақ: Атшоңқай, Балықты, Қойсоймаскөл, Тайлық, Шикылдақ, Шүрегей т.б.;

ә) өзен: Биеқұдыққарасу, Бұғыжыра, Қарасу Жыланды т.б.;

б) бұлақ: Шүрегей т.б.;

в) елді мекен, қоныс-жайлау мен қыстаулар: Атшоңқай, Аюшырпы, Балапанды, Итарқа, Итқалған, Киікқырған, Кіші Қоянды, Қараайғыр, Қойарыған, Лақжеген, Өгізді, Тай, Түйемойын, Үйрекқырған, Шикылдақ т.б.;

г) тау-тас: Ақсан Қоянды, Атшоңқай, Жыланды, Қараайғыр, Қоянды т.б.;

ғ) зират, мола: Күшік, Торай т.б.;

7. Сан есім арқылы жасалған атаулар:

а) көл: Бесқауға, Екібастұз, Қоскөл, Қырықкүй, Үшкөл, Үштөбе т.б.;

ә) құдық: Алтыпан, Алтықұдық, Бесқұдық, Төртқұдық т.б.;

б) елді мекен, қоныс-жайлау мен қыстаулар: Бесқауға, Бесоба, Екібастұз, Екітай, Қосқоңыр, Қособа, Қостерек, Қостөбе, Қосшоқы, Қосқамыс, Төртқұдық, Төрттау, Төртгүй, Үшкеліншек, Үштақыр, Үштас т.б.;

в) тау-тас: Қоссары, Қостөбе т.б.;

г) зират: Қырықүй т.б.;

ғ) бұлақ: Үшбұлақ т.б.;

8. Күнделікті тұрмыстық затқа байланысты қойылған атаулар:

а) көл: Жұмыртқакөл, Майсор, Найза, Тұз, Тұздысор, Тұзсор т.б.;

ә) өзен: Шідерті т.б.;

б) бұлақ: Майқұдық т.б.;

в) елді мекен, қоныс-жайлау мен қыстаулар: Айдарқамыс, Ашақойған, Бесікті, Есқіқора, Инетас, Керегетас, Қорыққоға, Майсор, Майшоқпарбұлақ, Тамды, Тамдыбидайық, Тұзсор, Шоқтас, Шоқтерекқарасу, Шідерті т.б.;

г) тау-тас, шоқы: Босаға, Керегетас, Майшоқпар т.б.;

ғ) зират, мола: Биікқобыз т.б.;

д) аңғар: Майқұдық т.б.;

е) құдық: Тұзқұдық т.б.;

ж) канал: Шідерті т.б.;

9. Адамның дене мүшелеріне, ішкі ағзаларына, жасына байланысты атаулар:

а) көл: Аяқсор, Кіндікті, Қандыауызкөл, Құлақкөл т.б.;

ә) өзен: Балакескенсор, Бала Шідерті т.б.;

б) елді мекен, қоныс-жайлау мен қыстаулар: Ағай, Аяқ, Аяқкөл, Аяққұдық, Балақұдық, Балақайыңды, Бетқұдық, Жамбасжарық, Жамбассай, Жаскелін, Жәудіркөз, Келбет, Құлақкөл, Төскей, Тырнақтұз, Шатөзек т.б.;

в) тау-тас: Балаарқалық, Мұзбел т.б.;

г) зират: Балатам, Қоскемпір т.б.;

ғ) құдық: Аяқ Жаманқұдық, Жамбасқұдық, Қоскемпір, Құлаққұдық т.б.;

10. Жаңа, ескі, жақсы, жаман, ұзын, кіші т.б. сөздердің қатысуымен жасалған атаулар:

а) көл: Жаманкөл, Зерелі, Үлкен Шаға т.б.;

ә) өзен: Кішкене Құржаман, Шолаққарасу, Шолақөзен т.б.;

б) құдық: Жаманқұдық, Үлкенқұдық, Шолақөзен т.б.;

в) бұлақ: Жаманқұдық, Ұзынбұлақ т.б.;

г) елді мекен, қоныс-жайлау мен қыстаулар: Жаманадыр, Жаманадыр Ақши, Жамантас, Жаңаауыл, Жаңабаза, Үлкен Бидайық, Үлкен Қоянды, Үлкентөбе, Үлкенашықұдық, Үлкен Қосқамыс, Шолақсор т.б.;

ғ) тау-тас: Биік, Жаманадыр, Үлкен Сарыадыр т.б.;

д) батпақ: Айналмақопа т.б.;

е) бейіт: Ұзынқырқа т.б.;

11. Ру, тайпа, одақ, халыққа байланысты атаулар:

а) көл: Айдар, Атығай, Баянқанай, Бәсентиін, Есенсор, Жанкожасор, Жұрынбай, Қантай, Құдайкөл (Құдайкүл), Құлболды, Өмірзақ, Үйсінсор т.б.;

ә) құдық: Айдар, Әлімбетқұдық, Саркызқұдық т.б.;

б) елді мекен, қоныс-жайлау мен қыстаулар: Атығай, Әлжан, Бақай, Бижансор, Елемес, Көлбай, Қуандыққоға, Құдайкөл (Құдайкүл), Құлболды, Құлыншақ, Қыпшақ, Сіргелі, Тезекбай, Тілеумбет, Тоқкөл, Төкебай т.б.;

в) тау-тас: Елемес т.б.;

г) зират: Амалдық, Анайтам, Асқар, Атығай, Бижан, Жанболды, Жанғозы, Қантай, Қарабай, Қараке, Орманшы, Текебай, Тоқкөл, Толай т.б.;

д) өзен: Елемес, Ноғайкеткенқарасу т.б.;

12. Өзге ұлттар лексикасынан туындаған атаулар:

а) көл: Ангрэн (иран т.), Камышовое, Чицевита т.б.;

ә) елді мекен, қоныс-жайлау мен қыстаулар: Ангрэн (иран т.), Богатырская, Большевик, Ефремовка, Зеленая роша, Западная, Заречная, Ковыльная, Комсомол, Нагульный, Новая база, Перекресток, Присовхозный, Птицефабрика, Солнечный, Степной, Степная, Строитель, Южная т.б.;

13. Діни наным-сенімге байланысты атаулар:

а) көл: Әуликөл, Шайтанкөл т.б.;


ә) өзен: Әулиебұлақ т.б.;

б) елді мекен, қоныс-жайлау мен қыстаулар: Шайтанды т.б.;

в) зират: Қожа т.б.;

г) құдық: Шайтанжақ т.б.;

Диаграмма 1 – Жер-су атауларының қолданыстық ерекшеліктері



Жоғарыдағы диаграммадан байқағанымыздай, Екібастұз өңірінің жер-су атаулары, негізінен, түрлі ерекшеліктер арқылы, түр-түсіне қатысты мен кісі есімдерін қолдану арқылы жасалған. Діни негізде жасалған жер-су атаулары сирек ұшырасады. Бұл да аймақ атауларының қалай жасалғанын, ондағы ерекшелікті көрсетеді.

Қысқасы, Екібастұз алқабы жер-су атауларын мағыналық тұрғыдан жіктеп, топқа бөлу оған аймақтың географиялық жағдайымен қатар осы өңірде мекендейтін жергілікті халықтың тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүрінің, мәдени ерекшеліктері мен діни наным-сенімдерінің де барынша айқын ықпал ететінін көрсетті. Аймақтың тарихи және қазіргі жер-су жүйесі арасында барлық тілдік деңгейлерде мәдени, тарихи сабақтастық сақталған.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Уәлиханов Ш. Ш. Шығармаларының бес томдық жинағы. 4-том. – Алматы, 1985. – 193 б.
- 2 Орталық Қазақстан жер-су аттары. – Алматы: Ғылым, 1989. – 256 б.
- 3 Сапаров Қ. Т. Екібастұз өңірінің жер-су аттары. – Павлодар: ЭКО, 2008. – 252 б.
- 4 Сапаров Қ. Т. Павлодар облысының ономастикалық атауларының көрсеткіш анықтамалығы. – Павлодар: «Политон» ЖШС, 2009. – 256 б.
- 5 Сапаров Қ. Т. Павлодар облысының әкімшілік-аумақтық бірліктері мен физикалық-географиялық атауларының көрсеткіш анықтамалығы. 2-басылым. – Павлодар: «Pronto. KZ» ЖШС, 2014. – 352 б.

МҰХТАР МАҒАУИН ӘҢГІМЕЛЕРІНІҢ ЖАҢАШЫЛДЫҚ СИПАТЫ

ЖЕКЕМБАЕВА М. М.
5-сынып оқушысы, №7 мектеп-гимназиясы, Екібастұз қ.
ТУРСЫНБАЕВА Н. О.
ғылыми жетекші, Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі,
№7 мектеп-гимназиясы, Екібастұз қ.

Тек қазақ қауымына ғана емес, алыс-жақын өзге елдердің оқырмандарына да біршама танымал жазушы Мұхтар Мағауиннің шығармашылығы арнайы назар аударуды талап ететін, күрделі де қызғылықты әлем.

Мұхтар Мағауин шығармашылығы қазақ әдебиеттануында да, тарихында да басты назардан тыс қалмайтын әдеби мұра екені сөзсіз. Осыған дейін де жазушы шығармалары түрлі деңгейдегі ғылыми еңбектер мен мақалаларда айтылып, тиісті бағасын алып та үлгерді.

М. Мағауин әңгімелерінің жаңашылдық сипатына назар аударатын болсақ, «Екеу» әңгімесінде баяндалатын оқиғалар көрнекті әдебиеттанушы Бақытжан Майтановтың ойынша «М. Әуезов «Қаралы сұлуындағы» күрделі эмоционалды жағдаятқа пародия сияқты». Ғалым «Екеу» әңгімесін «М. Мағауин постмодернистік шығармалардың рухымен қаһармандарын нақты есіммен атамайды. Опера театрына баратын, әсем киінуге ұмтылатын, шетелдік машина жүргізетін артист не продюсер яки кәсіпкер екені күмәнді біреу, кәсібі мұғалім деп жоруға болатын жесір әйелге өзін «Шопыр» деп таныстырады. Кездейсоқ жолығып, тез табысып, жеті жыл бойы түсініксіз қарым-қатынаста болатын қаладағы қаптаған пенделердің екеуін таза моральдық тұрғыдан ақтай алмас едік. Әйтсе де, әйел нәпсі тілегін жоққа шығармағанмен, бейтаныс еркекті бағалағанымен, әдепсіздеу көрінетін ісінен ұялыс табатынын білдіру түрінде «Ол» кейпіндегі этно-психологиялық тыйымды есінде сақтайды. Бір реттен шығармадағы негізгі оқиғалар тізбегі М. Әуезов «Қаралы сұлуындағы» күрделі эмоционалды жағдаятқа пародия сияқты. Мұнда Қарагөз бастан кешетін ауыр ахуал өрнектелмейді. Бірақ әңгімедегі әйел ері қайтыс болғаннан бері он тоғыз жыл төсек қызығын татпаған. Соншалық ұстамдылығы не өз әрекетінің наразылығы суреттелмейтін «Бойжеткен» «Өзгелермен» байланыс орайында қалыптағы адамгершілік, сыпайлық шегінен аспайтындай. Оңтайы келген пайдадан бас тартады. Фрейдшілдік сарын да әсірелей бейнеленбеген. Екеуін табыстырған –әрі заңды,

әрі кездейсоқ Тағдыр. Тағдыр да емес, кенетен келген жағдай. Бұл тарих тағдыр болуы үшін белгілі бір логикаға құрылған адами іс-әрекет, ой-сезім, мақсат, ниет болмысы баяндалуы қажет еді дей келе аталған шығарма бойынан постмодернистік эстетикаға тән белгілердің көптеп көрінетіні байқалады. Ғалымның ойынша «Көлік үшін төленген, оны ырым үшін сақтап, «Шопыр» қайтарып берген елу теңгелікті қарыз сұраған құрбысына қақ бөліп беруді (шартты түрде) шешкен «Бойжеткеннің» мыскылы кең дүниенің тар кезеңіне байланысты туған төте сайқымазақ (самопородия). Жазушы ешқандай идеологияға ұсынбайды. Байырғы тұрмыстан басқаша, ақша, зат құндылығы асқақтаған заманға қаратылған астарлы ирония. Ол таза махаббат, адалдық, биік мұратқа қарама-қарсы тіршілік тауқыметін топшылауға келгенде постмодернистер қолданатын «қара» юморға ұласады. Жақсы жандардың күнәһарлығы, бұзық ниетті пенделердің кісілігі қиыспас тұста қол ұстасады. Ақ пен қара дүние қоңыр кескінге айналады немесе жолақ түс бел алып шығады. Өмір бір әлпетті емес, алашұбар. Сіз де, өзге де осы сүреңсіз әлемді пана тұтасыз. Өзіңіз де соған ұқсауыңыз ғажап емес. «Бойжеткен» мен «Шопыр» оған келіскен. Табиғи ортаға сәйкес түр-түсін өзгертетін қос аяқтылар әлеуметтік доминанталардың райына қарай құбылады. Бұл абсолютті ақиқаттан аулақ. Бірақ біршама қауымға ортақ мінез-құлық типологиясын толық ақтарылмайтын астарлы, бұралаң шындық симуляциясы (ұқсастықтардың ұқсастықтары) қайта бір дәлелдеп шығады. Сыр-сыны мол өмір момын әйелді былай қойғанда біршама пысық, іскер еркекке де өгей. Жеке пенденің күйбеңі бітпейді, ол белін байлап, жаңа күйзелістер мен болмашы қуаныштар үшін аттануға әзір.

Аталған әңгіме әдеби қорымызға енген тосын жаңалық көрінгенімен, онда баяндалатын жәйттар бүгінгі өмірімізде аса таңсық жағдаяттар емес. Ғалым оны жақсы аңғарып, «жақсы жандардың күнәһарлығы, бұзық ниетті пенделердің кісілігі қиыспас тұста қол ұстасады» деген қорытындыға келеді.

Қара юмор үлгісі бұл әңгімеде ғана емес. Кеңестік дәуірдегі шаруашылық жайына арналған «Бесінші түлік» әңгімесінде де аталған әдіс молынан қолданылған. Халықтар достығын желеулеткен партия мен үкіметтің жылқы еті мен шошқа етін араластырып шұжық жасау идеясын сынға алған қаламгер шығармасы қазақ санасына жат шошқа өсіру тақырыбына арналған. Әңгіме басында аудан орталығына келген облыс өкілінің салтанатты жиында сөйлеген сөзі осы сарындағы кекесінге ұшырайды. «КПСС Орталық комитетінің

Бас секретары, дүниежүзілік империализмге қарсы қайтпас қайсар, әлемдегі баянды бейбітшілік жолындағы табанды күрескер, бес құрлықтағы екі миллиард халықтың бар үміті мен сенімін арқалаған және ақтап отырған біздің сүйікті Никита Сергеевич Хрущов жолдастың ақылгөй, кеңес, кеменгер нұсқауларын тікелей әрі нақты басшылыққа ала отырып, біздің социализм орнатып болып, енді коммунизмге қарай бет алып бара жатқан Бұлғыртау ауданының еңбекшілері де тынымсыз өрлеу үстінде табыстан табысқа жете бермек. Өткен кемістіктердің орнын толтырып, жаңа биік, соны өріске шықпақ. Осы орайда, аудан шаруашылықтарындағы мал басын арттыру және бұрын арман етпеген жаңа өнімдерге жету үшін бесінші түлікке иелік жасауымыз керек, жолдастар! Күні өткен, келмеске кеткен феодализмнің төрт түлікпен ғана қалған тар шеңберінен шығып, бесінші түлік –шошқа жануарды бағып-қағып, молынан өсіруге қол жеткізейік! Партия нұсқау берді, біздің міндет – қалтқысыз орындау! Іске сәт, жолдастар!» деген баяндама мазмұны автордың эмоциясын ирониямен жеткізіп тұр. Тақырып-мазмұн ұқсастығымен қазақ жазушысы Ғабит Мүсіреповтың «Талпақ танау» әңгімесін еске түсіретін жазушының бұл шығармасында науқаншылдыққа салынып, орны толмас олқылықтар жасаған, соның салдарынан табиғи теңдіктің бұзылуы сияқты проблемалар тудырған кеңестік шаруашылық саясаты әңгіме өзегіне айналған.

Осы орайда жазушының қазақ әдебиетіндегі әңгіме жанрында өзіндік қолтаңбасын қалдырып кеткен Ғабит Мүсіреповтің дәстүрін анық аңғаруға болады.

Мұхтар Мағауин шығармаларында диалог-юмор түрі де кездеседі. Юморлы немесе уытты кекесін, мысқыл астары айқын сезіліп тұратын сатиралы диалогтар кейіпкер бейнесінің жағымсыз қырларын ашуға көп септігін тигізеді. Мысалы, «Түнгі қонақатар» әңгімесіндегі ферме бастығы Тоқмет пен есепші Тілеуекен арасындағы диалог:

- Тоқа, бүгінгі норма орындалды, ішпей-ақ қойсақ қайтеді?
- Ей, осы ферманың бастығы кім?
- Сіз ғой, сіз.
- Есепшісі кім?
- Мен ғой, Тоқа.
- Кімнің қызметі үлкен, кім кімге бағынышты?
- О не дегенінің, Тоқа. Алдыңыздан кесе көлденең шыққан жерім бар ма?
- Онда құй.

Ферма бастығы мен есепші арасындағы бұл диалогтан есепшінің жағымпаздығы анық көрінеді. Жазушы кейіпкерлерін осылайша сөйлете отырып, олардың жағымсыз мінез-құлықтарын ашып береді. Диалог астарынан автордың кекесіні де байқалады.

– Жоқ, – деді Тоқмет. – Алдымен осы үйдің арағын тауысып алайық.

– Алдымен осы үйдің арағын тауысып алайық, – деді Тілеукен де.

– Ал анау жолазыққа тұрсын.

– Иә, жолазыққа тұрсын.

– Айқай кезеңге жеткенде суырамыз ба?

– Айқай кезеңге жеткенде суырамыз.

– Шөлмектің аузынан ішеміз ғой?

– Аузынан ішеміз.

– Қылқылдатып?

– Қылқылдатып [1].

Бастығының аузынан шыққан сөздерін қағып алып қайталап, ыңғайына жығыла берген Тілеукеннің сөздері бір жағынан күлкі тудырса, екіншіден оның жағымпаздығын дәлелдей түседі. Мұндай жеңіл әжуаға, күлкіге құрылған диалогтармен қатар мысқылмен астасқан диалогтар да кейіпкер бейнесін ашуға қызмет етеді. Кейіпкерлерін сөйлете отырып, автор өзінің мысқылдық қатынасын да сездіріп отырады.

Мұхтар Мағауиннің суреткер ретіндегі өзіндік даралығын тануға, әңгімелеріндегі көркемдік қуатын ашуға ұлттық салт-дәстүр мәселесі арқылы келуіміз өз нәтижесін берді. Жазушының әңгімелері ұлттық әдебиетімізде өзіндік орны бар көркем шығармалар екенін зерттеу жұмысы ашып бере алды деген тұжырым жасай аламыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Мағауин М. Екі томдық шығармалар жинағы//әңгімелер, роман. – Алматы: Жазушы, 1990. 1 том. -448б.

2 Әбдезұлы Қ. Әдебиет және өнер. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 300 б.

3 П.К.Юсуп «М.Мағауиннің «әдепкі әңгімелер» циклі». – Алматы/ҚазҰУ Хабаршысы. 2018.

4 Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. Жоғары оқу орындары студенттеріне арналған оқулық. – Алматы, Ана тілі. 1992.

5 Елшібек Ж. Құдіретті қазына [Мәтін]: Көрнекті жазушы М.Мағауиннің сөз өнері хақында.//Егемен Қазақстан. -2010. 20 бет.

САФУАН ШАЙМЕРДЕНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ КӨНЕРГЕН СӨЗДЕРДІҢ КӨРІНІСІ

ЖОЛБАРЫСОВ Н. М.

қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімі,

№23 ЖОББМ, Абай облысы, Семей қ.

ЖУВАНИЩЕВА А. Т.

8-сынып оқушысы, №23 ЖОББМ, Абай облысы, Семей қ.

Ғылым мен техниканың, қоғамның дамуына байланысты әдеби тіліміз толығып, молайып отырады. Тіліміздегі кейбір сөздер қолданыстан шығып, мағынасы көмескіленіп жатса, кейбірі кейде қайта жаңарып, мағынасы кеңейіп қолданысқа түсіп жатады. Байырғы қазақ сөздері көнеріп, мағынасы тек мәтін ішінде ғана түсінуге болатын жағдайлар да тілімізде ұшырасады. Кейде көркем шығармадағы көнерген сөздерді сөздік арқылы ғана түсінуге болатын жайттар да кездеседі.

Қазіргі таңда қазақ тілінің ішкі заңдылықтарына сүйену басты міндеттердің бірі болып отыр. Сондықтан тіліміздегі көптеген көнерген сөздер қайта жаңғырып, ортамызға оралуда. Көнерген сөздерді қарастыру маңызды.

Көне түркі тілінде, соның ішінде қазақ тілінің көнерген сөздері жөнінде белгілі тілші ғалымдар С. Аманжолов «Вопросы диалектологии и истории казахского языка» (1959), Н. Сауранбаев «Некоторые черты древне кипчакского языка», «К истории казахского литературного языка» (1954), Ш. Сарыбаев пен Ә.Құрышжанов «Халық жырларының текстологиясы», Қ. Жұбанов «Из истории порядка слов в казахском предложении», Ә. Болғанбаев, М. Белбаева, І. Кеңесбаев, С. Исаев т.б. еңбектерінде зерделенеді.

Тіл білімінде көнерген сөздерді пассив лексиканың бір түрі деп көрсете отырып, «бұлар өзара тарихи сөздер және архаизмдер деп бөлінеді»деп, әрқайсысына анықтама берілген. «Қазіргі күнделікті өмірде тым сирек қолданылатын, мағыналары көмескіленіп бара жатқан, бірақ халықтың ертедегі тірлік - өмірінде жиі қолданылған көптеген сөздер қазақ тілінде өте көп» екендігін айтады [1, 112].

Ғалым С.Исаев та тіл біліміндегі көнерген сөздердің бөлінісін құптайды [2, 29],

Сафуан Шаймерденов шығармаларында кездесетін көнерген сөздер - жоғарыда аталған ұғым атауларын түгелге жуық қамтымағанымен, автор қолданысындағы көнерген сөздер кейіпкер бейнесін, сөйлеу ерекшелігін, ортасын, мәдениетін

ашуға қызмет етеді. Қаламгердің көркем шығармаларында ұлттық ерекшеліктерге қатысты тілдік бірліктер де кездеседі. Тілдік бірліктер – өз алдына жеке дара зерттеуді талап ететін мәні зор мәселе. Себебі, тілде адамзаттың өткен тарихы мен мәдениеті, қол жеткізген жетістіктеріміз көрініс тапқан.

Академик Ә. Қайдар: «Этнографизмдер дегеніміз – тұрмысымызда болған, әлі де қолданылып келе жатқан күнкөріс бұйымдарының белгілі бір кәсіпке, шаруашылыққа, салт-дәстүрге, әдет-ғұрыпқа, наным-сенімге, баспанаға, киім-кешекке, ішер асқа, туыстық қатынасқа, ел билеу ерекшелігіне, заң тәртібіне, әдеттік құқыққа байланысты қолданылатын, халқымыздың тұрмыстық және тілдік өзіндік ерекшелігін көрсететін арнаулы атаулар мен сөз тіркестері», – дейді [3, 19].

С. Шаймерденов шығармаларында бүгінде ұмыт болған және сирек айтылатын ұлттық түрдегі жастардың бас қосуы және ойын атаулары кездеседі. Мысалы,

- *Шал мен кемпірді өстіп анда-санда болса да жіберіп алып тұрмайсың ба? Бас қосу, бастаңғы жасау дегенді ұмыттық қой мүлде, – деп лекіте күліп Қайыржан көрінді. (Қарғаш, 65-бет).*

- *Олай болса, «Ауған хан мен Қалған хан» ойнайық, – деп салдым.*

Келтірілген мысалдағы «бастаңғы», «Ауған хан мен Қалған хан» қазақ жастарының өзара бас қосып **көңіл көтерулері мен сүйіп ойнайтын ойындарының аты. Мәселен, «Ауған хан мен Қалған хан».** Түсіндірме сөздікте: «Ертеде қыздар мен бозбалалардың бас қосып, сырласып ойнайтын ұлттық ойын» – деп анықтама берілген [4, 288, 7 т.].

Орыс ғалымы Н. Шанский этнографизмдерге төмендегідей анықтама берген: «Этнографизмы – такие диалектные слова, которые обозначают предметы и явления быта и труда, специфичные для определенной местности и неизвестные литературному языку» [5, 118].

Сонымен, этноатаулар тек мәдениет ерекшелігін ғана емес, ұлттық болмысты, ұлттық нақышты да танытады.

Сафуан Шаймерденов шығармаларындағы этнографизмдер-ұлттық нақышты танытатын, қазақ ұлтына тән ерекшеліктерді сипаттайтын бірліктер ретінде танылады. Мұндай этноатауларға қоғамдағы материалдық құндылықтар да жатады. Олардың атаулары тілге де, мәдениетке де ортақ. Сафуан Шаймерденов шығармаларында заттық негіздегі лексикаға қатысты ұлт өкілдерінің киіну ерекшелігін сипаттайтын, киім атаулары, ыдыс-аяқ атаулары бір жағынан ұлттық нақышты көрсететін бірліктер

болса, екіншіден кейіпкер бейнесін ашуда да өзіндік қызметтер атқарады.

Мысалы, – *Е, дұрыс, ал енді құрт ұрлағаныңды, кебежеге түсіп қаймақ жегеніңді баянда! (Жыл құсы, 144-б).*

Қотан қаңырап бос қалған. ...Киіз үйлердің түндігі түрілген, есік алдындағы жер ошақта от жылытпайды. Құлындар да желіге байланып үлгірілген (Жыл құсы, 149-б).

Балуан Шолақ домбыраны былай қойып, жалаңаш етіне жамылған түйе жүн шекпенді сырып тастады - күреске дайындалып келгені көрініп тұр. – Бұл ма? Бұл тұмар, апа (Жыл құсы, 150-б).

Тұмар – діни ұғымға, наным-сенімге қатысты зат атауы. Күні бүгінге дейін санаулы ырымшыл адамдардың денесіне тағып жүретін құраннан яки сүреден алынған үзінді. Адамдар пәле-жаладан аулақ болуы үшін ырым етіп тағады.

Шығармада кездесетін ыдыс атаулары: *шақша* – мүйізден жасалған насыбай салатын құты. *Бақыр* – су құятын, суды көсіп алатын ожаудың бір түрі. *Қазан, аяқ, мес* – қазақ халқының тұрмыста жиі қолданылған ыдыс түрлері.

Сафуан Шаймерденов туындыларында киім-кешек атауларына қатысты этнографизмдер мольнан ұшырасады. Киім-кешек, мата атаулары – қазақ ұлтының өзіндік өзгешелігін танытумен қатар, ұлттық мәдениет негізін құрайды. Сонымен бірге, тіліміздегі лексиканың бір бөлшегі ретінде де танылады.

Мәселен, *«Битабар екі айттырған жоқ. Аяғында қара саннан келетін саптама етік. Көк барқытпен көмкерген байпағы одан да ұзын. Үстінде түйежүн нешпент. Белінде күміс кіселі жалпақ белбеу. Қалың жұртты қақ жарып барып дайындалған орынға отырды» (Жыл құсы, 219-б).*

Көркем шығармада қолданған киім-кешек атаулары бірінші кезекте кейіпкерді жекешелеу мақсатында, екіншіден, кейіпкердің киім киісі оның тұрмыс-тіршілігінен хабар беру мақсатында қызмет атқарады. Ал кейбір жағдайда киімнің түрлерінің өзгеше аталуы кейіпкердің қандай ортадан екенін де анықтайды.

Бірінің басында шетен қалпақ, оқшауырақ жерде, ызғырық желден ығысып, мойнын тығып алған (Жыл құсы, 141- б).

...Ал екіншісі – тым жүдеу, жақ еті суалған, сонысына қарамастан осы Арқа әйелдерінің салтын сақтап көк жсаулық, оның сыртынан қақырайтып шаршы тартқан егде адам (Мезгіл, 6-б).

Өстіп дағдарысып тұрғанда ауладан бір әйел шықты, басында көк жсаулық. Оның үстінде сондай көкке малып қатырып

қойған кіршіксіз таза, шаршы. Алматы төңірегіндегі әйелдер басына орап алатын **құлжа мүйіз жамылтқы-сәлде** Инешке мүлде ұнамайтын еді. Ал мына бас киімнің тазалығы ғана емес, мүлде жөні де, сәні де басқа. **Көнетоз қамзолы мен кең етек шымт көйлегі** де толық денесіне ұнасымды-ақ (Инеш, 320 б).

Осындағы киім атаулары арқылы:

- кейіпкердің қандай әлеуметтік ортаның өкілі екендігі;
- олардың тұрмыс-тіршілігі;
- жалпылама алғанда қазақ даласының соғыс алдындағы және одан кейінгі жылдардағы қоғам бейнесі қамтылған;
- кейіпкердің мінез ерекшелігі ашылған.

Тағы бір мысал: *«Пеш қасында бір әйел отыр. Басында қызыл шәлі. Үстінде батсайы қамзол... Түйіншекті жазсам, жаңа тігілген көйлек пен дамбал екен. Жаңа нәрсені көрмегеніме қанша болды десеңші, қуанғанымнан жүрегім дүрсілдеді»* (Мезгіл, 20-б).

Аталған киім-кешек атаулары, оның әр түрлі ерекшеліктері жөнінде профессор Ж.Манкеева: «Киім-кешек атаулары ұлттық, мәдени, тілдік процестер туралы «акпарат» беріп қана қоймайды, олар тілдік шығармашылықтың «тірі қазынасы» іспетті. Талғаммен салтанаты жарасқан қазақтың киімі ұлттық мәдениеттің жарқын көрінісі», – деп тұжырымдайды [6, 222].

Батсайы – қалың жібек кездеме. Автор әйелдердің киген киімі, мата түрлерін суреттей отырып, олардың қылықтары мен психологиялық қырларын (сәнқой, ұқыптылық, жинақылық) көрсетеді. *Дамбал* – іштен киетін жеңіл киім, кейбір аймақтарда шалбар сөзінің орнына да қолданылады.

Сафуан Шаймерденов шығармаларында күні бүгін ұмытылған не болмаса сөз қолданысынан шығып қалған, ұшырасады. Оларға халықтың ерте замандағы күнделікті тұрмыс-тіршілігіне қажетті: *мес, боқша, күміс кісе, арыс (арбаның белдемесі), арбаның шабақтары, жаулау (ожау), бақыр, көрбілте, тотияйын, шайтан арба, тарантас, қотан, кебеже т.б.* зат атаулары. Сирек кездесетін зат атаулары: шақша, саптама. Мұндай сөздердерге С. Сапина: «Логоэпистемалар – қазіргі уақытта кейбірінің мағынасы өзгерген, кейбірі ұмытылған, тіпті қолданыста жоқ сөздер», – деп анықтама береді [7, 35].

Қаламгер еңбектеріндегі көнерген сөздер:

- өткен уақыттағы қазақ лексикасының байлығын көрсетеді;
- ғасырлар бойына қалыптасқан халқымызға тән әдет-ғұрып, мәдениет, салтсанамыздың өзіндік орнын айқындайды.

«Этнолингвистика халықтың тілі мен оның мәдениетінің арақатынасын зерттейді. Тіліміздегі этнолингвистикалық бірліктер

халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық болмысын, өзіндік салт-дәстүр, әдет-ғұрпын, дүниеге көзқарасын, таным-түсінігін аңғартады. Тіл өз халқының тұрмыс-салтымен тығыз байланысты» [8, 35].

Тілдегі ұлттық айшықты танытатын тұлғалар көркем шығармаларда жазушы шеберлігіне байланысты әр түрлі формада, әр түрлі стильдік мақсатқа орай жұмсалған.

С. Шаймерденовтың «Қарғаш», «Жыл құсы», «Ит ашуы» атты повестері қазақ өмірін, қазақ ауылындағы тұрмыс-тіршілікті бейнелейді. Сондықтан бұл шығармаларда халықтың рухани өміріне, салт-дәстүріне, тәлім-тәрбие, наным-сеніміне қатысты тілдік бірліктер жиі ұшырасады. Қаламгер кейіпкерлерінің таным-түсінігін, дүниеге көзқарасын көрсете отырып, қазақ ұлтына тән ерекшеліктерді аңғартқан. Көркем шығармаларда көрініс тапқан әдет-ғұрыпқа, салт-дәстүрге қатысты тілдік құралдар ескі қазақ ауылындағы халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігін шынайылықпен әсерлі бейнелейді.

Есіме түседі, бір кезде бастаңғы жасап Бұл Өткекең үйінің жұрты, «Ауған хан мен Қалған хан» ойнаған түні мына бір жерде сары самауыр гүжілдеген (Қарғаш, 90-б).

Бір бұрыштан жарқырауық үлкен әбдіре көрінеді. Ол да «Мен Қарғаш үшін жаралғанмын» дегендей жарқ-жұрқ етеді. Бір ғажабы, қыз жасауы сол әбдіреде емес, ұзын қабырғадағы терезе үстінен жүргізілген аспа сырықшаға ілінген. Көз алдыма бұдан бесалты жыл бұрын тұрмысқа шыққан әпкелеріміздің бірі келе қалды. Ол үйде қызын ұзатар алдында барды-жоқтысының бәрін өстіп, дүкенге түскен дүниедей мөлдіретіп жайып қойған жасауы, болатын» (Қарғаш, 12-б).

Осы үзінділердегі бастаңғы, қыз ұзату сияқты сөздер қазақ халқының салт-дәстүрін, ұлттық әдет-ғұрыпты сипаттаған. Жазушы мұндай сөздерді, әсіресе, ауыл өмірін бейнелеуде ұтымды қолданған.

Ұлттық ерекшелікті аңғартатын лексемалар теңеу түрінде де қолданылады. Жазушы теңеулері көбінесе халық өміріне, тұрмысына қатысты құбылыстардан алынады:

Терезелері атты кісі өткендей. (Қарғаш, 4-б); Тұғырға қонған қаршығаға ұқсап. (Жыл құсы, 105-б); Қойдың жілігін жемсауына салып жіберіп, бытыр еткізе түсіретін бүркітке ұқсап. (Жыл құсы, 105-б).

Саятшылық, аңшылық салты қанына сіңген қазақ халқына бүркітке, қаршығаға теңелген құбылыс – көңілге қонымды, таным

сурет. Сондықтан қаламгер балуанды басқа құсқа емес, қазақ ұғымында күшті, алғыр саналатын қаршыға мен бүркітке теңеген.

Демек, С. Шаймерденов шығармаларында қазақ ұлттың таным-түсінігін, ұлттық болмысын, мәдениетін, әдет-ғұрпын танытатын тірлік бірліктер ұтымды қолданылған. Жазушы ұлттық айшықты танытатын сөздерді пайдалану арқылы шығармаларына өзінше көркемдік нәр беріп, айшықтандыра түскен. Соның нәтижесінде қаламгер туындыларында бейнеленген қазақ ауылының тұрмыс-тіршілігі, өмір салты шындықпен астасып, нанымды суреттелген. Оқырман көңіліне жақын, тартымды бейнелер – жазушының сөз қолдану шеберлігінің жемісі. Қаламгер ұлттық айшықты танытатын этнолингвистикалық бірліктерді орайын тауып, орынды қолдану арқылы шығарма мазмұнына шынайылық беріп, көркем туындының мәнін ашқан.

Жазушы қарапайым халықтың мінезін, өнері мен салт-дәстүрін жақсы түсініп, психологиялық ерекшелігін проза арқылы суреттеп, бейнелі түрде жеткізе білген. Аңшылық пен саятшылық өнерін жақсы меңгерген қазақ халқы ит өсіріп, жақсы итті аң аулау үшін баптаған. Қазақ даласында «ит – жеті қазынаның бірі» деген ұғым қалыптасқан. Көшпелі немесе отырықшы елдер үшін иттің алатын орны да ерекше болған. Итқұмар көпшілік арасында қалыптасқан «қалап алу» деген де түсінік бар. Әдетте «қалап алған зат, сол қалап алушыға берілуге тиісті деген әдет қазақ арасында ертеден бар. Бұл әдетті ұлттық нақыш деп те тануға болады. Мысалы: *«Марғау – ел ішінде лақапқа айналып бара жатқан ит. Сол себепті оны қалаушылар көп. Тіпті, «бұзаулы сиыр берейік, итіңді сат», – дегендер табылған. Лезбай бірақ баспайды.*

- Не қаласаңдар да берейін, жалғыз-ақ итім мен қатынымды қолқаламасаңдар болғаны. Көңілдерің қалады» (Ашу, 259-б). Жазушы қазақ халқына тән мінез ерекшеліктерін, әдет-ғұрпын терең түйсіне отырып, нақты аша білген. Мәселен, мінез-құлыққа қатысты айтылатын сөздерге төмендегі мысалдарды келтіруге болады:

«...Сені инабатты бала екен деп жүрсем. Кіммін деп, не бетіңмен келдің?», немесе «...Шаранаңнан тазармай жатып не бетіңмен келдің деймін» (Қызыл гүлдер, 243-б).

Бұл келтірілген сөздерден қарапайым өмірдегі адамдардың кейісін сеземіз. Жазушы кейіпкерлерінің бір қыры – кейіпкерлері тым шектен шығып ашуланбайды. Дегенмен зілді кеюдің сезілетіндігі де байқалады. Бұл жерден де табиғи шынайылық байқалады. Тағы бір мысал, *«Үрлеген қуықтай тырсылдап ашуға булыққан Жантуар кінәні әйеліне аударды» (Қызыл гүлдер, 24-б).*

Ашуланған кейіпкердің сол бір сәтін қаламгер шеберлікпен бірден көз алдына әкелу мақсатында үрлеген қуыққа теңеуінің өзі оқырманды таң қалдырады. Үрленген допқа не шарға емес, қуыққа теңеуі кейіпкердің ашуының қатты екендігін сездіреді.

Жазушы жалпы мінез ерекшелігін көрсеткенде үнемі қарама-қарсылық жағдайда суреттеп отырған. Бұл әдіс Сафуан Шаймерденовтың жеке өзіне тән шеберлік деп айтуымызға болады. Мысалы, *«Бертшек безектеп жатыр: -Мен емес, әке, мен маңайынан да жүрген емеспін, әке. Аңада өзің айтқаннан бері қара жорғаны мүлдем ұмытқанмын.*

Әлім қарт байсалды: -Мен саған ештеңе деген жоқпын ғой. Байбалам неге салдың балам?» (Жыл құсы, 159-б).

Келтірілген жолдардан, біз екі түрлі адамның мінез ерекшелігін аңғарамыз. Бірінші – адамның өзін ақтауға ұмтылысы, жеңілтектікті, екінші – байсалды, салмақтылықты танытады. Өзінің көптеген шығармаларында жазушы кейіпкерлердің мінез-құлқын нақты түрде талдап көрсеткен. Бұл мінезділіктің қырсырын, астарын қазақтың ұлттық дәстүріне сәйкестендіре отырып, қазақи бейне сомдаған. Автор қазақи мінез қырларын өте жақсы меңгерген, әрі тура суреттеп бере білген. Қазақтарға тән тағы бір мінез ерекшелігін келесі жолдардан көруге болады:

«- Ат тұяғын тай басар деген, Балуан Шолақтан бата алған баласың, жаяу қалғаның жарамас. Жылқыға бар да, таңдаған құнаныңа құрық сал.» (Жыл құсы, 159-б).

Тек, қазаққа ғана тән мінез. Қаламгер тағы да осы мінез қырын көрсеткенде өзіне тән, сабырлылықпен, байсалдылықпен баяндап отырып-ақ, ашып айтады. Автор сөздері аса салмақты, орнықты. Оның кейіпкерлерінің бойында да сабырлылық, шыдамдылық жатыр. Кейіпкерлерінің мінез ерекшелігін психолог жазушы асқан шеберлікпен, шынайы түрде бейнелей алған. Мысалы, *«...қара жорға тұяғын құнан да, тай да баса алмайды, Әлеке. Айтқаныңызға рақмет. Мен мал дауламаймын,-деп Битабар бай үйінің есігін жапты» (Жыл құсы, 159-б).*

Жазушы кейіпкердің салмақтылығымен қоса, *«есікті жапты»* деген сөз арқылы кейіпкер көңілінің қалғандығын шебер жеткізген. Қазақта ерте заманнан *«есік жабу»* деген сөз өкпелесу, ренжісу ұғымдарының да орнында қолданылған. *«Қайта кірер есігіңді қатты жаппа»* деген халық даналығы бар. Ал кейіпкердің көңілінің қалғандығын есігін жапты деген сөз тіркесі арқылы жеткізеді. Сонымен қатар қаһарманның ақылдылығы, ұстамдылығы, тәрбиелілігі де аңғарылады. «Мал ашуы – жан ашуы» деген халық нақылы бар. Бұдан шығатын

қорытынды –қаламгер кейіпкердің сол сәттегі ашуын, сонымен қатар ұстамдылығын осы бір сөз тіркесі арқылы ғана шеберлікпен баяндай білген. Қазаққа тән ұлттық нақышты да аңғарамыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Хасенов Ә.Тіл білімі. Алматы, 2003, - 112 б.
- 2 Исаев С. Қазақ тілі. А., 1993, - 29 б.
- 3 Қайдар Ә. Этнолингвистика. //Білім және еңбек. №10, 1985, Б 19.
- 4 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі 1-10 том.- 400 б.
- 5 Шанский Н. М. Лингвистический анализ художественного текста. Ленинград, 1984, С 18.
- 6 Манкеева Ж. Мәдени лексиканың ұлттық сипаты. Алматы, 2007. - 222 б.
- 7 Сапина С. «Түркістан уәлаяты газетінің» лексикасы. Филол. ғыл. канд. Дисс.автореф.: Алматы, 2002. - 35 б.
- 8 Снасапова Г. Ж. Ғ. Мүсіреповтің «Ұлпан» повесіндегі лингвомәдени бірліктер. Филол. ғыл. канд. дисс...автореф.: Алматы, 2003. - 30 б.

СҰРАУЛЫ СӨЙЛЕМДЕРДІҢ ПРАГМАТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ (М. ӘУЕЗОВТІҢ «ҚАРАГӨЗ» ДРАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ)

ЖҰМАЖАН Ж.

10-сынып оқушысы, ХББ Назарбаев Зияткерлік мектебі, Қарағанды қ.

ИСИНА Б. К.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Біздің өмірімізде сезіміміз бен көңіл күйіміз, түрлі эмоцияларымыз алапат күш ретінде зор маңыздылыққа ие және адамдардың эмоциясының танылуы өзара диалог, монолог арқылы жүзеге асырылады. Осы тұрғыда терең психологизмді таныта отырып, ұлттық маңызды мәселені қозғай алған шығарма Мұхтар Әуезовтің әйгілі трагедияларының бірі - «Қарагөз» пьесасында қолданыс тапқан сұраулы сөйлемдердің коммуникативтік мақсатқа сай функционалды-семантикалық сипатын айқындау негіз етілді. Сұраулы сөйлемдердің зерттелу жайына қысқаша тоқтала кетсек, А. Байтұрсынов, Х. Жұбанов, С. Аманжолов, Н. Сауранбаев, М. Балақаев, Р. Әміров, Ә. Төлеуов, Д. Әлкеева, Б.А. Омарованың және т.б. ғалымдардың еңбектерінде зерделенген. Ахмет

Байтұрсынұлының еңбегінде: «Сұраулы сөйлем деліп жауап сұралғанда айтылатын сөйлем аталады. Сұраулы сөйлемдердің соңынан сұрау белгісі (?) қойылады» [1,156] делінген.

Драмадағы сұраулы сөйлемдерді талдауда функционалды-семантикалық жағынан лебізге қатысушының коммуникативтік талабына, қарым-қатынас үстінде түрлі оң алатынына қарай жалпы төрт модельді қарастыруға болады: сөйлеушінің бастапқы коммуникативтік ниеті; сөйлеушінің туынды коммуникативтік ниеті; сұраулы сөйлемдердің функционалды мақсаты; семантикалық бірлік. Драманың басындағы бірінші акті, бірінші суреттегі Наршаның сөзіндегі «Біздей жанның кейісі не болу керек, сезбеймісің?» сұраулы сөйлем сұраулық шылаудың кірігуі арқылы жасалып, экспрессивтік мәні жағынан кейіпкердің налуын, ренішін танытып функционалды-семантикалық жағынан сөйлеушінің бастапқы коммуникативтік ниетін танытады және экспрессивті-эмоционалды сұраулы мағынаны көрсетеді. Драмадағы қайшылықтың туындау себептерінің бастамасы іспетті және Нарша жолдасы Асанға өз реніштеріне қатысты сұрақ қоя отырып, емеурін танытады, оқиғаның бірегейлігін аңғартады. Өйткені қыз алуға келген күйеу жігіт ретінде өзінің қалыңдығы тарпынан құштарлық сезімнің болмауы, қалыңдығының көңілінің басқа жанды ұнатуы Наршаны қатты қапаландырады. Осыдан кейінгі Асанның репликасында «Қарагөз! Қарагөздің ақ жүзінде мін бар ма? Оны хор жігіт олқысынбаса, кім кемсінеді? Ер жігіт арман етер алтын тақ, иран бақ Қарагөздей-ақ болмас па? Не мін таптың?» [2] деген сұраулы сөйлемдердің бірінен соң бірі дамытыла, үдемелете берілуі арқылы автор драматизмді арттырып, оқырман көкейіндегі таңданысты күшейте түседі. Бұл сөйлеушінің туынды коммуникативтік ниетін танытып, дискурстың басталуы туралы хабар береді әрі сұраулы сөйлемдердің функционалды мақсаты күмәндану мен таңданысты қатар танытып, семантикалық бірлігі жағынан күмәнді сұрақ болып келеді. Осы қапалану сезімін сұраулы сөйлемдер арқылы береді: «Қарагөздей тектіге кез болмасам етті? Кез болған соң, оңынан келсем етті!» Асанның репликасындағы сұраулы сөйлемдер Енді не жетпейді? Қарауылдың асылы, күміс бәйтеректегі бұлбұлы Қарагөз болғанда, сен оның алған жары екенсің, не тілейсің? Мен ұқпадым» дей келе, келесі репликасында «Ой, тәңірі-ай, ақ батамен қосылған, ақ адал малы төленген, күйеуі ұрын келген қалыңдық қайтып қана, не деп қана тұсаушы еді сендей – нардай жігіт күйеуін?!» [3] деген

сөзі арқылы сұраулы әрі лепті сөйлем астарында баға беру мәні қоса баріледі. Лебізге қатысушы туралы көп ақпарат білетіндігін таныта отырып, Наршаның артықшылықтарын таныту, әспеттеу ұғымын туғызады. Автор Асанның репликасындағы қолданылған сөйлемдерде «Неге мұнша налыдың, Қайыспас деген ер жігіт?» [2] деп өлендете қойған сұрағынан бастап, 17 сұраулы сөйлемді қолдана отырып, үнемі сөйлеушінің туынды коммуникативтік ниеті, тындаушының назарын аударту; дискурстың басталуы туралы хабар беру; өзінің сөзіне сенімділік тудырту; лебізге қатысушыға айтылып отырған оқиға, дерек туралы ақпаратқа ие екенін таныту; айтылып отырған, сөйлеушіге белгілі ақпарат туралы сұрақ қою/ сол ақпаратпен бөлісу; сұраулы сөйлемдердің функционалдық мақсаты экспрессивті-эмоционалды сұраулы мағына, бір іске түрткі болатын сұраулы мағынаны қолданған және ол жанашырлық танытуымен (эмпатия) ерекшеленеді.

Драмада сұраулы сөйлемдерің қарсылық және қарғыс мәнінде де қолданылатын түрлері өте көп. Сұраулы сөйлемнің астарында өзінің іштей наразы екенін көрсетуге болады. Қазақ халқы қарғысқа өте абайлап қараған. «Қарғыс алма, алғыс ал», Баталы ұл - арымас, батасыз – ұл жарымас» деп ұрпағына өнегелі өсиет қалдырған. Қарғыс сөздердің қазақ өміріндегі негізгі атқаратын қызметтері: жамандықтан жирендіреді; жазалау құралы ретінде пайдаланылған; қылмысты іске жоламауға ұмтылған; адамгершілікке, тыйымға шақырған [4]. Бұл драмада Мөржан ананың таңданыс, шошыну мәніндегі сұраулы сөйлемдері арқылы беріледі. Жеті атаға дейін қосылуға болмайды деген қағиданы берік ұстанғандықтан, Қарагөз бен Сырымның алты ата Өсер тұқымынан болып тұрып, бірін-бірі ұнатып, көңіл жарастыруын бейбастақтық, ата дәстүрге қарсы шығу деп танып, қатты налиды, қарғыс сөздерін жаудырады. Атап айтқанда,

«Құдай-ау, мынаны көргенше, көр көзім неге шықпайды менің?!», «Бетің тілінгір, қайтіп шыдап тұр мына бетің?!» [2] деген қарғыс мәнді сөйлемдерде сұраулы әрі лепті сөйлем түрінде беріліп тұр. Мұндай сөйлемдерге қатысты сұраулы мақсаттың сұраулы сөйлемдер арқылы берілу мәселесіне түрлі көзқарастар бар. Бір ғалымдар, сұраулы сөйлемнің коммуникативті типін белгілі бір ақпаратты сұрау ретінде қарастыру дұрыс емес. Себебі бұл критерий қатаң лингвистикалық емес дейді. Аталған талап тілдік құбылыстарға таза семантикалық қырынан қарауына негізделеді. Осыдан келіп сұраулық форма мен сұраулық мағынаның арасында теңсіздік

мәселесі туындайды. Н.М. Васильеваның көзқарасы бойынша бұл жағдай сөйлемнің түрлі типтерінің интерференциясының түрлі формаларымен байланысты. Сөйлемдердің жеке коммуникативті түрлерінің арасындағы байланысу формасының әртүрлілігі лингвистердің «сұраулы-хабарлы», «сұраулы-бұйрықты», «сұраулы-лепті», т.б. туралы айтуына негіз болды. Сұраулы сөйлемдердің көбі формасы жағынан сұраулық форма арқылы жасалса да, сұраулық мағынаны білдірмейді, ал, керісінше, көптеген сөйлемдер хабарлы формада айтылса да, сұраулы мәнге ие болып келеді. Алайда сұраулы сөйлемдердің коммуникативтік бағытын мәнмәтіннен тыс қарастыру мүмкін емес, себебі сұраулы сөйлемдердің функционалды-коммуникативтік сипаты жағдаят не мәнмәтін арқылы ғана анық байқалады [3]. Осы тұрғыдан келгенде драмадағы қарғыс мәніндегі сұраулы-лепті сөйлемдерде автордың негізгі идеялық түйіні де жатыр, сұраудан гөрі кейіпкердің қарсылығын хабарлау басымдық танытқан. Тілдің философиясын зерттеушілердің көзқарасы бойынша 50-жылдардың өзінде-ақ пайымдау мен сөйлемдерге байланысты дискуссияда «әрбір сұрақтың негізінде пікір-хабарлама жатады» [6] деген тұжырым алға тартылды.

Қазақ тіл білімінде сөйлеу тілін зерттеген және оның синтаксистік бірліктерінің прагматикадағы маңыздылығын зерделеген З.Ш. Ерназарова грамматикалық бірліктердің синтаксистік тұрғыда коммуникацияға түсуіне қатысты ішкі факторларға қоса, сыртқы факторлармен де айқындауды негізгі шарт ретінде ұсынады: «Тіл мен сөйлеу тілі арасындағы деривациялық процестің өтуіне прагматикалық көрсеткіштердің ықпалын сөйлеуші мақсаты арқылы анықтау да өзекті мәселелердің қатарына жатады», – дейді [7, 5 б.]. Сөйлемге психолінгвистикалық тұрғыдан келу де бүгінгі ғылымның талабынан туып отыр. Осы шығармада эмоционалдық интеллекті мен эмпатия тұрғысынан Нарша бейнесін ерекше атап өтуге болады. Нарша қазақ ортасы үшін жаңа сипаттағы кейіпкер және оның эмпатия сы мен әлеуметтік дағдылары сезім мен іс-әрекет арасындағы байланысты ұстауға жәрдем береді. EQ-і жоғары адам ретінде көрсетеді. Мәселені шешуге бейім келетіні сияқты Нарша Сырымға жүгінуден бас тартпайды. Сынап көреді, алайда ажалға қарсы тұра алмайды, Қарагөзді құтқара алмайды. Маңыздысы – эмпатия танытуы. «Эмоциялық интеллект басқаның не сезінетінін және ойлайтынын түсіне білуге әкеледі. Нәтижесінде, сіз риторикалық әдіспен

жұмыс істеуді үйренесіз. Сендіру техникасын меңгересіз. Әлемде эмоциялық интеллектке бейімдейтін мектептер бар. Олар баланы жастан эмоциясын басқара білуге, жақсы іске ұмтылуға үйретеді» [5] Наршаның репликасындағы сұраулы сөйлемдер арқылы біз эмоционалдық интеллекті мен эмпатияның маңызын тани алдық.

Қорытындылай келгенде, сұраулы сөйлемдердің прагматикалық түрлері топтастырылып, «Қарагөз» драмасында жалпы саны 417 сұраулы сөйлем қолданыс тапқанын айқындап, оның экспрессивтік мәнін пайымдай алдық. Бұл – қазіргі қазақ тіл біліміндегі антропоцентристік бағытқа, яғни адамды танумен толығымен сәйкес келеді және тіл мәдениетін дамытуда маңызды орын алады. Аталмыш тұжырымдар «Әуезовтану» саласының дамуына өз деңгейінде практикалық үлес қосады деп ойлаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 <https://www.soyle.kz/book/view?id=12>
- 2 А.Байтұрсынұлы «Тіл-құрал» 1992 ж. -348б.
- 3 <https://kitap.kz/book/qaragoz-i-nusqa> М.Әуезов «Қарагөз» драмасы
- 4 <https://articlekz.com/kk/article/22454>
- 5 Сұраулы сөйлемдердің функционалды-семантикалық сипаты.
- 6 <https://melimde.com/hali-auiz-edebietinde-kezdesetin-arfiszozder-abstrakt-zertteu.html?page=2> Қарғыс сөздердің қазақ өміріндегі негізгі атқаратын қызметтері.
- 7 <https://martebe.kz/khazakh-tili-sojlem-sojlem-turleri/>
- 8 Д.Әлкебаева «Қазақ тілінің прагматилистикасы» 2007 ж.
- 9 Ерназарова З.Ш. Қазақ сөйлеу тілі синтаксистік бірліктерінің прагматикалық негіздері: филол. ғыл. д-ры дис. – Алматы, 2001. – 246 б.

КОМИКСТЕРДЕГІ КЕЙІПКЕР ЭМОЦИЯСЫН ТАНЫТУ

ЖАНГАЛИЕВА А.

7 В сынып оқушысы, ХББ Назарбаев Зияткерлік мектебі, Қарағанды қ.
КАБДОЛЛА Р. Ж.
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Комикс (ағылш. comic – күлкілі) – идеяларды, бейнелерді сурет арқылы жеткізетін, мәтін мен визуалды ақпаратты қатар қолданатын әдебиеттің саласы. Комикске берілген анықтамаларда хикая мен

визуалды іс-әрекеттің бірлігі дегенге тоқталады. Суретпен өрілген әңгімелер XVI-XVII ғасырда Валенсия және Барселонадан бастау алып, XIX ғасырда Эпиналда 16 ұсақ суреттермен құрастырылаған 600-ге жуық хикаялар басылып өрісін тапқан. XIX ғасырдың соңында бұл өнер Америкада өрістесе, XX ғасырда комикстің алтын дәуірі басталады. Комикстер алғашында күлкілі оқиғаларға негізделгенімен, 1938 жылы Супермен образы бұл таптаурынды бұзды. Комикстің күміс дәуірі деп танылған 1956-1970 жылдар аралығында DC Comics америкалық комикс баспасының Флэш образымен басталды. 60-шы жылдары әлемдік сахнада «Марвел» компаниясы «Фантастикалық төрттік», «Өрмекші адам», «Халк», «Х-адамдар», «Темір адам», «Тор» атты қаһармандарымен таныла бастады. Бұл дәуірдегі комикстер Жерді өзге ғаламшарлықтардан қорғау, зұлымдықтан тыйылу секілді құндылықтарды насихаттауды мақсат етеді. Комикстің қола дәуірінде (1970-1985 жж) нашақорлық, ішімдікке салыну, ортаның бүлінуі секілді сол кездің өзекті тақырыбымен күресті. Ал қазіргі комикс дәуірінің оқиғалары әлемді құтқару, әділетке жақтасу, құндылықтар тақырыбын насихаттау мақсатымен шығарылып жүр. Комикс жаһанданумен, өзгермелі әлемнің жаңалықтарының бірі болып, мәдениетімізге дендей енді.

Әлемдегі бүгінде болып жатқан өзгермелі жағдайларға сай балаларға, жасөспірімдерге ақпаратты тез жеткізу, зейінін тез шоғырландыру мақсатында басқа жанр қажеттілігі туындады. Мемлекеттік тілді дамыту қоры «Ұлы даланың аңыздары» комикстер топтамасын шығаруды қолға алып, «Ұлы даланың аңыздары» комикстер топтамасына «Еңлік-Кебек», «Естай-Қорлан», «Қозы Көрпеш–Баян сұлу», «Жұмбақтас», «Айша бибі», «Шайтанкөл», «Балқаш» туындылары енген. Топтамада қазақ даласындағы жеті лиро-эпостық жыр мен батырлар туралы аңызды өзек етіп алып, қазақтың төл фольклорын жас буынға заманауи тәсілдермен меңгертуді көздейді.

Кез келген туындының концепциясы мен идеясында белгілі бір мораль, мағына немесе астарлы ой жатады. Оның жеткізілуі де әрқалай, сондықтан комиксте астарлы ойды креативті жеткізуді аңғарамыз. Ал дәл қазіргі сәтте қазақылық, яғни ұлттық әдет-ғұрыппен салт-дәстүрді, тарих пен мәдениетті бейнелейтін туындылар оқырманға ұсынылуда. Ұлттық нақышта заманауи тәсілмен сурет салатындар тренд қалыптастырды. Мұндай тренд көптеген елдің тәжірибесінде болған. Сондай-ақ қазақы болмысты сипаттайтын өнер туындыларына сұраныс жоғары. Комиксті оқу арқылы балалар

суретпен байланысты компьютерлік графика, акварель, қара және ақ графика немесе өте күрделі кескіндер ғылымымен таныса алады. Ойына оралған ойларын шығармашылықпен танытып, санасында көркем танымдар қалыптасады. Кейіпкердің қандай да бір жағдайды бастан кешіретінін, қандай да бір сезімдерді бойынан өткізетінін сезінеді. Кейіпкердің мимика, жест, эмоциясын сезіну арқылы эмоциялық интеллекті дамып, эмпатиясы дамиды. Екі мәтін қатар жүргендіктен, комикстер оқудың өте қиын түріне жатады. Мәтіннің бір түрі – біз оқитын сөздер, екіншісі – көрнекі баяндау. Демек оқырманның миының екі жарты шары қатар қабылдауға қалыптастыру арқылы шығармашылық қабілетін арттыруға мүмкіндік туғызатыны дәлелденген.

Мәтіннің эмоционалдылығы мәтіндегі эмоциялардың лингвистикалық бірліктердің көрінісі арқылы танылады. Экстралингвистикалық қарым-қатынас құралдары «тілдік құралдарды қолданбай қарым-қатынас процесін қамтамасыз ететін» сөйлеу емес немесе вербалды емес коммуникация құралдарын білдіреді. Мұндай құралдарға мимика, жест - ишара, әңгімелесу кезінде коммуникацияға қатысушылардың жағдайы жатады. Вербалды емес қарым-қатынас құралдарының арасындағы айырмашылық туралы айта кетсек, экстралингвистикалық құралдардан басқа, паралингвистикалық байланыс құралдары да бар. Дегенмен интерактивті интернет байланысы жазбаша және ауызша сөйлеудің қиылысында екенін ескере отырып, эмоцияларды білдіретін типографиялық белгілер - эмотикондар (эмодзилер) немесе графикалық әңгімелер - комикстер арқылы ауызша сөйлеу эмоцияларын жазбаша түрге ауыстырудың кейбір мүмкіндіктері бар.

Жанрлық фокусқа қатысты комикс өзінің бастапқы мағынасын теңестіруді тоқтатты деп айтуға болады, өйткені көптеген комикстерде күлкілі элемент жоқ. Комикстердің тақырыптары әртүрлі: детективтік, саяси, сентименталды, шытырман оқиғалы және т. б. комикстер бар. Мұндай комикстердің мәтіндері эмоционалдылыққа ие, өйткені эмоциялар графикалық түрде ғана емес, сонымен қатар лингвистикалық түрде де көрінеді. Тілдік құрылымның ерекшелігі тілдік бірліктер арасындағы байланыстар мен қатынастардың сипатымен анықталады.

Мысал ретінде комикстің тілдік құрылымындағы мәтіннің эмоционалдығын талдайық. Лиро-эпостық жырдың озық үлгісі «Қозы-Көрпеш – Баян сұлу» жыры бойынша ұсынылған комикспен танысуда кейіпкерлердің мінездеулерін көре алдық.



Сурет 1 – Комикс суреті

«Ойбай» одағайының кейіпкердің қабылдамауын танытатын қызметін байқап, оның «күнәсін өзім көтеремін» деуінен имансыз адам екенін танылады. Екі ауыз сөзінен кейіпкердің құлтамақ, обал-сауапты білмейтін бейнесі танылды. «Әкемнің сұңқары» деген ауыспалы мағынадағы сөз бен «аузыңа май» қазақы экзотикалық лексика арқылы ұлттық болмысты таныдық. Аяусыз ұрып-соғу бейнесінің экспрессиясын «тарс-тарс» деген еліктеу сөз арқылы үстемелеп тұр.

Адамның ішкі құпия-сырын оның сыртқы іс-әрекет, дене мен беттегі қимыл-қозғалыс және адамның психологиялық сезімдік, эмоционалды құбылыстар барысында бейвербалды амалдардың жиі қолданылатынын байқай аламыз, яғни бұл сөздер психикалық күйді байқататын, әлеуметте қалыптасып қалған қимылдардың бірі болып табылады.

Аниме кейіпкерлерінің эмоцияларын бейнелеу онша қиын емес, бірақ оның көрінісі өзгеруі үшін жеке ерекшеліктерді қалай өзгерту арқылы эмоцияларды өзгертуге болатынын байқаймыз.

	<p>Қайғы – ең көп таралған эмоция. Бұл жағдайда эмоцияның ең жарқын көрсеткіші – қастар. Қастарыңыздың ішкі жиектері жоғары қарай қисайғаны байқалады. Қасының шеті сәл ғана бүгілген, ал жоғарғы жағы үлкен және дөңгелек қисықтар құрайды. Қабақтың тік қисаюуы стрессті, қайғыны немесе ашуды көрсетуі мүмкін; бұл жағдайда біз қайғыны көреміз. Ауыздың пішініне назар аударыңыз; ол кішкентай және төмен қарай қисық. Жалпы, кейіпкер қазір жылап тұр. Сүйгенінен айрылған Қараханның оқиғасын, «Айша-Биби» комиксінде шынайы көрсеткен.</p>
	<p>Бұл жігіт шынымен де ашуланғанын көреміз, тіпті ол айқайламаса да. Бұл суретте қастар көзге жақындап, өткір бұрышта сынған, оның аузы да төмен қарай иілген. Көздер тарылып, аузының екі шеті төмен иіліп, кейіпкерді қатты күйінгенін танытуға көмектеседі. «Жұмбақтас» аңызында елінен қорған таппаған өнерлі жастың түңілген бейнесі танылған.</p>
	<p>Бақыт немесе ләззат-бұл мангадағы суреттерде кездесетін ең көп таралған эмоциялардың бірі. Шамадан тыс бақыт немесе қуаныш үлкен көздер, жоғары көтерілген қастар және үлкен күлетін ауыз арқылы берілуі мүмкін. Басқа ерекшеліктерге, мысалы, көздің қосымша жаркылына немесе жоғарғы қабақтың қисаюуына да рұқсат етіледі. үлкен көздері және кішкентай мұрны мен аузы бар кейіпкерлер сүйкімді танылады.</p>
	<p>Таңдануды немесе шоқты бейнелеу үшін көз үлкейіп, көз қарашығы нүктелерге айналған. Кейіпкер осы жерде қатты таң қалғаннан, аузын жауып, эмоциясын шығарғысы келмегенін байқаймыз.</p>

Сурет 2 – Эмоциялар танылуы

Түс-суретшінің ең қуатты құралдарының бірі. Түстің көмегімен кадр мен көріністің көңіл-күйін жеткізе алуға болады. Түстердің сауатты үйлесімі қайғыға немесе ашулануға, босаңсуға немесе көңіл көтеруге әкелуі мүмкін. Қарапайым тілмен айтқанда, түс – бұл адамның көзге әр түрлі толқын ұзындығындағы жарық сәулелері

түскенде алатын визуалды сезімі. Түсті қабылдау өте субъективті сипаттама болып табылады. Әр адам түстерді өзінше көреді және бұл тек соқырларға ғана қатысты емес. Біздің әрқайсымыздың өз бірлестіктеріміз және әлемді қабылдауымыз бар.

Комикстер түріне қарай әр түрлі түспен де, тек қара мен ақпен де беріледі. Әйгілі комикстерде өздерінің таңдаулы түстері бар. Өрмекші адам мен ниндзялардың айнымас түстері олардың классикалық бейнесіне айналып қалыптасқан. Олардың жан-жағындағы түстермен комикс эмоциясын танытуды көздейді.

Қазақ комикстерін қарап отырсақ олар жасылды табиғатты, аспан - көк, қыз киімі - қызыл мен ақ, ер адам ашық қоңыр, жағымсыз кейіпкер – сұр, қара түсті киімдер кигізіп типтік образдар қалыптастырған. Түс жалпы екі қызмет атқарады. Біріншісі символдық, кейіпкердің мұрны мен бетін қызылмен бояу жеткілікті және символдық серия пайда болады, мысалы, маскүнем немесе мұздатылған адамның бейнесі. Түстің екінші рөлі - композициялық. Түс комикстің үлкен бөлігі болып табылады және оны кейбір композициялық шешімдерді жақсарту немесе мазмұнды ұсынудың қосымша тәсілдері үшін қолданады. Ал осы түстердің кейіпкердің ішкі күйін көрсетудегі қызметі де айрықша.

Заманауи технологиялар мен әлеуметтік желілердің әсері балалардың өз еліне деген қызығушылығынан алшақтатуы мүмкін. Қазіргі ұрпақты өз еліне деген қызығушылығын ақпараттық, инновациялық шараларға қол жеткізіп, сондай-ақ патриоттық сезім мен азаматтық жауапкершілікті қалыптастыра отырып дамытуға және қолдауға болады. Заманауи технологиялар ізгілендірумен тікелей байланысып, жеке тұлғаның өзін-өзі тануы мен өзін елінің болашағымен байланыстыруына ықпал етуі керек. Балалардың бойында патриоттық сезім мен азаматтық жауапкершілікті қалыптастыру, олардың іс-әрекеті мен қосқан үлесі Қазақстанның дамуына қалай әсер ететінін комикстер идеясымен байланысты таныту ұтымды болмақ. Комикстер арқылы тарихи оқиғаларды таныта отырып, отаншылдыққа, ата-бабамыздың салт-дәстүрін, тұрмысын насихаттай отырып, өз мәдениетін білуді насихаттаймыз. Шапшаң, үдемелі уақыт кезеңіне сай жаңа ұрпақты инновациялық өнімдер арқылы мазмұнды танытып, құндылықтарды бойына сіңіруіміз керек. Аз ғана көлемді, аз ғана сөзді комикстің мәнін өзгертетін оның эмоциялығы мен экспрессивтілігі екені анық. Осы мақала жазылу кезінде шағын комикстер сериясы салынды және басқа да балалардың комикс салуына көмекші нұсқаулық кітапша құрастырылды.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Завадская А.В. Что такое комикс? URL: <http://zavadskaya.wordpress.com/2012/11/09/комиксы>
- 2 Нашхоева М.Р. Лингвистическая концепция эмоций и эмотивности текста// Вестник ЮУрГУ. Серия: Лингвистика. 2011. № 1 (218). URL: <http://cyberleninka.ru/article/n/lingvisticheskaya-kontsepsiya-emotsiy-i-emotivnosti-teksta> (дата обращения: 06.09.2014).
- 3 Столярова Л.Г. Комикс как тип дискурса// Известия ТулГУ. Гуманитарные науки. 2009. № 2. URL: <http://cyberleninka.ru/article/n/komiks-kak-tip-diskursa> (дата обращения: 08.09.2014).
- 4 Ф. Оразбаева. «Тілдік қатынас пен қатысым әдісінің ғылыми теориялық негіздері» Пед. ғыл. док. дисс. Алматы, 1996, 417 б
- 5 <https://massaget.kz/layfstayl/madeniet/37911/>
- 6 <https://qazcomics.kz/kz/comics/6/16>

ОРАЛХАН БӨКЕЙДІҢ ПОВЕСТЕРІНДЕГІ ӨМІР СҮРУ ФИЛОСОФИЯСЫ

ҚАСЫМ Т.

11 сынып оқушысы, Ш. Уәлиханов атындағы ЖОББМ, Ертіс ауданы
АУЛАБАЕВА Г. Ж.
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Ш. Уәлиханов атындағы ЖОББМ, Ертіс ауданы

Өмір деген не? Өмірдің мәні қандай? Бұл сұрақтың аясы кең. Жер бетіндегі күллі жұртты ойландырған сұрақ. Өмір сүрудің даналығын әрбір адам өмірінде өзі ғана түсінеді. Көргені, тоқығаны әр алуан орта бар, соның нәтижесінде әр адамның өз өмір сүру философиясы қалыптасады.

Өмір философиясындағы басты ұғым - өмірдің мәні мен мағынасын алуан түрлі, оны қай позициядан, қалай түсіндіруге байланысты.

Біз ХХ ғасырдың «тартылыс күшінің құпиясы тылсым талант иесі, Алтайдың кербұғысы деп аталып кеткен талантты жазушы Оралхан Бөкейдің повестерін талдай отырып, қаламгердің адам тұлғасын, адамзаттың бүгінгі рухани құндылықтарын, кейіпкерлердің өмір сүру философиясын, дүниетанымын қарастыруды жөн көрдік.

Оралхан өмір сүрудің мәнін табиғаттан іздейді. Біз табиғат арқылы тірліктің, өмірдің философиясын анықтауды Оралхан шығармалар арқылы ашқымыз келді.

Дүниетаным – жазушының өмірге, қоғам мен адам қарым-қатынасына, табиғатқа деген көзқарасының қалыптасқан жүйесі болып табылады [1; 76].

Қоғам мен адам, я болмаса табиғат пен кейіпкер проблемасы қашан да қаламгердің дарын мен парасат-білігін салмақтайтын әдебиеттің рухани өзегі.

Жазушының әр кейіпкері – өзінше бір-бір жұмбақ әлем. Жазушы өз кейіпкерлерінің іс-әрекетінен гөрі, олардың ішкі әлеміне, жан-дүниесіне көбірек үніледі.

Автор шығармаларында кейіпкер ой-толғаныстарының көбіне табиғат суретімен араластырып, астасып жататындығында. Өйткені, табиғаттың төл перзенті адам- сол табиғат иесін сезініп-түйсінген кезде оның арманшыл-қиялшыл болмауы мүмкін де еместей. Кейіпкер бейнесін табиғатпен байланыстыра суреттеу, табиғат пен адамның үйлесімділігіне көп көңіл бөлген.

Бөкейұлының барлық шығармаларында кездесетін тұрақты тақырып, ортақ желі бар. Адам мен табиғат, олардың әлім-сақтан туыстығын, тұтастығын жазушыны тап басып тани біледі, сүйсіне суреттеп, жарқырата жазады.

Оралхан Бөкей шығармаларында өмір сүру мәселесіне байланысты екі тенденция бар.

Бірі – табиғатпен біте қайнасып кету, адамдар қоғамынан тыс өмір сүру. Екіншісі – табиғатқа қамқор бола отырып, адамдар қоғамында өмір сүру.

Автор өзінің табиғат туралы концепциясын адамның іс-әрекетімен аша түседі. Оның шығармаларындағы «Адам – табиғаттағы артық нәрсе». Адам кей жағдайда жалпы тіршіліктегі біріншілікке ұмтыла отырып, өзіне де, өзгелерге де зиянын тигізеді. Ол өзіне дейінгі қалыптасқан дүниені өзгертуге тырысады, бірақ ол оңай шаруа емес. Адам өзін дүниеге бағынып отырғандай сезініп, сол себепті осы қиындықты айналып өтетін жол іздей бастайды. Оралхан Бөкей табиғатты ақылды, әділетті, бірақ адаммен қарама-қайшылықты дамыған деп суреттейді. Автор адамды табиғаттың өгей баласындай суреттейді: «Адамнан өткен қаскөй не бар екен бұл жалғанда: ендеше табиғатқа біздерден өгей ештеңе де жоқ, ештеңе де, тек екі аяқтылар ғана артық, сол керексіздігімізді жасқана жасырамыз, жанталаса қорғаймыз... Адам баласы жаратылыстан бәрін алып, тауысуға айналады, ал өзіміз не бердік сол табиғатқа. Түк те берген жоқпыз. Адам баласы жаратылыстың астын тындап,

үстін шындап зерделеп, танып білді, тек қана өздерін өзі зерттеп, дөп басып, тани алмай жүр» [2; 276].

Соңғы жылдарда кеңістік пен кейіпкер қатынасын көркем зерделеу нәтижесінде өніп шығып, әдеби тенденциялардың бірі ретінде көрініс берген қазақ прозасындағы экзистенционалды «өмір сүру философиясы» ой ағымы бүгінгі күні айрықша назар аударуға сұранып тұрған мәселелердің ішіне енеді.

Бір сөзбен айтқанда, экзистенциалистер концепциясы әлем және жалғыздық ұғымынан өрбиді. Әлемдік философиядағы бұл бағыттың басты белгі – адам болмысына «Мен» және «Басқалар» ұғымы тұрғысынан келуі [3]. Осындай ой-тұжырымдардың негізгі құяр арналарының бірі – адам өзінің әлемдік жалғыздығын түйсіну арқылы қоғамнан, сондағы қалыптасқан қатынастар мен нормалардан жатсынуы. Ол – экзистенциализмнің мәдени құлдырау, рухани дағдарыс кезінде күш алатыны. Оралхан Бөкей прозасындағы экзистенционалды «өмір сүру философиясын» ұстанған кейіпкерлердің бірі – Қоңқай шал.

Ол қоғамнан безінген тұста ішкі үйлесімді табиғаттан табады. Қоңқай мен сиыршы шал Оралхан суреттеген кеңістіктің тартылыс күшін реттеп тұрған екі полюс секілді. «Қоңқай мемлекетінің» өзіндік заңдары мен философиясы бар. Қоңқай болмаса тыныштық пен жақсылықтың күзетшісі – сиыршының да болуы мүмкін емес. Жазушы ойынша, табиғат қаталдығы – қажет нәрсе.

Оралхан Бөкейдің адам – жұмбақ, ғалам – жұмбақтың тереңіне үңілген ізденісін танытатын шығармасының бірі – «Қар қызы» повесі. Жазушы повесте табиғатты негізгі фон ретінде ала отырып, оның құпия-сырларымен бірге адамның дүниетанымын, жан сырын ашуға ұмтылады.

40 градус суықта шөпке шыққан үш жігіттің үсіп өлу қаупі туады. Сөйтіп, өмір мен өлімнің күресі басталады. Міне, осы кезде кімнің кім екені танылып, ашыла бастайды.

Жылынар пана таппаған үшеуі ұйықтап кетіп, жан тәсілім етудің аз-ақ алдында ғана қалады. Қар қызының рухы Нұржанды оятып алады. Нұржан қиялындағы, ел ауызындағы Қар қызы-осы Алмажан болып шығады. Сонымен, Қар қызының мекені Айыртаудың теріскейі екен. Оралханның «Қар қызы» повесіндегі өмір сүру философиясы: адам өлсе де, егер табиғатпен сабақтаса, табиғаттан қол үзбесе. кез келген тіршілік жалғасады. Осы Алмажан мен Қоңқай образдар арқылы танимыз. Оралхан Бөкейдің «Қар

қызы» повесінің шыншыл шығарма болып түзілуі – автордың көрген-түйгені, өз басынан кешкен оқиғалары әсер еткенінен [4].

Профессор Тұрсын Жұртбай: «Жалғыздық – Оралхан Бөкейдің шығар- маларындағы басты желі, көркем түйсіктің тереңінде ұйлыққан көңіл ауаны, пендеге тиесілі жазмыштың сыйы деңгейінде шендестірілген көркем бейнелеу жүйесінің жиынтығы, иірілген ойдың шүйкесі міндетін атқарды... [5; 1].

Қоңқайлық жатсыну Еріктің де бойында бар. «Атау кере» романының ең негізгі көтерген тақырыбы - адамның адамдық болмысы, қаймағы бұзылмаған табиғат аясында барлық бәле сұмдықтан алыс, өз қиялымен өзі қолымен жасап алған «жұмбақ» әлемінде күн кешкен адамның тіршілігі суреттелген.

Таған, Ерік, Айна - шығармадағы үш негізгі арнаны құрайды, үшеуі - үш әлем, үш категория.

Таған –зиялы қауым өкілі, біз айтып отырған үш арнаның прогрестік, дамушылық мазмұнын білдіреді. Таған табиғатты сүйеді сүйсінеді, анамыз деп түсінеді. Тағанның: «Неге біз осы..., Оу, ағайын, ес-ақылдарынды жиыңдар! Біз қатыгезденіп барамыз. Біз имансызданып барамыз...» деген сөздері күллі қоғамға үндеуі сияқты көрінеді [2, 353]. Міне, сол жазушы «ойын арқалап жүрген кейіпкеріміз», әрине Таған. Оның өмірге, табиғатқа, жалпы адамзат, қоғам, тіршілік, ұрпақ тәрбиесі т.б. толып жатқан пікірлері еріксіз оқырманды бір ойға жетелейді. Өзінің терең ойын теңгере алмаған ақылсыздардың саяз ортасынан орын таба алмаған кейіпкер жалғыздық күй кешеді. Бұл жалғыздық - рухани жалғыздық еді.

Тағанның бүкіл айтар ойы, түйінді пікірі - жазушының ішкі ойымен астасып жатыр. Тағанның теория, ғылым жүзінде зерттеп, талдап, енді мемлекеттік ауқымда жүзеге асырылуы керек деп санап жүрген шаруашылық жүйесіне қатысты өзгерістердің кей түрін оның жерлесі Ерік жеке өзінің «мемлекетінде» іске асыра бастаған. Ерік - үш арнаның ішінде кері тартқан, регрестік, зұлымдыққа, қиянатқа апаратын апатты бағыттың уәкілі.

Еріктің бүкіл тірлігі баянсыз болып, тіпті адам емес, жәндік-сонаға айналып қорлық күйде өлуі себебі: Табиғат ананың омырауын суалғанша сорып, жат, арамза тірліктің құрбаны болды, тек тұтынушы. Құрт тірліктің арты неге апарды? Өзіне де, өзгеге де бақыт сыйламайтын байлықтың қайыры жоқ. Ерік- қауіпті бұдан, артында қалар ұрпағының да керек еместігі сондықтан. Оның жалғасы жоқ. «Көптен кеткен көмусіз қалар» деген халық нақылын бекер келтірмесе керек.

Тілінен, дінінен, ұлттық құндылықтарынан құр алақан калатын келешек ұрпақтың тағдыр талайы таразыға түскен бұл шығарманың жалпы көтеріп отырған тақырыбы адам бойындағы ізгі қасиеттерден із қалмауы, ата-баба дәстүрін сақтамау, қаламгерді түбінде имандылыққа илана қоймайтын дүбәра ұрпақтың келешегі алаңдатады.

Бүгінгі таңда қоғамымызда қауіпті будандасқан ара сияқты өзге ұлтқа тұрмысқа шығып жатқан қыздардың ұрпағы да бізге жерсіне ме, сіңісе ала ма? Әлде ұлтымызға тонған қауіп-қатері басым болып келе ме деген ой туындайды. Жалпы, шығармада аралардың тірлігі кең ауқымды символикалық мәнге ие болып, қажетті сәттерде әрдайым адамдардың әрекетімен философиялық тұрғыда ұштастырыла бейнеленеді.

Шығармада автор бүкіл адамзатқа ортақ проблеманы қозғаған деп ойлаймын. Ерік мансап пен ақшаның соңында жүріп жақындарын ұмытып кететін Ерік сияқты адамдардың барлығын сынға алған. Еріктің есіл-дерті ара кәсібі, жаңа будандасқан түрін алу болады. Ең алдыменен шығармадағы Ерік өзінің қара басының қамын бірінші орынға қойған, ақша мен атаққа мастанған, қоғамның зиянды өкілі деп білемін. Жалғыз анасынан ақшаны артық көреді. Бар есіл-дерті – араның жаңа будандасқан түрін шығару. Осы жолда ол сүйген жарына да, досына да, туған анасына да қарамайды. Ерік осындай жолға қалай түсті? Менің пікірімше, рухани әлсіреу адамдарды жат мінездерге, теріс әрекеттерге итермелейді. Оның салдары адам тағдырының күйреуімен аяқталады. Ерік алдына қойған мақсатына жету жолында ешкімді тыңдамайды. Сол қырсық мінезі соңында отбасының күйреуіне әкеледі. Өзі әкелген жаңа будан ара шағып, анасы о дүниелік болады. Анасына соңғы дәмі «атау-кересін» де өз қолымен бере алмайды. Қоғамда Еріктердің осы типтері де баршылық. Мысалға, «Қарттар үйі», «Жетімдер үйі», «Мүгедектер үйі» осындай Еріктердің қолымен жасалған.

«Бәрін табиғаттан үйренеміз Өмір сүруді арадан үйренуіміз керек шығар... Араның байлығы адамдар үшін, ал біздікі... біздікі өзіміз үшін.»- өкінеді рухы таза Айна. Туындыдағы тұғырлы үш арнаның бірі – сұлулық пен әдемілік, махаббат қуаты- Айна образы. Айна - құдай қосқан қосағына жан-тәнімен, ақырына дейін берілетін қазақ әйелдерінің дәстүрлі типінің жарқын өкілі, айнасы. Ол күйеуінің артынан еріп, айдаладағы тау арасына барып бірге тұрып, табиғаты қатал ортада жан бағудың барлық қиыншылықтарын қайыспай көтерісіп, сал болып қалған ауру енесін

қабат шытпай бағып-қағады. Жаңа келін болып түскен Айнаның ерекше жаратылысын, нәзік табиғатын, аса қамқорлығын, ұлттық психологияға тән портретін мінездеу ашық тұрғыда сипатталады.

Айнада реніш те, зіл де жоқ, керісінше, нәзік әйелдің қатал еріне деген таңырқауы, сонымен бірге нәзік құрмет пен нәзік сезім жатыр. Адамның адамгершілік қасиетін анықтауда, оның рухани байлығын биік азаматтық тұрғыда түсіндіруде махаббат тақырыбының ерекше маңызы бар. Күйеуінің тоң мойын тұйық мінезін Айна тек қана күлкіге айналдырып, әзілге жеңдіріп жүреді. Талданып отырған «Атау кере» повесіндегі қазақ келініне тән барлық асыл қасиеттерді бойына жинақтай білген Айнаның Ерік екеуі екі жаққа жолдарының айрылуы оқырман жүрегін жаралайды. Бірақ Айнаның ерінен кетуі «қолда барда алтынның қадірі жоқ» деген халқымыздың нақыл сөзін ойымызға оралтады.

Оралхан Бөкейұлы кейіпкері имансыздық пен рухани жұтандық жайлаған қоғамнан безінген тұста ішкі үйлесімді табиғаттан табады. «Атау-кере» повесінің композициялық түзілісіндегі Таған мен адам көзінен таса тіршілік еткен Шал желісінің жазушы философиялық ойындағы өзекті айқындау үшін мән-маңызы үлкен. Шалдың өгей тұрмысы бүгінгі заман тірлігімен мүлде қабыспайтын үңгірдегі мекені, тіпті тұрмыс заттарының саналы адамзаттың алғашқы қауымында дүниеге келгендей әсер қалдыратыны жазушының түпкі байламынан сыр тартады «Мен қазақтың атом апатынан да, бүлінген ауадан да, ішімдік пен аяқтан шалар ағайын алауыздығынан да ада, таза да тәкаппар ұрпағын тәрбиелеймін...» Бұл – Шалдың адамдар ортасын жатсынған тіршілігі, одан табиғи жарастық таппауы – руханилық дағдарысты барынша сезініп, өз тарапынан жасаған таңдауы.

Жер бетіндегі миллиондаған адамдар қаншалықты бір-біріне ұқсамайтын, әйтеуір бір ерекшелігімен дараланса, олардың мінез-кұлқы, жан-қалтарыстары да соншалықты өзгеше, ешқандай ілім-білімнің қолынан келмейтін жұмбақты дер едім.

Жазушы әр шығармасында табиғат пен адам арасында гармониялық үйлесім болуын тілейді. Осы табиғаттың керемет сұлулығын адамдар көбіне көп түсіне бермейді. Ал адам табиғаттан қол үзбеу керек. Адамның адамшылығы сақталуы үшін.

Оралхан Бөкей шығармаларында адам мен табиғаттың ара-қатынасы: өмір сүру формасы. Жазушы адамның өмір сүру формасын табиғатпен бірге алады, себебі: адам-табиғат баласы, табиғаттың бір бөлшегі.

Өмір адамдарды құрметтеп, ардақтап, сыйлап өтуі керек. Өйткені өмір адамға бір-ақ рет беріледі. Өмір сүрудің ең жақсысы - айналаңа жарық тарату.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Абилямажинова А.Б., Байбатанова Ф.И. Оралхан Бөкейдің көркемдік дүниетанымы.- Вестник КАСУ, 2010. № 2.
- 2 Бөкей О. Екі томдық таңдамалы шығармалары. – Алматы: «Жазушы», 1994. - 1 т. - 496 б.
- 3 Адам мен табиғат біртұтастығы. Н.Айдархан <https://articlekz.com/kk/article/>.
- 4 Ө.Сансызбай.Оралхан Бөкейдің «Қар қызы» повесіндегі образдар жүйесі. Сюжеті мен композициясы.
- 5 Оралхан Бөкейдің «Қар қызы» шығармасындағы «уақыт», «кеңістік», «жалғыздық» концептілері. Мыңжасар Л., Мұратбекова А.М.
- 6 Жарылғапов Ж.Ж., Кенешова Л. Оралхан Бөкей туындыларындағы кеңістік пен кейіпкер концепциясы.
- 7 Г.Б.Найманбаева., К.Н.Әлікенова. О.Бөкеевтың көркемдік-философиялық ой әлемі.
- 8 Ахметжан Т. Оралханды ойлағанда...//Қазақ әдебиеті газеті. 21.09.2004.

ТЫНЫШТЫҚБЕК ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ КӨРКЕМ СӨЗ АЙШЫҚТАРЫ

КЕНЖЕГУЛОВА И. С.
7 сынып оқушысы, Майқоңыр ЖОББМ,
Ертіс ауданы, Павлодар облысы
КЕНЖЕГУЛОВА А. Г.
ғылыми жетекші, ағылшын тілі пәнінің мұғалімі,
Майқоңыр ЖОББМ, Ертіс ауданы, Павлодар облысы

Қазіргі қазақ поэзиясын тың арнаға бұрып, өлең техникасы мен мелодикасына, көркемдік әлеміне ерекше жаналық әкеліп жүрген, құбылысқа айналған ақындарымыздың бірі - Тыныштықбек Әбдікәкімов.

Тыныштықбек Әбдікәкімов Абай туған топырақта 1953 жылы 20 шілдеде дүниеге келген. Жұртшылыққа «Ақшам хаттары», «Ырауан» атты жыр жинақтарымен, «Қас. Сақ. Аңқымасы» атты философиялық еңбегімен танымал. «Қас. Сақ. Аңқымасы»

атты философиялық еңбегінде әлем халықтарына ортақ ежелгі ғарышнамалық ұғымдар мен қа-ғидаларды қазақи ұлттық дүниетаным арқылы сараптауы әрі өзіндік пайымдауы бойынша жазылған. Қазақ халқы өзін-өзі қалай тану керектігі, қазақ сөзінің құдіреттілігі, алуан қасиеттілігін акын талмай ізденіп, оны әр қырынан дәлелді түрде баяндайды [1, 25 б.].

Тыныштықбек Әбдікәкімов – қазіргі қазақ поэзиясына өзіндік үнмен, тың толғаныспен келген дара ақын. Оның өлеңдері қазіргі тынышсыз әлем секілді мейлінше күрделі. Бұрқ-сарқ қайнап жатады. Жұмбағы мол. Тұңғығы терең. Кей өлеңдерін түсіне де қабылдай алмай жататының тағы бар. Өйткені жаттанды ой, жаттанды тіркес жоқ. Бәлкім, ақынның өлеңдерін толықтай қабылдау үшін оқырманның белгілі дәрежеде ішкі дайындығы мен үндестігі болуы қажет шығар.

Қалай дегенде де, ол суреткер ақын ретінде дүниені тану өзгешелігімен, соны әдемі өрнектеп, оқырманына ширықтырып жеткізе алуымен дараланып жатады. Оның туындыларындағы тосын сөз құбылтулардың көптігі соншалықты, қолыңа қаламың мен дәптерінді алып жаза бастасаң, көп қазынаға кезігетінің тағы шындық.

Тыныштықбек Әбдікәкімов өзіндік дара жолы бар, елең еткізер айырықша ақын. Оның өлеңдерін оқып отырып, оны біреуге еліктеп өлең жазатын ақын деу артық болар.

Мұның сыры неде дерсің, біздіңше, Тыныштықбек ақын әу бастан ақындық өнерде өзгеге ұқсамауды, біреудің көлеңкесінде қалмауды өзіне серт еткен сияқты.

Қазіргі уақытта әлемдік поэзияда, оның ішінде қазақ өлең өлкесінде ақын қаламына ілікпеген тақырып жоқ болар. Алайда соны өзгелерді қайталамай, өзіндік әлеміңмен жырлау, оқырманыңа тосын сыр айтып, қиялына қанат бітіру, сөйтіп тамаша сурет, полотно жасау – үлкен шеберлік. Біз ақынның ауыл өмірінен жазылған жырларынан осыны аңғардық. Бұл үшін алысқа бармай-ақ кітаптың беташар өлеңіне көңіл аударып көрелік.

Бүгінгі күні қазақ поэзиясы Тыныштықбек Әбдікәкімов арқылы жаңа көркемдік биікке көтеріліп отырғаны баршаға аян. Оның шығармашылығынан ұлттық рух, ұлттық бояу, ұлтжандылық иісі аңқып тұрады. Ақын өлеңдері ұлттық сезімімізге өзгеше сәуле түсіріп, ой-санамызды, әдеби қиялымызды барынша байытып, жаңа қиырларға бастап, тосын қияларға шығаратыны сөзсіз. Оның өлеңдерін оқып отырғанда ауыл, туған өлке, таныс табиғат, бақташылар өмірі сол баяғы күйінде көз алдынан өтіп жатады.

Нағыз казактың иісі анқып тұрған «Мерей» өлеңіндегі мына бір шумақтарға назар аударайықшы:

Ауылым болушы еді күнде боран,
Өзгеріп кетті қазір мүлде балаң.
Қаздардың қаңқылынан қаймақ жалап,
Түнде сал Ай сәулесін тыңдап алам.
Мендегі сөз – құлынды, көз – боталы.
Бұл дәурен қайталанса жазда тағы!..
Мамырдың майын бұлттар бүркіп өтіп,
Топырақ жапырағын маздатады.
Бір білсе жер қадірін, тау қадірін,
Білер ме жусан емген марқа түлік...
Қыз-Көктем көл басына асығады,
Бұрымы бұлт ішінде тарқатылып, –
Керемет сөз кестелері арқылы өрілген мұндай қазақы өлеңді

оқығанда қалай ғана селт етпей қаларсың?

Дәл осы өлең жолдарынан ақынның суреткерлік қиялының соншалықты кеңдігі аңғарылады. Бұл ұғымдар қара сөзге, қарапайым түсінікке сыймайды, ал поэзияда керемет жарасымдылық тапқан және де ақынның суреткерлік дүниетанымының қуатын, кеңдігін айқындай түскен.

Жалпы Тыныштықбек ақын поэзиясында поэтикалық кеңістік, бейнелілік бірінші кезекке шығатын тәрізді. Ондағы өмірдің талай ауыр соқпағынан туындаған ой, өмір тәжірибесінің өзі поэтикалық образға айналдырылып беріледі [2, 32 б.].

Қазақ поэзиясында ауыл туралы жыр мол. Ауыл – қазақ өмірінің, салт-дәстүрінің, тіршілігінің тірегі. Ауыл – өткен күнін, ата-ананды сағыну. Сол себепті ауыл тақырыбының ақындардың жырларынан орын алуының табиғи негізі бар. Ал жоғарыда біз келтіріп отырған өлең жолдарын мына ақынның туындысына ұқсайды, не мына өлеңнің сөз қолданысы қайталанған деп айта алар ма едік. Бұл, біздіңше, ешкімге ұқсамайтын ақын көңілінің өз олжасы. Ақын неше жылдар алыстап кеткен ауылына деген сағыныш сырын әдемі суретке айналдыра жырлайды. Нақ осы тың поэтикалық суреттер өлеңнің бәсін еселеп көтеріп, оқырманының көз алдына бұрын білсе де, дәл мұншалық көркем сезінбеген тосын бейнелерді тосады. Ақын ауылымды сағындым, ауылым керемет деп жалаң жырламайды, соны поэтикалық сырмен аңдатады.

Осы ойды «Сақманда», «Ауыл кеші», «Көктем», «Түз тағысы», т.б. өлеңдерінде өрбітеді.

Тыныштықбек Әбдікәкімов қазақ жырының бағына туған дара талант иесі. Оның поэзиясындағы ерекше тоқталатын жай - ақынның ерекше образды, бейнелі сөз кестесі. Нағыз ақындық нақыш сөзбен салынған сурет, таптырмайтын теңеу, орамды айтылған ой, селт еткізетін сезім, қиюы келіскен ұйқас, тосын түйін жаңаша жазатындығын жазбай танытатын осындай-осындай шеберліктің шынайы белгілері Тыныштықбек Әбдікәкімов өлеңдерінде көптеп кездеседі [3, 65 б.]. Мысалы, мына бір әдемі метафораларға көңіл аударайықшы.

Мендегі сөз - құлынды, көз боталы...
Бұл дәурен қайталанса жазда тағы!..
...Қыз - көктем көл басына асығады
Бұрымы бұлт ішінде тарқатылып.

Ақынға ерекше шабыт әкелер көктем табиғатын «бұрымы тарқатылған қыз» бейнесінде суреттей отырып, өзінің де терең ойға шомылар шабытты шағын «құлынды, боталы» деп ауыстырады, ол ар жағынан тугалы тұрған түйдек-түйдек жыр екені сөзсіз. Жалпы ақын лирикасында рәміздік бейне ретінде тау, сай, ай, жұлдыз, бұлт, боран, күн, тұман, самал, шерлі тұз сияқты табиғат құбылыстары мен бөлшектері жиі кездеседі және әрқайсысын түрлендіріп қолданады. Мысалы, бір ғана түннің өзін қара түн, қорқынышты түн, суық түн, бөрте түн, көк түн деп көңіл - күйіне қарай құбылта қолданады. «Бүйен-сайға құйылып уыз тұман», «Көшеде күз көңілде - көктем есен», «Көз ашпаған бір мұңның бөлтірігі», т.б. көптеген әдемі метафоралар мен «Көгілдір нұр төгіп тұр көкте жұлдыз», «Қаз дауысы аңқыған қоңыр желге», шегірткенің інжулі шырылынан», «Жыртық көңіл онымен жамалар ма?» деген айшықты эпитеттер Тыныштықбек Әбдікәкімов тілінің көркемдігін танытады деп білемін.

Марқа - көңіл маңырап болмай қойды,
Терезеден Ай қарап теке мүйіз...
Сол жылы Күн де жиі қызарақтап,
Ал түнде ай қарайтын шекесінен...
Бұлтқа сүйеп маңдайын, қыбыр етпей,
Тау басында әлі отыр Ай құнысып.

Өлең шумақтарында метафора, эпитет, кейіптеулер ете орынды қолданылған. Өлеңдерінде Айдың өзін бірде эпитет, бірде метафора, бірде кейіптеу ретінде алып түрлендіре қолданады. Қалай суреттесе де өлең көркемдігін асқақтата түседі. Ақын нені суреттесе де өзіне таныс өмірден алыс кетпейді, ұлттық бояу, ұлттық нақышпен

өрнектейді. Ал мынадай орынды теңеулерді басқа ақындардан кездестірмедім.

...Ай да туар сақалындай ешкінің,

Ол да өзгермес, жарықтық....

Түтіндеймін еріксіз...

Сүлейменнің

Құмырасы секілді жын қамалған.

Жалпы мұң мен зарды, ар мен ұятты, жауыздық пен жақсылықты, пасықтық пен адалдықты бір-біріне қарсы қоя отырып суреттеу жиі кездеседі.

Ақын өлеңдерінде бір мұң, бір сыр аралас назды сарын басым, яғни, ақын элегиялық сарындағы шығармаларды көп жазады. Сондай-ақ өлеңдерді сюжетке құру, диалог, монолог арнау түрінде жазу кездеседі. Мұндай өлеңдері ойнақы жеңіл ұйқасқа құрыла отырып, оқырманды өзіне тарта түседі. Сондай өлеңдерінің бірінен мысал келтіре кетейін.

- Сені ғашық дейді гой?

- Ол кім тағы?

- Болды, болды, айта бер, тартынбағын...

Бәлкім, сорым, білмеймін, бәлкім, бағым,

Бар еді бір қарындас,

Ал тыңдағын....

Ақын өлеңдеріндегі тағы бір тоқтала кететін жай- онда аллитерация мен ассонанстың қолданылуы.

Қайдасың сен, бауырым- қоңыр тауым?!

Қайдасың сен, самал жел қарындасым?!

Қайнамайды мендегі қалайша қан:

Қаңтарда да көрмедім балауса қар!....

«Қ» дыбысының қайталануы лирикалық кейіпкер толғанысын жеткізуде орынды қолданылған. Мұндай дыбыстық қайталаулар аын өлеңдерінде көптеп кездесе отырып, оның сөздік қорының да мол екенін танытады.

Т.Әбдікәкімов өлеңдерінің көркемдік ерекшелігін осылайша зерттей отырып, оның бос сөзді, жеңіл ойлы ақын емес, көркем сөздің құнын түсінетін, оны орынды қолдана білетін шешен тілді, терең ойлы, нағыз қазаққа тән сөз қолданысы мен мінезі бар ақын екенін таныдым. Оның ұлтжандылығы мен адамгершілігі, қарапайымдылығы, мықтылығы, қайсарлығы, даралығы қазақ поэзиясына тән қасиет деп білемін. Кейінгі жас ақындар оған еліктейтіні сөзсіз. Олар Тыныштықбек Әбдікәкімовтей бола алмаса

да, оның өлеңдеріндегі жоғарыда аталған қасиеттерді бойларына жинастыра алса, сол арқылы қазақ ақындары салып кеткен дара жолды жалғастыратыны сөзсіз.

Т.Әбдікәкімов поэзиясы қыры-сыры мол, әлі де көп зерттеуді қажет ететін қызықты да құнды зерттеулер көзі деп айтқым келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Т.Әбдікәкімов. Ақшам хаттары (өлеңдер, балладалар. толғаулар). А., «Жалын», 1993., - 98б

2 З.Қабдолов. Сөз өнері (монография). II том. А., 1983. – 320б

3 А.Сапышев. Ақын. «Ертіс өңірі», 2003., -188б

БАЛАЛАР ӘҢГІМЕЛЕРІНІҢ ЖАНРЫ

ЕРЕЖЕПОВА Ж. М.

қазақ тілі мен қазақ әдебиеті мұғалімі,

№23 ЖОББМ, Абай облысы, Семей қ.

КУРБАНОВА Г. Н.

11 сынып оқушысы, №23 ЖОББМ, Абай облысы, Семей қ.

Балалар әдебиеті әдебиеттің өз алдына жеке дара саласы болғандықтан, бұл саланың өзіне тән ерекшелігі, тілі мен өзіндік бағыт-бағдары бар. Яғни, балалар әдебиеті – қазақ әдебиетінің бір арнасы. Оның да өсу, өркендеу жолдары бар. Басында жалпы әдебиеттік мұралармен бірге дамып келсе, соңынан өз алдына дараланып, өз ерекшеліктерімен таныла бастады. Балалар әдебиетінің басты ерекшелігі – тақырыбында, екіншіден, бала тіліне лайық көркемдігінде, үшіншіден, көркем шығармада балаға тән юмордың болуы, төртіншіден, тәрбиелік-танымдық, дидактикалық ұғынықтылығы. Сондықтан баланың қажеттілігінен, сұранысынан, талабынан шығу үшін оларға тән қылық, мінез керек. Ол үшін көркем шығарма шынайы, табиғи суреттелуі қажет. Онсыз баланы алдау мүмкін емес. Бірақ ол шындық қоғам дамуына сай өзгеріп, уақыт талабынан шығып отыруы керек.

Балалар әдебиеті – балалар өмірінің энциклопедиясы деуге де болады. Балаларға арналған шығармалардың тәрбиелік-танымдық қызметі балалардың рухани мәдениетін байытып, туған елі мен жерін сүйуге, ата-анасын сыйлауға, үлкенге құрмет көрсетуге, имандылыққа тәрбиелеуден көрінеді.

Балалар әдебиеті жас ерекшеліктеріне байланысты бірнеше салаға бөлінеді. Балаларға арналған шығармалар жасөспірімдердің ой-өрісін, сана-сезімін дамытып қана қоймай, оларға заман талабына сай тәлім-тәрбие беруге бағытталатыны сөзсіз.

Қазақ балалар әдебиетінің тұңғыш үлгілері, балалар әдебиеті ғылымының алғашқы қалыптасуы педагог, жазушы, аудармашы, «балалар әдебиетінің атасы» атанған – Ы. Алтынсарин есімімен тікелей байланысты. Оның өнер-білімге тәрбиелейтін, этикалықэстетикалық тәрбие беретін өлеңдері мен әңгімелері ауыз әдебиетінен, фольклордан балалардың тіліне, ұғымына лайық шығармаларды іріктеп, орыс балалар әдебиетінен қысқа да қызықты әңгімелер аударып, құрастырып шығарған оқулығы балалар әдебиетін және оның ғылымын қалыптастырудың негізі болмақ. Ы. Алтынсариннің «Қырғыз (қазақ) хрестоматиясы» (1879) – қазақ балалар әдебиетінің тұңғыш классикалық жинағы.

1912 жылы орыс ақын-жазушыларының мысалдарын қазақ тіліне аударып, С. Көбеев «Үлгілі тәржімә», «Үлгілі бала» оқулығын шығарып, балалар әдебиетінің қалыптасуына үлес қосты.

Жанр – тек типологиялық қана ұғым емес, ол – әрі тарихи ұғым, құбылыс, категория. Сондықтан жанрды зерттеу үшін оның қашан, қай дәуірде пайда болғанын анықтау аса маңызды. Өйтпеген жағдайда зерттеп отырған жанрдың басқа жанрлар арасындағы ролі мен орнын, маңызын ашу, сондай-ақ оның өзіндік қасиеттерін анықтау оңай емес.

Әңгіме ұғымының жанрлық сипатын айқындайтын болсақ, «Әңгіме – бұл қысқа новелладан гөрі сюжет арқауы қиындау құрылатын, өмір құбылыстарын ықшамдап түйгенімен, оған терең мағыналы идея сыйғызып, болмысты сатылатып, дамытатын өте елгезек, икемді форма. Негізгі мақсат – бір ғана мәселенің, бірер ғана кейіпкердің төңірегіне бағыныңқы болу. Әңгіме жанрының өзіне тән басты қиыншылығы сол, ол қашанда қиыннан қиыстырып, қысқа жазылады» [1, 342 б.].

«Әңгіме жанрына ықшамдылық жарасады. Соның өзінде етек жеңнің қысқалығы емес, бойға шақ қонымды болуы керек» [1, 38 б.].

«Әңгіме жанры бір ғана көңіл-күйдің, эмоцияның, бір мұраттың жемісі» [3, 6 б.].

Жоғарыда айтылған пікірлерді жинақтай келе, әңгіменің өзіндік ерекшелігін З. Қабдоловтың Паустовскийдің мына сөздеріне сыйғызған тұжырымын негізге алуға болатын сияқты: «Әңгіменің ең елеулі ерекшелігі – жинақылығы, ал «нағыз күшті, нағыз күдіретті

проза – жинақы проза», одан басы артық айтпауға болмайтын шындық қана қалған... Жинақылық – мұқият мықтының ісі» [4, 303 б.].

«Әңгіме – шеберлік мектебі» десек, бұл шағын жанрдың балалар әдебиетінде арқалар жүгі ауырлаған. Себебі, балалар жазушысы болу табиғи дарын мен шеберліктің, терең сезімталдық пен ұшқыр қиялдың қиысып, гармонияда, яғни үйлесімділікте болуын қажет етеді. Осы орайда В.Г. Белинскийдің балалар жазушысының болмысын тұжырымдаған кесек ойы біздің ойымызды шегелей түседі. «... должно родиться, а не сделаться детским писателем. Это своего рода призвание. Тут требуется не только талант, но и своего рода гений...»

Да, много нужно условий для образования детского писателя: нужна душа благодатная, любящая, кроткая, спокойная, младенчески простодушная, ум возвышенный, образованный, взгляд на предметы просветленный, и не только живое воображение, но и живая, поэтическая фантазия, способная представить все в радужных образах. Разумеется, что любовь к детям, глубокое знание потребностей, и оттенков детского возраста есть одно из важнейших условий» [5, 104 б.].

Сонымен, әңгіме – көркемдік мүмкіндігі бай жанр. Проза жанрының өз тарихы, даму жолдары бар және оның өмірге келуі, қалыптасуы әр ел әдебиетінде әрқилы. Жалпы әлем әдебиеті қисынында (оған дейін «новелла» деп келген, кейінгілер бірде әңгіме, бірде новелла деп алмастыра айтып кету себебінің бір ұшығы осыдан болса керек), «әңгіме» термині өз құқығын 1830 жылдан бастап алған болатын. А. Байтұрсынов «Әдебиет танытқышында» ұсақ әңгіме деп бөліп атаған.

Т. Нұртазин әңгіме – жауынгер, барлаушы, жалынды жанар дей келе, күнделікті өмір тынысын көркем баяндайтынына тоқталған. Бұған қоса, әңгімені оқу үшін көп уақыт керек емес (Эдгар По пікіріндегідей) [6, 54 б.].

Қазақ әңгімелері қалай дамуда? Шағын жанрдың әдебиеттегі орны қай деңгейде? Бұл сұрақтарға жауап ретінде әңгіме жанрының кішілігі, шағындығына қарамай, өмірдің үлкен мәселелерін көтеретіндігі айтылады. Сондықтан әңгіме прозаның ең қажетті, бөлінбес бөлігі екендігі дау тудырмайды. Әңгіме жанрының біртіндеп толысып, толығы – заңдылық. Бұл жерде З. Қабдоловтың «әңгіменің жанрлық табиғаты құбылмалы» деген пікірінің зерделі айтылғанын атап өту керек. Себебі, әңгіме жанрының табиғаты – шығармашылық ойдың, сергек сезімнің, ұшқыр қиялдың ұштасуына тәуелді болады. Ал, сіңісті қағидаларды өзгеріске әкелетін жайт

– жазушы шеберлігі екендігі әдебиетшілерге аян. Бұдан келіп шығатын түйін: әңгіменің табиғатын тап басып айтқан анықтамалар мен оның жанрлық ерекшеліктерін айқындайтын қисындар осындай әдеби ілгерілеудің нәтижесінде үнемі жаңаланып отыруы тиіс.

Жалпы әңгіменің түрлерін шартты түрде сипатына, тақырыбына, жанрлық ерекшелігіне қарай үш топқа бөлуге болады. Сипатына қарай: әзіл, романтикалық, реалистік, қызықты оқиғалы. Тақырыбына қарай: философиялық, тарихи, автобиографиялық, сатиралық, психологиялық, символдық, көңіл-күй (лирикалық), фантастикалық. Жанрлық: әңгіме-очерк, әңгіме-монолог, қысқа әңгіме (этиюд), аңыз әңгіме т.б.

С. Қасқабасов: «Сөз жоқ, әр жанрдың қалыптасқан, тұрақталған белгілері болады. Ол көп жағдайда шығарманың композициясында, сюжеттік құрылымында, баяндау «пішіні» мен көркемдеу құралдарында сақталады» [7, 195 б.], – деуі, Чеховша айтқанда, әңгіме құрылысында сюжет желісі, баяндау айрықшалығы, кейіпкерлерді даралауда тепе-теңдік ырғағы сақталуы және өте таныс көркем мәтіннің өзін оқи келе жаңа қырларын тануға мүмкіндік, Қабдоловша түйіп ескерсек, әңгіме – әсем жанр екендігі мен жазушы-әңгімешіге берілген талап биігінен шығу сыны тұрады.

«Әңгіме – көркемдік қиоы оңайшылықпен табылмайтын қиын жанр», – деген сыншы С. Әшімбаев пікірімен толық келісуге болады.

Әңгіме шындық пен өмір құбылыстарының концептуалдық көріністері мен түсінігін анықтайды. Шағын жанрға жүгіну – кейіпкердің қоршаған орта мен ондағы өзінің орны жайлы көзқарастарын қалыптастыратын тәсілдер мен жағдайларды анықтап, кейіпкердің өзіндік дамуының динамикасын, ересек адамдармен қарым-қатынасын бақылауға мүмкіндік береді.

«Әңгіме – шеберлік мектебі», сондықтан балалар әдебиетінде әңгіме жанры әрі қиын, әрі қызықты жанр болып саналады. В.Г. Белинскийдің «должно родиться, а не сделаться детским писателем» деген сөзіне сүйенсек, жазушы болу оңай емес, ал балалар жазушысы болу үшін тіпті, табиғи талант керектігін айтамыз.

Кеңес дәуірінде еңбек тақырыбы басты тақырыптардың бірі болғаны белгілі. Жеткіншектің жеке тұлға ретінде қалыптасуындағы еңбектің ролін, жас кейіпкер мен еңбектің арақатынасын тиісті дәрежесінде суреттеп жазу – қаламгер үшін жауапты міндет болған. А. Б. Өтегенқызы осы талапқа сай жазылған балалар шығармалары, ең алдымен, интернационализмді, патриотизмді, қоғамдық еңбекті, мемлекеттік билікті мақтауға тиісті болғандығын айтады [8, 64 б.].

Балалар жазушысы болу оңай еместігін ескерсек, қаламгерлердің балалар әдебиетіне неліктен бет бұрмайтыны белгілі болады. Әңгіме – шағын жанр, ал шағын жанр қиын болуы себепті балалар әңгімесіндегі кейіпкердің атқарар ролі де салмақты. Өмірдегі бір сәттік оқиғаны немесе бір жағдайға байланысты болған ситуацияны алып, сол арқылы характер жасау, характерді әрекет, үстінде ашу шеберлікті қажет етеді. Себебі «Характер дегеніміз геройдың әдеби портреті деген сөз емес, оны портрет жасағандай жасауға болмайды. Ол басқа кейіпкерлермен қарым-қатынас үстінде көрінеді» [9, 8 б.]. Яғни кейіпкер характері жалғыз тұрғанда ашылмайды, характерді ашатын нәрсе ол – қарым-қатынас, әрекет. Сондықтан жалаң баяндауға салынып кетпей, кейіпкерді іс-әрекет арқылы ашып, оқырманға әсер ете білу, осының бәрін бір әңгіменің бойына сыйғызу оңай іс емес дейміз.

Балалар жазушысы алдымен балаларды сүйіп, баланың жас ерекшеліктеріне қарай қажеттерін, өзгешеліктерін терең білуі қажет, психолог бола білуі қажет. «Кез-келген жазушы психолог бола білуі керек. Ол кейіпкердің типтік қарекеттерін суреттеп қана қоймай, сол қарекеттердің бұлтартпай сендіретін психологиялық мотивировкасын көрсете білген жөн» [10, 60 б.].

Балаларға арналған көркем туындының кез-келген элементі жеткіншек талғамын қалыптастырып, қызығушылығын қанағаттандыратын әсерлі болуы тиіс, балаларға арналған шығарманың әр бөлшегі баланың түсінігіне сай, тартымды болуы қажет. Әңгімедегі тартысты талдау арқылы кейіпкер харатерін ашуға негіз салып, жазушының кейіпкерлерге артқан негізгі міндетін, қаламгердің ой ағынын бағдарлауға болады.

«Балалар әдебиеті – кішкентайлардың үлкен әдебиеті» деген екен орыс жазушысы М. Пришвин. Ендеше сол кішкентайлар адамзат болашағы, ертеңі екенін есте сақтай отырып, сол келешек, болашақты тәрбиелейтін рухани күш балалар әдебиеті екенін ескеруіміз қажет.

Балалар әдебиеті – бүгінгі ұлттық әдебиетімізде көркемдік-шығармашылық және тағылымдық-тәрбиелік мақсаттарды басты назарда ұстап, балалардың жас ерекшелігіне қарай дамып келе жатқан сала. Бұл салада балалардың жастық, білімділік ерекшеліктері еске алынады. Олардың психологиялық өсу процестері ескеріледі.

Қазақ балалар әдебиеті жылдан жылға сан жағынан да, идеялық сапасы жағынан да өсіп келеді. Мұның қоғамдық ірі мәні бар. Өйткені балалар әдебиеті – жас ұрпақтарға ұлттық тәрбие берудің

куатты құралы. Ол жастарды ұлттық патриоттық рухта тәрбиелейді, озық ойларымен қаруландырады. Қандай қиыншылықтарды болса да, оларды жеңуге ұмтылдырып, жігер-қайратын арттырады.

XXI ғасырдың балалары өзінің ойлау қабілеті, таным-түсінігі, мүмкіндіктері мен мұқтаждықтары жағынан өткен ғасырдың елуінші жылдарымен салыстырғанда, әлдеқайда алда, биікте тұр. Себебі сонау жылдары велосипед, қағаздың өзі таңсық нәрсе болса, балалар ұшқыш, мұғалім болам деп армандаса, қазіргі заман балаларының арман-мақсаттары мүлде басқа. Қазіргі кезде төменгі сыныпта оқитын балалардың өзі компьютерден бас алмайды, ұялы телефонды үлкендерден қалыспай ұстайды, кітапханаға баратын бала аз, техниканың дүрілдеп дамып тұрған заманында баланың таным-түсінігі де, арман-мұраты да өзгерді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ыбырайым Б. Сырлы әлем: Қазіргі қазақ балалар прозасы /Б. Ыбырайым. – Алматы: Ана тілі, 1997. – 342 б.
- 2 Майтанов Б. Портрет поэтикасы: Ғылыми-сын зерттеу /Б. Майтанов. – Алматы : Қазақ университеті, 2006. – 38 б.
- 3 Ақыш Б. Ө. Балалар прозасындағы жеткіншектер бейнесінің жасалуы: Филология ғылымының кандидаты дәрежесін алу үшін жазылған диссертация/ Б. Ө. Ақыш. – Алматы, 2006. – 6 б.
- 4 Қабдолов З. Сөз өнері / З. Қабдолов. – Алматы: Санат, 2002. – 303 б.
- 5 Детский практический психолог: Программы и методические материалы. Учеб. пособие для студентов высших пед. учебных заведений /О. Шаграева, А. Д. Кошелева, В. И. Перегуда. – Москва: Академия, 2011. – 104 с.
- 6 Нұртазин Т. Жазушы және өмір / Т. Нұртазин. – Алматы : ҚМКӘБ, 1990. – 54 б.
- 7 Күмісбай Ш. Солақай: балаларға арналған повестер және әңгімелер / Ш. Күмісбай. – Алматы: Балалар әдебиеті, 2005. – 195 б.
- 8 Ахметов Ш. Қазақ совет балалар әдебиеті: жоғары оқу орындары мен педучилище студенттеріне арналған оқу құралы / Ш. Ахметов. – Алматы : Мектеп, 1976. – 8 б.
- 9 Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы: орта мектептің жоғары кластарына арналған құрал / Қ. Жұмалиев. - 3-басылуы. – Алматы: Мектеп, 1969. – 60 б.

Ә. БӨКЕЙХАННЫҢ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНА ӨЗГЕ ҰЛТТАРДЫ ҚОНЫСТАНДЫРУ САЯСАТЫ ТУРАЛЫ

МАГЗУМОВА М. Ж.

қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі,

М. Әуезов атындағы ЖОББМ, Павлодар қ.

ҚАРАТАЙ Н. А.

оқушы, М. Әуезов атындағы ЖОББМ, Павлодар қ.

Ә. Бөкейханның саяси көшбасшылық қызметі қазақ даласының аса күрделі кезеңінде өтті. Ә. Бөкейханның ел ісіне араласып, ұлт тәуелсіздігін сақтау, елдің еркіндігін ұстау жолындағы күресі мәдениетті елдердегі терең талдаулы саяси бағдарламалық, жан-жақты талданған концепциялардан басталады. Ә. Бөкейханның саяси қызметіндегі бағдарламалық, жан-жақты ойластырылған қызметін бірнеше салаға бөлуге болады.

1 Ұлт ісіндегі басты мәселелерді анықтауда Ресей империясының саяси істерін талдау. Осы істер негізінде қазақ қоғамының қабылдайтын іс-шараларын дайындау.

2 Ұлтты саяси іске әзірлеу. Халықтың өз бостандығы, еркіндігі жолындағы күресіне саналы түрде келуіне жағдай жасау.

3. Халықтың білімін көтеру. Ағарту, білім – ұлттың саяси еркіндігінің басты жолының бірі екендігін назарға алу.

4. Түркі елдерімен бірлікті, ынтымақтастықты дамыту.

5. Баспа, бұқаралық-ақпарат құралдарын, кітап шығару ісін қолға алу.

Ә. Бөкейханның саяси қызметіндегі бұл істердің негізгі өмірлік ұстанымына айналуының басты себептерінің бірі – қазақ даласын отарлаудағы Ресейдің өзге ұлттырды жаппай қоныстардыруы болды. Қазақ тарихындағы қоғамдық дамудың өзгерістері XIX ғасырдың ортасынан бастап күшейе түсті. Дегенмен XVIII ғасырдың 30-жылдарынан басталған отарлау саясаты XIX ғасырдың ортасынан бастап күрделі, қарама-қарсы үрдістерге толы болды. Осы кезеңдердегі ұлт-азаттық қозғалыстардың да көбейіп, отарлауға қарсы халықтың ортасынан шыққан ел тұлғалары еркіндікті, азаттықты сақтауды да мақсат етті. 1822 жылғы және 1865-1868 жылдардағы реформаларды жүргізуде Ресей империясы біптралай қиындықтарға кезікті. Ресей империясы қазақ даласын отарлау үшін, толық билікті қолына ұстау мақсатында арнайы зерттеулер жүргізудің қажеттігін түсінді. Қазақ даласын отарлау мақсатында 1844 жылға дейін Ресей патшасы тарапынан 22 түрлі

денгейдегі зерттеушілер келген екен. Ал 1890-жылдардағы Щербина экспедициясының соның ішіндегі ең көлемдісі болатын. Бұл зерттеулер қазақ даласындағы шаруашылықты зерттей отырып, басыбайлықтан босаған орыс крепостнойларын қазақ даласын жіберу үшін әзірленген бағыт болатын. Қазақ даласына жіберілген экспедициялар ішінде мол материалдар жинағаны Щербина экспедициясы болды. Ә. Бөкейхан осы экспедиция құрамына кірді. Бұл саяси қайраткердің экспедицияға кіруге мүдделі болуының басты себебі – жер қатынастарын реттеудегі әдіс-тәсілдерді анықтау үшін қазақ даласының жай-күйімен толық танысу қажет болатын. Щербина экспедициясына дейін де Ә. Бөкейхан Омбыдағы «Стпеной край» газетінің редакциясында халықшылдармен, маркистермен бірге қызмет етеді. Сонымен бірге Ә. Бөкейханның Петербордағы Орман шаруашылығы институтында оқыған кезінде саяси толқулар мен қозғалыстарға қатысып, ішкі саясат туралы көптеген мәселені талдау мен талқылауға дайындығы болғанын да ғалымдар айтады [1, с. 342].

Ә. Бөкейханның Щербина экспедициясына қатысқан уақыты – 1896-1903 жылдар. Щербинаның экспедициясын Ақмола, Семей, Торғай облыстарының 12 уезін зерттеуді мақсат етіп, көшпелі шаруашылықтың жерді пайдалану әдіс-тәсілдерінің негізгі заңдылықтарын зерттеуді, халықты жаңа қауымға қайта біріктіруді, атап айтқанда ауылдық қауымдарға бөліп, шаруашылық жүйе негізінде қайта құруды, қазақ даласындағы (осы талданатын облыстардағы) мал басының есебін алуды, жайылым тмөлшерін белгілеуді, Ақмола, Семей, Торғай облыстарының 12 уезінің этникалық құрамын, географиялық ерекшеліктерін, тарихын қарастырады. Осы зерттеулер нәтижесінде 13 томдық еңбек әзірленеді.

«Экспедицияға жұмысына қатынасу барысында Ә. Бөкейханов қазақ даласына байланысты Ресей империясының көздеген мақсатын бұрын өзі байқай бермеген жаңа қырынан көрді және орталық биліктің таяу жылдары ірі шараларды іске асыруға даярлық жасап жатқанын байқады» [2, 11 б.], - деп жазады ғалым М. Қойгелдиев.

Экспедицияның құрамында болуының бірнеше маңызды жақтары болды. Атап айтқанда, Ә. Бөкейханның қазақ даласының бірнеше өлкелерін зерттеуіне, олардың табиғи ерекшеліктерін, географиялық сипаттарын тануына мүмкіндік туды. Бұл ұлт көсемінің публицист, саясаткер ретінде қалыптасуына ықпал етті. Қазақ жеріне қоныстанған орыс мұжықтары мен қазақ жағдайын салыстар қарап, ұлттың еркіндігі жолындағы күрес ұстанымының орнығуының да негізі болғаны анық.

Ә. Бөкейхан өмірбаяны мен шығармашылығын, саяси қызметін зерттеуші С. Аққұлұлы Ә. Бөкейханның XIX ғасырдың соңында қазақ даласында Түркісіб темір жолын салу жоспарына қарсы болып, оның жүзеге аспауына ықпал еткендігін жазады. Саясаткердің бұл ісі қазақ даласына жаппай үдере көшкен орыс мұжықтарының санын азайтқаны анық [3].

Бұл шынында да Ресей империясының үлкен отарлық іс-әрекеттерінің дайындығы еді. Оның дәлелі ретінде мысалы 1896-1905 жылдары Ақмола, Орал, Торғай, Семей облыстарына 294 296 адам қоныстанса, 1906-1910 жылдары 770. 000 адамға өскен [2, 13 б.].

Ә. Бөкейханның қазақ даласының жағдайы, елдің тұрмысына әсер еткен отарлау саясатының салдары және болашақ үшін халық не істеу керектігі туралы ойлары мен көзқарастары «Қазақ» газетінде басылып тұрды. Ә. Бөкейханның өзінің қолдауымен, идеясымен бжарыққа шыққан «Қазақ» газетінің басты мақсаты – ұлттың саяси бостандығын қамтамасыз ету жолындағы күрес еді.

Газет беттерінде осы күреске дайындық бағдарламасы әзірленді. Халықты бір ортаға ұйыстырды, елдің сауатын ашу, білімге, ғылымға бағыттау мақсатындағы мақалалар жазылды. Газет бетіндегі мақалалардың көпшілігі Ә. Бөкейханның мақалалары болды. Соның ішінде халықтың жеріне қатысты мәселеде барлық түйінді тұстарды шешетін де Әлихан Бөкейхан еді. Бұдан байқайтынымыз, саясаткердің сол кезеңде осы мәселе бойынша қазақ халқы үшін ғана емес, тұтас Ресей үшін де сарапшы маман ретіндегі жоғары біліктілігі байқалады. «Төртінші дума һәм қазақ» мақаласында Ә. Бөкейхан «Стпеное положениенің» 136 статьясына назар аудартады. Ол статьяда қазақ жүрген жерден бөтен елдің адамы, яғни христиан дініндеге адамнан басқа біреулер жер сатып ала алмайды деген заң шығады. Бұл қазақтың жер сатып ала алмауын орындайтын заң болатын. Ә. Бөкейхан «Қазақ» газетінде осы мәселені көтере отырып, бұл заңның жер христианға беріледі дегенді білдіретіндігін айтады. Осы мәселені көтере отырып, қазақ даласының жағдайын ойлап, халық үшін тартысқа түсетін думаға депутат керек екендігіне атап өтеді [4, 58 б.]. Бұл ұлт көсемінің үлкен көрегендігінің белгісі болатын. Себебі қазақ ұлтынан думаға депутат енгізу арқылы жоғары жақтың саяси ойын, іс барысын анықтап білетін, алдын-ала қам қылуға мүмкіндік беретін жағдай туғызуды айтады.

1913 жылдан басталған «Қазақ» газетінде Ә. Бөкейхан қазақ жеріне, шаруашылығын қатысты мол материалдар, мақалалар береді. Бұл мақалалар ішінде саясаткердің терең талдаулары экономикалық

есептерден, әлеуметтік талдаулардан, қазақ жерінің географиялық жағдайларын нақты деректермен дәлелдеуімен ерекшеленді. Осындағы нақтылықтың өзі де саясаткердің Щербина экспедициясы құрамында болған кездегі бай материалдармен танысуының көмегі болғандығын айғақтайды. Мсыалы «Үшінші дума һәм қазақ» деген мақаласында қазақ жеріне, елдің болашағына қатысты бірнеше мәселені талдауынан осыны анықтауға болады.

1. Үшінші думаға қазақ халқы атынан депутаттар енбей калуының себептері.

2. 1907 жылдан бюастап бес жылда қазақ тағдырын бөтен халық өкілдері шешкені айтылады.

3. «Степное положениедегі» қазаққа қатысты заңның тапталуы.

4. «Степное положениедегі» Түркістан өлкесіне қатысты тұстың бұрмалануы.

5. Думада қазақ тағдырын қорғайтын депутат болмағандықтан да, қазаққа тиесілі үлестен айырылып отырғандығы.

6. Қазақтың депутаты болмағандықтан өкімет бөлетін бюджеттен қалыс қалып отырғаны, запрос (өтінім) жасай алмайтындығы.

7. Қазақ жеріне қоныстанған мұжықтар үшін көп үстем ақылар берілетіні, оның негізі депутаттар мен одан жоғарыда отырған өз ұлтының өкілдері отырғандығында деп есептейді.

8. Орыс мұжығына Өскемен уезінен қала салуға рұқсат әперген Виноградов мысалға алынады.

Осы тұста Ә. Бөкейхан Щербина экспедициясының негізінде бұл уездегі мұжыққа тиесілі жер 50 мың десятина еді. Саясаткер осы 50 мың десятина жерді мұжықтар толық пайдаланбай отырғандығын, оның 16 мың десятина жерін қазақ үшін жайылымға лайықты екендігін ескертеді. Сонымен бірге осындай жайлар Өскемен уезінің Трағын болысынан келтіреді. Қазіргі қазақтар пайдаланып отырған жер – басына 63 десятина болса, Щербина бойынша 115 десятина болу керек еді деп жазады [4, 27-29 б. б.]. Щербина экспедициясының алға қойған мақсаттарының бірі – қазақ даласының кең алқабын аз ғана халық жайлап жатыр деген мәліметтерді дәлелдеу болатын. Сондықтан да Ә. Бөкейханның 1910 жылы «Қырғыздар» деген мақаласы жарық көреді. Ә. Бөкейхан сан жағынан қазақтардың Ресейдегі 1897 жылғы санақ бойынша мекендейтін халықтар арасында алтыншы орныда екендігін, табиғи өсімнің коэффициентімен есептей отырып, 5 миллионға жуықтағанын анықтайды.

Саясаткер Щербина экспедициясы арқылы келесі мәліметтерді береді:

- қазақ отбасындағы (шаңырақтағы) адамдар саны – 5, 75 жан;
- дәулет дәрежесіне қарай 8 топқа бөлінеді: сонда дәулеттіде – 34, 75-тен, келдейде – 0, 86-дан келетін мал бар екенін анықтауы да ұлт көшбасшысының болашақ істеріне көп ықпал еткені белгілі.

Щербина экспедициясының келесі бір үлкен маңызды тұсы Ә. Бөкей және Алаш қайраткерлерінің Кеңес өкіметі орнаған кезеңде қазақ елінің шекарасын белгілеуде де көп көмек болғанын анықтайды. Мсыалы, осы экспедиция негізінде Ә. Бөкейхан қазақ халқының Сырдариядан Ертіс, Тянь-Шаньнан Оралға дейінгі аралықта қоныстанғандығын, әрі осы аралықтағы халық санының үлесі 65% құрайтындығын айғақтайды.

Қазақ халқының әлеуметтік құрылымындағы қауымдық, рулық мәселені де осы зерттеуде енгізеді. Себіб кез келген мемлекеттің басқару қоғамның әлеуметтік құрылымын ескеруден тұрады. Қоғамның әлеуметтік сипаттары мен ерекшеліктерін және оның маңызды белгілерін ескермеу тарихта көптеген қайшылықтарға ұрындырағаны белгілі. Сондықтан да Щербина экспедициясында Ә. Бөкейхан қазақ халқының жерді пайдалануының бірнеше өзгешеліктерін береді:

- жерді қауыммен – румен бірге пайдаланады;

- рулар мен олардың әрбірінің өз территориясы бар екенін көрсетіп, картасын жасайды;

- Щербина экспедициясының 6-томына «Родовые схемы киргиз Каркаралинского уезда» деген еңбек жазады.

«Біздің қазақ баласы орыс патшасының қол астында тоғыз болыс, бір губернияда», - дей келіп, Семей, Ақмола, Торғай, Орал, Закспийский, Сырдария, Жетісу, Ферғана, Сакмарқанд, Астрахан губерниялары деп санап, 4 миллион 499 мың 664 адам деп санын шығарады [4, 27 б.].

«Абай.кз» сайтының жазуынша, «1893-1903 жылдар аралығында Щербина экспедициясына мүше болып, қазақ жерін отарламақ болған орыс отарлаушыларына «қазақтың жерінде бос жатқан ұлтарақтай жер жоқтығын» ғылыми негізде дәлелде, қауіптің бетін бір қайтарып тастаған еді» [5]. - деп бағалайды.

Қазақ тарихындағы Ә. Бөкейханның көшбасшылық қызметін біз көбінесе Алаш партиясын құру, оның еркіндік пен тәуелсіздік жолындағы күрестегі істерін осы партиядағы кезеңдерімен анықтауға көбірек назар саламыз. Ал ел бостандығы үшін күрескен

саясаткердің жарқын істері тек қана Алаш кезеңімен байланысты емес. Ол – саясаткердің ұзақ жылдарғы қажырлы еңбектерінің де нәтижесі. Соның ішінде саясаткердің ел тағдыры ісіне бел шеше кірісуіне ықпал еткен маңызды тұс Щербина экспедициясындағы кезеңі болды дегуге әбден болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Артықбаев Ж., Прманов А. История Казахстана (научно-познавательное издание) – Алматы: Атамұра, 2013. – 472 с.
2. Қойгелдиев М. Алаштың Әлиханы / Кітапта: Әлихан Бөкейханов Шығармалар. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 384 б.
3. Султан хан Аккулұлы. Омская экспедиция / XXI ғасырдағы Алаштың Ақ жолы – Алматы: Экономика, 2015. – 768 б.
4. Қыр баласы. Төртінші дума һәм қазақ // Кітапта: «Қазақ» газеті – Алматы: Қазақ энциклопедиясы Бас редакциясы, 1998. – 560 б.
5. Щербина экспедициясы: Әлиханның ерлігі <https://abai.kz/post/40276>

«АБАЙ ЖОЛЫ» РОМАН-ЭПОПЕЯСЫНДАҒЫ ҰЛЖАННЫҢ БЕЙНЕСІ

ҚУАТБЕК А.

11-сынып оқушысы, ХББ Назарбаев Зияткерлік мектебі, Қарағанды қ.

Қазақтың кеменгер ақыны Абай Құнанбайұлының шығармашылығы һәм тұлғасы ұлттық сана-сезімді қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Әлбетте, әр ұлылықтың түптамыры бесіктен бастау алары сөзсіз. Осы орайда бала Абайды қазірде біз білетін дана Абай етіп өсіріп, ақ сүтімен бойына зиялылықты дарытқан Ұлжан ананың есімін ерекшелеп атап кеткен маңызды. Оның қазақ әйелдеріне тән рухани кең дүниесі, нәзіктігі, биязылығы, батылдығы мен сөзге шешендігі бабалары қаракесек Битен мен Шитен шешендер, әкесі Тұрпаннан бастау алып, осы бір ақ жүрекке тылсым үндестік тапқандай.

«Абай жолында» Мұхтар Әуезов Ұлжанды «Қырықтың ішіне жаңа кіріп, семіз тартып қалған сары-қызыл бәйбіше» деп сипаттай отырып, оның Құнанбайдың бірінші жары болмағанымен, келін болып келген әулетінде айрықша сый-құрметке ие екенін қысқа гана сөзбен оқырман ойына тұспалдап жеткізеді. Он үш жасар Абай

оқудан қайтып келіп, шешесіне қарай тартқанда, бойын сағыныштың ызғары кермеген ана еш тежелмей, «Әй шырағым, әуелі ар жағында әкең тұр... Сәлем бер!» деп үн қатуы да автордың қысқа эпизодтарға теңіздей көлегей мән сыйдыра білуін көрсететін айғақтардың бірі. Бала тәрбиесіндегі әке рөлінің бөлектігі, қазақи тәрбиенің бұлағы көсем ананың осы сөзінде орын тапқандай. Көптен күткен баласын бірден құшағына алмаса да, қазақтың ең жылулыққа толы әрі жанына жақын сөзі «шырағым» деп Телғарасына аналық махаббатын танытқаны оқырман көңіліне сәуле шашпауы мүмкін емес. Жазушы Ұлжанның «салқын сабырлығын» ерекшелік отырып, оның Абай мен Құнанбайдың бір-біріне жақынырақ болуына, отбасы шаңырағы берік болуына қосқан үлесіне жоғары баға береді. Құнанбайдың да әйеліне деген ілтипаты «Бар, ана шешелерің жаққа бар, амандас, балам!» деген сөзінен байқалады. Осыдан кейін қаламгер Абайдың мінезі салмақтылықтан балалыққа қарай ауысып, өзін еркін ұстап, шешесіне жол тартқанын баяндайды. Бұдан Ұлжанның жұмсақтығы Құнанбайдың қаталдығына қарсы қойылғанын көруге болады. Дей тұрғанмен, «Кезек өз шешесіне келгенде, ол сүйген жоқ. Қатты бір қысып, бауырына басып тұрды» үзіндісінен Ұлжанға да ермінезді тартымдылық сай екенін тани аламыз.

Зерені емдеймін деп әжесін үшкіріп алуға асық болған Абайдың балалық қылығына Ұлжан сын көзбен қарайды. Өзгелермен бірге күлмей, тек оқудан жаңа келген ұлының молдалықты үйренудің орнына нағашы жұртына тартып кеткенін айтады. Осы тұста ақ келіннің меңзеп тұрғанын барша жұрт аңғарып, Шаншар тобының мысқылды қасиеттерін еске алады. Тонтайдың «Жазыла-жазыла қожа-молдадан да ұят болды, енді өлмесек болмас!» деген сөздері де еске алынып, Ұлжанның тегіне тән еркеше әрі мағыналы әзілқойлық сипатталады. Сонда Абай тентіректемей, Тонтөкеге тартса, бұл тек мәртебе екендігін айтып, нағашы жұртына деген таудай биік құрметін танытады.

Алақанымен сипағаны жанға дәру болатын аналық қасиет Абай Қодар өлімін өз көзімен көріп, шошып кеткені сонша, ұшынып қалған кезінде айдан анық байқалады. «Абай үндемей, шешесін құшақтай алды да, бауырына кіріп, өзінің ып-ыстық басын анасының төсіне басып, жабысып тұрып қалды» деген үзіндіден-ақ ана мен баланың тығыз рухани байланысын, Ұлжанның Абай үшін қорған әрі өмір нәрімен сусындатар дәрия екендігін түсіну қиынға соқпайды. Қоғамда ер жігіттің көңіл босатуы әлсіздіктің белгісі болып саналғанмен, ана жүрек жас баласының жан күйінішін тани

біліп, оған ортақтасады, сонымен қоса оған дем болады. Билік басындағылардың қатаң үкіміне наразылық танытқан Абайдың сырын тек анасы ғана түсініп, сыр етіп сақтай алатын тәрізді. Ұлының осындай хәлге душар болуына септігін тигізген Жиреншеге Ұлжан сабырлы, байыпты түрде, алайда бастырып тұрып ескерту жасаған кезінде Мұхтар Әуезов сөздің астында қалған Абайдың ағасының сезімін «Талай үлкендердің ішінде сөзін осылай байсалды қып айтқан, сондай өтімді, салмақты қып айтқан кісіні Жиренше бұрын көрмегендей болды» деп сипаттауы да тегін емес. Қазақ әйелі қашанда ойын еркін жеткізіп, сөзіне мінез қоса білген.

Ұлы Абайдың ақындық қасиеттерінің шамшырағын жағып, сөндіріп алмай сақтап қалған адам – Ұлжан. Әңгіме айтудың шебері ретінде немересінің есінде мәңгіге жарық тұлға болып сақталған Зеремен салыстырғанда ақ жаулықты келіні өлеңді сөзді жиірек айтып тұрса керек. Онымен қоса Ұлжанның дарыны ұшан теңіз, білімі әрарапты әрі кең ауқымды болған. Бұл туралы кемеңгер жазушы «Оқымаған шешесінің әлі күнге дейін ұмытпай, білдірмей, сақтап жүрген зейініне таң қалады. Нелер ескі заман жырларын, айтыс, өсиет әзілдерін де көп айтып береді» деп ой қозғайды. Бұл үзіндіде Ұлжанның парасаттылығы мен тектілігі айрықша көрініс табады, өйткені нағыз қазақ жүрек қашанда әдебиетке жақын болады, ұлттық фольклорды, халық ауыз әдебиетін келешек ұрпаққа мәдени мұра етіп тасымалдауға құштарлық танытады және бала тәрбиесінде мұның рөлі маңызды екенін ұғынады. Қаламгер Ұлжанның образы арқылы нағыз ананың бейнесін оқырманға, әсіресе қазіргі заманның жас аналарына үлгі етеді.

Зере отырған үлкен шаңыраққа Барлас ақын мен Байкөкше жыршы келгенде Ұлжан Абайдың сұрауымен үйге құт - береке әкелген қос қонақты құр қол жібермей, «ырым байлатып» екі ерге екі жылқыны тарту етеді. Сонда баласы шешесінің «білгіш, танығыш, сыншы» екенін сүйсініп тұрып байқайды. Расымен де, Ұлжанның бұл ісі оның әрдайым шындықтың туын көтеріп жүрген өнер иелеріне деген сыйластығының белгісі еді, сондай - ақ мұнда қазақтың қонаққа деген ерекше ілтипаты мен кеңдігі жайлы терең түсініктегі идея жатыр. Ал «Абай шешесіне дән ырза боп қуанып кеп, бұрынғы бір кішкентай күніндегі еркелікке басты. Ұлжанның мол денесін қапсыра құшақтап, қатты қысып, бетінен, мұрнынан, көзінен қайта-қайта сүйді» үзіндісінде Абайдың өтінішін орындағаны үшін анасына алғыс білдірген сәті жүректі елжіретердей өлшеусіз жылулықпен суреттелген.

«Абай жолын» сүйер қауымның мәңгілік есте қалар қайғылы тағдырды бастан өткізген кейіпкері – Кәмшат болар. Оның сәби шағында туған үйінен ажырауына Бөжей мен Құнанбай арасындағы дау қамшы болғаны да баршаға мәлім. Дәл осы қайшылық белең алып бастағанда Құнанбай Абайды жаңа мешіттің ашылуына қарай Қарқаралыдағы жиынға бірге баруын қалайды. Сонда Ұлжан Абайды аттандырар алдында «Балам, үлкендер бірде тату, бірде араз бола береді. «Күндестің күлі күндес» дегенді сен білмей-ақ қой» деп өсиет айтып, Бөжеймен үлкенге құрмет ретінде түзу сәлем беруін талап етеді. Мәселенің мән - жайын білмей жатып, біреуге қара тигізуден аулақ болу қажеттігін, Құнанбай біреумен араздасса да, Абай әрдайым әділдікті тұмар ету керектігін сол кезде ана көңіл баса назар аудартып айтады. Осы даналығы, көрегенділігі санасы биік оқырманды таң қалдырмай қоймасы анық. Ұлжанның Бөжейдей жақсы адамдарды бірден көріп отыруы, жамандықта жақынға қиянат етпеуді ұстаным етуі оны адамгершіліктің, адалдықтың биік шыңына жеткен тұлға ретінде сипаттайды. Оның ел билеуден де хабары бар болғанын жоққа шығара алмаймыз, себебі Құнанбай беделді ақсақал Алшынбайдан естіген кеңесін Ұлжан обастан тура жолдың бағдары ретінде Абайға айтып жеткізген.

Ұлжанның бейнесі арқылы Мұхтар Әуезов қазақтың дәстүрі, ұлттық құндылықтары, мәдени мұрағаты мен асыл тәрбиесін ашып көрсетеді. Әр бөлім сайын психологиялық параллелизмді шеберлікпен қолданып, ауа-райының нашарлауы, пейзажды суреттеу арқылы сол замандағы көшпенділер өркениетінің құлдырауын күрсіне, жасырын түрде үндеу етеді. Соның ішінде, Ұлжандай қазақ әйелдерінің азаюының мәселесін дабыл қаға көтереді. Себебі, әйел әрдайым бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербетеді, келешек ұрпақты тәрбиелейді, ана тілінің сақталуын қамтамасыз етеді, ұлттық сананың негізін құрайды және отбасының игілігін сақтайды. Басқа сөзбен айтқанда, халықтың тірегі болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 М.Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясы 1-4 том.

ҚАЗАҚ АУДАРМА ТАРИХЫ МЕН ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

МАДЫГУЛОВ Р. А.
9«Б» сынып оқушысы, Луганск ЖОББМ,
Павлодар ауданы, Павлодар облысы

Бір ұлт пен екінші ұлт жақындаған сайын, олар көрші елден жоқ нәрсені алады. Бұл ауысудың негізі аударма болып табылады, өйткені «аудармашылар – мәдениетті бір елден екінші елге тасымалдайтын тұлғалар», - деп А.С. Пушкин айтқандай, оның дәлелді себебі де болса керек [1, 102 б.].

Шынында да, аударма ежелден адамдар арасындағы қарым-қатынастың ерекше қызметі болды. Ол құнды материалдар мен ақпаратты басқа тілге аударуға мүмкіндік береді. Осылайша, екі халықтың мәдениеті мен дәстүрі жарасымдылық пен байланысты нығайтуға септігін тигізеді. Аударма тілмен тікелей байланысты. Аударма әртүрлі тілде сөйлейтін әртүрлі қауымдастықтың өзара әрекеттесуі үшін маңызды. Сондай-ақ аударманың теориялық және практикалық мәселелері жалпы тіл білімі мен көркем әдебиет мәселелерімен тікелей байланысты.

Аударма сапасы туралы сөз қозғағанда, әдеби көркемдікке, тілдің дұрыс өрілуіне, стильдік тазалыққа ерекше мән беруіміз керек. Жалпы, өзге тілден аударма саласындағы жұмысты алып қарасаңыз, оның артықшылығы мен кемшілігі қатар жүретініне көз жеткізесіз.

Қазақ аударматану ғылымына келсек, ұлттық әдебиетті оятуға қызмет еткен қайраткерлердің қай-қайсысы да аудармашылықпен айналысты. Баяғыда А.Құнанбайұлынан басталған сол жол кейінгі Ө.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы сынды Алаш жазушыларының шығармаларында да жалғасын тапты.

Мұндай аударма саласындағы алғашқы ғалымдардың бірі Т.Шонанұлы болды. Ғалымның көркем аудармадағы еңбегі шектеулі болғанымен, аударматану саласында алғашқылардың бірі болып сауатты сыншы болды. Талантты, сырлы ғалым бұл жолы «Қазақ әдебиеті» газетінде «Көркем аударма туралы» атты мақаласын жариялаған. Мақалада автор көркем аударманың ерекшеліктеріне, аударма тілі мен стиліне назар аударады. Ғалым еңбегінің басында: «Алдағы мамырда өтетін Мәдени құрылтайда талқыланатын мәселелердің бірі – тіл. Қазан төңкерісі арқасында өркендеуге жол ашқан тіліміз аз ғана жылдың ішінде көп нәрсеге

ие болды. Оның бір бағыты – әдебиетті қамтитын басқа тілдерден кітаптарды аудару» [2, 147 б.].

Келесі кезекте автор аударма туралы, әр адамға қолайлы шығармаларды аудару туралы сөз қозғайды. Ғалымның айтуынша, әркім өз заманына сай жоғын жоқтайды. Мысалы, бір кездері діндарлардың араб, парсы тілдерінен діни кітаптарды аударуы немесе «Қу бас», «Жұма» сияқты әңгімелері сол кездегі қазақ халқына ислам дінінің таралуына ықпал еткен. Сол сияқты Абай Некрасовты емес, Пушкин мен Лермонтовты аударды, «Қазақ» газеті Чехов пен Толстойды аударды, Горькийді аудармады. Некрасовты, Салтыковты, Горькийді емес, Байтұрсынұлының Крыловты, Пушкинді, Лермонтовты аударуына осындай таптық көзқарастар әсер еткен болуы керек. Содан кейін автор «сөзге басқа оқиғаны салады». Ол қазақ старшындары мен байлары феодалдық, бай тапқа жататын орыс жазушыларын жақсы көретінін, ал пролетариат пен еңбекші қара шаруалардың Горький сияқты пролетариат жазушыларын жақсы көретінін, олардың қазақ тіліне аударылуын қалайтынын айтады. Автор нені білдіреді? Біздің ойымызша, мұның негізі қазақ мақалының «тең-теңімен, тезек қабымен» деген философиясында жатыр, яғни әр тап өз деңгейіндегі өз табының өкілін ым-ишарамен түсініп, жан дүниесін ұғады, соған сәйкес, оқырманға ерекше эмоцияларды жеткізу мүмкін болады.

Автордың басты талаптарының бірі – стиль мен сөйлемдегі айырмашылықты сақтай отырып аудару. Себебі, түбір, шын мәнінде, жазу кезінде мағынасы мен мақсатына қарай мәнерге бірде екпін түсіреді, бірде тітіркендіреді, бірде басып, салқындатады. Сондықтан аударма осы құбылыстарды сезініп, сақтауы керек. Ғалымның айтуынша, бұл талап ұлы ақындардың аудармаларында жиі байқалады. Сонымен автор өз ойын дәлелдеу үшін Гоголь шығармаларынан үзінді келтіреді. Үзіндіні талдай келе, ғалым мақаласын: «Бұл үзінділердің стилін ұстанбасаң, шығарманың оқушыға әсері басқаша болады» деп түйіндейді.

Бұл еңбек аударма саласында өте құнды екені сөзсіз. Себебі, ғалым бұл еңбегінде бұрын-соңды жазылмаған аударма саласына тоқталып, аудармашылардың кемшілігін сынап, дұрыс жолды ұсынған. Сөйтіп, ғалым саланың дұрыс бағытта дамуына өз үлесін қосты. Мұғалім аудармашылардың қателері мен кемшіліктерін сынаумен қатар, оларға мысал ретінде «Жас қазақ» газетіндегі «Тамшының тарихы» аудармасын ұсынады [2, 139 б.].

2011 жылы жарық көрген «Телжан Шонанұлының мұрасы» атты кітап екі үлкен бөлімнен тұрады, бұл сол кезеңдегі ықтимал еңбектерді жариялаған ғалымның тұңғыш еңбегі болса керек. Бұл туралы кітап авторы айтады. Алғашқы 30 бетте оның энциклопедиялық ғалым екенін ескере отырып, оның әртүрлі салалардағы жұмысы сипатталған [3, 13-18 б.].

Ғалымның «Тамшының тарихынан» да басқа жетілдірілген көркем аудармалары бар. Оны ұстаз А.Байтұрсынұлымен бірігіп жазған «Оқу құралында» табуға болады. Бұл еңбекте екі автордың да аты-жөні аталмағандықтан, аудармалар ұстаздарға ортақ болатыны анық.

Қазақстанда аударма тәжірибесі Қазақстанның Ресейге қосылуы кезінде пайда болды. Бұл кезде аударма институты олардың қарым-қатынасы мен өзара әрекеттесуінің бастауында белсенді дамып, Ресей аудармашылары орасан зор жұмыс атқарды [4, 29-31 б.].

Орыс шенеуніктерінің миссионерлік қызметі қазақ көркем шығармаларын орыс тіліне аударуға ықпал етті. А.Құнанбайұлы, М. Әуезов, Ж. Жабаев, Ә. Нұрпейісов сияқты қазақ жазушыларының шығармашылығына деген қызығушылық артып, оларды орыс тіліне және әлемнің көптеген тілдеріне аударма бастады. Қазақ жазушыларының шығармаларын орыс және әлемнің басқа тілдеріне аудару қазақ әдебиетінің шығармаларын басқа мәдениеттердің тіліне айналдыра отырып, қазақтардың өткені туралы түсініктерін едәуір кеңейтуге мүмкіндік берді. Н. Сағындықова революцияға дейінгі аудармаларға Асан-Қайғы, Шалкиіз, Марабай, Майлықожа, Ы. Алтынсарин, Абай, М. Жұмабаев, М. Дулатұлы, Ғ. Қарашев, А. Байтұрсынұлы, Ж. Аймауытұлы және т.б. шығармалары жататындығын алға тартады [4, 13 б.].

Шығыс шығармаларының көп бөлігі Абай Құнанбайұлы мен Ыбырай Алтынсарин дәуірінде қазақ тілді аудиторияның игілігіне айналған классикалық орыс әдебиетінің мәтіндері сияқты қазақ тіліне аударылды. Қазақ тіліне аудару мәселесі өзекті болып отыр. Осы кезеңде «Түркістан уәлаяты» және «Дала уәлаяты» газеттерінде мақалалар пайда болады. Мамандар үшін көркем мәтінге байланысты аударма мәселелері өткір туындайды. Аударма қызметінің теориясы мен тәжірибесін түсіну және сипаттау қажет болады. Осы кезде М. Әуезовтің «Пушкинді қазақ тіліне аудару тәжірибесі туралы» мақаласы шықты. 1937 жылы «Казахстанская правда» (5 қаңтар) қазақ тілінде М. Әуезовтің «Евгений Онегин»

мақаласы, 1939 жылы «Пушкин 100 жылдан кейін», «Пушкин және Абай» атты тағы екі мақаласы жарық көрді [5, 51 б.].

«Евгений Онегинді» аударумен ғана емес, А.С. Пушкиннің, М.Ю. Лермонтовтың, Н. Некрасовтың, И.А. Крыловтың, М. Горькийдің, Г. Тукай, Э. Потье, В. Маяковский, Демьян Бедный, Тихонов, А. Безыменский, А.Лахути, В. Рождественский, К. Бальмот, Янка Купала, В. Гюго, Г. Гейне, Н. Хикметті аударумен танымал болған І. Жансүгіровты айтып кеткенде жөн.

Орыс оқырмандары Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы сияқты фольклор саласындағы көрнекті мамандардың әдеби қызметі арқасында «Ұлы Дала ақындарының» мұрасына қол жеткізді. Халық арасында «Мәшһүр» (араб тілінен аударғанда «даңқты, әйгілі, лайықты») деген атқа ие болған. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы көп жылдық зерттеулерін Бұқар жырау Қалқаманұлының шығармашылығына арнады.

1920–1930 жылдардағы Қазақстандағы аудармашылық ойдың дамуын қарастыратын А.Әлімовтің еңбектері көркем аударма теориясы мен тәжірибесі үшін маңызды болды. Оларда ол осы кезеңдегі аудармашылық іс-әрекеттің даму үдерісіндегі «артықшылықтарды» орынды атап өтеді. Қазақстандық ғалым Н.Сағандықова мынадай айқын «артықшылықтарды» қарастырады:

- дәуірдің идеологиялық бағдарына сәйкес келетін шығармаларды орыс тілінен аудару;
- ақпаратты беруге «кедергілер» тудыратын қосалқы аудармаларды жүзеге асыру;
- отандық және шетелдік жазушылардың есімдерімен байланысты мерейтойларға арналған аудармалар.

1930 жылдардан бастап қазақ аударма ісі қарқынды дамып, КСРО-ның басқа халықтары әдебиеті сияқты қазақ әдебиетінің шығармалары да орыс тіліне аударыла бастады. Бұл жылдарда орыс әдебиетінің классиктері қазақ тіліне, ал әлем әдебиетінің шығармалары орыс тілінен белсенді түрде аударылды. Одан кейін марксизм-ленинизм классиктерінің шығармаларын аудару, сол арқылы Қазақстандағы аударма саласы дамыды.

Медеубай Құрманов Гетенің «Фауст» шығармасын қазақ тіліне алғаш рет аудару арқылы аударма ісінің тарихы мен аударма дәстүрінің дамуына зор үлес қосты. Одан кейін неміс поэзиясы мен прозасын қазақ тіліне аударудың теориялық мәселелерімен айналысты. «Фаусттың» қазақ аудармасында пайда болуы Қазақстан аударма әдебиетіндегі маңызды оқиға болды [6, 76 б.].

Осы кезеңде аудармашылар бірқатар мәселелерге тап болады, мысалы:

- екі тілдің әдеби дәстүріндегі силлабикалық, тоникалық, жанрлық ерекшелік жүйелеріндегі айырмашылықты ескеру;
- халықтың әдеби дәстүрін, тұрмысын, мәдени-тарихи «шығу тегін» қамтитын герменевтикалық түсініктеме жасау;
- ұлттық тарихи дәм мен өзіндік стильдің өзіндік ерекшелігін сақтау [4, 12–13 б.].

Қазіргі уақытта қазақ тіліндегі аударма практикасын дамытудың тән ерекшелігі қазақ тілінен шет тіліне (көбінесе ана тілінде сөйлейтіндерді тарта отырып) және шет тілдерінен қазақ тіліне тікелей аудармалардың пайда болуы болып саналады.

Көркем мәтіндерді лингвистикалық тұрғыдан аударудың қиындықтарына мыналар жатады: экспрессивті құралдардың әртүрлілігі, жоғары эмоционалды бояу, ескірген өрнектерді, архаизмдерді және көптеген стилистикалық әдістерді қолдану. Көркем аударма кезінде сөзбе-сөз аударма жасалмайды. Аудармашы көркем шығарманың барлық мағынасын, түстерін, эмоциялары мен әсерлерін жеткізу үшін жеткілікті қиялға ие болуы керек және оны оқырман үшін түсінікті және оңай қабылдай алуы керек.

Көркем аудармалар тілдердің, салт-дәстүрлердің, әдет-ғұрыптардың алуандығын бойына сіңірген посткеңестік дәуірдің әдеби мұрасын сақтайды және жеткізеді, сонымен қатар халықтардың мәдениеті мен ділінің байлығын жеткізетін елдер арасындағы байланыстырушы көпір болып табылады.

Шын мәнінде, көркем стиль – бұл әртүрлі функционалды стильдердің қызмет ету саласы: ауызекі, ресми іскерлік, публицистикалық, тіпті ғылыми-техникалық. Бұл көркем аудармада ерекше қиындық тудыратын түрлі тілдік бірліктердің өмір сүру формаларының динамикасы және формалардың ауысып отыруы әсер етеді.

Көркем әдебиет туындыларын көркем аударма мәселелерін шешу үшін біз мыналарды ұсынамыз:

- білікті кадрларды даярлау мәселесі әрқашан аударма теоретиктерінің назарында. Аудармашының тұлғасы үлкен мәнге ие. Аударғанда өзінің субъективті көзқарасын, пайымын жеткізеді.
- қазақ тілінен орыс тіліне, орыс тілінен қазақ тіліне аудару ерте заманнан біршама дамыған. Қазақ тілінен басқа шет тілдеріне аудармалар бүгінгі күні даму сатысында, сондықтан осы жағына назар аудару керек;

- қазақ жазушыларының шығармаларын аудару мәселесі мемлекеттік қолдауды қажет етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Талжанов С. Аударма және қазақ әдебиетінің мәселелері. – Алматы: Қазақ ССР «Ғылым» баспасы. – 1975. – 286 б.
- 2 Құлманов Қ, С. Телжан Шонанұлы: Монография. – Астана: ЖШС «ҚЭКО», 2008. – 168 б.
- 3 Жансүгіров І. Бес томдық шығармалар жинағы / ҚазССР Ғылым академиясы М. Әуезов атындағы Әдебиет пен өнер институты. – Алматы: Жазушы, 1986. – Т. 5: – 368 б.
- 4 Сағындықова Н.Көркем аударма негіздері: оқу құралы. Алматы: Санат, 1996.-208 б.
- 5 Алимов В.В., Артемьева Ю.В. Көркем аударма: аударманың практикалық курсы. – М.: «Академия» баспа орталығы, 2010. – 256 б.
- 6 Бельгер Г.Жер таңдаған (Гете мен Абай) – Алматы: Жазушы, 1995.-252 Казакова Т.А. Көркем аударма: оқу құралы. - Санкт-Петербург: IVESEP, Білім, 2002. - 112 б.

ҚАЗАҚ ЕРТЕГІЛЕРІН КОМИКС АРҚЫЛЫ ОҚУ

МЕЙРАМ Ж. М.

5-сынып оқушысы, №7 мектеп-гимназиясы, Екібастұз қ.

МУТИШЕВА С. А.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
№7 мектеп-гимназиясы, Екібастұз қ.

Әдеби шығармаларды оқуда, оның ішінде ертегілерді оқу кезінде еуропа елдері комикстерді бұрыннан қолданылып келе жатыр. Комикстерді кез келген жастағы адамдарға пайдалануға болады. Комикстер шетелдік әдебиеттерде жоғары бағаланып жүр.

«Комикс» ағылшынның екі сөзінің бірігуі нәтижесінде пайда болды: comic (комикс, күлкілі) және strip (жолақ, сурет) [1]. Комикс сөзі өз мағынасында ХХ ғасырдың 90 жылдары жарық көрген Нью-Йорктегі ірі газеттер арасындағы бәсекелестік күрестің нәтижесінде пайда болған. Бірақ өнер түрі ретінде комикстер Ежелгі Египет және месопотамиялық мәдениеттерде пайда болды. «Суреттердегі әңгімелердің» одан әрі дамуы ХVІ және ХVІІ ғасырларда, библиялық тақырыптағы мәтіндер мен әулиелердің өмірін сурет бойынша әңгімелеу кезде пайда болды.

XIX ғасырда Эпиналда халық бұл өнерді өндіріс көзі етіп алды. Пеллерен фабрикасында 16 ұсақ сурет 600-ге жуық хикая басылып шыққан. Осыдан кейін жекелеген адамдар да өз бетімен суретті хикаяттар жазып, тарата бастаған. Техниканың дамуымен қатар комикстер де дамыды. Сонымен жаңа полиграфиялық техника, атап айтқанда, түсті басып шығарудың пайда болуымен алғашқы түрлі-түсті комикстер пайда бола бастады. Алғашқы түрлі-түсті комикстерді 19 ғасырдың соңында Джозеф Пулитцер шығарған. Боялған суреттер оқырмандарға ақ пен қара түстен гөрі ұнады. Оқырмандардың назарын одан әрі аудару үшін Пулитцер түрлі-түсті жолақтар мен иллюстрацияларды, соның ішінде комикстерді көптеп шығарған [1].

Ғалымдар бұл жанрдың ауқымды зерттеулерін өткен ғасырдың 60-жылдары бастады. Көптеген күрделі жұмыстар комикс деген не деген сұраққа жауап іздеуге арналған. Бейнелеу тілінің ерекшеліктері, техникасы, жиектеу әдістері, стильдері қарастырылады. Және, әрине, әртүрлі жүйелер әзірленуде. Көлемі бойынша комикстердің мынадай түрлерге бөлінеді:

- жолақтар (бірнеше жақтаулардан тұрады, көбінесе олар газеттер мен журналдарда басылады);
- күрделі композициясы бар және белгілі бір жиілікпен басылған классикалық комикстер;
- 50-ден астам беттен тұратын күрделі, толық сюжеті бар графикалық романдар [1].

Суреттелген әңгімелер үшін тақырыптық шектеулер жоқ. Соңғы уақытта комикстер оқулықтар мен ғылыми-көпшілік кітаптар беттерінде жиі кездеседі. Суреттелген мәтін оқырманға жаңа ақпаратты оңай әрі толық меңгеруге көмектеседі.

Оқырмандарға байланысты комикстер келесі түрлерге бөлінеді: ұл балаларға арналған (қиял, шытырман оқиға, шайқастар); қыздарға арналған (мектеп әңгімелері, алғашқы махаббат); жастық (өсу, махаббат тақырыптары); әйел (тағам дайындау, бала күтімі); ересектер (саясат, экономика, тарих, мәдениет) [1].

Бүгінгі күні оқушылардың шетел әдебиетіне, көркем шығармаларына деген қызығушылығы комикстердің арқасында артып келеді.

«Ұлы даланың аңыздары» деген атпен шығарылған қазақ комикстерінің жаңа топтамасына қазақ ауыз әдебиетінің «Еңлік-Кебек», «Естай-Қорлан», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Жұмбақтас»,

«Айша бибі», «Шайтанкөл», «Балқаш» туындылары еніпті. Ұйымдастырушылар комикстер желісімен түсірілген көркем фотосуреттер көрмесін де ұсынды. Жоба Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақаласын іске асыру аясында қолға алынған. Бұл жолғы топтамаға қазақ даласындағы жеті лиро-эпостық жыр мен батырлар туралы аңыздарды өзек етіп алынған. Ондағы мақсаттары – қазақтың төл фольклорын жас буынға заманауи тәсілдермен меңгерту. Мысалы, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» эпосының 89 бетке созылатын нұсқасы бар. Оны балалар оқып отырмайтыны түсінікті. Соны жас ақын-жазушылар қысқаша мазмұндап, ең негізі тұстарынан диалогтар құрап, комикске икемдеп жазып шығарды. Әзірге комикс сценарийін Досқан Жылқыбаев жазып жүр. Ал суреттерін әуелді Мұрат Ділманов салып бастаған. Қазір оған екі жас суретші қосылды.

Сондай-ақ, бір ертегінің комиксі бірден үш тілде ұсынылды. «Ұлы даланың ұлы махаббаты» деген топтамамен қазақ фольклорында кең тараған жеті ғашықтың жырын, «Ұлы даланың батырлары» деген топтамамен Ер Төстік пен Алпамыстан бастап, Кенесарымен түйінделетін 7 батыр берілген.

Аталмыш комикстерді қолдана отырып, оқырмандарды әдебиетке, көркем шығарманы оқуға шақыру тиімді болмақ. Әр түрлі айшықты суреттермен берілген, қысқа да нұсқа түсіндірілген комикстер арқылы туындыны оқу қызықты. Оқушылар комикстердің көмегімен шығарманың негізгі сюжетін, кейіпкерлерін, олардың жағымды-жағымсыз әрекеттерімен өз қалауларымен танысады.

Қазақ ертегілерінің желісінде комикс жасау арқылы оқырмандардың шығармашылық, логикалық ойлау қабілетін қалыптастырады, қазақша сөйлеу мен жазу (сюжеттегі рөлдердің сөздерін жазу арқылы) қабілетін дамытады және әлемде қолданылып келе жатқан комикс жасаудың мынадай жолдары бар:

- интернеттегі «Paint» бағдарламасымен салынған суреттер;
- дайын анимацияларды пайдалану;
- мультфильмдерді пайдалану;
- суреттерге түсіріп, түсірілген суреттерді пайдалану т.б.

Комикстер арқылы шығармалармен танысу артықшылықтары бар. Олар:

1. Комикстерде қарапайым сөйлеу тілі қолданылады;
2. Комикстерде орын тапшылығына байланысты диалогтар өте қысқа, жинақы, ықшам түрде беріледі;

3. Сурет арқылы комикс мәні түсінікті болғандықтан, жаңа сөздерді есте сақтау оңайлау түседі.

Қазақ тілді дайын комикстердің саны аз екенін ескере отырып, біз өз тарапымыздан комикс жасауға тырыстық. Комиксті оқушылар оқып ғана қоймайды, сонымен қатар оқушылардың қызығушылығы артады. Бүгінгі күні комикстерге сүйеніп түсірілген қаншама бейнефильмдер жоғарыда айтылған пікірдің бірден-бір дәлелі болып табылады.

Өз тарапымыздан мен «Жусан исі» әңгімесіне комикс құрып, жасауға тырыстым. Комиксті салу және кейіпкерлер сөздерін жазу барысында қызықты әрі жауапкершілігі мол жұмыс атқардым. Комикс арқылы оқу шығарманы қоюландырып қана қоймайды, оған қоса қара сөзбен жазылған туындыларды көз алдымызға елестетуге мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда оқушылардың алдына қойылған талаптардың бірі – оқылған шығарманы меңгеру. Осы талапқа жету мақсатында комикстерді оқуды қолдануға болады. Комикстер мазмұнында қысқа хабарламалар болатындықтан шығарманы оңай түсіне алады, сондай-ақ комиксте берілген суреттер арқылы сақтауға шығарманы есте сақтауға көмектеседі.

Бүгінгі күннің өзекті мәселесі – қазақ ертегілері мен шығармаларын қарапайым әрі жеңіл етіп қана қоймай, оқырманның білім алуға деген құштарлығын ояту. Бұл мақсатқа комикстер көмегімен жете аламыз деген ойдамын.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 «Мұғалім.kz» республикалық оқу-әдістемелік журналы, 2016ж.

2 «Қазақ әдебиеті және мемлекеттік тіл» ғылыми-әдістемелік журнал, 2013ж.

3 С.Қазбаева, С.Рахметова. «Қазақ тілі оқыту методикасы», Алматы, 1991 жыл.

БЕЙІМБЕТ МАЙЛИН ӘҢГІМЕЛЕРІНДЕГІ КЕЙІПКЕРЛЕР ӘЛЕМІ

МУСАХАНҚЫЗЫ Т.

оқушы, Достық орта мектебі, Ақсу қ.

ИМАНТАЙ А.

жетекші, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Қазақ әдебиетінің негізін салушы көркем сөз шеберлерінің бірі – Бейімбет Майлин. Қазақ әдебиетінде прозалық жанрды дамытуға Б. Майлин айрықша үлес қосты. Ол шағын әңгімелері мен новеллаларында талай айқын мүсіндер мен кескіндер, жарқын бейнелер жасады. Бейімбет Майлин алғашқы шығармасымен-ақ үлкен суреткер екенін қазақ дүниесіне паш еткен жазушы.

Оның проза жанрын қалыптастырудағы еңбекқорлығы мен үздік шеберлігін қаламгер қауым тамсана айтады. Әсіресе, оның талантын айғақтайтын дүниелері – әңгімелері. Ол өз әңгімелерінің идеялық-көркемдік деңгейімен қазақ прозасының алтын қорындағы інжу-маржанға айналды. Майлин әңгімелерінің шыңы неде дегенге келсек, ол ауыл адамдарының жаңа тұрмысқа көшуінің қиын кезеңін терең білгірлікпен, оқырманға әңгімелеп берді.

«Әдеби шығарма – нұрлы дүниенің сырлы бөлігі». Ол өмірдің өзі секілді күрделі, бұрланы көп, қия – қалтарысы мол шытырман шындық. Байыптап қарасақ дүниенің бүтін бір бөлігін күллі тамыр – теренімен қопарып алып, ажарлы әрі асыл өнер туындысына айналдыру, оның мазмұны мен пішініне жан тебіренер өнерпаздық қасиет дарыту – тек тарлан таланттың ғана қолынан келетін іс», - [1] деген З.Қабдолов пікірінде терең ой, мән бар. Сәтті шыққан әңгіме немесе шығарма – бір ғана жазушының жетістігі емес, ол бүкіл әдебиет көлеміндегі кесек құбылыс. Адам тағдырын әр қырынан алып көрсетуге де көркем әңгіменің икемі толық жетеді. Оның өзіндік қасиеттерін меңгеріп, сарқа пайдаланса, шағын әңгіме шеңберіне шалқар идеялық-мазмұн сыйғызуға болады. Көлемді роман, повестерге қарағанда, әңгіме өз оқырманын тез табады. Сондықтан бар идея, толғандыратын әлеуметтік проблема, айшықты эстетиканы барлық халыққа жеткізуге мүмкіншілігі орасан зор. Әрі жеңіл, әрі бір демде оқылады да, өз әсерін жылдам тигізеді. Әдеби жанрдың қайсысының да өмір қажеттілігінен туатынын дәлелдей келе, В.Г. Белинский: «Былайша айтқанда, драмаға арқау бола қоймайтын, романға тапшылық ететін, бірақ ғасырлар бойы бастан кешіріп болмастай жәйттерді қас қағым сәттің өзіне

шоғырластыратын терең мәнді уақиғалар, жағдайлар болады. Әңгіме осындай құбылыстарды алады да, өзінің тар шеңберіне сыйғызып жібереді» – деген болатын. Мұнан әрине романды жоққа шығармаймыз. Демек, әңгіме заман сипатына, оқырман талабына лайық, аса қажетті жанрдың бірі, сондықтан оның өміршеңдігі арта түспек. Осы тұрғыдан қазақ әңгіме, новелласының үздік шебері Б.Майлин өз шығармаларында халық өмірінің көркем шежіресін жасап кетті. Оның әңгімелері өмір шындығын дөп басып көрсететін реалистік тегеурінімен, көркемдік биік өресімен, тақырыбының әр алуандығымен дараланады. Ол – көркем әңгімелері арқылы өзі өмір сүрген заман тынысы мен қоғам өмірін энциклопедиялық кемелдікпен сомдай алған ұлы суреткер. Осындай тарлан талант, кесек құбылыс, шұрайлы шығарма туғызушы, ерекше өнер иесі – Бейімбет Майлин.

Жазушы кейіпкерлеріндей жиынтық, типтік образдарды дәл суреттеу оңай дүние емес. Ондай кейіпкерлерді тудырып, оқырманның бәріне де, барлық сатысына да түсінікті етіп жазу – Бейімбет Майлин сынды суреткер жазушылардың ғана қолынан келері хақ. Жазушының «Айт күндері», «Құла ат» шығармасындағы ауыл көрінісіне назар салайықшы. «Айт күндері» әңгімесінде: «... Сәске түс. Желсіз тынық ыстық. Аз ғана мал ауылдың қорасында көлеңке сайын топтанып, көбі салған түтінге ықтасындап тұр... ызындаған маса, сона, шіркей есінді тандырғандай...» деп жаздың ыстығында бір жағы ыстықтан қашып, бір жағы масадан тасалап көлеңке паналаған мал көз алдымызға келсе, «Құла ат» әңгімесінде: «Ымырт жабылған шамада бір кішірек ауылға келдік. Ауылдың маңайы – басын қоян мүжіп бақыртып тастаған, қалың күртіктен әр жерде бір тырбиып көрінген сирек шырпы қатарлап соққан аққала. Екі-екі үйдің жамаулы терезесінен жылтыраған шамның оты көрінеді. Желсіз тынық кеш. Пештің моржасынан шыққан көк ала түтін тіп-тіке болып аспанға созылып жатыр. Малдың бәрі қораланған. Жыбырлаған жәндік жоқ» - деп енді бір кешкі ауыл көрінісін көз алдымызға әкеледі. Енді бірде: «Оразаның іші еді.

Менің қонып отырғаным Қалабайдікі. Бүкіл ауыл жеті, сегіз үй. Екі қатар қонған. Алдыңғы қатар Қалабай тобы бес үй. Артқы қатарда Секембайлар. Үш үйдің оңтүстік жақ шеткісі Ыбрайдікі, алты қанат қоңыр төбел үй алдыңғы үзігінің жартысы қара күңгірт, жартысы бозғылдау» деп ауылдағы қатар қонған үй-жайлардың жай-жапсарын «Көшпелі махаббат» атты әңгімесінде бейнелейді [2, 52 б.].

«Айт күндері» деп аталатын жазушының бұл шығармасында қиын-қыстау кезеңге қарамастан, айт мейрамына арнап құрбан шалуға мал іздеп қамданған ауыл адамдарының іс-әрекетін мына бір диалогтан аңғарамыз. «-Жарықтық-ай, бұл күнді де жұрттың көретін күні бар екен-ау!..

Ауылдың орта жеріндегі бір үйдің алдында үйме-жүйме болған кісі. Ішінде кәрілеу кемпірлер, бірен-саран шалдау адамдар да бар...

Біреу пышақ қайрап, бір жігіт семіздеу қызыл өгізді ұстап тұр. Шеттен келген адам:

- Құрбандық қабыл болсын, - дейді.

- Әмин, айтқаның келсін! – дейді шалдар.

- Неғып кеш қалып жатырсындар.

- Малдың табылғаны-ақ осы болды... шетінен ұстап соятын бұрынғы дәуір қайда... » [2, 34 б.], - деген үзіндіден ақжарқын ауыл адамдарының кең пейілін аштық зұлматы айналып өтпегенін кейіпкер сөздерінен байқаймыз.

Көркем шығарманы оқу арқылы өмірдің түрлі салаларынан мағұлмат алуға болады. Жазушы кейіпкерлерін сөйлету арқылы оқырманына тың деректер бере алады. Әсіресе, бұл диалогта айқын көрінеді. «Құла ат» деген әңгімедегі үй иесінің Құла ат туралы естіген мына бір естелігін оқи отырып, оқырман таным көкжиегін кеңейте түсері анық: «... - Әй, бере алмас, бере алмас, – деді үй иесі, – ақылы бар адам құла атты қолдан шығармас болар. Құла мал қасиетті келмек дейді.... Бұрынғының сөзі де онша теріске кетпейді-ау, әкем марқұм құла аттың қасиеті туралы көп сөз айтушы еді, бәрін де ұмытып қалыппын. Есте қалған біреуі бар секілді еді, айтайыншы, қонақтарға ермек болсын, – деді.

Аяғын жиыңқырап отырып сөз бастады.

- Баяғыда бір бай болыпты дейді. Жылқысы өте көп болса керек, бір үйір қасқыр, ішінде бір басшысы қашып бара жатқан күйі жанындағыларға: «Қандай ат келеді екен, қараңдар!» - депті. «Көк ат келеді», - депті жанындағы қасқырлар. Сонда басшы қасқыр тұрып: «Көк ат келе жатса, тау мен тасқа қашыңдар, табаны тез тілініп мамырлап қалар», - депті. Тау мен тастың арасымен біраз қашып барған соң, тағы қаратса шұбар ат келе жатқанын айтады. «Шұбар ат болса, күннің астына қарай қашыңдар, көзі талып қаша алмас», - депті. Бірсыпыра шапқан соң тағы сұрапты. «Құла ат келе жатыр» десіпті. Сонда қырдың бастығы тұра қалып: «...болмады. Құла ат келсе құлатар, бәрімізді де сұлатар; енді топтарыңды жазып, не көрсендер де бет-бетімен көріңдер...» деген екен» [2, 50 б.].

Жазушының «Күлпаш» әңгімесі – ел басына түскен ашаршылықтың шындығын көрсеткен шығармалардың бірі. Онда аштық алдындағы дәрменсіздік, ұлы мен күйеуінің аштықтан аман қалуы үшін Күлпаштың ойда жоқ әрекетке баруы, яғни басқа ерге шығуы әңгімеленеді. «Жазушы өз шығармашылығында қораштыққа басқан жоқ. Қарапайым халықтың өміріндегі, ойындағы, қиялындағы құпия күйде қалып келген мол көркемділікті ашты. Оның көркемдігі замана көркемділігімен нәрленді сөз көркемділікке қазына болып қосылып байытты», - дейді Темірлан Нұртазин.

Кедей үйінің жұпыны түр-әлпеті. Ішерге ас, киерге киім жоқ. Алты айғы қыс аштық қысып әбден жүдеген жандар. Күлпаш пен баласы Қали аштықтан ісінген, сенері - ел қыдырып қайыр тілеп кеткен Мақтым. Мақтым ертемен тұрып ел қыдырып кетсе, әйелі Күлпаш сол бірдеме әкелетіндей өзін-өзі адастырумен болады. Елден қайыр сұрап кеткен Мақтым да дорбасын мойнына арқалаған бойы күн батып кеш қарая үйіне әрең жетеді. «Қыржиып тырысқан қысқа тон қаудырлы қатқан жаман тымақ, аяғында қонышынан басылған жаман етік; мойнында дорбасы бар жағы суалып, көзі адырайып, адам бейнесі кеткен біреу есіктен кіреді. Бұл - Мақтым еді.» деп жазады жазушы. Осы өмір үшін күресуге де ешбір дәрмен қалмай, аштықтан құтылудың амалын таба алмай отырған Күлпашты туған сіңлісі Раушан келіп айландырады. Раушанның ақылы бұл түріңмен аштан өлесің, Одан да Жұмағазыға ти. «Оған тисең өзің би,өзің хан боласың, 40-50 қарасы бар. Бір ауылдың байы. Бұрынғы қатынынан бала қалған жоқ. Жасы биыл тап 40-та». Аштықтан шаршаған Күлпаштың қайрат-жігерден, ақылдан да айрыла бастағанын сезген сіңлісі: «...Не бар тамақ соның үйінде, бұзылмаған қазы, бұрулі ет, шұжықтың саны жоқ...Әлі күнге дейін дастарханның наны үзілген емес» деп қызықтыра түседі. Бұзылмаған қазы, бұрулі етті есіткенде Күлпаштың аузынан суы ағып, ынтығуға айналды [2, 28 б.]. «...Қарағым-ай, өздерің білші...мен естен танған кісі ғой – дейді ақырында. Сонымен аштық әуелі Күлпаштың бойын жеңіп сай-сүйегін босатса, ойын да, ақыл – есін де, адамдық, аналық қасиетін де жеңеді. Жалғыз ұлы Қали мен сүйіп қосылған жары Мақтымды өлімге қиып, өз басының тірі қалу қамын ойлап, көрмеген, білмеген Жұмағазының үйіне соның тоқалы болуды мойындап кете барады. Жазушы Күлпаш басындағы осы бір ауыр күйзелістерді қарапайым ғана суреттермен шынайы бейнелейді. Күлпаштың жалғыз ұлын да тастап кетуге бет алғанына оқырман сенеді, енді оның кетуін, Жұмағазыға әйел болған күндерді суреттеудің қажеті де болмай

қалады. Енді жазушы баласын сағынып, жолдасы Мақтымды аяп, соларды өлімге қиып кеткеніне арланған ананың аяулы келбетін суреттейді. Әңгімені тебіренбей оқу мүмкін емес, кейіпкермен бірге еріксіз күйзелесің – «Әттең кедейлік, әттең аштық, қылдың – ау!..» деп жазушымен бірге ренжисің. «..Әй, рақымсыз аштық-ай! Кімдерді жылатпады, кімдер жыламады!

Күлпаш өксіп жылап жіберді [2, 29 б.], – десе, әңгіме соңында:

Күлпаш шошып:

- Әй!.. – деді.

Бұдан кейін не болғанын өзі де білмей, өліп жатқан байы мен баласын құшақтай құлады [2, 33 б.], – деп қысқа ғана әңгімеде жазушы бір отбасының басына тап болған трагедиялық халді шебер көрсете білді. Жазушы өмірде болғанды, болуға лайықтыны әңгімелеріне арқау етеді. Әңгімелері тікелей өмірді жанды көрінісімен көз алдыға әкелгендей болады. Көркем тәсілдердің қолданылуына байланысты жазушы әңгімелерінің көркемдік, стильдік өзгешелігі келіп шығады. Жазушы кейіпкерлердің, оқиғалардың тереңдігін қайшылықтарын ашқанда оны жадағай қалпында бермей, перделеп, нұсқау жобасымен суреттеуге бейім. Қаламгер әңгімелері қазақ тарихының бейнелі көріністері іспеттес. Біз оның шығармаларын оқи отырып, жиырмасыншы ғасырдың басындағы қазақтың басынан өткен оқиғалардың куәсі болғандай әсер аламыз. Өйткені жазушы адам кескінін де, заман келбетін де ғажайып көркемдік күшпен танытып кеткен. Майлиннің шеберлігі жөнінде Сәбит Мұқанов былай деген: «Оның стилінде ашық түсінік, ойлаулы сөз, дәлдік ұғым бар». Менің ойымша, Бейімбет Майлин әрі қысқа, әрі нұсқа туындылары арқылы қазақ ауылының өткен ғасырдың басындағы көркем шежіресін жасауымен ғана емес, әдеби шеберліктің мектебін ашып, шынайы таза үлгісін көрсеткен классик-суреткер ретінде, шынайы қазақ халқының өміріндегі мәселелерді көтеріп, керемет тілмен жеткізген әңгіменің хас шебері. Бейімбет Майлин туындылары осындай көркем өнердің баға жетпес меруерт – маржандарының қатарынан орын алып, талай ұрпаққа тағылым беріп, суреткердің өзі мәңгілік құнды асыл сөздерінің арқасында біртума дарын ретінде халық жүрегінде мәңгілік сақталатынына ешбір күмән жоқ.

Қорыта келгенде, әдебиет – ар-иман, тәрбие жаршысы. Бейімбет Майлин қаламынан туған шығармалар, автор қаламынан туындаған кейіпкерлер әлемі қазір де өзектілігін жоймай, бүгінгі күн мәселелеріне жауап бере алады. Өйткені, оның шығармаларының

тамыры тереңде, халық тағдырымен біте қайнасып жатыр. Бейімбет Майлин әңгіме жанрын ерекше әрлеп, классикалық биікке көтерген нағыз қаламгер. Қаламгердің шығармалары қазақ әдебиетінің барлық саласын байытқан рухани асыл қазына ретінде халқымен мәңгі жасайды. Қаламгердің мазмұны терең, көркемдігі кестелі, ойы ұшқыр туындылары талай ұрпақтың рухани азығына айналып, сан алуан зерттеулердің нысаны болып, өз мәнділігін мәңгілік жоймайтынына, талай оқырманның көкірек көзіне ой салып, көңілінен шыға береріне, сөз өнерінің қиын да күрделі жолына түскен өнер адамдарының бағыт алар темірқазығы болары анық.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қабдолов З. Сөз өнері А., «Қазақ университеті», 1992- 352 б.

2 Майлин Б. Көп томдық шығармалар жинағы: Повесть, әңгімелер, мақалалар. – Алматы: Жазушы. – 2002. – 192 бет.

Қ. МЫРЗАЛИЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ

КОЙШИБАЕВ С.

7» В «сынып оқушысы

НУРГАЛИЕВА А. А.

қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, №43 ЖОББМ, Павлодар қ.

Қадыр Мырзалиев – қазақ әдебиеті әлеміне мол еңбек сіңіріп, зор көркемдік үлес қосқан, қазақ поэзиясында жаңа ерекше көркем образдар тудырған ақын. Оның шығармаларының тақырыбы, мазмұны – адам, адамның өмірге деген құлшынысы, көзқарасы, оның түрлі толғаныстары, адамның бойындағы сан мың алуан сезімдер, ойлар, адамның табиғатпен байланысы, адамның күнделікті тіршілігі мен тағдыры. Бұлардың қай-қайсысы да тақырып, мазмұн жағынан осыған дейін жырланып келе жатса да, Қадыр ақынның өрнегінде жаңа қырынан, бұрын-соңды ешкім айтпаған жаңа бір ерекше мағынада, тың пішінде көрінеді.

Қадыр Мырзалиев сан түрлі тақырыпты қозғап өлеңдер жазды. Солардың бірқатары табиғат тақырыбында жазылған өлеңдер. Қадыр жырлаған тақырыптардың бірегейі, ауқымдысы да осы табиғат тақырыбы. Табиғат тақырыбы дүние жүзі әдебиетіндегі ірі классик ақындардың барлығының да шығармаларынан орын алады. Бірақ әр кезеңде, әр елде әрбір ақын табиғатты әртүрлі жырлады.

Мырзалиевтың табиғат туралы барлық жырларында да ақынның туған жеріне, еліне, жұртына деген сүйіспеншілігі, сағынышы, перзенттік сезімі көрінеді. «Жаңбырлы жаз», «Қыс қамын ерте баста жабыла ойлап», «Көктем», «Көк тоғай», «Қаңтардағы қыр жолы», «Күз», «Мамыр», «Табиғат – жаратылыс пернесі», «Көңілді қыс», т.б. жырлары туған елінің табиғатын үлкен ақындық шеберлікпен суреттеген туындылар. Оның табиғатты бейнелеуі басқа ақындардан өзгеше. Ол табиғатты жай ғана бейнелеп қоймайды, сол табиғаттың әрбір құбылысының мазмұнына терең үңіліп, өзіне ғана тән пайымдаулар жасайды. Ол суық аязды: «Қас батырдан қаһарлы, ояздан да озбырлау», – деп суреттесе, көз ұшында көрінген ауыл бейнесін: «Бұлдырайды әне ауыл, бұға ұстаған әйнектей» – деп, ал сол суықтағы аттың күйін «Құлагердің танауы, қайнап кеткен шәйнектей» деген әсем теңеулермен әдемі бейнелейді.

Қадыр өлеңдерінде көптеген экологиялық мәселелерді де қозғайды. Қазіргі кездегі әлемдік мәселелердің біріне айналған, қоғамдық мәні жағынан басты орында тұрған мәселелердің бірі – экология тақырыбына көп тоқталады. Табиғат көркіне еңбек адамының көзімен қарап, сол табиғат сыры, ойы арқылы философиялық ой түйіндейді. Мысалы, «Ақша қар» өлеңінде:

Аяз сорған алқап анау боп-боз-ақ

Ал шаһарда көк түтіннен жоқ мазаң.

Тиіп кетсең бұтағына қайыңның,

Мойыныңа сауылдайды ақ тозаң, – деп қоршаған табиғаттың ластануын, қаладағы экологиялық көріністі береді. Көк түтін, шаң-тозаңның көптігі сонша, қайыңның бұтағына тиіп кетсең болды мойыныңа ақ тозаң сауылдайды деп ой айтады. Жер-ананы, әсем табиғатты құртып, тоздырып жатқан адамдардың өздері екендігін, табиғаттың нәлі тек адамдар екенін де қайталап айтудан жалыққан емес. Табиғат пен адам арасындағы проблемалық қайшылықтарға айрықша назар аударып отырған ақын «Қамысты көр», «Шарт», «Табиғат тауқыметі», «Қымбат», «Мүйізтұмсық немесе миллионның тағдыры» тағы басқа лирикаларында ақын өзінің ойын тікелей тыңдаушыға жеткізуге тырысады. Яғни, бұл өлеңдерден лирикалық қаһарман ретінде көрінетін ақынның бейнесін айқын аңғаруға болады. Осы тақырыптағы «Қазына» деген өлеңінде:

Көзіңізбен көрдіңіз

Таумыз, түзбіз, тақырмыз.

Қазып-қазып жерді біз,

Жегідей жеп жатырмыз, – деп ащы шындықты айта біледі.

Сонымен қатар, Қадыр Мырзалиев балалар тақырыбына да арнап өлең-жырлар жазған. Қаламгердің бұл өлеңдерінің көпшілігі жас ұрпаққа арналғандықтан, үгіт-насихат түрінде келеді. Балаларға шығарма жазарда ақын олардың ой-өрісінің деңгейін, жас ерекшеліктерін ескереді. Өлеңдерінде тартыс бар, жақсылық пен жамандықтың арпалысуы бар, сол арқылы оның өлеңдері тартымды да қызықты болып келеді. Мысалы баланың жидек теруге жалаң аяқ барған кездегі жағдайы екі жол өлеңмен беріледі: «Қолым теріп бүлдірген, шөнге терді аяғым».

«Қайрақшы» өлеңінде былай дейді:

Біраз жерге кісіні

Апаратын қайрат қой.

Өнсін десең ісінді,

Өзіңді де қайрап қой!

Өлеңде өзінді-өзің үнемі қатаң бақылау, өзіңнің әр қадамыңа орынды баға беру өзінді-өзің тәрбиелеудің ең басты жағдайы делінеді. Яғни өлең баланы қайраттандырып, ынталы, жігерлі болуға үндейді. Ақын өлеңдерінен балалар өлеңінің сан алуан түрлерін көре аламыз. Мысалы: «Арудың аты» өлеңін алсақ, бұл өлеңде ақын баланың талғамына сай келетін ойды беріп, сәби жанының сенімпаздығын, аңқаулығын жыр етеді:

Береке кетіріп,

Ауырдым өтірік.

Апам да,

Атам да,

Әкем де,

Көкем де –

Бәрі де қиналды.

Жаныма жиналды.

Ұсынып асымды,

Ұстады басымды.

Халатты дәрігер

Келгелі әбігер.

Өлеңде кішкене бала ауырса адамның барлық жері бірдей ауырады деп ойлайды да үй-ішінің, дәрігердің әбігерін көріп, сәби жүрек өзі өтірік айтып отырып, өз-сөзіне өзі сеніп қалады:

Шын ауру шығармын,

Деп ойлап жыладым, – деп бала бәрін түсінгеннен кейін, ауру еместігін біліп, қатты қуанады. Өлеңнің басында баланың еркелегі көрінсе, одан кейін өтірік айтқандары шын болып шығуынан

қорықса, өлеңнің соңында өзінің сау екендігін білген бала қуанышы берілген. Бір ғана өлеңнің ішінде баланың бернеше сезімін қатар суреттеу жазушы шеберлігін көрсетеді.

Қадыр Мырзалиевтың философиялық өлеңдері туралы айтар болсақ, философиялық өлеңдер сонау көне шығыс поэзиясынан бастау алатыны белгілі. Қазақ әдебиетінде философиялық өлеңдер жазған ақындар өте көп. Оны ұлы Абайдан да көре аламыз. Абайды жалпы өмір заңдылықтары, қоршаған дүнесі, табиғат, болмыс туралы мәселелер көп ойландырған. Ол адам баласының жан-жануардан, басқа тіршілік иесінен артықшылығы, ерекшелігі неде деп көп ойланған. Сондықтан оның көптеген өлеңдерінде философиялық ойлары, табиғатқа, танымға, ақыл-ойға қатысты толғаныстары көрініс табады. «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес», «Көк тұман – алдындағы келер заман», «Табиғат мәңгілік емес, адам өлімге бағынбайды», т.б. өлеңдері, қара сөздері осыған дәлел. Ал Шәкәрім Абайдың жан мен тәнге қатысты осындай ойларын терең әрі жан-жақты зерттеді. Сонымен қатар, ол өз түсінігін ұсынды. Сол сияқты Қадыр ақынның да осы тақырыптағы өлеңдері өте көп. Соның бірі «Мың жұлдызы болса да» атты өлеңінде махаббатты жырлап отырып, ақын махаббаттың тұрақтылығы мен адал махаббат, шексіз сезім екендігін сырлы өлеңі арқылы жеткізеді.

Мың жұлдызы болса да, байқамайсың басқаны,

Бір жұлдыздан тұрады, махаббаттың аспаны.

Сол бір жұлдыз жанады, сол аспанды жарық қып,

Жарықта да түк көрмес ғашық болған жарықтық!

Сол жұлдызсыз белгілі, оның естен танары,

Маңдайда емес, жүректе –

Ғашықтардың жанары.

Сол жүрекпен қараймын, сол жұлдызға сүзіліп,

Шаңыраққа ілінді ол, көк аспаннан үзіліп.

Мың жұлдызы болса да, байқамайсың басқаны,

Немесе «Тұйық» атты өлеңінде өмір жайлы қарапайым жолдармен терең ой білдіргендігін көреміз:

Өмір деген ұққанға –

Орман сұрақ, шырағым.

Бірін шауып жыққанмен,

Екеуі өсіп шығады!.. [1, 28 б].

Өмір – әр адамның өзінің тіршілік ету уақыты. Өмір – достар, ата-ана, қоршаған орта, тіршілік етіп отырған кезең. Қай кезде де өмірдің қиыншылығы мен қуанышы қатар жүреді. Осы ұғымдардың

барлығын ақын бір шумаққа сыйғыза алған. Ақынның өмір философиясына толы «Өмірдің өзі қызық-ақ» өлеңіне зер салсақ:

Өмірдің өзі жұмбақ бір, өмірдің өзі қызық-ақ,
Жап-жақсы жырды кейде біз түзеумен жүрміз бұзып ап.
Өмірдің өзі жұмбақ бір, өмірдің өзі қызық-ақ,
Біреуді сынап адам ғып, мақтаумен жүрміз бұзып ап.
Өмірдің өзі жұмбақ бір, өмірдің өзі қызық-ақ,
Жүйкеге бола дәрі ішіп, бауырды жүрміз бұзып ап [1, 29 б.].

Ақынның осындай философиялық өлеңдері ой тереңдігімен, танымдық, моральдық, адамгершілік мәселелерімен ұштастыра білуімен, адамдардың қоғамдық өмірдегі қарым-қатынасын, жеке адамның мінезін, іс-әрекетін бағалаумен сипатталады. Осындай өлең жолдарындағы педагогикалық, тәрбиелік, философиялық, тарихи тағылымдардың көпшілігі ел ішінде таратылып, қанатты сөздерге айналып та кетті.

Ақын елі, елінің тағдыры мен тіршілігі жайлы ой толғамай өткен емес. Ел өмірінің келеңсіз жақтары, жетістіктері мен кемшіліктері, жақсы-жаман жақтарына ақын күйіне, күңірене отырып өлең арнайды. Ақынның туған еліне, жұртына бей-жай қарай алмайтынын, сүйіспеншілігі мен жаны ашитындығын аңғарамыз. Мысалы ақынның «Қазақтарға» өлеңіне назар аударсақ:

Керегіне жұмсай алмас күшін де
Кемшілік бар үлкенімде, кішімде.
Сәл ертерек ошағының оты өшкен:
Қазақтардың бір қайнауы ішінде!
Қай заманда бұл даладан қашты мұң?!
Қыр тұрғынын шайпау тағдыр шашты мың.
Бабам қазақ бүгін тойса, оп-оңай
Ұмыта салған кеше көрген аштығын.

Ақын елдің басынан өткен қиын-қыстау кезеңдерді еске ала отырып, аңғал мінезін, жалқаулықты сынға алған.

Шал, Махамбет шығармаларындағы жаугершілік рух, хан, билерге қарсы тұруға шақыру, Шортанбай, Дулат, Мұрат, Байтоқ шығармаларындағы отаршылдыққа қарсы тұруға үндеу, Сүйінбай, Бақтыбай арнауларындағы қоғамдағы жат қылықтардан халықты аулақ болуға шақыру сияқты келелі тақырыптарды жалғаған Қадыр Мырзалиевтың өлеңдері де осы жыр алыптарымен сарындас. Ақын бүгінгі жастарды жігерлендіріп, мойымауға шақырады. Ақынның кей өлеңдері замандас ақын Мұхтар Шахановтың өлеңдерімен сипаттас. Мысалы, «Жігіттің екі сипаты» деп аталатын

шығармасында Мұхтар ақын кейбір тастардың биіктен құласа да, тас қалпында қалуын, ал кейбір ірі тастар кішкентай жырадан құласа да, сынатынын айтады. Ақын өлеңде екі жігіт мінезінің әр түрлілігіне байланысты ой түйеді.

Қорыта айтар болсақ, Қ. Мырзалиев сан түрлі тақырыпта қалам тартқан ақын. Шығармаларының табиғаты да өзінше бір ерекше, тақырыптық идеясы да сан алуан. Алайда өлеңін қандай тақырыпта жазса да, ақын адамды, оның еңбегін, өмір салтын, тағдыры мен дәстүрін, тұтастай тұлғасын танытуға ұмтылады. Сол себепті де Қадыр ақын өлеңдері құнды, бағалы.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Мырзалиев Қ. Үш томдық шығармалар жинағы. 1 т. – Алматы: «Жазушы», 1989. – 210 б.
- 2 Мырзалиев Қ. Көкпар. Өлеңдер кітабы. – Алматы: «Жазушы», 1981. – 125 б.
- 3 Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: «Санат», 2002. – 358 б.
- 4 Мәшһүр Жүсіп Қ. Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік. – Павлодар, 2007. – 310 б.
- 5 Мырза Әли Қ. Таңдамалы туындыларының көп томдығы. – Алматы: «Қазығұрт», 2001. 8 т. – 225 б.
- 6 Мырза Әли Қ. Таңдамалы туындыларының көп томдығы. 5 т. – Алматы: «Қазығұрт», 2001. – 175 б.
- 7 Мырзалиев Қ. Үш томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Жазушы», 1989. – 2 т. – 221 б.
- 8 Шаханов М. Ғашықтық ғаламаты. – Алматы: «Жазушы», 1979. – 225 б.

ЕРТЕГІЛЕРДЕГІ ҚҰНДЫЛЫҚ

НУРТАЕВА Н. К.
магистр, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
«Зерде» мамандандырылған мектеп-лицейі, Екібастұз қ.
ХАБДУЛЛОВА А. К.
9-сынып оқушысы,
«Зерде» мамандандырылған мектеп-лицейі, Екібастұз қ.

Сөз күнделікті қоғам өмірінің қажетінің салдарынан пайда болған. Адамдар бір-біріне тарихи қызықтарды, шын өмірде болған оқиғаларды әсірелеп айтып, басқаларды қызықтыру керек болды.

Осыдан ертегі шықты. Бұл сөзді естігенде, біздің көз алдымызға не келеді? Бойымызды қандай сезім билейді? Ерекше әлем, таңғажайып мекен, армандарының орындалуы... Бұдан да басқа терең мағыналары бар.

Ертегі - фольклордың негізгі жанларының бірі. Ертегі – халық прозасының дамыған, көркемделген түрі, яғни фольклорлық көркем шығарма. Ол: әрі тәрбиелік, әрі көркемдік-эстет. рөл атқарады. Ертегілік прозаның басты міндеті – сюжетті барынша тартымды етіп, әрлеп баяндау [1, 226 б.].

Ертегі жанрының пайда болып, қалыптасу тарихы өте ұзақ. Ертегінің негізін қалаған жанрлар: миф, хикая, әпсана, т.б. алғашқы қауымдық қоғамның түсініктері мен салтын, әдет-ғұрпын, яғни сол заман шындығын өзінше бейнелеген.

Ертегі соңы кейіпкерлердің бақытқа, көздеген арманына жол жеткізуімен бітіп отырады. Соның нәтижесінде айтушы да, тыңдаушы да жақсылықтың, бақыттың бар екеніне сеніп өмірге жігермен қарауға үйренеді.

Қиял-ғажайып ертегілер – адам табиғатының сырын әлі анық түсінбей тұрған кезде туған ертегілер. Бұлар ертегілер ішіндегі ең көнесі әрі көбі. Ертегінің осы түрінде табиғаттың, қоршаған ортаның нелер тұңғыық сырлары, соны танымаққа ұмтылған қазақ ойы, білсем танысам деген қазақ арманы, әлемді шарласам, айға жетсем, мұхитты төңкерсем, қу медиен даланы көк жазираға бөлесем деген қазақ қиялы бейнеленген. Сол жолда кездесер жаңалық пен ескіліктің, әділдік пен жауыздықтың, адалдық пен армандықтың зор арпалысы суреттеледі. Ертегілерді жақсылыққа не болмаса белгілі бір мұратқа жетсем деген басты кейіпкерге көмектесер Шаңжұқпас, Саққұлақ, Таусоғар, Көлтауысар секілді бейнелер болса, оған қарсы жалмауыз кемпір, жалғыз көзді дәу, дию, жезтырнақ секілді қиялға тән сұмдық құбыжықтар қарсы тұрады. Жамандық пен жақсылық, зұлымдық пен адамдық қарапайым да қым-қиғаш жағдайда күресіп, жақсылық жеңеді.

Қиял-ғажайып ертегілері – оқиға орны және оған қатысушылары, кейіпкерлері де ерекше, уақыт өлшемі басқаша ертегілер. Қиял-ғажайып ертегілерінің тағы бір ерекшелігі бұндағы кейіпкерлердің заттары, құрал-саймандары, т.б. мүлдем бөлек. Мысалы, «Ыста тас» деген кішкене ғана тас тілдің астында жатады. Атын айтса, «Ләббай» деп жауап береді. Нені қаласа, соны жасайды. Ханды жеті дарияның арғы жағына апарып тастайды, немесе ордасымен көшіріп әкеледі. Осының бәрін әп-сәтте, көзді ашып-жұмғанша істейді.

Басты кейіпкердің төзімі де орасан, «темір етік теңгедей, темір таяқ тебендей» болғанша сапар шегеді. Аштыққа, суыққа, яғни қарапайым адам шыдамас сынаққа көніп, қиындықты жеңіп шығады. Қиял-ғажайып ертегілері бір қарағанда шындықтан алыс көрінгенімен, ұшқыш кілем, жүйрік тұлпарлардың орнын басар автомобиль, ұшақ, зымыран секілді көліктер өмірімізден орын алады.

Қазақ ертегілерінің тағы бір мол түрі – шыншыл ертегілер. Қазақтың дүниетанымындағы, өміріндегі, көзқарасындағы барлық ісін, мұң-мүддесін, тартыс-таласын тек осы шыншыл ертегілерден табуға болады. Мұнда жауыздыққа, топастыққа қарсылық айқын байқалады, яғни халық өзінің нені ұнатып, нені жек көретінін анық танытады. Шыншыл ертегі қазақтың жан дүниесіндегі мұңынан, қайғысынан хабар береді.

Шыншыл ертегілердегі жаман, яғни жағымсыз образ болып хан, бай, билер көрінеді. Бірақ бұл қазақтың бар ханы, байы, биі, молдасы жаман деген сөз емес. Зорлық, қорлау, кемсіту, жылату күштіден, биліктегіден келеді деген сөз. Бұл - мәңгілік тақырып...

Халық әлсізге, нашарға көмектескенді жақсы көреді. Солай істегендіктен Тазша бала бәрінен ақылды болып көрінеді. Мәселе оның бала екенінде немесе Тазша екенінде емес. Мәселе ақылдың, ойдың алдында адамдардың бәрі бірдей, тапқыр Тазша көпті көрген, «мен білемін» деген ханды, билерді мұзға отырғызып кетеді дегенінде.

Салт-шыншыл ертегілерде қазақтың малшылық-бақташылық тұрмыс-тіршіліктері көрініс береді. Бұнда жылқышы, қойшы, түйеші, тазша, құл, бай, би, хандар образы арқылы сол кездегі тұрмыс-салт, күйеуін сыйлар әйел, ағаның алдын кеспес қыз, әке тұрып сөйлемес ұл қылығын, жорасын көреміз. Халықтың тұрмысы, тіршілігі ертегінің бір бөлігінде көрінсе, екінші бөлігінде дала танымы, елдің салтын, қазақтың жазылмаған, бірақ бұлжымайтын заңдары сипатталады.

Хайуанаттар жайлы ертегілер - адамзаттың қоршаған табиғатпен жаңа араласып, аңшылық, бақташылық өмірі басталған кезде туған ертегілер.

Мұндай ертегілерде адамдармен бірге жан-жануарлар басындағы оқиғалар, тұспалдар, мысалдар айтылады. Әрі белгілі бір жануарлар не олардың іс-әрекеттері адамдардың немесе олардың қылықтарының, мінездерінің көрінісі болып ұсынылады. Мысалы, түлкі - қулық, арыстан - қара күш, түйе - аңқаулықтың символы болып көрінеді.

Ертегілерде белгілі бір кейіпкерлердің (Тазша бала, Қанбақ шал, Жалмауыз кемпір) іс- әрекеті баяндалады. Ақыл үстемдігін, ой үстемдігін ұлықтайды. Ертегінің қай түрінде де халық өз

кейіпкерлерінің аман болғандығын, жамандықты жеңіп, үстем шыққандығын қалаған, сол арқылы балаларын, ұрпағын мол жігерге, орасан оптимистік сенімге баулыған.

Жануарлар жайындағы ертегілерде халық әр кейіпкерге өз мінезіне байланысты баға беріп, соған сай адамдарды тұспалдап көрсетіп отырған.

Бұл арада мән беретін нәрсе хайуанаттар туралы ертегілерде әр халықтың өз тұрмысына тән дүниелері ғана көрінеді. Орыстарда алтын балық байлықтың кілті болса, өзеңнен сан-аулан жүрген қазақ үшін балық бейнесі таңғалдырар кейіпкер емес. Үндінің пілі, арабтың түйесі секілді бейнелер бізде негізгі қосбасшы (авангардтық) кейіпкерлер болмаған.[2, 76-79 б.].

Ертегі жайында көптеген ғалымдар өз пікірлерін қалдырған және зерттеулерін жүргізген. Олардың бірі Мұхтар Әуезов. Оның айтуы бойынша ертегілерді қазақ оқығандары мен ақындары да жинастырып, «Дала уәлаятының газетінде» жекелеген мәтіндерді жарыққа шығарады. Әсіресе М.Ж. Көпеев ертегілерді арнайы түрде жариялап отырған. Ш. Уәлиханов бастаған зерттеу ісін Ы. Алтынсарин, А. Құнанбайұлы, Ә. Бөкейхановтар жалғастырады. Ертегілер 1960 жылы басылып шыққан «Қазақ әдебиетінің тарихына» жеке бөлімі болып енді. [3, 58 б.].

Қазақ ертегілері қазақ халқының жалпы тарихынан бөлініп алынып, өз бетінде бір бөлек дүниедей жалпы қоғам тарихына оқшауланып тексерілетін. Мәдениет халықтың тарихымен бірге жасап, бірге өзгеріп отыратыны жөнінде айтқан ғылымдық ойлары бұл жөнінде ескерілмеген. Қазақ халқының жалпы тарихымен және әр дәуірлердегі тарихтық-қоғамдық өзгерістермен байланыстыра тексермегендіктен, ертегілер тек жанр түрінде ғана топталып, жіктеліп, қоғам тарихының тысқары, заманы жоқ беймезгіл бір туындылар есебінде, шала тексерілетін болған [4, 8 б.].

Ал, Сейіт Қасқабасовтың айтуынша жануарлар жайындағы ертегілердің өте терең моральдық және әлеуметтік мәні бар. Мысалы, хайуандар қанша бір-бірімен шайқасып, қақтығысып жүрсе де, жыртқыштар ешуақытта жеңіске жетпейді. Зерттеушілер ертегілердің таптық жақтарын үнемі көрсетіп отырады. Алайда, ертегілердің өзі таптық түсінікті ашық айтпайды. Онда кейіпкер мінезі көрінеді. Жалпы алғанда, ертегілерде жинақтық мағына басым: әңгіменің соңында жыртқыштар мен озбырлар міндетті түрде жеңіліске ұшырап, дәрменсіз болып шығады. Ертегілердегі мораль мен әлеуметтік утопизм, міне, осында.

Екінші жағынан, ертегілердің тек әлеуметтік қана емес, жалпы адамзаттық сипаттары да мол. Қазақ ертегілеріндегі жануарлардың сипаттамасы жалпы дүниежүзілік ертегілермен үндес келеді. Өте кең тараған ертегілік қаһарман - түлкі. Түлкі бейнесінен жалпы ертегі жанрына тән эстетика заңы анық байқалады: ертегі қашан да әлсізді, зәбірленіп жапа шеккенді қорғайды, соны жақтайды.

Жануарлар жайындағы қазақ ертегілеріндегі екінші басты тұға - қасқыр. Оның сиқы да жалпыға мәлім - ақымақ та ашқарақ. Түлкінің алдағанына иланып, өзінің көтеншегін суыртып, қаза табатын да, ешкі, қой, жылқы сияқты жануарлардан алданып, қор болатын да қасқыр. Сонымен бірге қасқыр - зорлықшыл, зорлықшыл болғанда, сәтсіздікке ұшырайды. Ол әрі сараң, әрі қорқақ. Қасқырдың басын көрсеткен қойдан қорқып, қашатын да жері бар. Тіпті, қиын-қыстау кезендерде ақылымен жол тауып кететін қозы мен лақтан әлсіз болып шығады [8, 196 б.].

Жануарлар жайындағы қазақ ертегілерінің енді бір түрі – мысал ертегілер (аполог). Мұнда баяндау белгілі бір моральдық қағидамен тұжырымды дәлелдеуге бағытталады, сол себепті ертегі афоризммен аяқталып отырады. Ертегінің айтылу мақсаты да осы афоризмді дәлелдеуді көздейді. Қазақтың мысал ертегілері шығыс фольклорымен тығыз байланысты. Олардың көбісінің қайнар көзі – «Панчатантра», «Хитопедаша», «Шукасапати» сияқты үнді жинақтары мен Орта Азияға әртүрлі жолмен келген «Калила мен Димна» және «Тотынама» тәрізді кітаптар. Мысал ертегілердің көбінесе кезінде қазақтардың басқа түркі халықтарымен белсенді байланыс жасаған аймағы - Оңтүстік Қазақстаннан жазылып алынуы тегін болмаса керек.

Тегі жағынан шығыстың кітаби мисалдарынан тараған қазақтың мысал ертегілері шығыс тәмсіліне тән тиетелген (обрамление) композиция бойынша құрылады [8, 197-198 б.].

Бүгін ертегіні оқымайды деген ой қалыптасқан, алайда, ертегі арқылы біз бөлек, ғажап әлемде саяхаттай аламыз. Жоғарыда айта кеткендей қазір адам ойы өзгерді, сол себептен, бұрынғы ертегілерді оқымауы мүмкін. Осындай кезде бізге көмекке осы зпаман жазушылары келеді. Мысалы, Зира Наурызбаева мен Лиля Калаус. Олардың қосылып жазған «Алтын тостағанды іздеу» ертегісі 2021 жылы «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы аясында Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналып таңдалған 30 үздік кітап ішінде балалар әдебиеті жанры бойынша жалпыхалықтық оқуға ұсынылған. Қазір ертегілер комикс түрінде де беріледі. Оған

мысал ретінде «Балдырған» журналын келтіруге болады, себебі, бұл журналда көптеген ертегілерді сурет қылдырып көрсетеді.

Қорытындылай келе, қазіргі әдебиет үшін ертегі өте табанды түрде дамып, тұжырымдаманың таңғажайып тұтастығын ашады. Көркем тұлғалар мен осы жанрда жұмыс істейтін жазушылардың көркем тілінің айырмашылығымен бұл құбылыс оған қарауды қажет етеді және оның ерекшеліктерін түсінуге тырысады.

Ертегі тәрбиімен тығыз байланысты. Ертегі айна сияқты адамның қуаныштары мен азаптарын, жақсылық пен жамандықты еске түсіреді, сақтайды және баяндайды.

Ертегі бізге көптеген тәжірибе сыйлайды. Біз кейіпкерлердің рөліне еніп, небір шытырман оқиғаларды бастан кешеміз, сол себептен, ертегі біздің өміріміздің маңызды бөлігі деп анық айта аламыз. Ертегінің арқасында қиялға ерік береміз. Осы қасиеттің арқасында біз мүмкін емес нәрселерге қол жеткіземіз және өмірге деген көзқарасымызды өзгертеміз. Бұл біздің сұр күндерімізді түрлендіреді.

Қазақ халқы ежелден сөз қадірін білген, сөзге тоқтаған. Ұрпағына «Ойнап сөйлесең де, ойлап сөйле» деп үлкен міндет жүктеген. Ертегі толықтай сөзден тұрады. Ертегінің құндылығы терең. Әдебиет – шексіз бай, шұрайлы, тегеуріні мықты сала.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2005. – 576 б.
- 2 Оқушы анықтамасы: 5-11 сыныптар. 1-кітап – Астана: «Арман-ПВ» баспасы, 2012 ж. – 472 б.
- 3 Әуезов М., Әдебиет тарихы, А., 1991. – 240 б.
- 4 Әуезов М. Шығармашылығының елу томдық толық жинағы. 28-т. – Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі, 2007. – 440 б.
- 5 Қазақ ертегілері. – Алматы: «Алматыкітап» ААҚ, 2004. – 344 бет, суретті.
- 6 100 ертегі. Құрастырып, қазақ тіліне аударған Серікқали Байменше. – Алматы: Білім, 2011, 192 б.
- 7 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 5-том / Құраст. Б. Әбілқасымов, С.Бизақов, Ә.Жүнісбеков және т.б. – Алматы, 2011. 5-том. – Д – Ж. – 752 б.
- 8 Қасқабасов С. Ойөріс (Фольклор туралы)Астана: «Астана полиграфия», 2009. – 302 б.

9 Наурызбаева З., Калаус Л. Алтын тостағанды іздеу: Бату мен оның достарының бастан кешкендері. – Алтаты: «Қазақ энциклопедиясы», 2018. – 236 бет. ISBN: 978-601-7967-06-2.

КЕШЕГІ ЖӘНЕ БҮГІНГІ КҮНДЕГІ МЫРҚЫМБАЙ ОБРАЗЫ

АЙТМҰХАМБЕТ Е., НҰРЛАН Е.

9 сынып оқушылары, ХББ Назарбаев Зияткерлік мектебі, Павлодар қ. КУШЕРБАЕВА И. Қ.

жетекші, ХББ Назарбаев Зияткерлік мектебі, Павлодар қ.

Бейімбет Майлиннің «Мырқымбай» бейнесін білмейтін жан жоқ шығар. Біреулері Мырқымбайды әдебиеттегі Бейімбет жасаған бейне деп білсе, оқырман бұл кейіпкерді прецедентті есім ретінде «ақымақ адам» бейнесінде қабылдайды. Мына бір жолдар бәрімізге таныс шығар:

Мырқымбай! Мырқымбай! Мырқымбай!

Бай, бай, бай, бай!

Жүрмейсің жай. Нең бар еді?..

Әй, құдай-ай»... [1] – деген жолдардан ойымызға бірден жүрген жерін шулатып жүретін, ісінің бәрі мардымсыз бейне елестейді.

Ал енді Кеңшілік Мырзабеков «Майлин мен Мырқымбай» балладасын былай аяқтайды:

...Ауылнай Мырқымбайдың жиренін

Жетектеп кеп тұрды іңірдің кезінде.

Бұл оқиға дәл де, мүмкін, дәл болмас,

Діттегендей дәл болуы заң болмас.

Қара күші – таза күші дәуірдің,

Өзі де күш тазалықты танудың,

Майлиндердей Мырқымбаймен бол жолдас! »... [2] – бұл жолдардан Кеңшілік ақын Мырқымбай мен Майлинді жолықтыра келе, соңында саяси астары бар, сыни сарыда Майлидердей Мырқымбаймен бол жолдас дей келе Бейімбеттің өзін кейіпкері образына келтіре отырып, Мырқымбай бейнесін басқа қырынан көрсетеді.

Жанұзақ АЯЗБЕКОВ, әдебиеттанушы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі «Егемен Қазақстан» газетіндегі «Мырқымбай» деген атпен шыққан мақаласында былай дейді:

Осындай атпен жазылған бұл мақаланың авторы – Есхан Есетов 1945 жылы «Социалистік Қазақстан» газетінің (қазіргі «Егемен

Qazaqstan») Қостанай облысы бойынша меншікті тілшісі болып қызмет істеген. Ал 1945-1959 жылдары аралығында аталмыш газеттің Алматы облысы бойынша тілшісі, кейіннен осы газет редакциясы аппаратында еңбек етеді.

Қазақта Бейімбет Майлинді, оның атақты кейіпкері Мырқымбайды білмейтін кісі кемде-кем. Мырқымбай әдебиетіміздегі типтік бейне ғана емес, қазаққа сіңісті замандас сипатын аңғартар тұлға, мәтелге, тіпті қанатты сөзге айналған есім. »... [3].

Материал 2013 жылы Е.Есетовтің туындыларын жинап-теріп, ағайын-туыстары Қостанай қаласынан шығарған «Естеліктер» жинағына енген. Әңгіме өткен ғасырдың елуінші жылдары жазылғау әңгімесінің қысқа нұсқасын ұсынады.

Бұл әңгімеде де Бейімбет пен Мырқымбай таныс болғанын, сонымен қатар Мырқымбай ойдан шығарылған кейіпкер емес, өмірде болған адам екенін келесі оқиға дәлелдейді.

Бейімбет бір жетім болса, Мырқымбай топ жетім болды. Өмір бойы ішсе тамаққа, кесе киімге жарымаған Мырқымбайдікі «белден бок» атанды. Бір үйде 11 бала болды. Соның ең үлкені Мырқымбай осы Бейімбеттен жарты мүшелдей үлкен. Одан кейінгі он бала үйелмелі-сүйелмелі келген кілең ши борбай, сіре қарындар еді. Мұның да өз әкесі жасында өліп, жамағайынмен отасқан жарым көңіл, жабы құрт анасы күн ұзын байдың жұмысында болатын да, отбасын ойран қылып отыратын өз үйіндегі он бір баланың тәрбиесін үлгерте алмайтын. Дәреттерінен аяқ алып жүрер жер болмайтын. Содан ауыл үйдегі атқойғыш, сөзуар қатындар Мырқымбайдікін «белден бок» деп те атандырған»... [3].

Келесі оқиғадан Мырқымбай есімінің сол кезде тренд болғанын келесі оқиғалар дәлелдейді:

Мырқымбайды бүткіл Қостанай округінің еңкейген кәрісі мен еңбектеген баласына дейін біліп болды. Сол жұрт қазір Мырқымбай кім, Бейімбет кім, екеуін ажыратудан қалды. Мырқымбай қайтті, Мырқымбай не болды екен? Бүкіл жұрттың аңдыған, баққаны осы. «Ауыл» газетін алдырушылар газет бетін ашқанда-ақ ең алдымен осыны іздейді. Бейімбет Майлыұлы қол қойған бірдеңе жазылса-ақ оқушы жұрттың күтетіні осы Мырқымбай.

Мырқымбай жыр ма, сыр ма? Мырқымбай адам ба, әлде аруак па? Мұның дәл анығын біле қоятындар шамалы ғана. Бір қызығы, сонау жиырмамыншы жылдың басында шыққан осы «Ауыл» газетінде «Мырқымбай» деген бір өлең пайда болды да, сол өлең осы кезге дейін үзілуді қойды. «Мырқымбай өйтті, Мырқымбай бүйтті»,

«Мырқымбай жер алды», «Мырқымбай бөлісті», «Мырқымбай мінген көк шолақ» не керек, әйтеуір, бір бітпес хикая бірінен соң бірі туады да жатады [3].

Тұрсынжан Шапайдың шығармасындағы «Мырқымбай» бейнесін қарайтын болсақ бұл бейне қазіргі ХХІ ғасырдың заманауи «Миркибайский». Оны келесі жолдан дәлелдейді:

Бейімбет Майлинның «Мырқымбай» образын Тұрсынжан Шапай былай жалғастырады:

«Осы Мырқымбайдың жетілгені-ай!

Уа, бұл Мырқымбай – асты!

Асқандықтың алғы шарты – дүниенің бар тілінде сөйлеу еді. Асқандықтың айғағы – қазақшаны ұмыту болатын. Егорды «Жәгор» дейтін жабайы Мырқымбай қазір орысшаның өзін ағылшын акцентімен сөйлейді. Бірақ, Мырқымбайдың қазақшасында акцент жоқ... Өйткені, Мырқымбайда «қазақша» атымен жоқ... Тап-таза.

Мырқымбай – асты! Мырқымбай, қазір – министр. Мырқымбай – сенатор. Мырқымбай – жулик. Мырқымбай – наркоман. Мырқымбай – бай. Мырқымбай – құдай...» [4].

Екі сөйлеммен ездiң құтын қашыратын астарлы әзілдердiң астында зілді сілкініс жатыр. Аузын ашса, жүрегі көрінетін бұрынғының қазақтарын, аузын ашса көмейін көрсетпейтін жаңашыл қазақ қоғамы алмастырғанын тілге тиек етеді.

Тұрсынжан Шапай публицистикасы юмордың жүгі мен салмағын келісті қолданады. Асырып айтпайды, жетпей қалған жерін де таппайсыз. Наданның мақтанышы - түкке тұрмайтын елес екеніне көз жеткізеді деп түйіндейді Бағлан Оразалы.

Тағы да бір заман ағымына қарай жазылған «Мырқымбайдың құпиясы Ресейге керек пе?» атты Ораз Әлімбековтың әңгімесінде сол баяғы ашықауыз Бейімбеттің «заманауи образы» келесі оқиғалардан көрінеді:

Жақында Мырқымбай телефоны тозған соң Қытай компаниясы шығарған су жаңа смартфон алған. «Қытай осы телефон арқылы сенің құпияңды біліп отырады» деген сөзді құлағына қыстыратындай Мырқымбайдың шамасы жоқ. Айфон мен самсунг смартфондары удай қымбат. «Менің құпиям Мырқымбикеден басқа кімге керек» деп іштей күбірледі де, қолы жеткен қытай смартфонын ала салған [5].

Бұл әңгімеде Мырқымбай жалғыз емес жанында Мырқымбикесі бар. Және Ораз Әлімбековтың бұл образдары қазіргі технологияның дамуымен пайда болған түрлі қау өсекті саясатпен баяланыстыра

келе, гуглда теріп телміріп киносын көріп отыратын көптеген қоғамдағы азаматтарды сынға алатын сынайлы.

Ал мырқымбай деген сөзді түсініктеме сөздіктен іздей келе мынадай ақпаратқа тап болдық:

- зат. Мырқымбай болғандық. Байғұс-ай, бала күніңнен мырқымбай едің, қулық-сұмдығы жоқ, мырқымбайлығыңнан күйдің-ау (С.Елубай, Ақ боз., 336) [6].

Бұл түсініктеме де Мырқымбайды ашықауыз, қулық-сұмдығы жоқ дей келе бөтен ойы, арамдығы жоқ адам бейнесін келтіреді.

Ал ақын Амангелді Бұғабаевтың «Әй, Мырқымбай, Мырқымбай» атты өлеңі де алаңсыз барына қанағат қылып, бір күндік ішіп-жегеніне мәз болып жүрген адамды сипаттап жазады. Бұл Мырқымбай бейнесі Ораз Әлімбектовтың жасаған заманауи бейнесіне сай келеді.

Сонымен қатар әйгілі блогер, депутат, халыққа қаржылық сауаттылықты үйретіп жүрген Дәулет Мұқатаевтың «Мырқымбай декретке шығарда не істеу керек?» атты қаржылық сауаттылыққа байланысты шыққан мақаласында мысал Бейне ретінде осы есімді қолданады. Бұл тек декретке шығу туралы ғана сауаттылық емес сонымен қатар үй алуға ақша жинау, ақшаны жарату, депозит бойынша ақпараттың бәрінде Мырқымбай есімі мысал ретінде қолданады.

Осындай әдебиетіміздегі бейнені қалжың қылып қолданып, әзілдің шегінен шыққанымызды келесі ақпараттан байқай аламыз.

«Слова, которые МИД России не рекомендует говорить в Казахстане» атты Нұртай Лаханұлы сұхбатында былай делінген:

«В общении казахов между собой возможно употребление нижеследующих эпитетов, имеющих оскорбительное значение, повторение которых росгражданим категорически не рекомендуется – деп бірнеше сөздердің тізбектеп беріп, мырқымбай сөзіне келесідей анықтама береді:

«Мырк», «мырқымбай» – недалекий, непутевый человек, неудачник, синоним русского «Ивана-дурака» [7]. Мына анықтаманы оқып, Мырқымбайдың Иван дуракпен тең дегені намысқа тиеді екен.

Гульдархан Смагулова, филология ғылымдарының докторы осы сұхбатта сөздердің мағынасын келесідей түсіндіреді:

«...образ Мырқымбая, запечатленного в поэзии Беимбета Майлина. Со временем имя Мырқымбай стало нарицательным и приобрело значение, близкое к синониму «смирный». «Мы сами

виновны в том, что слова «мамбет», «калбит», «мырқымбай» потеряли первоначальное значение и сейчас используются в уничижительном значении, – говорит Гульдархан Смагулова. – Мы позволили склонять и спрягать казахские имена. К примеру, мое имя Гульдархан долгое время произносили как «Гуля». Точно такие же изменения претерпели не только казахские имена, но и многие тюркские имена, они стали произноситься с позиции удобства фонетики русскоязычных граждан. Мы должны винить себя в этом, в том, что позволили это.» [7].

Майлин поэзиясындағы Мырқымбай бейнесі - жиырмасыншы жылдардағы қазақ кедейінің типтік бейнесін жасау жолындағы үлкен табысы. Мырқымбай тұтас бір өтпелі дәуірдегі ауыл кедейінің өмірінде болған өзгерістерді оның сана-сезімі, мінез-құлқы, іс-әрекеті, тұрмыс-тіршілігі арқылы шынайы суреттелген типтік бейне. Мырқымбай сияқты типтік дәрежеге көтерілген бейне қазақ әдебиетінде күні бүгінге дейін жасалынған жоқ. Ол ақынның жиырма шақты өлеңінде, екі поэмасында бірде басты, бірде қосымша кейіпкер ретінде көрінеді.

Мырқымбай туралы барлық ақпаратты жинақтай отырып бұл бейненің әдебиетте Бейімбетпен қатар жүретініне көзіміз жетті. Ал орыстардың Иван дурагымен теңестіруі БАҚ шыққан түрлі басылымдар мен қоғамдағы бұл бейненің «Мазак» образға айналуы миға қонымсыз. Сондықтан әдебиетімізде Бейімбет қалыптастырған бірегей бейнені мазакқа айналдырмай құндылығымыз қылып сақтағанымыз жөн.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 <http://nblib.library.kz/elib/Sait/NauBibUKAZ/Ұлы%20тулғалар.%20PDF-формат.2-версия/Mailin%20B.pdf>
- 2 <https://bilim-all.kz/olen/18023-Mailin-men-Myrqymbai>
- 3 <https://egemen.kz/article/213201-myrqymbay>
- 4 https://adebiportal.kz/kz/news/view/tursynzan-sapaidyn-sygarmasyndagy-myrqymbai-beinesi__2869
- 5 <https://serke.org/news/myrkhyrbajdyng-khupiyasy-resejgekerpekpe>
- 6 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі– Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты. Б.Қалиев.. 2014.
- 7 <https://rus.azattyq.org/a/rossia-mid-pamyatka-rossyiskim-turistam/28400033.html>

ӘБІШ КЕКІЛБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ КЕЙІПКЕРЛЕРДІҢ ТҰЛҒАЛАНУ ЕРЕКШЕЛІГІ

РАХИМБАЕВА Ж. С.

9-сынып оқушысы № 26 гимназия-мектебі, Екібастұз қ.

Әбіш Кекілбаев – тарихи деректерді терең меңгерген сөз зергері әрі сол заманға сай тарихи сипатты нақты көре білген зерделі қаламгер. Оның шығармаларында суреттеліп отырған заманның ерекшеліктері мен өзіндік келбетін танытатын поэтикалық қуат тарихи тұрғыдан нанымды. Әбіш Кекілбаев ғылымда да осы уақытқа дейін терең сараланып бітпеген тарихтың қос қыртыс қатпарларына көзімен саяхат жасап, оқырман назарын көне тарихтың әлі ашыла қоймаған тың беттеріне аударады. Қоғамдық формациялардың кез-келген тұсында да, тарихи дамудың қай кезеңдерінде де қайталанан беретін психологиялық сәттерді (ұқсастықтарды) терең түсініп, жіті сезінген жазушы талантына тәнті боламыз. Тарихи дәуірлердің көркем бейнесін жасап, ой қорытып, келер күндер елесін де болжай алған, тіпті сол күндерге әр туындысының беттеріндегі суреттелген түрлі оқиғалар арқылы кейінгі ұрпаққа бағыт беруді, ой тастауды мақсат еткен.

Әбіш Кекілбаевтың «Абылай хан» драмалық дастаны – тарихи оқиғаға негізделген шығарма. Жазушы бұл драмада да тарихи тұлғаның ақыл-білігін, парасат-пайымын ашып көрсете білген. Әбіш Кекілбаев «Абылай хан» пьесасын «халықтық қаһармандық драмалық дастан» деп атапты. Бұл атау шығарманың бүкіл рухынан, оның мазмұны мен жазылу үлгісінен туындағаны сөзсіз. Өйткені, шығарма, қазақ елінің тәуелсіздік жолындағы күрестерінің ең бір шешуші тұсы оқиғаларына құрылған. Ол ұзақ уақыт қалмақ шабуылы мен жаулаушылығы астында есеңгіреген қазақ елінің XVIII ғасырдағы басқыншыларға қарсы ерлік күресінің эпопеясын жыр етеді. Халықтық қорғаныстарда батырлығымен көзге түсіп, ел бастаған Абылайдың осы жорықтардағы ерен еңбегі мен басшылық қызметі арқасында қалмақтар түбегейлі жеңіліс табады. Қазақ елі басқыншылардан бір жола тазарады. Осы қозғалысты бастаған Абылай бейнесін жазушы бүкіл халықтың азаттық жолындағы туына айналдырады. Орыс отаршылдығына ұшыраған халықтың бүкіл арман-мүддесі түгелдей Абылай тұлғасымен байланыстырылып, оның сөзі мен рухы кейінгі дәуірлердегі азаттық күресі идеясына қозғаушы күшке айналады. «Абылай хан» драмалық дастанындағы Абылайдың сөздерінен үзінді келтіреміз.

Абылай:
Ризамын, ағайын,
Көкірегімде жан барда,
Аманаттарыңды ақтауға
Ант етемін, ант етемін! [1, 214]
Халық:
Ханның бағын зор қыл!
Халықтың тілегін оң қыл.
Іргеміз тыныш болсын,
Берекелі ұлыс болсын!
Әумин! Әумин! [1, 214]
Абылай:
Ел жолында еркек тоқтымын,
Құрбандыққа шалам басымды.
Өлімнен қорқып көргем жоқ,
Алайда аңқау жұртымды
Жатқа есесін жібермес
Іргелі ел қылып, үлгерем деп,
Ғұмыр мен жігер тілеймін
Күні-түні құдайдан,
Үлгермесем тәңірден
Ізімді басып, ісімді алға апарар

Алғыр ұрпақ сұраймын, – деуі – елім деп еңіреген кешегі қазақтың саналы ұлының арманы деуге әбден болады [1, 223].

Қаламгердің барлық шығармалары секілді терең мазмұн мен шынайы оқиғалар аталған драмалық дастанға да тән. Бұл шығармасында да өмірдің шынайы оқиғаларын көркемдеп жеткізеді. Пьесада Сабалақтан Абылайға дейінгі барлық ерліктері, бастан кешкен қиын күндері жайында толық қамтылады. Драма төрт көріністен тұрады. Әр көріністе әр түрлі ракурста, бар болмыс-бітімімен сомдалатын Абылай бейнесін тарихи шындық пен көркемдік шешім арақатынсын сақтай отырып, дәуір дидарының аясына сыйғыза отырып жазушы асқан шеберлікпен жеткізе білген. Жазушы әр тарихи тұлғаның образын ашуда әдеби көркемдік пен адами қасиеттерді ұштастыра білген. Бас кейіпкерлердің бірнешеуіне тоқтала кетейік. Абылай – ел арасында жас кезінен ерен ерлігімен көзге түсіп, халық қолдауымен хан атанған ірі тұлға. «Әбіш «Абылай хан» пьесасында ұзақ 110 қазақ елінің XVIII ғасырдағы жоңғар басқыншыларына қарсы ерлік күресінің көріністерін жыр етеді. Абылайдың ақылдылықпен, айлакерлікпен жүргізген күресінің

арқасында қалмақтар мықтап жеңіледі. Қазақ жері жаудан тазарады. Әбіш Кекілбаев Абылайдың ерлік істерін қазақ халқының азаттық жолындағы туына айналдырады. Драматургтің басты кейіпкердің образын ашудағы шеберлігіне сын жоқ. Мысалы, Абылай мен Топыштың кездесуінде Абылай былай дейді:

Серт бергенмін әкене,
Сол сертімде тұрдым –
Сыртынан найза сұқпадым,

Жауына туын жықпадым, [1, 223] – деген жолдар арқылы Абылайдың сертке адал адам екенін көрсетіп тұр. Жазушы басты кейіпкердің образын беруде дерек пен дәйекке жүгінген, ақиқат пен аңыз бірлігіне сүйенген. «Абылай хан» драмалық дастанында жазушы қазақтың тағы бір дара тұлғасы Бұқар жырауды Кейуана образы арқылы шебер бере білген. Ол – Бұқар жыраудың прототипі. Бұқар жырау – XVIII ғасырда Абылай заманында өмір сүрген ханның кеңесшісі. Ол – шығармаға қоңыр әуез, философиялық сарын қосып тұрған кейіпкер. Абылайдың кішкентай кезінен бері бірге жүрген ақылшысы. Сондықтан оның образы хан кеңесшісі болуымен қатар, ел алдында оның даналығы мен ерлігін жырлаған ұлы жырау ретінде сомдалған. Драматург Кейуананың образын беруде көптеген әдеби тәсіл түрлерін ұтымды пайдалану арқылы, қазақ даласындағы ерен батырлардың аттарын айтқыза отырып көрсетеді.

Шарыш:
Кәні, айтыңдар!
Ортаға шығар қайсың бар?
Жоңғар қолы:
Иә, иә, қайсың бар,
Айтыңдар?

Кейуана:
Қаракерей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгенбай,
Шақшақұлы Жәнібек,
Сіргелі қара Тілеубек,
Текестен Сатай, Ер Бөлек,
Шапырашты Наурызбай,
Каумен, Даулет, Сеңкібай,
Қасқараудан Молдабай,
Тізе берсем ерлер көп
Қатардан жақсы қалдырмай,

Жауабын берші өздерің,
Сайысқа шығар қайсың бар,
Бұл сырттанға алдырмай?!
Дауыстар:

Мен бармын! Мен бармын! [1, 190].

Осылайша, данагөй қарттың елдің қамын жеп, қайғысына ортақтасып, қиыншылықта ақылын айтып отырған абыз адам екенін сипаттайды. Ел басына қара бұлт үйіріліп тұрған алмағайып заманда жауға қарсы қазақ әскерін бір ортаға, бір арнаға біріктіруге үлкен күш салып, тарихи тұлғаға айналған. Жазушының драмаға қосқан әрбір кейіпкері ерекше көркемдік, әрі шынайы болмыспен танылады. Олардың барлығы – тарихта болған адамдар. Абылайдың тартысты тағдырында осы тарихи тұлғалардың барлығы болған. Олардың әрқайсысының драмадағы өзіндік орны мен образы бар. Автор осындай тарихи тұлғалардың барлығын пьесаға кіргізе отырып, қазақ халқының егемендік жолындағы тарихының қаншалықты ауыр да қиын болғандығын көрсетіп тұр. Көп қатпарлы тарихи шындықтың астарын ашуға тырысқан Әбіш Кекілбаевтың «Абылай хан» драмалық дастанының өн бойында елге, жерге деген құрмет, өткен тарихқа деген тағзым, ерлік пен елдікке тәрбиелейтін рух бар. Мұнда сан жылдар бойы тәуелсіздікті ту еткен халықтың ұлы арманы, елдің бүтіндігі мен тұтастығын аңсаған бабалар аманатына адалдық танытудың ғажайып үлгісі асқан көркемдікпен шынайы көмкерілген. Үш жүздің басын біріктіріп, ұлт бірлігін ұйыстыруда ерен еңбегімен танылған, азаттықты аңсап өткен Абылай ханның аласапыранға толы өмірін баяндауда Ә.Кекілбаев драмасы оқырманды баурап алары сөзсіз. Ханның өр тұлғасы мен биік парасаты, ақылды шешімі мен салиқалы саясаты оны күрделі бейне, шынайы қаһарман деңгейіне жеткізіп тұр. Шындыққа суарылған, шеберлікпен өрілген қаламгердің драмалық дастанының тағылымы мен ғибраты тереңдігімен құнды, қыры мен сыры көркемдігімен нәрлі. Дарынды жазушы Әбіш Кекілбаев «Абылай хан» халықтық қаһармандық драмалық дастанында әр тұлғаны сөйлету арқылы образды кеңінен аша түскендігіне тәнті боламыз.

Әбіш Кекілбаевтың «Үркер» романы – кіші жүз руларының Ресей Империясына қосылған кездегі жағдайды сипаттайтын көлемді тарихи шығарма. Романда игі істің басында тұрған Әбілқайыр ханмен бірге бірталай батырлардың жарқын образдары жасалады. Олардың ішінде Бөкенбай, Есет, Жәнібек батырлар ерекше көзге түседі. Ел қорғау, кек қайтару жорықтарында

ерлігімен көзге түскен бұл батырлар нағыз халық қамқорлары ретінде суреттеледі. Ел тағдырын Әбілқайырмен бірге ойлап, оның идеясының іске асуына тілек те, білек те қоса біледі. Әбілқайыр романда әр қырынан көрінеді. Ең алдымен, ол – хан тұқымы, сұлтан. Бұған дәлел ретінде жазушының «Үркер» романынан көптеген үзінді келтіріп, дәлелдеуге болады. «...Әбілқайыр хан ортаға озды. Ақ атылас орамалдың үстіндегі құранды қолына алып:

– Ақ патшаның алдында айтқан сөзімді Алла алдында да айтамын. Сөзім сөз, уәдем уәде! – деп маңдайына тигізді. Сосын тілмаш ұсынған шиыршық қағазға мойнындағы дөңгелек күміс мөрін алып, бір түкіріп: «Бісмиллә!» деп баса салды. Дөңгеленіп түскен арапша жазудың қасына Тевкелев орыс әрпімен бадырайтып: «Әбілқайыр ханның мөрі» деп жазды. Ханнан кейін құранға Бөкенбай батыр қол апарды. Бөкенбай батырдан кейін, Есет батыр қол қойды...» [3, 349]. Әбілқайыр хан – хан, қолбасшы, билік құрған Кіші жүз ханы, күрделі тарихи тұлға. Мұндағы Бөкенбай Қараұлы – батыр, қолбасы. руынан. 1726 жылы Әбілқайырдың Еділ қалмақтарына жасаған жорығына қатысты. Жазушы Илияс Есенберлин де нақты дәлелдер келтіреді. «...Әбілқайыр хан да, одан кейін «Ресей қол астына кіріп, адал қызмет істеуге» ант берген Орта жүздің ханы Әбілмәмбет пен Абылай сұлтан да, сол жылы Бұғыбай мен Есет батыр бастаған Кіші жүздің 399 «игі жақсылар» да Ресейге бағыну деген ұғымды қорған болу деген мағынада түсінген.

«Үркер» романындағы тарихи тұлғалардың жорықтары, шайқастары туралы көптеген мысалдар келтіріп дәлелдеуге болады. Мысалы, Әбілмансұрдың «Сабалақ» атануы. «...Әбілмансұр ол да, міне, үндемей келіп, Бұланты қырғынында бір-ақ көзге түспеді ме! Сабалақ-сабалақ сары ат мініп қалың жауға: «Абылайлап!» жалғыз тиіп, баудай сұлатқан Әбілмансұр сұлтан сол шайқастан Сабалақ батыр атанып қайтқан-ды...» [3, 302]. Романдағы Әбілқайыр ханды жазушы тағы былай сипаттайды:

«...Ел басына күн туып, жоңғардың қалың әскері қаптағанда, қазақ жұртын біріктіріп, жауына қарсы тұруды басқарса, онысы өзінің ерлігінің, көрегендігінің арқасы. Әбілқайырдың бұл қасиеттері жұрт алдында абыройын асырды, кейде иісі қазақ елінің көсемі дәрежесіне дейін көтерді...» [3, 172]. Әбілмансұрдың бұл атақты алуын жазушы І.Есенберлин «Көшпенділер» трилогиясының «Жанталас» атты кітабында тарихи романынан да кездестіруге болады. «...Жыл өткеннен кейін, үлкен бір айқаста, ауыл адамдары «Сабалақ» деп ат қойған, он сегіз жасар түйеші «Абылайлап!» ат

қойып, жауын қашырып, бүкіл еліне «Абылай» деген атпен әйгілі болды. Сонда барып, Әбілқайыр хан бұл Абылай баяғы Бұқар жырау екеуі барлауда жүргенде кездестірген Төле бидің түйешісі Әбілмансұр екенін білді...» [4, 105]. Өзінің хандықтың жағдайын жақсарту мақсатында ел алдында берген антынан да аттап өтіп, бүкілхалықтық маңызы бар үлкен істі бір өзі ғана шешкенде, хан халқының парасатына, бірлігіне, ерлігіне, күшіне емес, ардалығына сенеді. Ордасына келген ақ патшаның елшісін де осыған сендіруге күш салады. Ә.Кекілбаевтің ерекшелігі – Әбілқайыр бейнесін жасау үшін тарих қойнауына үңіліп, сол тұстағы қазақ халқының әлеуметтік, экономикалық хал-ахуалына талдау жасай отырып, кейіпкердің сондай қиын заманда елін аман-сақтап қалу жолында шешуші қадамдарға батыл барғанын көрсетеді.

«Үркер» – реализмі бай шығарма. Онда сол кездегі қазақ қоғамының өмірі, оның көрші елдермен тартысты тіршілігінің алуан түрлі шындығы терең суреттелген. Жазушы тарихи оқиғалар ізін сақтай отырып, сол арқылы ел тағдыры, халық өмірінің кешегісі, бүгінгісі, ертеңі жөнінде ойланады. Әбілқайыр ұстаған жолдың көрегендігін дәлелдейді. «Үркер» Әбілқайыр ханның көңілінде ел мен жердің тұтастығы мен тәуелсіздігі туралы үміт отының жануымен аяқталады.

Ә. Кекілбаев – Әйтеке би туралы зерттеуінде Жәнібек батырдың екеу екенін алғаш көрсеткендердің бірі. Бірі Кіші жүздегі сұлтан Жәнібек болса, екіншісі – Арғын Шақшақ Жәнібек. «Шақшақ Жәнібек қандай адам?» деген бір үлкен сауалдың көптен көңілде жүргені рас. Жәнібек болуының ең басты сипаты оның батырлығында емес. Батырлық оның «сегіз қырлылығының» алдымен көзге түскен бір қыры ғана... Жәнібекті ұлан-асыр тарихтың төріне шығарып тұрған нәрсе – оның шын мәніндегі саясатшылығы. Шын мәніндегі мемлекеттік қайраткер екендігі», [5, 83] – десе, генерал-губернатор Неплюев 1742 жылы патша ағзамға Жәнібекті: «бұл екі ордаға да бірдей қадірлі, екі ордада да хандардан да беделі артық, екі ордада хандармен бірдей тыныштық пен тәртіпті қамтамасыз ете алатын бірден-бір адам», - деп бағалап сондықтан да басқа адамдармен шатастырмас үшін оған тархан атағын дара, ешкіммен араластырмай жеке беру керек» деген ұсыныс жасауы да тегін болмаса керек» деп нақтылай түседі [5, 84]

Өркениетті мемлекет болу үшін адамдарының рухани байлығы керек. Кітап - сол рухани байлықтың негізгі бөлімі. Заман озған сайын Әбіш Кекілбайұлы әлемі де тереңдей бермек. Жазушы

каламынан туған «Абылай хан» драмалық дастаны мен «Аңыздың ақыры», «Үркер», «Елең-алаң» секілді көркемдік кескіні мен тарихи тұрпаты бөлек қалың-қалың романдары, «Күй», «Шыңырау», «Бәсеке», «Ханша – дария хикаясы», «Құс қанаты», «Шеткері үй», «Бәйгеторы» сияқты хикаят повестері – оқырманының ойын өсіріп, көкжиегін кеңейтер құнды дүниелер.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Әбіш Кекілбайұлы ескерткішінің ашылу рәсімінде сөйлеген сөзінде: «Әбіш Кекілбай – қазақтың болмыс-бітіміне әлемдік кеңістіктен көз салған кемел ойдың иесі. Әбіш Кекілбай – отаншылдықтың жарқын символы. Ол барша жұртқа ұлтжандылықтың озық үлгісін көрсетті. Ұлы Абай «Өлді деуге бола ма, ойландаршы, Өлмейтұғын артына сөз қалдырған» дейді. Әбіш Кекілбаевтың шығармалары ғасырдан ғасырға ұласатын рухани құндылық болып қалатыны сөзсіз», -деп абыз жазушымызға үлкен баға береді. Біз, қазіргі жастар, Әбіш Кекілбаев сияқты тау тұлғалы, асыл ойдың иесі абыз атамыз айтқан, жазған дүниелерді Ұран сөзге айналдырып, келешек ұрпаққа аманаттап жеткізіміз қажет деп есептеймін.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Кекілбаев Ә. Он екі томдық шығармалар жинағы. 6 том – Алматы: Өлке, 1999.
- 2 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Павлодар. «ЭКО» ҒӨФ, 2006 ж. 6 том.
- 3 Кекілбаев Ә. «Үркер» Алматы: Атамұра, 1999.
- 4 Есенберлин І, «Көшпенділер», «Жанталас» Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2021.
- 5 Кекілбаев Ә. Он екі томдық шығармалар жинағы. 8 том – Алматы: Өлке, 1999.
- 6 Кекілбаев Ә. Екі томдық таңдамалы шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1989.
- 7 Кекілбайұлы Ә. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989.
- 8 https://www.akorda.kz/kz/speeches/internal_political_affairs/in_speeches_and_addresses/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-abish-kekilbaiuly-eskertkishinin-ashylu-rasiminde-soilegen-sozi.

ФАРИЗА ОҢҒАРСЫНОВАНЫҢ ПОЭЗИЯДАҒЫ КӨКЕМДІК ҰСТАНЫМЫ

САҒАТБЕК А.

8 сынып оқушысы, Паңфилов ЖОББМ, Ертіс ауданы, Павлодар облысы
КАКИЕВА Г. К.

ғылыми жетекші, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Паңфилов ЖОББМ, Ертіс ауданы, Павлодар облысы

Өлең-сөздің өңірін кестелі өрнекпен көмкеру тәсілі Ф. Оңғарсынова лирикасының тілі мен ой құдіретінде жатыр. «Ойшыл ақын», «сыршыл ақын» деген тіркес-дәйектемелердің бүгінде ескіріп, айтылудан қалыс қалып жүрсе де, автор идеясын танытуда қажетті жері де бар, реті де кездеседі. Халықтың бай тілін қарапайым қолданудың мың бір машығын шебер игерген суреткердің қазіргі қазақ лирикасында қалыптасқан өзіндік стилі бар.

Ақын Ф. Оңғарсынованың оқырман жүрегінің төрінен орын алған өлеңдерінен тыс әр түрлі тақырыпта, әр түрлі жанрда, стильдік бағытта жазылған поэтикалық шығармалары оның ақындық диапазонының кең және терең екендігін дәлелдейді. Фариза ақын сан жағынан алып қарағанда да өндіріп-өндіріп, оннан астам поэма жазды. Бұл поэмалар ақынның 1987 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрген екі томдығына толық кіргізілген.

Ф. Оңғарсынованың барлық поэмаларында да ең негізгі ерекшелік - лиризмнің үстемдігі, қаһарман образын құрғақ, жалағай сырттан суреттеу емес, ал олардың ішкі дүниесіне терең ену сияқты әрекеттер алғаш рет көзге түскенімен, олардың өзінше ерекшелігі, проблемасы, көзқарасы, тіпті шығармалағы стильдік ағымдар түрліше екендігі байқалады. Мысалы, «Мен өмірді сен деуші ем...» деген поэмасы бозбаланың күнделігі түрінде жазылған таза лирикалық поэма. Ал, «Алмас кылыш немесе мен Махамбетпен қалай кездестім», «Ақбөбек жырлары», «Сайраған Жетісудың бұлбұлымын», «Тыңдаңдар тірі адамдар», «Дала тағдыры» тарихи-лирикалық поэмалар, «Дыбыстар әлемі» лирикалық поэма, ал «Мүшәйра» лиро-драмалық поэма деп білеміз [1, 66 б.].

Әрине, бұл жанрлық-стильдік атау мен терминдерді оларға тек шартты түрде ғана беруге болады, әйтпесе ақынның барлық поэмалық туындыларында, олардың көпшілік белгілері бірі-бірімен тығыз ұштасып, байланысып кеткен, күрделі синтетикалық, жанрлық-стильдік құрылысқа ие, көркемдік қасиетіне бай екенін байқау қиын емес.

Бұл қасиеттердің барлығының қосындысы ақынға қаһармандар характерін, өз заманының ең маңызды мәселелерін түсініп сәулендіруге, тарихпен бүгінгі күнді терең байланыстырып, оларды киян-кескі оқиғалар үстінде ғана емес ал өте қарапайым, майда-майда орынды деталь оқиғалар арқылы, эпизодтар, фрагменттер арқылы, оларға қаһармандардың қатынасын, лирикалық ішкі ойларын т.б. суреттерді енгізе отырып, поэмаларын жанды етуге мүмкіндік берген. Мәселен, «Мен өмірді сен деуші ем...» поэмасында лирикалық қаһарманның ішкі ой-сезімі, махаббаты былай беріледі:

Сен маған бақыттасың, қайғыдасың, Өмірсің, таусылмайтын бай мұрасың. Өлермін сол сезіммен. Маған десе. Аспаннан кара жерге Ай құласын, Әйтеуір анық менің айнымасым.

Бағым ба, қасіретім бе – кезіктірдім, бұрын-соң қиялымда жоқ пендені. Сонан соң күйіп-жанып алауладым, Ұмыттым Ай, Күн барын, самал барын. Мұндағы жыр шумақтарда ұлттық, фольклорлық-поэтикалық, эстетикалық үлгілердегі гипербола тәсілін елестеткенімен, олар қаһарманның ішкі махаббат сезімдерін лирикалық жолмен терең жеткізуде қызмет етіп тұр.

Ал ақын поэмаларының кейбірінде қарапайым кішкене эпизод, детальдың өзін немесе кейіпкер айтқан сөздерді арадағы диалогтарды, кейбір фрагмент-көріністерді жандандырып, оқушы жүрегін жылытып, толқытатын дәрежеде суреттейді, нәтижеде тарихи тұлғалардың өзі тап қазір қасында болғандай әсер аласын, олардың ішкі рухын, жан дүниесі, адамгершілік келбеті, дәуір көрінісі нақты образдар бейнесінде оқушының көз алдында көлбеңдейді.

Осындай көзқрастардан келіп, ақынның «Дала тағдыры» поэмасынан бір мысал келтірейік:

Дүние пәк. Тып-тыныш.

Ешкім мұнда

көрмегендей ғұмыры

қылыштасып.

Қасқыр жортып қаймықпай

жар-күз да,

киік қырда жусайды қамсыз ғана,

Мал іздеген салт атты.

Көкжиек. Күн Аппак дала. Мүлгіген жансыз дала,

Жалпы мұндай фрагменттік көріністер, жанды детальдар Ф. Онгарсынованың басқа да поэмаларында кең суреттеледі. Мәселен ақынның алға қойған замангөй мәселесі, сюжеттік

композициялық өзгешелігі, қаһарман образы жағынан алып қарағанда публицистикалық поэма деп есептелегін.

«Қазақтың бір қызы бар Кәмшат деген» атты туындысында да мағыналы қысқа көріністер, авторлық лирикалық шегіністері т.б. баршылық. Осылардың барлығы шығармаға нәр беріп, жан ендіріп тұр:

Емдейтін жан дертімді жусанымен далама құйындатып апар мені!... арманым алыс тартып қоюлар мұң. Тарихтың түкпірінен есітем сонда сартылын бабам соққан сойылдардың... көзімнің жауын алып ел шетінде бабамның жарқ-жұрқ еткен найзалары. Бойымнан өткендей бір тұлпар шауып, жүрегім тасырайды сонда менің.

Кейде мұндай авторлық, лирикалық шегіністер ақынның кез келген поэмаларында халықтың басынан өткен тарихи дәуір, белгілі тарихи ірі тұлғалар жайында түсінік беріп тұрады. Бұл сипат тек «Дала тағдыры», «Қазақтың бір қызы бар Кәмшат деген», «Алмас қылыш», «Тартады бозбаланы магнитім» т.б. поэмаларында ғана емес, ал бүкіл Фариза поэзиясында, лирикасында бар нәрсе. Әрине, ақын поэзиясында осындай ортақ ұқсастық жайында пікір айта отырып, олардың әрқайсысының өзінше жаналық-стильдік және сюжеттік композициялық ерекшеліктерін, образдылығын айтпай өту мүмкін емес. Бұндай поэмалардың барлығына дерлік тоқтау қажеттігі келешекте жасалатын теориялық қорытындыларға, салыстырмалы-типологиялық тұжырымдарымызға кең жол ашады [2, 132 б.].

Зерттеушілер айтқан ақынның азаматтық кейпін ажыратудың бір жолы азаматтық әуенмен яки кісілік келбетпен байланыстырудың маңызы зор. Өлеңдегі кейіпкердің лирикалық тұлғаға айналуы туындының тақырып аясына қатысты мәселеде бір қырынан жарқырай көрінсе, екіншіден авторлық идеяның объективті мақсатын да ашып көрсетеді. Суреткердің сырт көзге сыпайы көрінетін байсалды лирикалық «мені» азаматтық тұлғаға айналарда оқырманға басқа бір қырынан шуағын шашады. Бұл тұрғыда қоғамның тұрмыс-тынысын, ондағы адамзат тіршілігінің түйткілдерінен сыр шертер өлеңдер Фариза ақынның «Қыз-ғұмыр» атты кітабында мол ұшырасады. Азаматтық биік әуенді, салмақты ойды арқалаған ондағы туындылардың бірі «Арман» аталған өлең. Лирикалық кейіпкердің арман-тілегі бір арнаға тоғыса келе, әлеуметтік мәні зор өткен заманның шынжырлы шындығынан шер ақтарған елдік, халықтық мәселелерді ой тезінен өткізеді. Мысалы: Жұлдыздай шашыраған қалың елім, Қалың ел қашан көрер таң

іренің? Жаншылу, бейнет көру, бірлік кетуЖанымды жейді осының бәрі менің [3, 39 б.]. «Арманның» астарында лирикалық бейненің бейнет-мұңы жалқының емес, жалпының атынан баяндалған. Ата-баба армандап өткен қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманды аңсаған ұрпақтар үні бар бұл өлеңде.

Фариза өлеңдеріндегі туған жер, Отанды құрметтеу және ондағы лирикалық кейіпкер бейнесінің болмысына назар аударған әдебиетші ғалым С. Мақпырұлы «Әдебиеттің тектері мен түрлері» атты зерттеуінде ақынның:

О, туған жер, кеңпейіл, құшағың кең,
Саған көңіл бұлқынар күш-ағынмен.
Сағынышымды қанат қып саған қарай

Балапандай талпынып ұшамын мен деп басталатын ақын туындысының тәлім-тарихын тексере келе, мынадай ой түйеді: «Өлеңнің лирикалық кейіпкері туған жерін, елін сүйген, өзін елінің ажырамас бір бөлшегі санаған жан. Ол өзінің балалық бал дәурені өткен туған жерін аңсайды, оның топырағын анасының аялы алақанына балайды, ол үшін атамекеннің тасы да қастерлі, алаулаған аспаны да аяулы. Ол туған жеріне «сағынышымды қанат қып саған қарай, балапандай талпынып ұшамын мен» десе, біз бұл сезімнің пәктігіне шынайы сенеміз. Сенгені сол-өлеңді оқи отырып, оның сағынышын өз сағынышымыздай қабылдаймыз. Онымен қосыла іштей біз де тебіреніп-толғанып, сағынышын бөлісіп, «Мен ел кезіп кетермін отансыздай, үмітіңді ақтауға жарамасам» деп ел алдындағы жауапкершілікті де бірге бөліскендей күйге түсеміз. Бұл шынайы поэзия күдіреті! Лирикалық өлеңнің күші де осындай әсерлілігінде, сезіміңе от тастап, оятатын сиқырлығында, шынайылығы мен суреттілігінде» [4, 58 б.] – дейді.

Ақын поэзиясының төңірегінде ой тербеген қаламгер М. Ысқақбай былай деген: «Мен білетін Фариза- күрескер тұлға, - дей келе, - Фариза бүкіл шығармашылығымен, әсіресе, соңғы кезеңдегі азаматтық лирикасымен зұлымдыққа, екіжүзділікке, тоғышар топастыққа, алуан түрлі найсаптық көріністеріне - тағы басқа өмірдегі, адам бойындағы жағымсыз қылықтарға қарсы ымырасыз күрес жариялайтыны тегін емес» деген пікірімен толық келісуге болады. Бұл мақсатта ақынды қазақтың кең сахара сайын даласының өткен тарихы мен келер болашағы толғандырмай қоймайды. Отанын, жерін сүйе білу, оны қорғау - ер жігіттердің, асыл азаматтардың абыройлы міндеті мен борышы дегенді ақынның «Дала жайында айтыс» атты өлеңінен айқын аңғарамыз: - Үйрене

алар емеспін дала сенің: отты жел, құмайт, елес - Күн дара кешерім Ат міне шауып қорғаған бабаң елім деп сол қалпы әлі сор, далаң... ана-жерім деп жер бетінде жұмаққа балап едің кеп... [5, 76 б.] Өлеңдегі «сол қалпы әлі сор, далаң...» деген тармақта ойып түсер отты шындық бар. Заманы басқа, адамы бөлек бүгінгі даланың қадір-қасиетін қапысыз түсініп, қадағалау қажеттігіне көңіл аударсақ, ақынның жан айқайы мен абыржулы үнінде намыс қайрар қисынды қағида бар сияқты. Ел азаматы атану Отанды сүюден басталады. Ата бабадан қалған ең асыл қазына, аса жоғары байлық, құнына баға жетпес дүние - ол қазақтың кең сахара сайын даласы. Ал сол телегей теңіз мекеннің бүгінгі жайкүйі ақын жанын жаралайды, тынымсыз толғандырады. Сөйте тұра ел еңсесін биік ұстар ұландарға ұран сынды ұшқын атқан жырын арнай айтып, армансыз ақтарыла сырласады: мақсаты тұл боп қиянда қалар арман алдында ұяндағандар; батырлы даламен өзектес едім, өзегін өзгеге қияр ма жанаразаматы боп көгертпес елін Отанын, жерін сүйе алмағандар; Қажымас қайрат пен мұқалмас жігерге жанылған жыр иесінің айтып аманаты атамекеннің амандығына алаң болған көңілден туындаса керек. Сенімнің сертін келер ұрпаққа табыс еткен қаламгер өлең-отының қазығы: бабамнан қалған далам, шағылым сендейге мүмкін қарар гүл атпай, мен үшін жояр, жаңарса, құнынтек сол қалпымен маған жұмақтай! - деген шуақты шумақтармен қорытындыланады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Оңғарсынова Ф. Қыз-ғұмыр. А., 1996. -391б. Қирабаев С. Шындық және шығарма. А., 1981. -252 б
- 2 Кекілбаев Ә. Дәуірмен бетпе-бет. А., 1972. -184 б.
- 3 Ысқақбай М. Шығарма шырайы - шындық. А., 1994. -240 б.
- 4 Мақпырұлы С. Әдебиеттің тектері мен түрлері. А., 1994.-74 б.
- 5 Жұмабеков С. Сын пернесі. А., 1989. -240 б.

ЖАҢЫЛТПАШТАР – АУЫЗ ӘДЕБИЕТІНІҢ ҚҰНАРЛЫ ҚАЙНАРЛАРЫНЫҢ БІРІ

САГИТОВА Ж. С.

жетекшісі, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
№ 21 ЖОББМ, Павлодар қ.

АЛИМОВА А.

8 «Д» сынып оқушысы, № 21 ЖОББМ, Павлодар қ.

Бұл зерттеу ауызша халық ауыз әдебиетінің шағын жанрларының бірі – жаңылтпаштаға арналған. Зерттеу барысында әр түрлі көздерден алынған терминдер, жазушылардың жаңылтпаштардың пайда болуы мен зерттелуі, жаңылтпаштардың түрлері туралы мәліметтер жиналды. Сондай-ақ, жаңылтпаштардың берер құндылығы, даналығы неде екендігі туралы материал зерттелді.

Жаңылтпаштар дегеніміз не?

Қазақ әдебиетінің фольклоры өте бай. Соның бірі де бірегейі – жаңылтпаштар жанры. А.Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде жаңылтпашқа мынадай анықтама береді: «Жаңылтпаш деген аты жаңылтудан шыққан. Қатарынан қайта-қайта шапшаң айтқанда, иә тіл келмейтін, иә тіл басқа сөз қылып бұзып кететін сөздердің басын құрап, келістірген шығарма жаңылтпаш деп аталады». Халқымыздың сөйлеу тілін дамытатын басты құрал жаңылтпаш жанры екендігіне тоқталып өтеді.

Қазақ әдебиетінің фольклоры өте бай. Соның бірі де бірегейі – жаңылтпаштар жанры. А. Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде жаңылтпашқа мынадай анықтама береді: «Жаңылтпаш деген аты жаңылтудан шыққан. Қатарынан қайта-қайта шапшаң айтқанда, иә тіл келмейтін, иә тіл басқа сөз қылып бұзып кететін сөздердің басын құрап, келістірген шығарма жаңылтпаш деп аталады». Халқымыздың сөйлеу тілін дамытатын басты құрал жаңылтпаш жанры екендігіне тоқталып өтеді.

Зерттеуші Н. Төрекұлов «жаңылтпаш халықтық поэтикалық шығармалардағы фольклордың шағын жанрына жататын, дыбыс үйлесімділігіне негізделген, тез және айқын айтылуы қиын сөздер тізбегі» деген анықтама бере отырып, жаңылтпаш, мақал-мәтел, жұмбақтарды дидактикалық шағын жанрға жатқызады.

Жаңылтпаш жеке баланың ермегі емес, ол – көбінесе жұрт жиналған жерлерде балалардың тез де, жаңылыссыз, дыбыстарды анық сөйлеуіне дағдылануына үйрететін өлең-ойын. Оның ойындық сипаты балалардың бір-бірімен жарыса кезекпе-кезек

айтысуында жатыр. Ол тіл жаттықтыру мақсатын ғана көздемейді, жаңылтпаштағы сөздер дұрыс айтылмаса, құлаққа мүлде басқаша естіліп, күлкі де туғызады. Мәселен: Ақ тай ақ па? Қара тай ақ па? деген сияқты жаңылтпашты интонацияны дұрыс сақтамай, жылдамдата айтса, Ақ таяқ па? Қара таяқ па? болып мағыналық жағынан мүлде өзгеріп кетеді.

Жаңылтпаштар негізінен балаларға тән мұра. Ол жөнінде қазақ балалар әдебиетінің білгірі Ш. Ахметов: «Бұл жанр тек қана балалар әдебиетіне арналған, көбіне мектеп жасына дейінгі балалар мен бастауыш мектеп оқушыларына лайықты. Олай дейтініміз жеке дыбыстармен айтылуы қиын кейбір сөздерді дұрыс сөйлеуге үйрету – көбіне балаға ғана тән нәрсе. Мұнда міндетті түрде оқыту арқылы ғана емес, баланы талғамы күшті қызық та көркем сөздерге әуестендіру, соған еліктіру арқылы жаттығу жүргізу үшін қолданылған шеберлік бар», – дейді.

Жаңылтпаш – қай халық фольклорында болмасын кең таралған жанрлық түр. Қазақ жаңылтпаштарына да әдебиет зерттеушілер ертеден назар аударып келеді. Оның тұңғыш хатқа түскен үлгілерін 1862 жылы жазылған Ә. Диваев жазбаларынан кезіктіреміз. Қазақ әдебиетінде жаңылтпаш жанрының ғылыми маңызына алғаш рет назар аударып, зерттеген адам – С. Сейфуллин еді. Ол 1931 жылғы жазған «Қазақ әдебиеті» атты зерттеуінде былай деп жазады: «Жастардың, бала-шағаның жиналып ойын-күлкі «дүкенін» құрған орында айтылатын айтыстың бірі – жаңылтпаш. Бұл да – ертек, өлең, жұмбақ айтысу тәрізді жастардың, балалардың тіл ұстауларына, ойнақы, қырлы сөздерді қақпақылша атқылап, билеп еркін сөйлеуге төселулеріне өз әлінше әдемі сабақ, тәжірибе болатын ойын кітапта». Зерттеуші жаңылтпаштың тәрбиелік мәні мен атқаратын қызметін айқын аша отырып оның ойындық сипатына да назар аударады. Яғни, жаңылтпаш жеке баланың ермегі емес, ол – көбінесе жұрт жиналған жерлерде балалардың тез де, жаңылыссыз, дыбыстарды анық сөйлеуіне дағдылануына үйрететін өлең-ойын. Оның ойындық сипаты балалардың бір-бірімен жарыса кезекпе-кезек айтысуында жатыр.

Ертедегі халықтар баланың тілінің тезірек шығуы үшін әртүрлі магиялық әдет-ғұрыптарды пайдаланған. Ол туралы Д.Д. Фрезер көптеген мағлұматтар келтіре отырып: «Орталық Азия түріктері көпке дейін тілі шықпаған баланы, әртүрлі сайрағыш құстардың тілімен тамақтандырады», – деп жазады. Бұған ұқсас әдет-ғұрыптар қазақ халқында бертінге дейін сақталған. Оның

XIX ғасырдың бірінші жартысындағы бір көрінісін Х.Хустанаев былай сипаттайды: «... дәл осылай қазақтар балаларын ең алдымен сөйлеуге үйретеді, ол үшін оларды шешен сөйлейтін адамдардың сарқытымен тамақтандырады, олар сарқытпен бірге шешендік қасиеттің балаларға берілетіндігіне шек келтірмейді, одан соң бала жүйелі сөйлеуге жаттығу үшін түрлі түсініксіз сөздерді тез айтуға асықтырады». Бұдан жаңылтпаштың бала тілін шығаруға байланысты функция атқарғандығын да байқаймыз.

Жалпы, жаңылтпаштың ұйқасты, үйлесімді тілмен келетін өлеңдік өрнегі де балаларға үлкен ләззат береді. Жаңылтпаш – қазақ балалар өлең-ойындарының ішінде салмақты орын алатын тәрбиелік мәні жоғары, көркемдік кестесі де күрделі жанрлық түрлердің бірі.

«Жаңылтпаштың сөздері айтуға қиын, көбінесе ұяң, қатаң дауыссыз дыбыстардан құралады. Жаңылтпаштың әрбір сөзі шапшаңдата, тездете айтылуға тиіс... Ол әрбір сөзді жылдамдата айтумен қатар нақышына келтіре, мүлт кетпей оралымын таба айтуға тиіс», - деген ғалым М.Ғабдуллин.

«Жаңылтпаштар» терминінің анықтамасы әрбір заманауи түсіндірме сөздікте жоқ. жаңылтпаштар – бұл дыбыстарды айту қиын, тез айтылатын күлкілі сөз немесе әзілмен айтылатын арнайы таңдалған сөйлем.

Жаңылтпаштар – бұл ауызша халық ауыз әдебиетінің шағын жанры: қысқа мәтін, оны дауыстап айту мүмкіндігінше қиын болатындай етіп жасалған сөйлем, әсіресе бірнеше рет қайталану кезінде [1, 3]. (Әдеби терминдер сөздігі.)

Жаңылтпаштар – бұл халық ауыз әдебиетінің күлкілі жанры, сөздердің тез айтылуын қиындататын дыбыстардың тіркесіміне негізделген фразалар.

Айтылмақ ой жаңылтпаш арқылы тыңдаушыға қызықты да әсерлілігімен көкейге қонымды болып, қарапайым жеткізіледі.

Мысалы:

Асан бақша жақтан ақ сабақ асқабақ әкелді,

Басқа жақтан басқарақ асқабақ әкелді.

Мұнда Асанның өз маңдай терін төгіп еңбек еткен бақшасынан алынған асқабақ пен басқа жақтан әкелген асқабағын әдемі де, астарлы, ұтқыр да тапқыр жаңылтпашпен айқындап беріп отыр. Жаңылтпаштар көп жағдайда шағын көлеммен шектеліп, заттың барлық қасиеттерін айтпай-ақ, негізгі белгілерін басшылыққа ала отырып, қысқа да нұсқа түрінде айтылады.

Жаңылтпаштарда ұқсас сөздер көп болады. Бұл сөздер тез айтылған кезде шатастырылады және күлкілі болып шығады. Халықта ол жиі аталады және таза сөйлеу тілі деп аталады.

Таза сөйлеу – фольклордың шағын жанры; халықтық-поэтикалық әзіл – бұл тез және бірнеше рет қайталау кезінде дұрыс артикуляция жасау қиын сөздерді әдейі таңдаудан тұрады [1, 7].

Тілдік жазу – бір әріптерді немесе буындарды қайталау және ауыстыру, шатастыру немесе айту қиын болатын жиналмалы сөйлеу түрі [1, 4].

Сынып жоғарылаған сайын берілетін жаңылтпаштардың көлемі де, мағыналық сияпты да, сөздерінің күрделілігі де арта түседі. Орта буындағы сынып оқушыларына берілетін жаңылтпаштар:

Арқада алты арқар бар,

Қырқада қырық арқар бар.

Қырық арқарда ақ арқар бар.

Алтыарқардамарқаарқар бар.

немесе

Түсіне дүрбі кірген,

Қарға мойнына дүрбі ілген.

Дүрбіні бір күн ілген,

Бір күн ілмеген.

Өрісінде жүз бір өгіз,

Сұрап алдық біз бір өгіз.

Сұрадыңыз сіз бір өгіз...

Есебін ап біз жүреміз.

Жаңылтпаштар да тіл үйренуге өзіндік үлесін қосатынын мамандар жақсы біледі. Сөйлегенде, өлең, тақпақ айтқанда сөздің және буынның ашық, айқын айтылуына мән беріледі, әдемі сөйлейтін, сөйлеу мақамы жақсы адамдарды тыңдағыңыз келе беретіні де сөзсіз. Қай тілді үйреніп жүрсеңіз де сіз де сөйлеу мақамы жақсы адамдардың қатарына қосылғыңыз келсе, жаттығуыңыз керек. Ол үшін жаңылтпаштарды айтып жаттығып көріңіз. Тіл үйренуде күнделікті жаңылтпаштарды қайталап жаттығып тұру жақсы нәтиже береді. Осының арқасында сіз қиын дыбысталатын тіркестерді, дыбыстау барысындағы қиындықтарды жеңе аласыз. Әсіресе жаңылтпашты тез айта бастағанда түрлі күлкілі жағдайлар болуы мүмкін. Жаңылтпаштар тек қана сөйлеу мақамын жақсартып қана қоймай, сонымен бірге адамның қиялын да дамытуға көмектеседі. Жаңылтпаштармен жұмыс істеген кезде оқушылар

бір қалыпты, бір сарынды дауыспен оқымаулары керек. Сонымен мына жаңылтпаштарға назар аударайық:

Тұз – мұздай,
Мұз – тұздай.
Бұл, бұл – піл,
Бұл бір ірі піл.
Бар, май шайқа,
Байқа, жай шайқа.
Шаншар шаршап жатыр,

Қайсар жайша жатыр.
Талғат балға тап,
Оншақты жаңғақ шақ,
Шақсаң, сақ шақ.

Жаңылтпаш екі түрлі қызмет атқарады. Біріншіден ойын – сауыққа жиналған жұртты күлдіру. Екіншіден баланың тілін ұстартып, жаңылтпаштың әр сөзін асқан шапшаңдықпен айтуға үйрету. Жаңылтпаштың сөздері жаңылдыратындай қиын, көбінесе, ұяң және қатаң дауыссыз дыбыстардан құралады. Мұнда қайталаулар жиілеп кездеседі. Мысалы :

Қара бүркіт томағасын түсірді,
Оны мен томағаламай, кім томағалайды.
Оны мен томағаламай, кім томағалайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Байтұрсынов А. «Қазақ тілінің дыбыстары»// «Жаңа мектеп» журналы, №2; «Дыбыстардың жіктелуі». «Төте оқу» 1936, желтоқсан айы, №30; «Сөз үндістігі». «Төте оқу» 1937, 5 март, №7. (Байтұрсынов А. Шығармалары, Алматы, «Жазушы», 1989; «Қазақстан әйелдері», №4, 1989).

2 Дәуітұлы Т. Жаңылтпаш - тәрбие құралы // Ұлағат. - 2009. - Б. 130-136.

3 Қазақ тілі. Энциклопедия. Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998 ж.

4 Г.Х. Сейсекенова. «Қазақ тілінен әдістемелік құрал» 2007 жыл

5 Ұзақбаева С. Қазақ халық шығармашылығының балалар мен жастарға эстетикалық тәрбие берудегі мүмкіндіктері. Алматы 1994 ж.

МӘШҰР ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ОЙКОНИМДЕР

КУШЕРБАЕВА И. Қ.
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
ХББ Назарбаев Зияткерлік мектебі, Павлодар қ.
САЛМЫРЗА А. Н.

9 сынып оқушысы, ХББ Назарбаев Зияткерлік мектебі, Павлодар қ.

Ұсынылған мақалада қазақтың әйгілі жазушысы Мәшһүр Жүсіптің шығармаларында қолданылған ойконимдердің қолданысы, олардың мағынасы, шығармаларда кездескен ойконимдердің қазіргі кездегі өзектілігі айқындалып, талданды.

Мәшһүр Жүсіптің шығармаларында көтерілген тақырыбымен, тарихи ерекшелігін танытуда, тілдік қолданыс ерекшелігімен қай уақытта болмасын өзекті болатыны белгілі. Шығармалардағы автордың ойконимдерді қолданудың ерекшелігін талдай отырып, оқушылар қазақ әдебиеті пәні сабағында шығарма тілі мен автордың ішкі күйін, көңіл – күйін, сезімін, автордың белгілі бір жағдайға байланысты көзқарасы мен қарым-қатынасын көруге болады. Оқушы көркем әдебиет стилінде ұсынылған мәтінді түсінуге, сонымен мәтін тілін көркем тіл мен қатар тілдік талдау жасай білуге үйретеді.

Лингвистикалық ғылым ретінде топонимика 20 ғасырдың басында дами бастады. Топонимиканы қарқынды және мақсатты зерттеу 40-шы жылдардың аяғы мен 50-ші жылдардың басында келеді. Қазақстанның топонимикалық ғылымының негізін қалаған Г.К. Конкашпаева, Н.И. Баяндина, А. Әбдірахманова зерттеулері шешуші рөл атқарды. Ол осы топонимиканың бір бөлігі ретінде ойконимдерді тілмен байланысты зерттеулер кейінірек орын алды. Ойконимдер туралы ғалымдардың бірнеше көзқарасына тоқталуға болады. А. В. Суперанская: «топонимдер арасында мүлдем басым – кез-келген елді мекеннің, соның ішінде қаланың, ауылдың, ферманың, жеке ауланың және үйдің есімдері» [1]. Тарих пен этимологияға сілтеме жасай отырып, ғалымдар тілдің құпияларына еніп, осы немесе басқа атаудың қалай пайда болғанын түсіндіруге тырысады. Топонимиканы зерттеу екіге бөлінеді. Солардың біреуі экстралингвистикалық анализ. Экстроллингвистикалық анализ объектілердің пайда болу тарихы, олардың атауларының өзгеруі, белгілі объектілердің атауларының басқаларға ауысуы, географиялық ашылулардың хронологиясы, тайпалар мен халықтардың қозғалысы және т.б. зерттейді [3]. Ойконим

топонимиканың бір түрі болғандықтан, оны экстроллингвистикалық анализ көмегімен қарастырылады.

Қазақ шығармаларында ойконимдердің кеңінен зерттелуі тапшылық. Әлі күнге дейін адамдар шығармалардағы ойконимдердің қолданыс мақсатын, мағынасын аспаған. Ойконимдерді аз зерттелгенімен кей ғалымдар ойконимдер жайлы мәліметтерді біледі. Оның бір мысалы: Ономаст ғалым Б. Тілеубердиев тіліміздегі топонимдердің лексикалық құрамы этномәдени ақпараттардан құралатынын, оның бойында өткен дәуір мен кезеңдердің ізі сақталатынын, жалпы тілдің өзі мәдени қор, сақтау қоймасы іспетті екенін зерттеулерінде қарастырады [4].

Топонимика мен ойконимдер халықтардың мәдениетімен тығыз байланысты. Олар отарлаудың, эмиграцияның, жаулап алудың және басқа да тарихи оқиғалардың куәсі бола алады. Атаулардағы лингвистикалық элементтер көбінесе лингвистикалық, этникалық және мәдени әсерлерді көрсетеді. Сонымен қатар ойконимдер халықтың мәдени ерекшеліктері көрсете алады.

Мәшһүр Жүсіп қазақтың әйгілі поэты, жазушысы. Ақынның тілі де, көтерген тақырыбы да күрделі болғандықтан, діни тақырыптарды көтергендіктен, шығармашылығын зерттеу үшін де көп ізденісті талап ететіні анықталды. Мәшһүр ақын шығармаларын түрлі бағытта зерттелген. Ақынның өмірбаяны туралы зерттеулерден бастап, жеке шығармаларына дейін егжей-тегжейлі зерттелген. Зерттеудің алдын М. Әуезов, С. Мұқановтар бастаса, кейін жас ғалымдар да ақын шығармаларымен байланыстырып, талай ғылыми мақалалар жарық көрген.

Мұхтар Әуезов былай дейді: ХҮІІІ ғасырда жасаған ақындардың ішінен жыры көп сақталған Бұқар жырау. Бұқардың жырларын сақтап, тарих алдында ерекше еңбек сіңірген адам - Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Бұқардың жырларын жазып алған Мәшһүр Жүсіп Мес жинағына қарасаң, көңілің тояттайды, оқысаң көзің қуанады. Әсем кешірілген қолжазба Мәшһүр махаббатына лық толы. Ол көне қолжазбаның әрбір сөзіне дейін жеткізуге, қазақ тілінің алтын қорын шашпай- төкпей сақтауға тырысқан, - деген осы екен-ау деп қызығыпты [5, 156].

Е. Т. Садықовтың «Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы тарихи тұлғалар бейнесі» атты ғылыми мақаласында автор Мәшһүр Жүсіп өз заманындағы және одан бұрын өмір сүрген тарихи тұлғалар туралы сыр шертеді. Әсіресе дін қайракерлері, олардан көрген өнегелері,

алған тәрбиесі және олардың кісілік, адамгершілік қасиеттерінің қайнар бұлағының көздері жайлы мол мағлұмат береді [6].

М. Жүсіптің біршама шығармаларындағы ерекшеліктер зерттелгенмен әлі де болса зерттелетін шығармалары мен қазақ әдебиеті мен қазақ тілінде, ұлттың этномәдени ерекшелігінде қарастыратын мәселелерлер мен жазылғатын ғылыми жұмыстар әлі де болса баршылық. Енді шығармаларындағы ойконимдерге тоқталатын болсақ: Мәшһүр шығармаларынан ойконимдердің саны айтарлықтай екенін байқадық және олар тарихи контексте осы ескерткіштердің бірлестіктерін анықтайды. Мәшһүр Жүсіптің шығармаларын оқи отырып, оларда қолданылған топонимдік лексика арқылы ақынның өмірлік жүріп өткен жолдарын байқай аламыз.

«Түркістан сапары» шығармасында еліміздің ірілі-ұсақта бір талай жерлерінен жүріп өткенін, білген көргенін қағазға түсіру арқылы тарихтың талай бетінен сыр шертеді. «Бұхара сапары» шығармасында өзі жүріп өткен жерін жырлай отырып, әлемдік мәдинеттің, өркентіеттің сол кездегі көрінісінен сыр шертеді. Қолданыстағы ойконимдерді талдай отырып, автордың өлең мазмұнымен берген сипаты бойынша жинақталған ақпаратты жалпы төрт топқа бөліп қарастыруды жөн көрдік:

- Этномәдени ерекшелікке байланысты ойконимдердің қолданысы;
- Географиялық ерекшелікке байланысты ойконимдердің қолданысы;
- Тарихи ерекшелікке байланысты ойконимдердің қолданысы;
- Әлем мәдениетіне байланысты ойконимдер қолданысы.

Енді әрқайсысына тоқтала кетсек:

Этномәдени ерекшелігі: халықтың дінді ұстануы бойынша, әлеуметтік ерекшелік, ұлттық құндылық, сыртқы туризм деп деп бөлуді жөн көрдік.

Кесте 1

Этномәдени ерекшелігі	Ойконим қолданысы	Талдау
Халықтың діни ерекшелігі	Көп екен шоқынған жұрт хайуан- малға. Отырған Жиделіде Аташалға (Түркістан сапары) [9,162]	Осы үзінді арқылы автор Жиделіге жеткенше жол бойы түрлі малға табыну мен диуаналардың көбейіп айқын байқатады.

	Жолымда қала берді Байбек ауылы, Намаздыгер, намазшам арасында (Ташкент сапары) [9,159]	Бұл үзіндіде де автор сол жердегі халықтың намаздыгер деуі арқылы намаз оқып, дінге берілгенін көрсетеді
	Семейде Фидахметті көзім көрді, Бастас боп молда Ғали бірге жүрді	Бұл жолдарда автор Семейде мұсылманша сауат ашқан адамдар туралы айтады
Әлеуметтік ерекшелігі (тұрмыстық ерекшелігі) Әлеуметтік теңсіздік	Кең үйлі, кедей екен Нұра бойы, Ескенеге қайтып аяқ баспасын (Түркістан сапары) [9,164]	Нұра бойындағы елге жолушылап келген қонақтарына қой соймай, ешкі соғанын, қонақтарын менсінбеді, қойдың құны құрлы көрмеді деп сынап келе, байлығы болғанмен іші тар, сараң байлардың осы жерде тұрғанын тілге тиек етеді.
	Ақшиде Жақсылықтың ұлы Таймас, Оңбаған жаздай от жеп, сойды серкеш (Түркістан сапары) [9,166]	Бұл жолдардан да автордың өзі қонақ болып барған жерінде дұрыс құрмет көрсетпей, сараңдық танытқанын сынға алады.
Ұлттық құндылық	Тау асып, барып жаттым Қарашатқа, қонаққа жоқ ел екен жайы, күйі, Құрысын: қарын – әйнегі, шымнан үйі. (Ташкент сапары) [9,160]	Бұл жолдардан екі көріністі айқын байқай аламыз. Қарашат деген жердің адамдары да қонақжай емес екенін айта келе, отырықшы елген айналып бара жатқанын қарын әйнек пен шымнан жасалған үй деп сипаттауынан көре аламыз.
Сыртқы туризм	Көп қажы Сүйіндіктен былтыр кеткен, Мекке Мәдинеге барып жеткен [9,89]	Яғни бұл жолдардан автордың сол кездегі әлді халықтың Мекке Мәдинеге барғанын айтады. Сүйіндік руынан шыққан бірталай атты жазып өтеді.
	Омбыда оразаның айтын оқып, «Тәуекел!» - деп пороходқа міндік дейді [9,90]	Бұл жолдарда бір топ қажы Омбыда оразаның айтын оқып, сонымен қатар жер-жаһанмен танысқанына пороходқа мінгендерін көруімізге болады.
	Шаһарын Стамбулдың көрмеген жан: Дүниеге келдім деуі - бекер дейді [9,90]	Бұл жерде жол жөнекей көрген жердің сұлу тамашасын, сәулетімен көзін жауын алатын жер дегенді жеткізеді.

Географиялық ерекшелігін: жердің ерекшелігі, адамдардың қоныстану ерекшелігі, орналасу ерекшелігі деп жітедік.

Кесте 2

Географиялық ерекшелігі	Ойконим қолданысы	Талдау
Географиялық ерекшелігі (жер ерекшелігі)	Еліміз Баянаула, Қызылтауда, Төскейде мал жатады қалың қауда. (Түркістан сапары) [9,161]	Осы өлең жолдарынан сол кезде де қазіргі кезде де ХҮғасырда Асан Қайғы баға берген құнарлы өңір екенін төскейде жайылып жатқан малдың жатуын сипаттау арқылы көре аламыз
Географиялық ерекшелігі (адамдардың қоныстануы)	Ескене Атасу, Манақ сонда, Сарысу өттік, Кім бар, кім жоғын суда білмей кеттік (Түркістан сапары) [9,162]	Бұл өлең жолдарынан осы жерлерде халықтың аз қоныстанғаны, алайда қонақжай екенін айтады
	Бос жер жоқ Сарыарқада ел қонбаған (Түркістан сапары) [9,162]	Бос жер жоқ Сарыарқада ел қонбаған (Түркістан сапары) [9,162]
	Сол жерде керек-жарақ нәрсе алдым, Қараөткел қаласында үш күн жаттым (Ташкент сапары) [9,161]	Қараөткел (2006 ж. дейін – Ильинка)[1] – Ақмола облысы Целиноград ауданындағы ауыл, Қараөткел ауылдық округі орталығы. 2009 жылы 4310 адам тұратын жер бір ғасыр бұрын қала іспеттес болған үлкен жердің қаншалықты кішірейгенін байқаймыз.

Тарихи ерекшелігін: тарихи ерекшелігі және шежіре деп бөлуді жөн көрдік.

Кесте 3

Тарихи ерекшелігі	Ойконим қолданысы	Талдау
Т а р и х и ерекшелігі	Абылай, сен жас ұл едің, Тұрымтайдай төре едің Түркістанда жүр едің [9,180]	Бұл өлең жолдарында ақын Абылай ханның балалық кезі Түркістанда болғанынан хабардар етеді. Тарихи мағлұматтарда да Абылай ханның туған жері Түркістан деп көрсетіледі.
	Болғанда бесінші күн қырғыз толды, Қыбырлап қара құрттай Алатауға [9,162]	Берілген үзіндіден Кенесары ханның 14 мың қолмен қырғызды алуға барғаны туралы, Қосшы деген қырғыз ауылын жаулап алғаны туралы

	Қызылсу мен Самсаның, колға толды арасы [9,204]	Осы жолдар да қазақтар мен қырғыздардың арасындағы соғыстың үдеп кеткенінен хабардар етеді.
	Наурызбай келіп жолыққан, Қызылсу, Самса бауырынан. Бедер мырза жығылды... Мұнарамен шаң болды Шу мен Таудың арасы [9,207]	Үзіндіде осы жерлерде Наурызбай батыр ммен Бедердің айқасып, Бедердің жеңілгені осы Шудың бойында болғаны туралы ақпарат береді.
	Сайрам қаласының мешітіндегі тас бағанды кім орнатқанын жазайын. Ерте заманда Аалатау, Қаратау, Әулиеата, Шымкентке маңайлас жерде Қырыққарғалы атанған қала болған.	Берілген үзіндіде автор Қожа Ахмет Яссауи кесенесінің құрылысуы мен кесенедегі болған тарихан сыр шертеді.

Әлем мәдениеті: сәулет өнері, сауда-саттық, дін, ғылым-білім, ұлттар деп жіктеуді жөн көрдік.

Бұл бөлімде Мәшһүрдің өзі жүріп өткен «Бұхара сапары» шығармасы бойынша алынған ерекшеліктер. Автордың бір қасиеті бір өлеңге бір елдің барлық мәдениетін, тұрмыс тіршілігін сидыра білуі.

Кесте 4

Әлем мәдениеті ерекшелігі	Ойконим қолданысы	Талдау
Сәулет өнері	Дүние-ақырет қызығы Бұхарада, Бір өзінде он бес жан азан айтқан, Жұма күн әлгі айтқан мұнарада (Бұхара сапары) [9, 170] Көкалдаш айналасы толған базар, Адамы көптігінен басың қатар	Бұл жолдарда ақынның Бұхараға барғандағы көрген каллан мұнарасының үлкендігін бір уақытта он бес адам азан айтқан деген жолдардан анық көреміз. Осындағы Көкалдаш деген сол кездегі Бұхара қаласындағы ең ірі медреселердің бірі болғанын айтады.
	Тамаша, таңғажайып әрбір жері, Тарқайды барсаң сонда іштің шері, Жойбарлық махалласы өңшең қожа, Ғажап жай – Бұхараның үштен бірі! (Бұхара сапары) [9,171]	Тамаша, таңғажайып әрбір жері, Тарқайды барсаң сонда іштің шері, Жойбарлық махалласы өңшең қожа, Ғажап жай – Бұхараның үштен бірі! (Бұхара сапары) [9,171]

Сауда – саттық	Нануайлар айғай салып, деп: «Ыстық (ыслиғ) нан» Табылып бір көшеден мың түрлі жан Бұхара сапары) [9,172]	Бұл жерде де көшедегі қызып жатқан сауданың болғанын аңғартады
Ғылым – білім	Жүз алтыда Сейітжан мүфти отыр, Іркілместен заулатып дәріс айтып. Дәріс айтқан пай астана, шариф жайда (Бұхара сапары) [9,173]	Талай жасқа келсе де дәріс айтып, адамдардың сауатын ашып отырғанын айтады.

Іріктеліп алынған қолданыстар автор шығармасында қолданған жердің де, елдің де, адамның да, ұлттың да қыр-сырын танып білуге септігі зор болды. Өз жеріміздің ғана тарихынан сыр шертпей Мәшһүр Жүсіп жүріп өткен жерлердің, елдерің сырын білдік. Шежіреде берілген ойконимдер арқылы сол заманға тап болғандай әсерде болдық. Автордың әлі де болса талдайтын, тарихтың жаңа бір қырларын шертуге жәрдем болатын қолданыстары уақыт еншісінде.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Что такое топонимика? М.: Наука, 1985. 176 с.
- 2 Абдрахманов А.А. Историко-этимологическое исследование топонимов Казахстана. Автореферат дис... доктора фил. наук. – Алма-Ата, (1991). – С.58
- 3 Суперанская, А.В. Общяя теория имени собственного.-М., 2007
- 4 Болдырев, Н.Н. Концептуальное пространство когнитивной лингвистики// Вопросы когнитивной лингвистики. -2004. -№1.
- 5 Аңсабаев Д., «М.Жүсіп шығармаларының тәрбиелік мәні» «Ізденіс - Поиск» 2003ж., 190 б.
- 6 <https://sci-conf.tou.edu.kz/archiv> Мәшһүртанудың%20ғылыми%20негіздері%20және%20қазіргі%20гуманитар лық%20ғылымдар%20дамуы-2022-02-28%2017:03:54pm.pdf.
- 7 Мәшһүс Жүсіп «Ит дүние» өлеңдер жинағы, Алматы Абай Клубы, Жидебай, 2008.

БЕРДІБЕК СОҚПАҚБАЕВТЫҢ «МЕНИҢ АТЫМ ҚОЖА» ПОВЕСІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР КӨРІНІСІ

САНИЯЗ А.

оқушы, Достық орта мектебі, Ақсу к.

ИМАНТАЙ А.

жетекші, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Қазақ әдебиеті шоқтығы биік тұлғаларға бай. Солардың бірегейі – қазақ әдебиетіне өзгеше өрнек, ғажайып сыр-сипат алып келген көрнекті жазушы – Бердібек Соқпақбаев. Б.Соқпақбаев қазақ балалар әдебиетінде шындықты қарапайым әңгімелеу арқылы жас оқырмандарын тәрбиеге, әдептілікке баулиды. Жасөспірімдерді өзіне баурап, елітіп ала жөнелетін өзіндік өрнегі бар жазушы. Б. Соқпақбаев оқырманын шынайылыққа, өзін-өзі басқара білуге, жеке тұлға болып қалыптасуға, жамандық атаулыға қаны қас болып өсуге тәрбиелейді.

Повестің әу басынан-ақ тәрбиенің алғы шартын ашып көрсеткен. Шығарманың бас кейіпкерінің әкеге, анаға, әжеге, досқа деген құрметі мен махаббаты анық байқалады. Автор шығармасының құрылымы балалық шақтың сан түрлі сәттерімен юмор арқылы орайластырылады. Жазушы оқырманының көбісі дерлік мектеп жасындағы балалар. Мұндай оқырманға салмақты баяндаудан гөрі қызықты эпизодтарға құрылған, қарапайым әңгімелеу өтімдірек. Автор Қожа образы арқылы күлдіре отырып күйдіре, ойната отырып, ойландыра алғаны анық.

Әр ұлттың өмір-салты, көрген-түйгені оның сөз саптауынан айқын білінеді. Шығармадағы мына бір эпизодты алайық. Күні бойы футбол ойнап, әбден қалжыраған Қожа бір жағы суға түсіп салқындап алғысы келсе де, алдымен ас ішіп алуды жөн көреді.

«Ал мен әуелі тамақтанып алайын, ішім итше қыңсылап, түйені түгімен, нарды жүгімен жұтып жібере жаздап келе жатқам жоқ па» [1, 9 б.]. Осы бір үзіндідегі «іштің итше қыңсылауы, түйені түгімен, нарды жүгімен жұту» сынды сөз қолданыстары қазақ халқының өмір салты төрт-түлік малмен тығыз байланысты екенінің дәлелі, ұлттық танымның айқын көрінісі.

Ешбір оқу-тоқусыз заманда адам жаны, өмір қағидалары, әдеп, сыйластық, денсаулық сынды түрлі тақырыпта айтылған мақал-мәтелдердің мәні әлі күнге дейін өз құндылығын жоғалтпаған. Ұлтымыздың қаншалықты дана, көреген халық екенін нақыл сөздер, мақал-мәтелдерден бағамдауға болады. Қазіргі кездегі

психологтардың айтып жүрген түрлі тақырыптағы ақыл-кеңестерінің мазмұны қазақтың бір ауыз сөз мақалына сыйып-ақ кететіні таңдандырады. Шығармадағы Қожаның өтірікті көп айтатын досы Сұлтаннан көңілі қалып күйінген сәттегі мына бір сөзіне көңіл бөлейік.

Жақсымен жолдас болсаң, жетерсің мұратқа.

Жаманмен жолдас болсаң, қаларсың ұятқа – деп, қазақ атам осындайдан айтқан екен ғой. [1, 42 б.] – деп Қожа тықыр-таянғанда өзінің басын сауғалап қашып кеткен жан серігі санап жүрген Сұлтанның қылығына налиды.

Ал шығарманың мына бір жолдарынан үлкенмен амандасу, рұқсатсыз үлкендер отырған жерге кіруге болмайтындығының өзі үлкен тәрбие.

...Қолымдағы допты тарс еткізіп, босағаға тастай бердім де, сол екпінмен төр үйге қарай беттедім.

- Әй, мына түріңмен қайда барасың? Онда кісі отыр,- деді әжем.

- Кісі болса қайтушы едім!

- Даусым қатты шығып кетті. Мейлі, естісе, ести берсін.

- Есікті жұлқып ашып, кіріп келдім. Қаратай мен мамам терезе алдындағы столда, әдеттегіше, бетпе-бет әңгімелесіп отыр.

Кірген бойда бұрыштағы шкафыма қарай өтіп бара жатыр едім, Қаратай күлімсіреген дауыспен:

- Әй Қожатай, сәлем қайда? - деді.

Жасы үлкен таныс адамға сәлем бермеу – көргенсіздіктің белгісі деп, мамам мені талай баулыған. Сол парызымды амалсыз өтеп:

- Саламатсыз ба,- дей салдым.

- Үлкендердің үстіне бұйымтайсыз, етқызулықпен кіріп келгендіктен, енді амалсыздан бірдеме істеуім керек болды... [1, 10 б.]

Шығармада өзі «тажал» деп атаған Қаратайдың мотоциклын өз үйінің ауласынан көріп ашуланған Қожа қанша ашу үстінде тұрса да, анасының сөзін есіне алып үлкенмен амандасады. Ана сөзінің, ана тәрбиесінің маңызы жоғары екенін аңғарамыз.

Енді бірде жайлаудан ауылына қайтып келе жатқан жолда Қожа:...О, ата мекенім, қазақ жері! Сенің шет-шегіңе қиялдан өзге не жетіп үлгереді. Сол алып өлкеңнің бір пұшпағын ыстық көзбен, бар адал сезіммен аймалап, елеусіз бір перзентің мен келе жатырмын. Мынау асқар тау, жасыл жазық, мөлдір өзен, қалықтаған анау ақша бұлттар, тұнық аспан – осының бәр-бәрін егер құшағым жетсе, ең қымбат, аяулы анамдай аймалап құшар едім, сүйер едім. Япыр-ай, неге сонша ыстық болдың туған жер! [1, 44 б.] – деп туған жерге,

ата мекеніне ыстық ықыласын білдіреді. Шынында, туған жердей жер болмас!

Тәрбиенің бастауы үлкендердің тек жүрсен, тоқ жүресің деген сөзінен басталады. Әжесінің Қожаның ешкімнің ала жібін аттамауға баулуы.

Ел аяғы басылуын күтіп, кітап оқып отырмын. Әжем төсек сала бастап еді. Маған төсек салмаңыз, мен бүгін жайлауға кетемін, - дедім.

- Әй, сен тағы бір пәле шығарғалы жүргеннен саумысың?

- Шыбыным, әйтеуір ешкімге тимей, ұрынбай, жайыңа жүр.

Тек жүрсен, тоқ жүресің дейді атаң қазақ. Сенің тентектігіңді менен басқа ешкімде көтермейді. Әйтеуір саған айтар ақылым,- тыныш жүр балам, тыныш жүр. Біреудің ала жібін аттаушы болма. Мешкей деген жақсы ат емес [1, 24 б.] – дейді асыл әже.

Шығармада қанша сотқарлық жасаса да немересіне шаңжуытпай ақтап алатын ақ әженің Қожаның анасы Миллатпен диалогы:

- Жұмысты тастап, жайша адам келуші ме еді. Әлгі жер-әлемді шулатып, өрт қойып жүрген бұзақы балаңның әлегі.

- Бұзақы боп ол не істепті. Ел тонап, кісі өлтіріп пе? – деді әжем.

- Біреудің қазын ұрлап сойып жеу – ел тонаған емес пе екен.

Сабақ үстінде мұғалімді шошытып талдырып жыққан адам тұра бара кісі өлтіруден тайынбас.

- Бақа әкел деген өздері көрінеді ғой. Бір Қожа емес, осында өзге балалар да мұғалім әкел деді, соямыз деп, көлшіктен бақа ұстап алып жүрген. Енді соның бәріне баяғы аты шулы Қожа кінәлі.

- Сонда әкелген бақаны оған мұғалімнің сумкасына салып қой деп пе?

- Әдейі салды деймісің, тарбаңдаған неме өзі кіріп кетті де.

Оңбай кетейін, әжемнің сөзі мені елжіретіп жіберді. Балапанын қорыған мекиендей шыр-шыр етіп, сотқар немересін қамқорына алуын қарашы. Әй, жаным әжем, қайырымды әжем, менің кінәлі екенімді біле тұрып өстесің-ау [1, 75 б.]. Осы бір үзінді де әженің махаббаты, мейірімі, ақ жүрегі көңіліңді елжіретіп жібереді.

Мінез-құлық жағынан Қожа өзге емес өзінің басынан өткен жәйттардан сабақ алып, бұрыс істерін көп ұзатпай жөнге салып, өз-өзін тәрбиелеген қабілетті бала.

Шығармада досының жақсы-жаман қасиеттерін өлшеп бағамдай алған Қожаның Сұлтан туралы мына бір пікірін мысалға алайықшы: «Әй, Сұлтан, Сұлтан. Сенің бойыңда кісі қызығарлық

өнерқабілеттер толып жатыр-ау. Асауға шалманы қалай дәл тастайсың. Неше саққа жүгіртіп, құйқылжытып, қалай тамаша ысқырасың. Бие сауғанда шөпілдетіп жібересің. Жолдасыңа қоң етінді ойып беруден тартынбайтын батылсың да, жомартсың. Бірақ арамдығың да бар: өтірік айтасың, ұрлық істейсің. Егер оқуды тастамасаң, әлгі айтылған лас қылықтарыңнан ада болсаң сенен түбінде жаман азамат шықпас еді.

Менің Сұлтан жөніндегі пікірім осындай» [1, 56 б.] – дейді бас кейіпкер. Қожаның досы туралы ойын оқырманға жеткізу арқылы автор жақсы-жаман қылықтың арасын ашып көрсетіп адамгершілік тәрбиеге баулиды. Үзіндідегі «шалма тастау, бие сауу» сынды іс-әрекет атауы қазақтың тұрмыс-тіршілігінен хабар берсе, жолдасыңа «қоң етінді ойып беруден тартынбау» секілді сөз қолданыстары достықтың қадір-қасиетін, құндылығын ашып көрсетеді.

Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» повесі туралы Қастек Баянбаев: «Қаламгердің анық өсіп, шеберліктің белгілі бір биігіне шыққанын көрсеткен туындысы – «Менің атым Қожа» повесі. Қожа бейнесі – қазақ балалар әдебиетіне қосылған қомақты олжа. Оның еңсесі барған сайын биіктеп, Марк Твеннің Том Сойерімен, Аркадий Гайдардың Тимурымен, қазақ фольклорының Тазша баласымен таласпай-ақ, тіпті, солармен жетеғабил жүргеннің өзі әдебиет үшін аз бедел ме?» – дейді [2]. Ақынның осы бір бағасы шығарманың құндылығын, балалар әдебиетіндегі орнын айқын көрсетті.

Бердібек Соқпақбаев – қазақ әдебиетінде өзіндік өрнегімен, шындықты қарапайым әңгімелеу арқылы мөлдіретіп, көзалдына жайып салатын, кейіпкерлерді даралау мен психологиялық бейнелеудің де өзгеше бір жолын тапқан талантты жазушыларымыздың бірі. Оның «Менің атым Қожа» шығармасы – балалар әдебиетінің жауһары. Шығармада рухани, адамгершілік және ұлттық құндылықтар көрініс тапқан. Повесті оқыған кез келген оқырман бойына осы бір асыл құндылықтарды сіңіріп, ой сүзіп, бой түзері анық деп білеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Соқпақбаев Б. Менің атым – Қожа: Повестер. – Алматы: «Жазушы», 2001. – 208 б.

2 <https://massaget.kz/layfstayl/debiet/tmsil/33260/>.

СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН ПОЭМАЛАРЫНЫҢ ТІЛ КӨРКЕМДІГІ

СЕРИК С. М.

5 сынып оқушысы, №7 мектеп-гимназиясы, Екібастұз қ.

МУРАТОВА А. Е.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, №7 мектеп-гимназиясы, Екібастұз қ.

Сәкен Сейфуллин – жаңа дәуірді ерекше жырлаған жаңашыл ақын. Қазақ әдебиетіне бұрын болмаған образдар мен теңеулер, сөз оралымдарын әкелген шығармашылығымен жаңа бағыттағы әдеби дәстүрдің негізін салушы болды.

С.Сейфуллин түйеден түскендей түйдек-түйдек ойларын жыр үлгісінде жалаң түрде бере салған жоқ, керісінше, құбылту арқылы троп пен фигураның түрлеріне салып, тігісін жатқызып, икемдей әкелді. Сәкен – суреткер ақын. Ол сөзбен сурет салуда өте шебер.

С.Сейфуллин есімі қазақ әдебиетінің тарихынан ғана емес, қазақ халқының мәдениеті мен азаматтық тарихынан орын алып отыр. Ол – халықтың ұлттық батырларының бірі. Жиырма бес жасқа толмай-ақ аты аңызға айналған Сәкен Сейфуллиннің туған халқына сүйікті еткен оның жанының тазалығы мен мөлдір тазалығы, ақындық дарыны мен төңкерісшіл күрестің ержүрек қаһарманы болғандығы еді. Ол көлгірсуді, екі сөйлеуді білмеген. Өзі де, өмірі де таза, пәк, сезімді ақын өзі жасаған ортаның кейбір пенделік құлықтарынан да биік тұрды.

Келесі кезекте қаламгер шығармаларының тілдік бағытына бет бұратын болсақ, ақын шығармашылығында метафораны (ауыстыру) шебер қолдана білген. Екі нәрсенің бір-біріне ұқсастығына қарай бір-бірімен ауыстырып айту арқылы мазмұнын тереңдете, әсерін күшейтеді. Мысалы: 1) Арқаның кербез сұлу Көкшетауы, Дамылысыз сұлу бегін жуған жауын. 2) Қасында көк желекті аппақ қайың, Жібектей желмен шарпып төңіректі.

Поэмада жансызға жан бітіріп, тірінің әрекетімен ауыстыра суреттеуді, яғни кейіптеуді жиі қолданады: 1) «Ұйықтаған батыр» дейді таудың атын, Батырдың қырыққа таянған жасы. Денесі биік жота, таудай басы. Киелі баста жатыр дулығасы.

Ақын поэмаларында теңеулер оның ақындық қуаты, қаруы іспетті көп қолданысқа ие көркемдегіш құралдардың бірі. Теңеулерді қаламгер өте жиі қолданғанын ескеру қажет: 1) Жібектей желмен шарпып айналаны; 2) Минбелеп қоршалған шымылдықтай; 3) Бақсыдай тауды ағынап кезеді екен; 4) Түнеріп долы бұлттай

күрілдеген; 5) Жалғыз-ақ шын басында ноқаттай боп; 6) Қасқырдай ырылдайды күшін біліп; 7) Қап-қара қарлығаштың қанатындай; 8) Аш белі көк шыбықтай солқылдайды; 8) Сұңқардың баласындай торға түскен; 9) Түбектей айнала тау – берік қорған; 10) Бәрінің жүректері аттай тулап; 11) Сағымдай көз алдынан ағып өтті; 12) Солқылдап көк темірдей қайысады; 13) Еліктей қыз майысып түсті жерге; 14) Жартасқа шықты сұлу лақтай ырғып; 15) Сағыммен көкке ұшады торғындай бу; 16) Аққудай ақ қанатын алған қамдап; 17) Ыңқылдап аққу құстай әдемі үнмен; 18) Ысқырып, көкті жарып, садақтай боп; 19) Күші де, ерлігі де жолбарыстай; 20) Қаракұс тоңқаласты долақтай кеп; 20) Құланның құлынындай орға түскен; 21) Киіктің лағындай қолға түскен; 22) Түбектей айнала тау – берік қорған; 23) Ашан жүз ақ шапақтап атқан таңдай; 24) Құлжадай боп қолын сермеп; 25) Лағынет қамытындай болар еді; 26) Жараған аш бөрідей белі жіптік; 27) Қақпақтай қобы жаурын, топшы жалпақ; 28) Лақтырған жасыл темір қалақтай боп; 29) Денесі көк құрыштай, өрдеш-шалқак; 30) Жараған бәйге кердей ықшам, сыптық.

Эпитеттер де солай, жиі қолданысқа ие. Бұны ақын табиғат құбылыстарының өзгеше бейнесін оқушылардың көз алдына елестету, ой қиялына әсер ету мақсатында қолданады деп білеміз: 1) Өрқайсысы алтын кесе аясында; 2) Қарағай биік шыңды қиялаған; 3) Сары алтын Көкшетаудың ерте-кеші; 4) Көз жұмған көкке қарап сыры үлкен тау; 5) Денесі биік жота таудың басы; 6) Аспаннан қыпқызыл от жерге шашып; 7) Сол кезде шыға кепті ақбас бура; 8) Көк мұнар қалың ойға шомып батқан; 9) Желпініп аттан түсіп қалың әскер; 10) Иілген ақ маңдайды екі қасы; 11) Қалың ел маңайдағы құрбан шалып; 12) Көк найза, дабыл қағып, қалды тиіп; 13) Жас бала, кемпір-шалды бордай басып; 14) Абылай көк шалғынға кілем төсеп; 15) Айтқанды қалың әскер гүжілдесіп; 16) Қалықтап қара бүркіт көкті шарлап; 17) Күтемін әділ төре сөзіңізбен; 18) Көркем қыз даурықтырды қалың қолды; 19) Бар еді әңгімем, тақсыр төре; 20) Дуласып, кең далаға сыйыспапты.

Ақынның ой еңбегінің қажырлылығы ізденіс шығармашылығында жемісін берді. Қаламгер өлеңді сырттай тартымды ету мақсатында сөз көркемдеудегі ерек бір құбылыс қайталауды қолданады. Ақын поэмаларында:

- а) сөз қайталуы (басқы қайталау немесе анафора):
- Біреулер ысқыртады садақты атып,
- Біреулер қанды қанжар жалақтатып.
- Сұлуды бір-бірінен қаласыпты,

Сұлуды өз көзімен көрмеген соң,
 Кей батыр ойқастайды оғын сүйлеп,
 Кей батыр безейді оғын өткір қайрап.
 ә) соңғы қайталау (эпифора)
 Талаң сыр ертегіні сыр айтады,
 Ызыңдап таудан соққан жел айтады.
 Толғанып төмен қарап шал айтады,
 Тамсанып-таңырқанып бала айтады.
 Сол батыр осы күні бір үлкен тау,
 Көз жұмған көкке қарап сыры үлкен тау.
 Дүниеде өрбір бөлек жердің аты,
 Себеппен қойған бәрі елдің аты.
 Баласы Абылайдың Қасым төре
 Жасынан сотқарлығы басым төре.
 Қара бұлт тауды төніп басады екен,
 Күркіреп жерге зәрін шашады екен
 Тұрды да тас басында қалмақ қызы,
 Таласып қалың әскер алмақ қызы.
 Аллитерация
 Сайланып шыққан ірік өңкей кедей,
 Сайласып мінгендері ылғи егей.
 Бәріңді көріп өзі таңдау қылсын,
 Бұйырдым «тұтқын қыздың қалауына».
 Ассонанс
 Асынып жарақтарын күн тиісіп,
 Аттарын тұқыртады шіреп шегеп.

Шындық болмыс пен адамның арасындағы қатынасты көрсететін көркемдегіш құралының бірі – әсірелеу. Әсірелеу – әр түрлі құбылысты өте асырып айту. Құбылысты жай қалпынан асырып көрсету арқасында суреттелген құбылыс, адамның ой сезіміне тез әсер етеді. Мысалы: 1) Көкпеңбек шың басынан мұнар кетпес, Басына атсаң-дағы оғың жетпес; 2) Тартынбай қан төккенді кісіге «татыр» деген, «Бір өзі жүз кісіге татыр» деген.

Міне, осылай «Көкшетау» поэмасында өңірінің тауы, көлі, шыңы, қайталанбас көріністерімен жеке-жеке суреттеледі де, бәрі қосыла келіп, Көкше табиғатының бөлінбес тұтас жанды картинасын жасайды.

С.Сейфуллиннің тілінің байлығыны, ұшқырлығы мен әсемдегі көрініс табатын поэмасының бірі – «Аққудың айырылуы». Табиғат әлеміндегі жарастық: күміс айдын көл, оның жиегіндегі судырлаған

торғын шымылдық, су бетінде ләззатқа бөленген кербез, сұлу аққулар барлығы қалай әсем бейнеленген.

Дүниедегі сұлулықты ақынның өлең жолдарынан сипаттауға болатын іспетті: 1) Маржан құмы, күміс суы. Көл еді ке айнадай; 2) Су бетінде елбіреген, Ақ шашақтар өрнегі; 3) Көлді қорып, байғұс қызғыш, Қыңқылдайды жағалап; 4) Қоңыр күйін қаз күйлейді, Сұқсыр менен қасқалдақ. 5) Жалғыз аққу жырақтағы, Өнге салды «келем» деп; 6) Сыңар аққу құрақтағы, Тұрды күтіп, көлендеп; 7) Ақ шашақты талдап түтіп, Шашты мөлдір айнаға; 8) Екі маңғаз ғашық жұбай, Шың сүйіскен жар еді; 9) Сылдырлатын моншақ тізіп, Ақ көбікке бұланды; 10) Сорлы жыршы жалықпайды, Көл сағасын барлайды.

С.Сейфуллин табиғаттың ғажап суреттерінің бірі, теңеп сұлу жеткізген: 1) Екі ғашық ертегідей; 2) Уыздай ақ төстен өтіп; 3) Көл өзі кең айнадай; 4) Ертегідей еркелескен, тағы неге зар еді; 5) Айна көлдей оқпен қарып; 6) Найзадай боп шаншылып;

Сөз қайталау (басқы қайталау немесе анафора):

Бір шоқ қамыс жиекте өскен,
 Бір мезгілде қалт етті.
 Ah!.. деді де көл селк етті,
 Ah!.. деді аққу: «жаным-ай!».

Дыбыс қайталаулар:

Ассонанс:

Айна көлге жылап ақты,
 Аппақ төстен қызыл қан.
 Еш күнәсіз шашақ терген
 Екі ғашықты айырды.

Аллитерация:

Саяда бір көл бар еді,
 Сырлы кесе аясы.
 Су түбінен маржан теріп,
 Сүңгіп терең бойлайды.
 Қимаса да бірін-бірі,
 Қайта-қайта қайырылып.
 Жан күйігін мәңгі баспы,
 Жұбайымен бірге өлді!
 Мөлдіреген көздің жасын
 Моншақтатты, тыймады.

Қаламгердің шығармашылық құндылығы осы заман тақырыбына арналып, соны мазмұнға сай пішін тапқан актуальді

туындыларымен ғана емес, қазақ халқының өткен заманы, әр алуан аңыз, әңгімелеріне негізделген шығармаларынан да аңғарылады.

Сәкен Сейфуллиннің есімі, оның шығармашылық мұрасы, ақынның жаңа әдебиет үшін жүргізген күресі, арман-мүддесі бізді жаңа табыстарға бастайды. Халық қаламгерді еш уақытта ұмытпақ емес. Оның мұралары тарихта мәңгі бақи сақталмақ!

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Х.Әдібаев, М.Базарбаев, З.Қабдолов, Р.Нұрғали «Қазақ әдебиеті» Алматы: «Рауан», 1996. –335 б.

2 Бітібаева Қ. «Сәкен Сейфуллин шығармашылығына шолу»/«Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы, 1995, №10.

3 Т.Жұрынқызы «Лирикадағы туған жермен тұтастық». Көкшетау, 2004. –129 б.

4 Кәкішев Т. «Сәкен Сейфуллин», Алматы: «Жалын», 1976. –320б.

ХИМИКТЕР МЕН ЛИРИКТЕР

ҚАМШЫГЕР Ж. Т.

қазақ тілі мен әдебиет пән мұғалімі, К. Бозтаев атындағы қазақ мектеп-гимназиясы, Абай облысы, Аягөз ауданы

СЕРИКОВА А. С.

8-сынып оқушысы, К. Бозтаев атындағы қазақ мектеп-гимназиясы, Абай облысы, Аягөз ауданы

Әрине, өздерін ғылымға арнаған Дмитрий Иванович Менделеев пен Михаил Васильевич Ломоносов сияқты ұлы адамдарды да айтпауға болмайды. 1880 жылы 28 қарашада Александр Блок дүниеге келді. Күміс дәуірдің орыс әдебиетінде көрнекті рөл атқарған символист ақын болды. Алғашқы қатты табыс жиырмасыншы ғасырдың басында «Әдемі ханым туралы өлеңдер» циклінің шығуымен келді. Сол Әдемі ханым әйгілі орыс химигінің қызы Ляубов Менделеева еді.

1948 жылы ақын Степан Шипачевтің «Оқу менделеев» поэмасын ұлы химикке арнағанын сөзсіз айта кету керек: «Менделеев жүйесінің табиғатында да, ғарыштық тереңдікте де басқа ештеңе жоқ: барлығы – кіші құм дәндерінен бастап планеталарға дейін – бір «Elements.As» формуладан тұрады, Еңбек кестесі ретінде Менделеев жүйесі қатаң. Айналаңызда тірі әлем құрылып, оған кіріп, дем

алып, қолыңызбен жанасу керек. Ең жеңіл газ – сутегі бар, оттегі ғана бар, және осы маусымда оның барлық бонусынан жаңбыр жауады. Темір қайнайды, бромның күміс, сүрме және қара қоңыр ерітінділері, орасан зор өздігінен жасалған зертхана болып көрінеді. Мұнда көзге көп оптикамен көмектеспейсіз. Мұнда ой шындыққа жанаспайды. Шаң дәні және сіз бірден көре алмайсыз – онда дүниенің тереңдігі жасырын. Су болсын, Сол кен орны суарылды, темір, мыс немесе гранит болсын – атомдарда тізбектелген барлық сұмдық ғарыштық күш ұстап тұр. Біз шегінбейміз, дүние шеңбері жабылып қалған жолды бұзамыз», және бұрын Құдайға жатқызған нәрсе, бәрі де біздің күнәсіз қолымыздың еңбегі болады».

Сондай-ақ ұлы ғалым, ақын, ағартушы Михаил Васильевич Ломоносовтың есімімен барлығы таныс. «1747 жылғы Бүкілресейлік Таққа 1747 жылғы Бүкілресейлік таққа отыру күніндегі Одада» ақын жас ұрпаққа өздерін ғылым қызметіне арнауға, шетелдік ғалымдарды алмастыруға үндеу жасайды: «О сені, оның тереңдігінің жер қойнауынан күтетін және осындай тілектерді көріп, бейтаныс елдерден шақыратын, О, сенің күндерің қастерленеді!» Ломоносов ғылыммен айналысу адамды бақытты ету керектігіне көз жеткізді.

Химия және проза. Барлық ғылымдар өзара байланысты. География, Биология, Химия, Физика, Математика. Химия «ғажайып трансформация индустриясы» деп те аталады. Ол бізді барлық жерде қоршап тұр: дәрі-дәрмектер, тамақ өнеркәсібі, фабрикалар, электроника және т.б. Ол тек айналамызда ғана емес, сонымен қатар біздің ағзамызда.

Химия мен әдебиет арасында байланыс бар ма? Олар қазіргі заманда үлкен маңызға ие. Бала кезінен біз ертегілерден бастап, өзімізді әдеби батырлар ретінде елестетіп, кітап оқығанды жақсы көреміз.

Химиктер мен лириктер... Бір қарағанда химия мен әдебиет әбден үйлеспейтін пәндер, олардың арасында байланыс табу мүмкін емес. Мен бұл жұмысты керісінше дәлелдеу үшін жасадым.

Химия бүкіл адамзат тарихында романтикалық пән болды. Химияның бұл ерекшелігі көптеген жазушылар мен ақындарды өз шығармаларына материя мен оның түрленулері, салыстырулары, құбылыстар мен процестердің эмоциялық сипаттамасынан шабыт алған бейнелерді қосуға итермеледі.

В.Ф. Одоевскийдің «Мороз Иванович» еңбегінде заттарды тазалау әдісі сипатталған – сүзу: «Сонымен қатар, Инелі әйел бұрылып, суды ширатып, құмыраға құяды, тіпті қандай интрига:

егер су таза болмаса, сол үшін қағаз табағын домалатып, оған көмір салып, оған ірі құм құм құйып, сол қағазды құмыраға кірістіріп, оған су құяды. Ал су, өздеріңіз білесіздер, құм арқылы және көмір арқылы өтіп, кристалл сияқты құмыра таза құмыраға тамшылап кетеді». Инені суда еріген адсорб заттарға көмірдің қасиеті жақсы білген. Көбінесе Жюль Верн химиялық терминдерді қолданған. Мысалы, доктор Охстың экспериментінде ол ауа құрамын былай сипаттады: «Азоттың жетпіс тоғыз бөлігі, жиырма бір бөлік оттегі, көмірқышқыл газы, ауыспалы мөлшерде су буы».

Ауа құрамына инертті газдар да кіреді. Бірақ мұны қате деп санауға болмайды, себебі ол кезде олардың өмір сүруі туралы ешкім білмеді. Бұл сериалдың алғашқы өкілі – гелий кітапты жазғаннан кейін 25 жыл өткен соң ғана табылған.

Химия және поэзия. Поэзиядағы химия мен әдебиеттің байланысы химиялық тілдің дамуынан туындады, көбінесе ақындар химиялық элементтер мен заттардың, ең алдымен металдардың атауларын пайдаланды. Қызық факт – ақындар өз өлеңдерінде «Алтын» деп аталатын элементті жиі қолданады.

Он тоғызыншы ғасыр поэзиясы химиялық жағынан бай:

«... Ал темір күрек Тас кеудесін шығарып, мыс пен алтынды шығарып, сұмдық жолды кесіп тастайды». (М.Ж.Лермонтов)

«... Жұдырық қорғасыннан жасалған..... Алтын уақыт есімде...»(Ф.И.Тютчев)

XX ғасыр поэзиясында авторлар өз шығармаларын жарықтықты, кескіндемені, түрлі-түстілікті арттыру үшін химиялық терминдермен «безендіреді». Бір қызығы, ақындар металдардың коррозия құбылысын сипаттайды:

Мысалы, Д.Васильевтің «Кілт» поэмасында «Ол құйылған витрина майын ыдысқа құйды» деген сөз тіркесі бар. Витрина майы ескі күндерде сары түсті, тұтқырлығы мен өндіріс көзі – темір сульфаты болғандықтан концентрацияланған күкірт қышқылы деп аталды.

Жиырмамыншы ғасыр поэзиясында баяндауыштың жарықтығы үшін де, ақын шығармашылығының объектісі ретінде де химиялық терминдерді қолданудың көптеген мысалдары бар. Химиялық атаулармен қаныққан және С.Кирсановтың «Гераниум - бадам - күлгін»: «... Ал қорғасын нитраты, ал нитроглицерин, ал батыл, жарылыс түзеткішпен, тринитротолуол.

А.Конан Дойльдың «Маракатов абызы» романы. Мұнда А.Конан Дойльдың «Маракатов абызы» романының үзінділері

берілген «Мен тек өз көзіммен көріп, аппаратқа енгізіліп, сол жерде жылумен, қысыммен және электр энергиясымен өңделген сұйық және газ тәрізді күйлердегі түрлі химиялық элементтердің дәмін таттым, соның салдарынан машиналар ұн, шай, кофе, шарап және басқа да көптеген азық-түлік өнімдерін шығарды» [23-б.].

Химиялық элементті сынап көре алмайды. Химиялық элемент – ядроның заряды бірдей атомдар жинағы. Белгілі болғандай, британдықтар, немістер, француздар қарапайым зат пен химиялық элементті ажыратпайды. Бәлкім, аударма кезінде қателік жіберген шығар. Сол романда ауадан ауыр және тыныс алуға қолдамайтын көмірқышқыл газы туралы айтатын фрагмент бар: «... ауасы ауыр, сталактит болған. Ол көмірқышқыл газына қаныққаны соншалық, сығылған оттегінің тіршілік ағысы цилиндрден эзер шықты. Кушеткада тұрып, әлі де таза ауамен тыныс алуға болар еді, бірақ уланған аймақ жоғары және жоғары өсті... » [76-б.].

Г.Р. Хаггардтың «Клеопатра» еңбегі. Г.Р. Хаггардтың «Клеопатра» еңбегінде аяусыз қырғын байқалады: «... ол сол орасан зор інжу-маржандардың бірін құлағынан алып шықты... және... інжу-маржанды сірке суына батырған. Тыныштық орнады, сан қилы қонақтар теңдесі жоқ інжу-маржанның күшті сірке суына баяу еріп кеткенін көргендей қатып қалды. Оның сол жақтағы ізі жоқ... » [35-б.].

Г.Р. Хаггардтың «Клеопатра» еңбегінде берілген үзіндіге химиялық формула қойып шықтым. Маржан негізінен кальций карбонатынан тұрады. Ол бормен, мәрмәрмен, жұмыртқа қабығымен бірдей, олар да қышқылдармен реакцияға түседі:

$\text{CaCO}_3 + 2\text{HCl} = \text{CaCl}_2 + \text{CO}_2 + \text{H}_2\text{O}$. Қабықтары мен інжу-маржандарының құрамы бірдей. Сондықтан інжу-маржанның түпнұсқалығын анықтауға болады.

Ж.Верн «Жұмбақ арал» романы. Ж.Верн өзінің «Жұмбақ арал» романында суды болашақтың тиімді отыны ретінде қарастырады: « - Көмірді қандай отын алмастырады? - Су, - деп жауап берді инженер. - Су ма? «Пенкроф сұрады...» - Иә, бірақ оның құрамдас бөліктеріне су ыдырады», - деп түсіндірді Сайерс Смит. - Күмәнсіз, бұл электр энергиясының көмегімен жасалады, ол адамның қолында қуатты күшке айналады. Иә, күн келіп, су отынды алмастырады деп сенемін; сутек пен оттек, олардан тұрады, жеке-жеке қолданылады; олар сарқылмайтын және көмір олардан алыс жатқандай қуатты жылу мен жарық көзі болады! Күн келеді, менің достарым, ал бу кемелерінің түрмелеріне көмір емес, осы екі сығылған газы бар

баллондар тиеледі де, олар үлкен жылу тиімділігімен жанып кетеді...
Су – келе жатқан заманның көмірі» [57-б.].

Қорытынды

Қорытындылай келе берілген көркем әдебиет туындыларынан үзінділер ала отырып, екі ғылымның – әдебиет пен химияның өзара байланысын анықтап, олардың бір-бірімен қарым-қатынасын өнер туындылары үлгісінде қарастырдым және химиялық элементтер тізбегіндегі қолданысын дұрыс, бұрыс екендігін зерттедім. Шығармалардың сюжеттеріне ұқсас тәжірибелер сериясын жасадым. Зерттеудің басында ұсынылған болжам расталды. Қорытындылай келе, химиялық білімге ие болудың қаншалықты маңызды екенін атап өткім келеді. Олар тек химиктер мен лириктер үшін ғана емес, баршамыз үшін де маңызды. Химия мен әдебиеттің байланысы оның мәртебелілігі мен ықыласына таңқалдырады. Құбылыстардың химиялық терминдері мен сипаттамасы авторларға өз ойларын оқырмандарға дәлірек жеткізуге, олардың шығармаларына көріктеу мен кескіндеме қосуға көмектеседі. Сол сияқты көркем әдебиет химияның сыртқы және ішкі сұлулығын ашуға көмектеседі. Әрине, заттардың, кристалдардың, ерітінділердің құрылымының әсемдігінде ғана емес, осы сыртқы тартымды жағында да болады. Химия өзінің ішкі мәні, құбылыстарды түсіндіру қабілеті, мүмкіндіктердің шексіз палитрасы бойынша әдемі. Көркем әдебиет туындыларынан үзінділерді оқу оқушыларға химия ғылымының жаңа және қызықты жақтарын ғана емес, керісінше, химияны білу жалпы химиядан алыс жатқан шығармалардағы кейбір тұстарды тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 И.Я. Белавин (т.б.), химиядан 100 балл. Жоғары оқу орындарының үміткерлеріне арналған толық курс: Оқу нұсқаулығы. - Мәскеу: Білім зертханасы, 2020 ж. – 480 б.
- 2 А. Беляев, 3 томдық шығармалары. Мәскеу қ., Терра Публ., 1996 жыл.
- 3 Дж. Верн, Толық шығармалар. Мәскеу, Ладомир Публ., 1994 жыл
- 4 О.С.Габриэлян, Химия. 9-сынып. Мәскеу, Дрофа Публ., 2009. 224 б. (орыс тілінде).
- 5 О.С.Габриэлян, Г.А.Шипарева, Химия, Әдістемелік нұсқаулық. Мәскеу, Дрофа Публ., 2007 жыл. 203 т. (орыс тілінде).

6 А. Конан Дойль, Шерлок Холмс туралы жазбалар. Мәскеу, AST Publ., 1998.

7 А. Конан Дойль, Маракатов абыздары. Мәскеу, Балалар әдебиеті Публ., 1993.

8 В. Короткевич, Ольшанскийдің Қара бекінісі. Король Стахтын жабайы аңы. - Минск: Мастацкая литература, 1984 (белорус тілінен аударған В. Щедрина).

9 М. Митчелл, Желмен бірге кетті. Ленинград: Лениниздат, 1989 (ағылшын тілінен аударған Т.Кудрявцева)

10 Одоевский В.Ф. Мороз Иванович Мәскеу, Круг чтения Публ., 2001.

ҚАЗАҚИ ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ КӨЗҚАРАСТЫҢ КӨРІНІСІН ПАРЕМИЯ АРҚЫЛЫ НЕГІЗДЕУ

СЛӘМҒАЛИЕВА Н. Р.

қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімі,
№23 ЖОББМ, Абай облысы, Семей қ.

Мақал-мәтелдер – ғасырлар шежіресі. Онда халық тарихы, оның әлеуметтік тіршілігі, ақыл өнегесі мол көрніс тапқан.

Мақал-мәтелдер ой дәлдігімен, тереңдігімен, ықшамдылығымен ерекшеленеді. Онда өмірдің сан алуан құбылыстарына баға беріліп, үлкен түйін жасалады, халықтың ғасырлар бойғы тәжірибесі қорытылады.

Халық даналығы үлкен ойды аямай қалыпқа сыйғызып, асқан шеберлік танытқан. «Көп сөз – көмір, аз сөз – алтын» дегендей, мақал-мәтелдің өн бойынан поэзияға тән жинақылық, үнділік, саздылық, ұйқас, ырғақты кездестіреміз. Онда басы артық бір сөз болмайды. Барлығы өз орнында. Мақал-мәтелде бәрі екшелген, сұрыпталған, жымдаса біріккен, ой-өрнек ажыраспас туыстық тапқан. «Ер дәулеті - еңбек». Мұндағы негізгі ой - еңбектің құдіретін, бүкіл игіліктің көзі екенін білдіру. Ой қазығы еңбек болған соң, мақалда «е» дыбысы ерекше естіледі. Мақалға саздылық, үнділік беріп тұрған да сол. Дәулет сөзінің мақал бітіміне кіруі де соған байланысты. Оның орнына ырыс, байлық, молшылық т.б. сөздерді ала алмайсың. Онда мақал поэтикалық қасиетінен айрылады.

Мақал-мәтелдерде халық сөзді барынша үнемдеп қолданған. Кейде тіпті, сөз тастап та кетіп отырады. Бірақ онан мақал-мәтелдің мазмұнына ешқандай нұқсан келмейді [1, 34-б.]. Мысалы, «Ақыл

жастан, асыл тастан» дегенде, шығады сөзі қалып қойған, бірақ онан мақал ойсырап тұрған жоқ.

«Сөз асылы – мақал» дейді халық. Оның айтушылары да, тұтынушылары да – көпшілік. Мақал – логикалық, образдық ойдың қосқанаттасқан ғажап табысы, тәжірибеден туған философиялық сөздер. Оның ұйтқысын, ең алдымен, мақалдан іздеу керек. Онда этикалық, философиялық, коллективтік мазмұн бар, мақалдың қорытындыларын халық ешуақытта теріске шығармайды.

Мақал-мәтелдер қоғам өміріндегі әлеуметтік құбылыстарды, адам мінезін, табиғат пен тіршілік сырын, оның қайшылығын таныта отырып, адамға терең ғибрат берген. Мақал осындай құбылыстарға берілген баға, ойдың тобықтай түйіні ғана емес, өзінше бір ереже [2, 134-б.].

Халықтың әл-ауқаты қашан болмасын ақын шығармаларына арқау болады. Сондықтан көптеген туындылар «байлық пен кедейлік» концептілері төңірегінде. Абай да күле отырып, іле жауап қатты:

- Рас – ау оның, Базеке, бәрі рас! «Кедейлігіне қарама, кісілігіне қара» десе, түгел Тобықтыдан сені атау дұрыс. Бірақ біз өнерді айтып отырмыз. Бір тайпа Тобықты деген елдің жігіті екеніңіз рас. Жігітіміз – сіз бен біз, бірақ біз өнерлі жігітпіз бе? Сол өнерге келгенде сіз екеуіміз – ел есінде қалар не көрсеттік, нендей үлгі шаштық? Қандай еңбек еттік ортамызға?! – деп, Абай қатты үнмен шыншыл жүзімен бір сұрақ қойды да, аз үндемей жағалай қарап шықты / «Абай жолы», 64 бет/.

- Бұл сахрадағы қу өмірге осылай тізе көрсетер соққы болсын. Ер қайғысын бара- бара сол емдер!- деп, біраз отырып, үлкен бір ой түйді. – «Арыстан айға шауып мерт болғанмен, артында жортқан баласы арыстандық етпей қоймас. Ақ сұңқар ауға шырмалғанмен, ұясынан ұшқан балапаны сұңқарлық етпей қоймас!» - деген қазақ неткен дана. Тобықтының зорлығы мен қараңғылығы Оралбайды жеңгенімен, өмірді, тауарықты жеңе алмас, бұра алмас... бұрс алмас!...-деді /«Абай жолы», 115 бет/.

Қазақ тілінде «Байлық-кедейлік» концептісіне ілесе жүретін, солардың атрибуты тәрізді сөздердің мол қоры бар. Мұндай сөздер концептіге кіретін негізгі атауларды әр қырынан толықтырып, оларды бейнелі түрде жете анықтауға мүмкіндік береді.

Мына төмендегі тұрмыстық атаулар байлықтың сән-салтанатын сипаттайтын, онымен бірге айтылатын атрибуттары болып табылады: шайы камзол, құндыз бөрік, қара мақпалмен тыстаған

түлкі тымақ, тиін ішік, ақсеңсең ішік, сусар ішік, бұлғын ішік, күміс белдік, алтын алқа, қалы кілем, атлас шымылдық т.б.

Мысалы, М.Әуезовтің «Абай жолы» романында:

Тоғжан білезікке толы аппақ жұмыр білегін табаққа қарай сирек созады.

Белінде кісе белдік емес, жасыл түсті кәріс белбеу, бұ да анық бозбаланың белгісі. Тобықты ішіне ең алғаш келген арба осы Зеренің-Құнанбайдың кәрі шешесінің көк арбасы десе де болады /«Абай жолы»/.

Дәулетті адамдардың ас жиыны, тойлары кезінде айтылатын тұрақты атаулар да аз емес: семіз жая, алтындай сары уілдірік, төңкерілген қазы, үйтілген қой, семіздің жас сүбесі, серке тарту, балуан күрестіру, атшабыс, теңге алу, тайтұяқ, қойтұяқ, үштоғыз.

«Кедейлік» концептісіне қатысты негізгі атауларды толықтырып, бейнелеп білдіретін атрибут сөздердің сипаты бірыңғай емес. Оларды өз ішінде бірнеше топқа бөлуге болады.

1. Кедейліктің, жоқшылықтың жағдайын, хал-ахуалын білдіретін сөздер: қайғы, қасірет, тауқымет, тақсырет, қам-қайғы, ауыртпалық, амалсыздық, азап, қорлық-зорлық, тақыр таза, жүдеу тірлік, жұтаң күй, жарымау т.б.

2. Кедей, жарлы, жоқ-жітік адамдардың кескін-кейпін білдіретін сөздер: жүдеубас, қара борбай, қылқию, қайыр тілеу, азу, тозу, қаңғыру т.б.

М.Әуезов шығармаларында мақал-мәтелдердің әр алуан тақырыпқа арналған түрлері кездеседі. Олардың көбі халықтың дүниетанымын, өмірлік тәжірибесін, өмір, өлім, тағдыр туралы түсініктерін қамтиды.

Қазақтың ұлттық танымында «тағдырға» қанағаттанудан гөрі қанағаттанбаушылығы басым екендігі байқалады. Яғни, «тағдыр» өмірдің тұщысынан гөрі, ащысынан қолданыс табады. «Тағдыр» мен «өлім» концептілері арасында белгілі бір байланыс бар екендігі сөзсіз. Адам өлімнің алдында да тағдырдың алдындағыдай өзінің дәрменсіз екенін мойындап, өлімді тағдырдың құрамдас бөлігі ретінде қабылдайды.

«Өмір» мен «өлім» концептілерінің жалпыхалықтық мақал-мәтелдердегі көрінісі мынадай: «Туғанға жыламаймын, өлгенге жылаймын»; «Ажал ажарыңа да қарамайды, базарыңа да қарамайды»; «Біреудің ажалы оттан, біреудің ажалы судан»; «Дүниенің қадірін берерде білерсің, жанның қадірін өлерде білерсің»; «Өтпейтін өмір жоқ, сынбайтын темір жоқ»; «Өткен қайтып оралмас, өлген қайтып келмес».

«Тағдыр» концептісі қоғамдық және әлеуметтік қатынастардың даму дәрежесіне қарамастан, өзінің түп негізінде философиялық танымдық концепт болып қала береді. Өйткені оның философиялық танымдық тамырын дұрыс түсінбеген күнде де ол басқа дүниетанымдық концептілердің, жалпы шындық болмыстың ұйтқысы болмас еді. Бұл концепт ешбір өзгеріске ұшырамай, өзінің абсолюттілігі мен тәуелсіздігін сақтай отырып, прагматикалық және басқа да құбылыстардан жоғары тұрады. Славян, халықтары дүниетанымдында «судьба» - құдіреттің өмірді басқарып, бағыттап отырар күші. Орыс тіліндегі бұл сөздің этимологиясы да осыны айғақтағандай: түбірі – «суд» – «Божий суд» (құдайдың әмірі) – «чему быть, тому не миновать»; «не судьба». Бұл концептінің семантикалық аясында тағдырды Құдайдың жазмышы хақында түсінетінін көрсететін «доля», «участь», «суждение» лексемалары бар. Сараптама нысаны болып отырған «тағдыр» концептісінің түркілік лексикалық формасына келетін болсақ, ол тіліміздегі «талай» сөзімен біріледі.

- Басыңа күн туған азамат екенсің. «Жалғыздың жары - құдай» деген ғой. Бірде болмаса бірде бір кемпір-шал бар еді-ау деп есіңе аларсың. Осы үйді өз үйіңдей көр де жата бер. Жауыңнан құлақтас болып тұрармыз. Мына балаларымды інідей көр!- деп Қатубай көпкөп жұбату, достық сөздерін айтқан. /«Абай жолы», 96 бет/.

Қазақтың майталман ақын-жазушылардың қай еңбегін алсақ та білім мен ғылымның пайдасы туралы айтылмай кетпейді. «Ғылым», «Білім» және «Өнер» концептілері қазақ халқының дүниетанымдық көзқарасын айқындауда маңызы зор екенін көркем шығарма тілінен аңғаруға болады.

Өмір концептісінің мәнін құраушы оның табиғатын түзуші элемент - дәурен микро концептісі кезеңдерін еске алу мақсатында, өткен өмірдің қызықты шағын санасында қайта жаңғырту сәтінде көп қолданылады да, концептілердің құрылымдарының бір ойсурет негізінде көз алдына қайта келтіруге болады. Мәселен дәуренге: өтті дәурен осылай, дәуреннің дәуірлеп тұрған кезі т.б. тұрақты тіркестер де кездеседі. Сонымен бірге поэзия тілінде дәурен сөзі:

Кемді күн қызық дәурен тату өткіз,

Жетпесе біріндікін бірін жеткіз (Абай)- секілді өлең жолдарының негізгі қазығы болады. Бұл жердегі «Дәурен» екі қайталап келмейді, өзі ұзақ емес кеңістіктегі уақыт. Сол «кемді күн қызықты дәуренді» мейлінше бейбіт өткізуді, тату болуды бірінің кемкетігінді бірін толықтырып отыруға насихат ете келіп,

адам танымында «дәуреннің» қызықты кезеңдерінің қысқалығы көрініс табады. Бұл жердегі «кемді күн қызық дәурендер» ақын танымының образды ойлауының тілдегі образды бейнесі арқылы көрініп, жеке индивид танымының жалпы халықтық таныммен астасып жатқандығын көрсетеді. Демек ақын танымы тілде осындай көрініс тауып жатса, ол сөз жоқ халық танымымен астасып жатады. Қазақ мәдениетінде құдайы қонақтың ішкі мәдени коннотациясы осы «нәсіппен» ұштасып жатыр: «Қонақ – атаңнан да үлкен», «Қонақтың алтынын алма, алғысын ал», «Қонақтың алдына ас қой, екі қолын бос қой» деген мақалдар дәлел.

Егер киіз үй құрылымын – көшпенділердің дүниетаным жүйесі ретінде қарастыратын болсақ, төр мен босаға маңызды бинарлық қарама-қайшылықтағы біртұтастықты білдіреді: «Жаман әйел жақсы еркектің төрдегі басын есікке сүйрейді, жақсы әйел жаман еркектің есіктегі басын төрге сүйрейді». Осы мақал «төр» символымен ұштасып жатыр.

Қазақ социумында төрге байланысты белгілі бір этикеттік нормалар қалыптасқан. Оның еуропалық мәдениетке қарағанда ерекше екендігі де белгілі. Төрдің қасиетін қазіргі заман мәдениет иелері әлі сақтайды деуге болады.

Жалпы, «төр» мен «босағаны» қарама-қайшылықта қарастыру жоғары-төмен моделі бойынша динамикалық дамуды – жас мөлшеріне байланысты өмір жолы. Балалар төменде, ал үлкендер жоғарыда – төрде орналасу моделін көрсетеді. Төр – құрмет символы мен көр – адамның соңғы барар жерімен қарама-қайшылық белгілері негізінде, яғни, «өмір» мен «өлім» макрофреймін құрайды. Оған мысал ретінде мына мақалдарды айтуымызға болады: «Тәрбие туған күннен басталып, көрге кіргенде ғана бітеді», «Бір аяғы жерде, бір аяғы көрде», «Адам үш күннен кейін көрге де үйренеді». Жалпы «есік» пен «босаға» сыртқы әлемнен қорғаныш, ішкі берекелік пен тыныштықты сақтауыш ретінде танылады. Қорыта келгенде тіл білімі дамуының қазіргі деңгейіне сай когнитивті лингвистика тілдік тұлға, тілдік семантика, жұмсалымдық (функционалды) лингвистика т.б. тілді жалпы когнитивті тетік ретінде қарастырады.

Қазақ тіл білімінде халықтың, ұлттық болмысын-бітімін, тұрмыс-тіршілігін оның тіл арқылы тану қағидасына сай зерттеу тіл біліміндегі жаңа бағыт ретінде қалыптасты. Бұл бағыт тілдегі адам факторын тіл табиғатымен тығыз байланыста қарастыратын антропологиялық лингвистика саласының негізін қалады [3, 118].

Қазақ халқының ұлттық өмірі, оның бүгінгі мен өткені, танымы мен діні, флорафаунасы, мінезі мен психологиясы оның тілінде, әсіресе тұрақты сөз тіркестерінде, ауыз әдебиеті мұраларында, ән-күй өнерінде және т.б. халықтың білім жүйесінен, әдеби-жазба, этика-эстетикалық және халықтық педагогика дәстүрлерінде қалыптасқан тілдік құралдар арқылы тануға болады. Академик Ә.Қайдар былай деп атап көрсетеді: «Әрбір дәуірде өмірге қажет болған ұғымдардың аты-жөні, сыр-сипаты т.б. тіл фактілері арқылы ғана бізге жетуі мүмкін» [4, 304]. Әрбір тіл шындық өмірді қабылдау мен ұйымдастырудың белгілі бір тәсілін бейнелейді, мұнда осы тілде берілетін мағыналар дүние көрінісінің біртұтас жүйесіне жинақталады.

Ұлттық дүниені қабылдау ерекшеліктері өмір салтымен және этностың шаруашылық жүргізуімен байланысты, осы салт-дәстүр мен шаруашылықтың жүргізілуі қазақ тілінің топонимдік кеңістігін қалыптастырады, жүйелейді, құрылымдайды. Географиялық қоршаған орта шындықты қабылдаудың жүйелілігі мен байланыстылығын, қазақ топонимиясының таңбалық жүйесін қалыптастырады.

Қорытындылай келе, халық танымын ақын-жазушының танымындағы концептілер, оларды құрушы лексемалар (фреймдер) арқылы тануға болады. Осыған орай қаламгер танымы мен ұлт танымы тереңнен астасып жатады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Нұрышев Н. Қазақ халық мақалдарының даму тарихынан / Н. Нұрышев. Алматы, 1959. -26 б.
- 2 Қазақ фольклористикасының тарихы: (революцияға дейінгі кезең), Алматы: Ғылым, 1988. - 27 б.
- 3 Тұрманжанов Ө. Қазақтың мақал-мәтелдері / Ө. Тұрманжанов. - Алматы: Ана тілі, 1992. - 118 б. 4. Әуезов М. Әдебиет туралы. О литературе / М. Әуезов./Алматы: Санат, 1997. -304 б.

С.ТОРАЙҒЫРОВТЫҢ «ҚАМАР СҰЛУ» РОМАНЫНДАҒЫ ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕРДІҢ ҚОЛДАНЫСЫ

ОКПИНА Б. М.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Ы. Алтынсарин атындағы Дарынды балаларға арналған облыстық қазақ гимназия-интернаты, Павлодар қ.

ХАБИДУЛАЕВА А.

10-сынып оқушысы, Ы. Алтынсарин атындағы Дарынды балаларға арналған облыстық қазақ гимназия-интернаты, Павлодар қ.

С.Торайғыров шығармаларының тілінің көркемдік ерекшеліктері әдебиеттануда зерттелген. Бұл орайын келтіріп, сөз қолдану арқылы сөз құдіретін көрсету мен сөзден айшықты кесте өрудің қас шебері С.Торайғыров поэзиясы тілінің бір қырынан ғана танытса керек. Ал тұтастай алғанда, С.Торайғыров прозасы тіліндегі тұрақты тіркестер мен олардың қолданысы бүтіндей лингвистикалық талдауға түскен жоқ. Жалпы, С.Торайғыров «Қамар сұлу» романында фразеологизмдерді ұтымды қолдана білген. Мысалы, «Қамар сұлу» романында Қамардың портретін суреттеуде небір эпитеттерді ақын шебер қолданып, сұлу бейнесін бере білген:

Жіңішке сымға тартқан әні қандай,

Балауыз балбыраған тәні қандай.

Ақыл, ой, мінез, көрік түгел келіп,

Толықсып толып тұрған сәні қандай.

Еріткен іші-бауырыңды көзі қандай,

Бал тамған майда бұлбұл сөзі қандай.

Жұп-жұмсақ, бып-биязы ішке кіріп,

Жайтандап жан күйдірген кезі қандай!

Күлгенде көзіңді алып кірсіз тісі,

Қайнамас оны көріп кімнің іші?

Алмас қылыш жүзіндей аударылған,

Сүйгізіп көлеңкесі әрбір ісі [1, 7-б.].

Қалам қас, мамық тамақ, уыз қойын,

Мөлдір көз, тілің бұлбұл, алма мойын [1, 15-б.].

ҚР геосаяси орналасуы, транзиттік жағдайы және қолайлы климаттың болуы шетелден түрлі жұмыс күші ағымын тартады. Бұл өз кезегінде ішкі еңбек нарығына, экономикалық және әлеуметтік салаға, тұтастай мемлекеттің тәсілдерді енгізуі қажет. Еңбек миграциясы – қауіпсіздігіне әсер етеді. Сондықтан, еңбек қауіп емес, жаңа мүмкіндіктер болуға жағдай жасау.

Қорыта келгенде, еңбек миграциясын реттеуде Қазақстанның тәуелсіздіктен кейінгі жылдары қабылданған заңдары мен түрлі қаулы-қақарларды бұл саладағы істердің тәжірибесін көрсетеді. Бүгінгі күні бірнеше өзгертулермен толықтырылған заңға әлі де болса жаңа ұсыныстар түсуде. Бұл салада әлемдік тәжірибені негізге алу керектігі айтылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Марданова З. Ж. Принудительные миграции в Казахстане в 1 половине XX века. Учебное пособие. – Павлодар: Кереку, 2011
- 2 Садовская Е. Ю. Международная трудовая миграция в центральной Азии в начале XXI века (на примере Республики Казахстан). – Москва, 2013: Восточная книга. - С. 54 – 81. uRL: <http://demoscope.ru>.
- 3 Садовская Е. Ю. Социология миграций и современные западные теории международной миграции // Социальная политика и социология. – 2004 – N 1
- 4 Нұрбақов М. Миграциялық өзгерістер // Газетте: Егемен Қазақстан 18.04.2023.
- 5 Алдашева С. Көші-қон және Жаңа Қазақстан // Газетте: Айқын газеті 26.04.2022.

ХАЙПОВЫЕ БЛОГИ КАК ФЕНОМЕН В СОВРЕМЕННОЙ ШКОЛЕ

НИКИТИНА А. И.

ученик 9 класса, Средняя общеобразовательная школа
с гимназическими классами Щербактинского района

Новая медиа реальность креативна и изменчива в силу легко доступности Интернет пространства. На фоне всё более «раскрученности» социальных сетей, сайтов, блогов, происходит кризис печатных СМИ и возникновении новой медиа среды. Отсюда возникает и феномен блога. В сфере масс-медиа возникает новая медиа образовательная система, в которой речь идет о влиянии аудитории на средства массовой информации и в целом на журналистику. Возникает проблема медиа образования юной аудитории, её самовыражения, проявления интересов.

Процесс медиа образования молодого поколения может происходить только в условиях образованности потребителей и производителей информационного продукта.

Феномен блога можно отнести к новому сосуществованию, и как отмечают психологи, в некоторые периоды своей истории и в некоторых фазах своего жизненного цикла человек нуждается в новом информационном сопровождении, как в воздухе и пище. «Молодежь - как раз тот период и цикл, который наиболее привлекателен для информационно-психологических воздействий» [1].

Одним из сильных источников воздействия в нашем медиа мире являются средства массовой информации. В данном случае феномен блога. Не случайно сегодня молодежь называют медиа поколением.

В последние десятилетия у юной аудитории возникает целый комплекс проблем, связанных с тем, что существенно меняются медийные приоритеты подрастающего поколения. Сегодня молодежь все более тяготеет к медиа текстам в электронном виде. Произошла смена модели традиционного чтения. На вопрос: «Что ты делал вчера?» подростки назвали просмотр телепередач (68,8%) и видеофильмов (20%) [2].

К феномену блога стоит отнести и стоимость расходов. Чтобы опубликовать статью в блоге не нужно тратить финансы в таком количестве, как это требуется для создания полноценного журналистского материала. Популярность блогов привела к тому, что и традиционные СМИ начали поощрять своих журналистов вести личные интернет-дневники.

Автор книги «Руководство по Блогам» Ребекка Блад, говорит о том, что успешный блоггер пишет о том, о чем люди хотят читать, они говорят то, что кто-то хочет услышать, и то, что они (блоггеры) продвигают популярную точку зрения.

В данный момент существует огромное количество блогов. Если к 2006 году количество блогов составляло от 2.4 до 4.1 миллионов, то к настоящему времени - цифра выросла до десятков миллионов [3].

Блог - это сайт или страница на интернет-ресурсе, регулярно пополняемая статьями, фото и другими материалами. Человек, ведущий такую страницу, называется блоггером.

Сегодня подобное занятие стало одним из популярных для пользователей сети Интернет. Ведущие блоггеры набирают миллионы подписчиков и последователей.

Блоги учеников КГУ «СОШ с ГКЩербактинского района» имеют направленность: развлекательно-творческую, информационную (с точки зрения самого блоггера), прохождение компьютерных игр. Так ученики решили заявить миру о себе, поделиться своими мыслями и определенными знаниями в собственном блоге на YouTube. Исследуя данные контенты блогов, было отмечено, что блоггеры выбрали тематику личной заинтересованности.

Ниже приведены темы, начинающего информационного блога:

- 1 Бизнес тема. Уроки рисования.
- 2 Жертвы канала YouTube.
- 3 Что нужно знать начинающему блоггеру?
- 4 На кого учиться?
- 5 Питание, курение, ЗОЖ.
- 6 Топы фильмов, игр и известных личностей.
- 7 Обзор модели смартфона.

Однако широкий спектр данного блога не обязательно отвечает самой информационной культуре. И возможно данный блог не наберет достаточное количество подписчиков.

Если цель ведения YouTube-канала предполагает обретение популярности и достижение коммерческого успеха, то выбор – хайповый контент. Ролики с таким содержанием в считанные дни набирают миллионы просмотров благодаря актуальности темы. Многие ведущие блоггеры достигли известности благодаря хайпу [4].

В молодежном сленге под словом «хайп» подразумевается информационный шум вокруг популярного объекта. «Хайпить» –

это значит поднять ажиотаж до грандиозных масштабов, чтобы о предмете обсуждения заговорили все вокруг [4].

Чаще всего хайп возникает стихийно и на пустом месте и популярность не оправдана, поскольку объект, по сути своей, малоинтересен. Истерика вокруг недостойных внимания объектов породила фразу, которая стала крылатой – «Необъяснимо, но хайп» [4].

Интересно, что даже сам хайп стал причиной ажиотажа. В интернете прочно закрепился антипод, предполагающий порицание и высмеивание предмета хайпа. При этом антихайп сам стал хайповой и прибыльной темой [4].

Стать популярным на YouTube за счет хайпа можно следующими способами:

1 Стать источником хайпа. Топовые видеоблогеры своим участием делают популярным любое мероприятие.

2 Участвовать в конфликтах и провокациях. Достаточно отрицательный пример.

3 Высказывать мнение по обсуждаемому инфоповоду топовых тем. Для этого необходимо найти интересную аудитории тему и «оседлать» ее еще в самом начале, когда тренд только набирает обороты. Но важно помнить, что хайп всегда связан с риском. Невозможно контролировать реакцию масс на актуальный инфоповод – в этом и есть основная сложность. Не каждая интересная новость становится хайповой.

Где искать хайповые темы?

Если выбирать хайповый инфоповод среди мегаобсуждаемых тем, то шансы на быстрый взлет стремятся к нулю. Очень важно предугадать увлечение аудитории и выбрать интересную тематику, но только набирающую популярность.

Искать свежие хайпы можно:

1 В Google Trends. Мониторинг самых популярных запросов помогает отследить актуальные тенденции;

2 В Twitter, где горячие новости появляются самым первыми;

3 В популярных пабликах и группах в соцсетях. Хайповые темы, мемы здесь генерируются ежедневно, главное – выявить самые популярные;

4 На YouTube. Отслеживайте темы новых видео самых популярных блогеров.

Быстрее всего поймать хайп удастся на остросоциальных темах, связанных с политикой, религией, скандалами. Это знают и используют топовые блогеры. Например, в 2017 году одной

из самой хайповой оказалась анти-тема «Общество Синий кит». Всплеск суицидов среди детей и подростков, отмечавшийся в начале года и связанный с деятельностью так называемых групп смерти в соцсетях [4].

Любой школьник однажды, решив стать блогером не сможет сразу заявить миру о своей компетентности и состоятельности. Простое копирование известных каналов тоже не приведет хотя бы к средней раскрутке своего канала на YouTube.

Кратко инструкцию по созданию хайпового контента можно представить так:

1 Найдите подходящую тему, которая лично вам кажется интересной.

2 Проверьте актуальность темы – помониторьте популярные видео, СМИ, соцсети.

3 Проанализируйте целевую аудиторию – определите насколько заинтересует тема.

4 Продумайте сюжет и сценарий. Это обязательное условие.

5 Снимите видеоролик и обеспечьте его раскрутку.

Даже самое хайповое видео не обретет популярности, если не заняться его раскруткой. Позаботьтесь о том, чтобы ваш ролик увидело, как можно больше зрителей. Самый быстрый способ – это упоминание вашего канала в раскрученных видеоблогах [4].

В школе был проведен рейтинг среди старшеклассников на YouTube? Список тем:

1 Ответы на вопросы из интернета. Понемногу обо всем - вот и готов блог.

2 Образование, языки, науки, обучение.

3 Руководства и инструкции. Например, нужно самостоятельно установить Windows или настроить телевизионную программу.

4 Хобби. Реклама и продвижение через блог.

5 Спорт и тренировки.

6 Жизненные лайфхаки.

7 Путешествия.

8 О психологии. Наряду с неизведанным и прочими фактами изучение психологии и применение ее закономерностей стало востребованной темой в интернете.

9 Обзоры кинокартин, описания и рекомендации. Кулинарный блог.

10 Как я разорился на биткойнах. Истории заработков и интернете.

11 Энциклопедия болезней, методы профилактики.

12 Факты. Интересные моменты не только из жизни, новости политики.

Ассамблея народа Казахстана объявила конкурс среди блогеров в социальных сетях «Тәуелсіз Қазақстанның дамуына қосқан менің үлесім» – «Мой вклад в развитие независимого Казахстана» [5].

Организаторы конкурса отметили, что будущее нашей страны во многом зависит от активности, творческого подхода, к молодежи Казахстана. Вклад в развитие независимого Казахстана – это оригинальные идеи и предложения, поступки и дела».

Значит, у специалистов современных масс-медиа есть возможность формировать подрастающую аудиторию с культурной и образовательной точки зрения. В молодом возрасте происходит накопление знаний, навыков, жизненного опыта. Интернет пространство доменной зоне КЗ будет наполняться более качественным контентом. У блогеров появится еще одна уникальная возможность «продвинуть» себя, рассказать о своих достижениях, планах и начинаниях.

ЛИТЕРАТУРА

1 Кириллова Н.Б. Медиа среда российской модернизации. М.: Академический проспект, 2005. с.340.

2 Цымбаленко С.Б., Шариков А.В., Щеглова С.Н. Информационное пространство российского подростка в постсоветский период. М.: НИИ школьных технологий, 2006г. с.12.

3 Местергази Е.Г. Литература non-abriy|non-fiction: Экспериментальная энциклопедия. Русская версия. - М.: Совпадение, 2007, с. 58-59.

4 <https://blog.webartex.ru/>.

5 <https://assembly.kz/>.

Ж. АЙМАУЫТОВТЫҢ ПУБЛИЦИСТИКАСЫ

АЛГАМБАРОВА Б. Е.

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Абай Құнанбаев атындағы №2 ЖОББМ, Екібастұз қ.

САЛЫ А.

8-сынып оқушысы, Абай Құнанбаев атындағы №2 ЖОББМ, Екібастұз қ.

«Қазақ тілі» газетінің шығуына бес жыл толуын той ретінде атап өткен газет алқасы «Қазақ тілінің еңбеккерлері» атты көлемді мақаласында Ж. Аймауытовтың газетке сіңірген ерен еңбегін жоғары бағалап: «...Жүсіпбекті киіз түндікті қазақ елінің көбі білетін шығар. Жүсіпбек өзінің өткір қаламымен қазақ тұрмысының нелер түрлі-түрлі суреттерін түсірген, шебер драмашы (үш-төрт жазушыларымыздың алдыңғыларынан.) Мәннан ағай осы «Қазақ тілін» құрастырып, қаз тұрғызса, содан кем еңбегін сіңірмеген. «Қазақ тілін» жетектеп жүргізіп, ел қатарына қосқан азаматтарымыздың бірі - Жүсіпбек...» деп жазады («Қазақ тілі» газеті, 1924 ж. 5 декабрь)» [1, 198].

«Жүсіпбектің сан салалы творчестволық қызметі дәуірдің талап етуінен туды. Әр саланың өз мамандары жоқ кезде олар заман, өзгеріс дәірі күн тәртібіне қойып отырған қажеттілікті өтеуге бар мүмкіндіктерін жұмсады» [2, 102].

Бұл еңбектер қатарында қаламгердің публицистикасының да орны ерекше. Журналист қазақ өмірінің әр саласына қатысты мақалалар жазады. Солардың ішінде эпистолярлық жанр, баяндама, очерк, мақала болып кете береді. Түрлі жанрдағы туындыларында Ж. Аймауытов ғасыр басындағы халық құндылықтарын көтерді.

Ж. Аймауытовтың әр жылдары жариялаған мақалалары көп. Бұлардың барлығы ХХ ғасырдың бас кезінде қазақ баспасөзінің негізгі мәселелері ретінде басылым беттерінде қоғамның өзекті де түйткіл тұстарын зерделеген материалдар болатын.

Кесте 1 – 1917-1918 жылдар аралығында жарияланған мақалалары

№	Мақаланың аты	Жарияланған басылым, саны, жылы	Тақырыбы мен негізгі мазмұны	Ерекшеліктері
1	«Тұр, бұқара! Жиыл, кедей! Ұмтыл, жастар!»	«Сарыарқа» газеті, 1917, №2	Жаңа өкіметтің орнауы, қазақ бұқарасының жиылып, өз теңдігі үшін ат салысуы	«Ж.Аймауытов» деп қол қойған
2	«Азық-түлік жайы»	«Сарыарқа» газеті, 1917, 15.01.	Азық-түлік пен тұрмыстық заттардың бағалары, комитет ашу жайы т.б.	«Ж.А» деген бүркеншек атпен жазған
3	«Партия»	«Сарыарқа» газеті, 1917, 25.01.	Партия болудың мақсаты, партияшылық зияны, жаңа қоғамға бейімделу т.б.	«Ж.Аймауытұлы» деп қол қойған
4	«Қазақтың өзгеше мінездері»	«Алаш» газеті, 1917, 30.03.	Қазақ қоғамы, оның өзгерістері, ұлт мінезінің ерекшеліктері т.б.	«Семей семинариясында оқитын Аймауытов хәм Әуезов» деп қол қойған
5	«Журнал туралы»	«Абай» 1918 04.02, №1	«Абай» журналын шығарудағы мақсат	«Жүсіпбек» деп қол қойған
6	«Абайдың өнері хәм қызметі»	«Абай» 1918 № 2	Абай шеберлігі, шығармашылығы, халық үшін қызметі	«Екеу»
7	«Абайдан соңғы ақындар»	«Абай» 1918 № 5	Қазақ поэзиясы, ақындар өлеңдері және олардың тақырыптары, идеялары мен стилі туралы	«Екеу»
8	«Тәрбие»	«Абай» 1918 № 1	Тәрбиенің қажеттілігі мен түрлері	«Жүсіпбек» деп қол қойған

Біз журналист ретіндегі Ж. Аймауытовтың мақалаларын бірнеше топтарға бөлдік. Бірінші кезеңде олардың жазылу уақыттары еске алынды.

1. 1917-1918 жылдардағы мақалалары.
2. 1921-1925 жылдың алғашқы жартысы.
3. 1925-1928 жылдар.

1. 1917-1918 жылдардағы мақалалары. Қаламгердің алғашқы журналистік кезеңінің туындылары болғандықтан да, бірнеше өзіндік белгілері бар.

1. Қоғамдық өзгерістер, жаңа заманға бейімделу, ұлтты ояту мақсатын көздейді.

2. Мақалалар шолу, ақыл айту, дұрыс жолға салу, үгіт-насихат үлгісінде болып келеді.

3. Қазақ халқының келеңсіз мінездері көп сыналады. Жаңа жолға түсу жолдарын айтады.

4. Жаңа өкімет, жаңа қоғамда қазақтың адаспауын қалайды.

5. Ең көлемдісі – «Абайдан соңғы ақындар».

6. Мақалалары Семей қаласында «Сарыарқа» газеті, «Абай» журналдарында басылады.

2. 1921 жылдан 1925 жылдың алғашқы жартысына дейін.

1. Журналист ретінде қаламы төселген шағы.
2. Көптеген жанрда жазған туындылары бар: некролог (көңіл айту), баяндама, пікір, әдістеме, дидактика т.б.

3. Негізінен «Ақ жол» газетінде жарияланады.

4. Көбіне бүркеншек атпен, сосын «Жүсіпбек» деген атпен жарияланады.

5. Оқу, білім, мәдениет, әдебиет мәселелеріне арналған туындылары көп жазылған.

3. 1925-1928 жылдар.

1. «Еңбекші қазақ», «Жаңа мектеп» басылымдарында шығады.

2. Ұлттың болашағына қажет ойлар, келешек ісі, жоспарлар туралы ойбөліседі. Өз пікірін білдіреді.

3. Қазақ көркемөнерін дамытуға баса назар салады.

4. Ғұмырбаяндық, очерктік, эпистолярлық жанрдағы туындылардан тұрады.

Ж. Аймауытовтың публицистикадағы еңбектері 1914-1919 жылдары Семейдегі мұғалімдер семинариясында оқыған кезден басталады. Семейде жүріп Алаш қозғалысына қатысады, «Абай» журналын шығаруға ат салысады.

Ғасыр басындағы қазақ зиялыларының ішінде Ж. Аймауытовтың шығармашылық ғұмыры үшін М. Ж.-Көпейұлының орны ерекше екені мәлім. Аталас туысы, бір рудан шыққан ұлы тұлғамен аралас қана емес, ішкі жан сырын ашар ең жақындарының бірі болғандығын хаттары дәлелдейді.

Мәшһүр-Жүсіп пен Жүсіпбек Аймауытовтың жан сырларын, рухани әлемдерін ашар екі хат сақталған. «Жүсіпбек Аймауытұлына (бірінші хат)» және «Жүсіпбек Аймауытұлына (екінші хат)» сақталған.

Кейіннен Мәшһүр-Жүсіп шығармаларына енгізілді [3].

Айтар мәліметтері мол хаттар 1927-1928 жылдары жазылған.

Мәшһүр-Жүсіп:

Астыңа құтты болсын ағаш атың,

Артылсын күннен-күнге алапатың!

Қаламыңның ұшына қыдыр дарып,

Әуелеп өрлей берсін жазған хатың! [3, 274].

– деген келешекке жасқа тілек айтса, Жүсіпбек ағасының түскен көңілін көтеріп, жанын жылытар сөздер айтады, өз істері туралы баяндайды. «...Сіз – қазақтың қазақ заманында дүниеге келіп қалған гауһарысыз. Сіздің құлашыңыз ұзын, қиялыңыз терең, арманыңыз алыстағы өткен өмірде. Жаңа заманның бұйынтақ сөзі, жыбырлақ мінезі сізді жарытпайды, тосаңсытады, күні өткен жат адамқылады. Жаңа заман өйте берсін. Сіз онда жалғыздығыңызды, жапандығыңызды, сәнді, салтанатты ескі күніңізді жырлап өтіңіз. Ақынның ақындығы улаған ойын, тулаған сырын оқушыны толқытқандай қылып, тізген меруерттей кестелі, толғаулы сөзбен айта білуінде» - десе, ендігі бір жерде елдегі ағасын өзінің көңіліне жаққан ісін аяқтаған қуанышымен бөліседі. «Екі жарым ай болды – үйден-түзге, отыра шықпағаным. «Не істедің?» - десеңіз, қылуатте (хылуатта) жатып, бір роман жазып, бітірдім. Өзіңіз көрген «Қартқожадан» үлкендігі екі есе үлкен болады. Бар ойым, ынтам, рухым сол романға кетіп, тап жынды кісідей болыппын, досты, жолдасты, құрметті, қымбат(хұмбат)ағаны ұмытып кете жаздаппын. ...Бірақ бұл күнде романым бітті. Баспаға жібергелі отырмын. Басылып шықса, көресіз» [3, 274].

«Шәкәрім ақсақалға» жазған хаты деп аталатын «Қазақ» газетінде басылған Ж.Аймауытовтың Шәкәрім Құдайбердіұлының «Түрік, Қазақ, һәм ханлар шежіресі» деп аталатын еңбегі туралы айтпай кету мүмкін емес [4, 289].

Ж. Аймауытов Шәкәрім шежіресін талдап, бүгінгі күн тілімен айтқанда тарихи хронологиялық жүйе тұрғысынан баға береді. Шежіренің артықшылығы мен кемшіліктерін көрсетіп, ескертпелер, ұсыныстар да айтады. Осының өзі Ж. Аймауытовтың тарихты терең білетінін, талдап, зерделеп, жете түсіндіре алатынын да байқатады.

«Қазақтың» 153 нөмерінде шежіреңіздің 2 рет басылуы жайынан азаматтарға жазған өтінішіңізге мынаны айтамыз:

«Шежіренің» 50 бетіндегі кіші жүз жайынан жазған жерінде:

1) Әлімнің бір баласы Шәкілі бай дегенді Шәкті деп жазарға керек.
2) Әлімнің алты баласының бірі Шөмен емес, Кете деген ру. Әлім, Шөмен бір туысқан ел. Кіші жүзде екеуін Алшын деп атайды, бұлар Алшын болып, кіші жүзге қосылады. Байлы мен жеті ру Әлім, Шөменді Алшын деп атайды» [13, 268].

Ж. Аймауытов мақаласында ары қарай Шәкәрім қажының жазған шежіресіне өз ойын қосады. Қазақ рулары туралы, олардың тармақтары жайынан тарата жазып шығады. «Шәкәрім ақсақалға» деп құрметпен бастаған ілтипаты соңына дейін, әдеппен, мәдениетпен өріледі. Мақала жанры жағынан қазіргі пікір – рецензияға келеді. Сонымен бірге кеңес беру, өз ойларын дәлелдеуінде хат жанрының да элементтері бар.

1. Пікір беру болғандықтан да, кемшілігін әдеппен жеткізеді: «Екінші, кезі келген соң Шәкәрім ақсақал шежіресі туралы мынаны айтқымыз келеді. Шәкәрім ақсақал шежіресіне жеңіл-желпі қарамай, терең ойлап, көп оқып, сан салыстырып барып жазғаны көрініп тұр» [4, 268].

2. Өз ойын, пікірін нақты дәлелдермен береді: «Шөмен Әлімнің інісі һәм төрт руға бөлінеді: 1) Тоқа, 2) Көнек, 3) Аспан, 4) Бозқұл. «Әлім, Шөмен жау еді, сонда да басым сау еді» деп жеті рудың айтып кеткен тарихи мақалы бар» [4, 268].

3. Шежіренің артықшылықтарын, мәнін ашады: «Шәкәрім ақсақал «шежіресіне» жеңіл-желпі жұмысша қарамай, терең ойлап, көп оқып, сан салыстырып барып жазғаны көрініп тұр. Бұл турада қазақтың «Карамзині» десек артық мақтаған болмаспыз. Түрік тарихымен танысқысы келген адам бұл шежірені оқымай кете алмайды. Шежірешілердің кітаптарында тозып жүрген мағлұматтың бәрін де Шәкәрім бір-бір кітапқа тізіп, оқушының бейнетін бір қарағанда жеңілдеткен сияқты» [4, 268].

4. Жасы үлкен, елге сыйлы адам деп не болмаса артық мақтап жағайын деп жалпақтамай, қаламгер өз ойын ашық айтады. Кемшіліктерін дәл көрсетеді: «Сонда да «кеміссіз келін түспейді»,

шежіренің кемшілігі де бар. Екінші басылуына мұндай кеміс жерлерін түзетіп басар деп ойлаймыз. Тарих екі мақсатпен жазылады: 1) Мектепте балаларға оқыту үшін һәм; 2) халықтың бұрынғы қалдерін жарыққа шығарып, айқындап, елдің өткен, бұл күнгі өмірін һәм келешегін білдіру үшін. Бұлай қарағанда Шәкәрім шежіресі мектепте оқу құралы есебінде тұтынуға, екі бастан, тура келмейді. Қала берді. Екінші шартқа тура келуі керек еді, соңғы шежірешілерге жәрдемші болуға тиісті. Бұған Шәкәрім шежіресі тағы үйлесіңкіремейді. Ат, жыл, ел көп тұтас саналып, іс, әдет, заң, сараң сөйленеді. Сондықтан тізілген аттар, ұйлыққан, елдер есте зорлықпен қалады, арқандаусыз малша жылжып шығып кетеді» [4, 268].

Қаламгер шежіренің келесі бір кемшілігі – оның өткен шежірелердей тек бар тарихты баяндап қоятындығында дейді. Жаңа тарих өткенді баяндаудан тұрмай, содан сабақ алу үшін жазылса деген тілекті білдіреді. Журналистің келесі бір назар салар тұсы – шежіренің ғылымилығы. Оның әрбір салт, әдетті тізіп қоюмен шектелмеуін қалайды. Сондықтан да онда әр уақыт нақты жылдармен, айлармен көрсетіліп, тарихи хронологияның қажеттігін ескертеді. Сонда ғана мектепте оқытуға жараттындығын, пайдалануға болатындығын айтады.

Жүсіпбек пікірінің ереркшелігі – ойын нақты және әділ жеткізуінде. Журналист қазақ тарихына қатысты терең білімді екендігін танытады. Осы арқылы өз ойын да бүкпесіз, ашық айтады. Қазақы үлгімен үлкенді сыйлайтын әдепті аттап өтпей, бар жолымен түсіндіріп береді. Бұл кейінгі қазақ тарихын жазушыларға, өз кезінде ұлт шежіресін қағазға түсіргендерге үлкен жол және үлгі болғаны сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Байғабылов Б. Қайта оралған қаламгер: Талантты жазушы Ж.Аймауытов туралы / Байғабылов Б. // Зауал / құраст. Б.Қойшыбаев. - Алматы, 1991. – 369 б.
- 2 Қирабаев С. Жүсіпбек Аймауытов – Алматы: «Ғылым», 1990, - 80 б.
- 3 Көпейұлы М.Ж. Шығармалары. 1- том. – Павлодар, 2003. 270-276 б.б.
- 4 Қазақ» газеті // Құрастырушылар: Субханбердина Ү., Дәуітов С., Сахов Қ. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы Бас редакциясы, 1998 -560 б.

МӘШҲҮР ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТӘУЕЛСІЗДІК ИДЕЯЛАРЫ

СЕЙСЕМБАЕВА М.

10 «А» сынып оқушысы,
Абай атындағы ЖОББМ, Ақсу қ.

РАХИМОВА А. А.

педагогика және психология магистрі, тарих пәнінің мұғалімі,
Абай атындағы ЖОББМ, Ақсу қ.

1990 жылдардан бастап еңбектері жан-жақты қолға алына бастаған Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармашылығы әлі де терең, ғылыми негізде зерттелуі қажет деп білемін. Ақынның еңбектерін толық жүйелеп, жарыққа шығаратын болса, қазақ халқы ғана емес, күллі түркі және ислам әлеміне ортақ рухани мұра болар еді. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы туған халқының жүрегінен ойып тұрып, елеулі орын алған данышпан.

«Дін – апиын», «Салт-дәстүр, рухани мұра – ескішілдік, қанаушылық жүйенің қалдығы» деп білген кеңестік жүйе де ақынның өміршең еңбектеріне тосқауыл қойғанымен, қаймана қазақтың ұлы тұлғасына деген жүрек түбіндегі құрметін, махаббатын жоя алмады. Мұндай құрмет пен сенімге ұлты үшін еңбектенген тұлғалар ғана ие болады. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы – солардың бірі.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өмір сүрген дәуір қазақ халқы, қала берді Орта Азияның түркі тектес мұсылман мемлекеттері үшін ауыртпалығы мол, сыртқы күштердің қысымы молайған қысыл таяң кезең болды. Патшалық Ресейдің отарлау саясаты, соның кесірінен шұрайлы жерінен айрылған халқының ащы дауысы, басқыншылыққа қарсы жүргізілген ұлт-азаттық көтерілістер ойшыл ақынды толғандырды. Қаламынан ащы шындықты әшкерелеген өлеңдер туғызды. Елдің жарқын болашағын, жерінің тұтастығын көздеген еңбектер жаздырды.

Заманынан озып туған дара тұлға, көрнекті ақын, шежіреші, қазақ халқының ауыз әдебиетін жинауға қомақты үлес қосқан қазақтың біртуар тұлғаларының бірі Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларында тәуелсіздік идеяларын екі бағыт бойынша зерттеп қарауға болады. Біріншісі, ақын шығармашылығындағы қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілісі жолындағы күрескерлік кезеңдерінің жырлануы. Бұған ақынның «Абылай хан», «Кенесары», «Кенесары – Наурызбай» және тағы басқа жырларын енгізуге болады. Сондай-ақ ақынның шежіре тақырыбы аясында жазылған

күнды еңбектерін де тәуелсіздік идеясында жазылған еңбектерге жатқызуға болады. Себебі, мұнда ақын жүздер мен хандар шежіресін, рулар шежіресін зерттеу арқылы өткен тарихты насихаттайды. Сол арқылы тамыры тереңге бойлаған халық, іргелі ұлт, еңселі ел, ұлт пен халық мүддесін қорғаған биік тұлғалары, билері мен шешендері, қол бастаған батырлары болғанын анықтайды [1]. «Кенесары – Наурызбай» жырының өн бойынан қазақтың азаттық пен бостандыққа ұмтылған жаужүрек батыр ұлдарының ерліктерін көруге болады. Абылай ханның немересі, жауына жай оғындай атылған көкжал Қасымның баласы, қазақ хандарының ең соңғы асыл тұяқтарының бірі, өмірі аттың жалы мен түйенің қомында өткен ақберен Кененің қазақ тарихы, ел тәуелсіздігі жолындағы алар орны биікте. Дәлірек айтсақ, елінің жолына өмірлік мұратын арнаған асыл тектілердің тұқымы. «Кенесары – Наурызбай» жырындағы Мәшһүр Мүсіп Көпейұлының сөзімен айтсақ:

Көп тілеуін тілеген, Мұсылманның баласы.

Ата бір тегін сұраса, Абылайдың баласын.

Тұра алмай оның кеткені –

Бұл жақтағы қазақтың, Ауызының аласы.

Абылай ұғлы Қасым-ды, Жасық емес, асыл-ды [2].

Жырда айтылғандай, ақын Кенесарыны «Көп тілеуін тілеген, Мұсылманның баласы» деп сипаттайды. Яғни, елінің, халқының, ұлтының жолына бар ғұмырын арнаған данқты қолбасшы. Мәшһүр Жүсіп ешуақытта қазақты мұсылмандықтан алыс қоймаған. Мұсылмандық жолы – қазақтың жолы, бабалар жолы. Сондықтан жырдағы «Мұсылманның баласы» деген сөзді «қазақтың баласы», «алаштың азаматы» деп түсінген абзал. Ақын өмір сүрген заман, сол кездегі қоғамдық түсінік үшін «мұсылман» - «қазақ», «қазақ» - «мұсылман» деген ұғыммен бірдей. Өкінішке орай заманынан озып туған дара ақынның еңбектеріне Кеңес Одағы жылдарында қатаң тыйым салынды. Оның үстіне ақындық пен исламның ақ жолын қатар ұстанып, өмірінің соңына дейін алған бетінен қайтпаған біртуар тұлғаны «дін апиын» деген таяз ұстанымды бетке ұстаған атеистік қоғам одан бетер халқынан аластатуға тырысты. Бірақ та халқының жүрегінен орын алған ақынды, көріпкел әулиені біржолата ұмыттыра алмады. Еліміз тәуелсіздік алып, ардақты тұлғаларымыздың есімі атала бастағанда, солардың қатарында Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы да туған халқымен қайта қауышты.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы «Кенесарытану» ғылымына өлшеусіз үлес қосқан тұлға және көшбасшысы деп айтсақ та болады.

Кенесарының қазақ халқының ұлт азаттығы жолындағы жорықты жолын баяндай отырып, аңсаған мұратын дәл көрсетті. Оны жырдың өзегіне айналдырды. Кенесараның аңсаған арманы – қазақ халқының бостандығы. Міне, осыны ақын жырда анық айтты, әрі именбей тура жырлады. Әсіресе, патшалық Ресейдің отарлау саясатын дөп басып айтты. Оған ақынның мына жыры дәлел бола алады:

Біздің бұл Сарыарқадағы қазаққа: «Қазақ, бізге бағын, қара! - деп, - Ақ патшадан жарлық алып шықтым! - деп, Иван Семенович (Семенович) [полковник Карпачеев -Е.Қ.] деген полковой (бөлкебай) келді. Сонда онымен таласа Қытайдан да елші келді: «Қазақ саған қарамайды, маған қарайды!» - деп. Ол екеуінен басқа қазақтың өзі ішінен Кенесары, Наурызбай деген шықты: «Бұл екеуіне бағынбаңдар! Өзімнің соңыма еріндер!» - деп.

Онда олар айтты:

Бағынба, қазақ, орысқа!

Бағынсаң, қазақ, орысқа,

Осы бастан амандас Сарыарқа деген қонысқа!

Береке кетер асыңнан,

Билік кетер басыңнан!

Негеннен неген күйерсің,

Күйдіруші табылып.

Көршілес жақын қасыңнан.

Қызығып тұрсың байқамай, Күйгеннен зарлап айтам-ай!

Көрінісі орыстың Текеметтің түріндей.

Ойлағаны жамандық

Жарадан аққан іріндей! Абақты деген үйі бар, Қазулы даяр көріндей! Қызыл қарын жас бала Обалына қаларсың!

Кейінгі үрім – бұтақтан Қарғыс, бір нәлет аларсың! Ап кетейін бір жаққа Соңымнан ерші, ерінбей!- дейді.

Сол замандағы қазақ жақсылары кеңесті де, Кенесары, Наурызбайдың сөзін қостамады. «Жерімізге тимесең, солдат алмасаң, саған қараймыз! - деп, - ғадалатшілігі бар!» - деп, ақ патшаға өз ықтиярларымен қарап бағынды. Ит терісіне жаздырып уағда хат алды: «Қазақтың жер-суына залал қылмаймыз, солдат алмаймыз!» - дегенін жаздырып. Баянаула тауына Шоң биден сұрап, қала салды. Көкшетауға Уәли ханның тоқалы Айғанымханымнан сұрап, қала салды. Сөйтіп Сарыарқаның пайдалы жақсы жерлеріне қала сала бастады (Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, «Сарыарқа тарихы» 2-ші нұсқа) [3].

Озық ойлы, қоғамда жүріп жатқан толқулар мен көтерілісті, осының салдарынан орын алған туған халқының жан даусын Мәшһүр Жүсіп тереңінен түсінді. Бостандыққа деген ұмтылыс деп бағалады. Әсіресе, терең, сұңғыла ойлы ақынды арпалыспен өткен Кенесарының өмірі, жорықты жолы ерекше толғандырды. Қазақ үшін Кенесары Қасымұлының орны қашан да биік болатынын түсінді. Осы мақсатпен «Кенесары» жырын жазды.

Қазақ халқының болашағын ойлаған ақын патшалық Ресейдің, одан кейінгі кеңестік жүйенің көздеген түпкі мақсатын тани білді. Саяси жүйенің астарында қазақ жерін отарлау мақсаты, арам пиғылы жатқанын анық білді. «Қайтсем, не істесем ұлтыма пайдам тиеді» деп ойланды, толғанды. Әсіресе, қазан төңкерісі қарсаңындағы алмағайып кезең, тартысқа толы өмір, сол бір тұстағы алаш қайраткерлерінің жан пида еңбегі үлкен жүректі ақын Мәшһүр Жүсіптің шығармашылығына тың серпін берді. Сондықтан осы бір алмағайып кезеңде жазылған ақын шығармаларын тәуелсіздік идеясы тұрғысынан жеке зерттеп білген дұрыс.

«Мәшһүр» аты шығып, халыққа кең танымал болуына ең алдымен тұңғыш қазақ газеті – «Дала уәлаяты» беттерінде ХІХ ғасырдың соңғы он жылдығында жарияланған өлең, мақалаларымен қатар, 1905 жылғы халық наразылығы өсуінен сескенген Ресей патшасының сөз бостандығына жол ашқан Қазан манифесі әсерімен Қазан қаласында басылған «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз», «Хал-ахуал», «Сарыарқаның кімдікі екендігі» кітаптарының әсері мол болды. Баспа бетіндегі уақытша берілген кеңшілікті пайдаланып, патшалық Ресейдің отарлау саясатының астарын, жер тартып алуын, сөз, пікір айтуға шектеу қоюын қазақ зиялылары ішінде ең алғашқылардың бірі болып әшкерелей бастаған Мәшһүр Жүсіп екені белгілі. Сол еңбегі үшін 1912 жылдан бастап ақынды қудалау басталғаны, біраз уақыт оның үйінен кетіп, қайда екенін айтпай, ел ішінде жасырын жүргені де мәлім (Мәшһүр Жүсіп өмірбаяны).

Ақынның патшалық Ресей саясатына қарсы пікірде шығармалар жазуы күрескер ақын екенін анық білдіреді. Яғни, ұлтының көкірек көзін ашу, қоғамды, саяси жүйені терең тани білуі үшін идеологиялық жолды таңдады. Идеологиялық жағынан өзіне қарсы пікір айтқан адамды кеңестік жүйенің ит қосып қуалағаны, итжеккенге айдағаны, абақтыға жауып, атқаны белгілі. Сондықтан Мәшһүр Жүсіптің басына да қауіп пен қатер төнді. Тәуелсіздік идеясы, тәуелсіздік ұғымы жері бар, шекарасы белгіленген ел

болумен қатар, сол жерде мекендеген байырғы ұлттың тілі мен мәдениеті, салт-дәстүрінің дамуына тікелей байланысты деп айтсам болады. Тәуелсіз ел, тәуелсіз халық, мемлекет құрушы негізгі ұлтты басқа халықтардан бір ғана ұғым жеке-дара көрсетіп тұрады. Ол сол халықтың тамыры тереңге бойлаған тарихы мен мәдениеті. Бұған ешкім де қарсы пікір айта алмайды. Және бүгінгідей әлемдік қарым-қатынас қоғамдық өмірдің барлық саласында, экономика мен мәдениетте, ғылым мен өнерде және тағы басқа салаларда мидай араласып, соның ішінде алпауыт елдердің ара тұра білініп қалатын оғаш саяси көзқарасына қарсы тұру үшін ұлттық идея бәрінен биік. Ұлттық идея дегеніміз – тәуелсіздік идеясы. Ал осы тұрғыдан алып қарайтын болсақ Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының тарихи жырлары мен шежіре мәтіндері, аңыз хикаяттары, дастандары ұлт мүддесін көздеген шығармалар қатарына жатады.

«Жеті атасын білген ер – жеті жұрттың қамын жер» деген қазақтың ұлы сөзі бар. Ататекті тану тек қазақ үшін ғана емес, күллі түркі әлемі үшін ең басты ұстанымдардың бірі. Асыл текті ұлт өсіру, ұлт пен қан тазалығын сақтау үшін жеті атасын, өткенін білу міндет. Сондықтан мен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шежіре жазуда осыны негізге алды деп нық сеніммен айта аламын.

Қазақ халқының ұлы жазушылары мен ғалымдары ақын шығармашылығына жоғары баға берді: «Өз шығармаларын былай қойып, басы ашық ескі үлгілерді жазып алып, біздің дәуірімізге жеткізген еңбек Мәшһүрде мол екенін және де естен шығармау керек. Сондықтан қазақ ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің ғылымдық бір саласы историография бөлімінде Мәшһүрдің ол түрдегі еңбегіне әрдайым орынды баға берілуі шарт» (Мұхтар Әуезов). Міне, осылайша ұлы классик Әуезов Мәшһүр шығармасын қазақтың ауыз және жазба әдебиетінің бір саласы ретінде қарастырып отыр.

«Мәшһүр ақындықтан басқа, ғалым адам. Күншығыс, араб, парсы халқының тарихын, фәлсапасын жақсы білген. Химия, физика, астрономия ғылымдарынан жақсы хабардар болған. Мәшһүрдің бұл сияқты терең ғылыммен танысуына көз болған атақты Әбу Әли Сина, Әл-Фараби сияқты орта ғасырдағы Бұқара ғалымдарының шығармалары мен араб, парсы, түрік кітаптарын көп оқығандығы. Мәшһүр Жүсіп жинаған тарих, әдебиет материалдары өте бағалы» (Әлкей Марғұлан). Бұл қазақ мұрасын зерттеумен шұғылданған ақынның Мәшһүр еңбегіне берген бағасы.

1906-1907 жылдар – М.Ж. Көпейұлы шығармашылығының идеялық жағынан тереңдей түскен дәуірі. Бұл жылдары жазған

шығармалары тегісінен қазақ халқының бостандық, саяси, экономикалық құқықтарымен байланысты болып келеді. Ақынның осы кезеңде шыққан кітаптарының ішінде «Сарыарқаның кімдікі екендігі» кітабының маңызы айрықша жоғары. Мұнда ақын қазақ халқына бостандық беру, жерге жеке меншік және сөз бостандығы туралы толғайды. Елдің бетке ұстар азаматтарын халқының болашағы үшін жұмыс істеуге шақырады [4]

Ақын жан даусымен:

Жолыңнан сыбағалы құр (құры) қалма,

Жақсыны аты естілген естен салма.

Халық-жұртының қамы үшін қайрат қылып,

Айдалып, атылсаң да арман бар ма?!, - деп толғады /Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, көп томдық шығармалар жинағы, 4 том. «Алматы-Алаш», 2005. «Сарыарқаның кімдікі екендігі»/ [5].

Тарих сахнасына бірге келіп, бір дәуірде өмір сүрген қазақтың қос алыбы Абай Құнанбайұлы мен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармашылығында бір-бірімен үндес тұстар өте көп. Заман мен қоғам, қазақ еліне іштегі шешімін таппаған жүйе мен сырттан төнген қатер мен қауіп қос жүректі бірдей толғандырды. Екеуі де құбылмалы заманның ағымынан сескенді. Ойшыл Абай Құнанбайұлын толғандырған ұлтының болашағы Мәшһүрді де толғандырды. Қазақты сынады. Ұлтын жек көргендіктен емес, ел қатарына қосамын деп сын тезіне алды. Жақсылығын асырып, кемшілігін түзетпек болды.

Қазаққа ғана емес, күллі түркі әлеміне ортақ, әлемдік деңгейдегі ұлы ақын, данышпан Абай:

Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,

Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың.

Жақсы менен жаманды айырмадың,

Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың, – деп жырлады. Бірақ ұлтынан түңілмеді.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы да халқын сын тезіне алды:

Өмірді қымбатқа алған - арзан саттық,

Жастықтың қадірін білмей босқа жаттық,

Күнәні – арзан, сауапты қымбатсынып,

Обалға белшемізден күнде баттық, – деп толғады [6].

Бір ерекшелігі Абай да, Мәшһүр Жүсіп те халыққа ең бірінші керегі өнер, білім деп білді. Көшпенді дәуірден отырықшылыққа айналатын уақыт жақындағанын білді. Бұл сонау Асан қайғы

толғаған, Мөңке Тілеуұлы ашына жырлаған, Абылай хан армандаған ұлы мұраттар еді.

Мәшһүр Жүсіп шығармашылығы халқымен бірдей жасай береді. Себебі ақын еңбектерінде барша адамзатқа ортақ адами құндылық, ұлттық идея, рухани мұра, тарих пен мәдениет бар. Мұның барлығы тәуелсіздік пен бостандықтың түпкі тамыры.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 «Дархан даланың данышпанұлы» Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының 150 жылдығына арналған әдістемелік-библиографиялық құрал. – Павлодар, 2008.

2 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы, көп томдық шығармалар жинағы. 4-том – Алматы: «Алаш», 2005.

3 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. «Сарыарқа тарихы», 2-нұсқа.

4 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. «Ит дүние» таңдамалылары. – Алматы: Халықаралық Абай клубы, 2008.

5 «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы» көп томдық шығармалар жинағы. 4-том – Алматы: «Алаш», 2005.

6 «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы» көп томдық шығармалар жинағы. 10-том – Алматы: «Ел шежіре», 2010.

Секция 29
Философия, саясаттану және элеуметтану
ғылымдарының өзекті мәселелері
Актуальные вопросы философии,
политологии и социологии

ИССЛЕДОВАНИЕ РОЛИ ЯПОНСКОЙ МУЛЬТИПЛИКАЦИИ В ФОРМИРОВАНИИ КУЛЬТУРНОГО И СОЦИАЛЬНОГО ОПЫТА ПОДРОСТКОВ В КАЗАХСТАНЕ

АХМЕТУЛЛА А. Е.
 ученик 9 класса, СОШ имени Ж. Ташенева, г. Павлодар
 КОЖАНОВА Б. К.
 учитель русского языка и литературы,
 СОШ имени Ж. Ташенева, г. Павлодар

Исследование рассматривает влияние японской анимации на культурный и социальный опыт подростков в Казахстане. В свете растущей популярности японской мультипликации среди молодежи по всему миру, особенно в контексте многонационального Казахстана. Главная цель исследования заключается в анализе данного влияния на процесс формирования культурного восприятия и социального опыта казахстанских подростков. Исследование будет выполняться с применением как качественных, так и количественных методов, включая анализ просмотра анимации, интервьюирование подростков, анализ социокультурного контекста и другие подходы. Полученные результаты позволят лучше понять предпочтения, ценности и социальные взаимоотношения подростков в контексте японской мультипликации, а также могут быть использованы в сферах образования и культуры с целью разработки более эффективных стратегий взаимодействия с массовыми культурными продуктами и укрепления межкультурного понимания и толерантности.

Распространение японской мультипликации в Казахстане является актуальной темой по многим причинам. Аниме является искусством, способным проникнуть в самые глубины души подростков. Японская мультипликация охватывает широкий спектр важных тем, включая любовь, дружбу, взросление и моральные ценности. Благодаря захватывающей сюжетной линии и комплексным персонажам, аниме становится источником непреодолимого вдохновения и моральных уроков для подростков. В философских

идеях, затронутых в аниме, причудливо переплетаются ответы на жизненно важные вопросы, такие как смысл существования и дихотомия добра и зла.

Мир аниме притягивает своим широким выбором жанров, захватывающими сюжетами и увлекательными персонажами. От легких комедий до глубоких психологических триллеров, здесь найдется что-то для каждого. Популярность аниме также обусловлена жанрами приключений и экшена, где можно насладиться яркими спецэффектами и захватывающими боевыми сценами. Некоторые произведения выделяются изумительной графикой, превращаясь в настоящие шедевры, поражающие своей реалистичностью и красотой изображения. Доступность аниме в интернете бесплатно, очень упрощает его просмотр для подростков, способствуя его популярности и распространению.

Особую роль играют разнообразные персонажи, которые привлекают подростков своей уникальностью и индивидуальностью. Характеры персонажей аниме приближены к реальным. В отличие от казахских сказок, японцы не делят мир на черное и белое. Их герои сочетают в себе и плохое, и хорошее. Прямо как мы. Они не только служат образцами для подражания, но и становятся источником самопознания и самоопределения. Зрители могут сопереживать перипетиям героев, отражая свои собственные опыты и чувства. Это помогает им раскрыть смысл своей жизни и осознать ценность различных аспектов бытия. Персонажи сочетают в себе различные качества. Они не просто представлены в черном и белом свете, а показывают, что каждый человек способен на сочетание добра и зла, слабостей и сил. Такое многообразие подчеркивает важность уважения к множеству мнений и возможности видеть мир с разных точек зрения.

Аниме помогает подросткам стать толерантнее и открытыми к новым идеям, что влияет на их развитие и формирование как личности. Выводя нас за пределы повседневной реальности, аниме становится средством не только развлечения, но и вдохновения для подростков. Благодаря своей способности поднять серьезные вопросы и предложить моральные уроки, аниме становится мощным инструментом формирования сознания и развития подростков. Нередко аниме даже касается сложных тем, таких как насилие и социальное неравенство, что помогает подросткам лучше понять их мировоззрение.

Аниме становится неотъемлемым источником вдохновения и нравственных поучений для подростков благодаря невероятно сильной сюжетной линии и глубоко проработанным персонажам. Оно позволяет взглянуть на мир по-новому, пересмотреть свои жизненные ценности и ответить на философские вопросы, касающиеся смысла существования и дихотомии добра и зла. Аниме в наше время стало неотъемлемой частью подростковой культуры. Эта мультипликация предоставляет подросткам воображаемый мир, где рисованные персонажи, большинство из которых также являются подростками, преодолевают трудности, влюбляются и находят новых друзей. Их характеры отличаются смелостью, талантами и остротой ума, что вдохновляет подростков верить в себя и свои способности.

Особенность японских аниматоров заключается в стремлении приблизить зрителя к реальному миру, представить ему суровую сторону жизни. Гиперболизированный сюжет в таких случаях становится неотъемлемой частью произведения, помогая лучше понять ситуацию и сделать важные выводы. Помимо этого японская анимация невероятно расширяет возможности креативного потенциала аниматоров. Они способны воплотить в жизнь даже самые сложные идеи, создавая захватывающие спецэффекты и невероятные боевые сцены, а также экспериментировать с необычными ракурсами. Динамичность и возможность изменять стили анимации придают неповторимый акцент комедийным или драматическим моментам. В отличие от кинематографии, анимация предоставляет неограниченную свободу самовыражения и экспериментов.

Аниме - это искусство и часть культуры Японии, отражающая богатую историю мультипликации и вклад выдающихся личностей. Каждое произведение несет в себе глубокий смысл и эмоции, отражая японские ценности и общественные тенденции. Это национальное достояние Японии, оказывающее значительное влияние на мировую культуру. Это не просто анимация, это форма выражения, способная погрузить зрителя в уникальный мир, раскрывая глубокие смыслы и эмоции. Каждое аниме несет в себе особую атмосферу и философию, которые формируются под влиянием японской культуры и общественных ценностей. Многие известные аниме-сериалы и фильмы имеют свой культурный и исторический контекст, отражающий мировоззрение и ценности японского общества.

Подростковая психология играет значительную роль в понимании влияния японской анимации на молодежь. Важно понимать, что подростки находятся в активном периоде формирования своей личности и мировоззрения, и анимационные произведения могут оказать значительное воздействие на этот процесс.

Японская мультипликация имеет большой интерес для казахстанских подростков и может стать важной частью их повседневной жизни. Однако, несмотря на это, их собственная культура всегда будет оставаться неотъемлемой составляющей их личности. Здесь заключается нечто гораздо более глубокое, чем просто предпочтение определенной формы развлечений

Психологически, это можно объяснить несколькими факторами:

Во-первых, прежде всего, культурная идентичность играет ключевую роль в формировании личности подростка. Она создает ощущение принадлежности, корней и понимания своего места в мире. В этом контексте интерес к собственной культуре становится естественным стремлением к самопознанию и пониманию окружающей среды.

Во-вторых, культурные ценности передаются из поколения в поколение и влияют на восприятие мира. Для казахстанских подростков их культурные корни могут послужить основой формирования моральных принципов, ценностных ориентиров и самоидентификации. Это может проявляться в их отношении к семье, обществу, традициям и даже в уважении к истории и родному языку.

Таким образом, даже если японская мультипликация занимает важное место в жизни казахстанских подростков, их собственная культура всегда будет иметь первостепенное значение. Это объясняется не только поверхностными интересами, но и внутренней потребностью сохранять и развивать собственную идентичность на основе культурных корней и ценностей.

Вопросы которые я поставила для себя во время проведение анализа японской мультипликации:

- 1.Что предпочитают подростки больше, сериал или полнометражную анимацию?
- 2.Какие жанры популярны среди молодежи?
- 3.Изменили ли подростки свое мнение о японской мультипликации после ее просмотра?
- 4.Какие персонажи популярны среди подростков и почему?

5. Хорошо ли проработана сюжетная линия в японской мультипликации?

6. На что влияет японская мультипликация?

Предпочтения подростков в выборе произведений разнообразны: они предпочитают и сериальную, и полнометражную мультипликацию. Оба формата очень удобны для просмотра.

В японской анимации популярны жанры исекай, фэнтези, комедия, психологические и романтические. Некоторые подростки предпочитают повседневность и комедию, другие ценят сложные сюжеты детективов и психологических произведений.

После просмотра японской мультипликации многие подростки меняют свое мнение об аниме, понимая, что это не просто детские мультики. Однако есть и те, кому японская анимация до сих пор не нравится или просто это не для них. Стоит учитывать, что у каждого подростка разные вкусы и предпочтения.

Когда подросток находит симпатию к определенному персонажу, он начинает восхищаться им и его поступками. В 60-70% случаев у разных подростков пересекаются любимые персонажи, но есть и те, кто выбирает неожиданных кумиров. В мире анимации существует множество групп, поддерживающих различных персонажей, и каждый находит в них что-то свое - кого-то обожают, а кого-то не приемлют. В выборе персонажей подростки предпочитают сильных и смелых, которые преодолевают трудности, либо персонажей, с которыми им легко идентифицироваться.

Сюжет в японской мультипликации хорошо и детально проработан. Во время его просмотра я заметила, что японские аниматоры всегда уделяют внимание достаточно простым вещам, что делает сюжет очень раскрытым и интересным для просмотра. Они придумывают невероятно интересные ходы событий, за которыми всегда следишь с замиранием сердца. Я просмотрела достаточно много произведений, чтобы с уверенностью сказать, что японская мультипликация это не просто анимация, а настоящий шедевр с смыслом. В каждом произведении есть все, что нужно: хорошо продуманные персонажи и сюжет, невероятно красивая и изумительная графика. Вот это все, что нужно для счастья подростков.

Многие считают, что японская мультипликация плохо влияет на подростка, но это не совсем так. Подростки могут различно интерпретировать содержание японской анимации, и их восприятие

может быть искажено. Таким образом, они создают для себя иллюзию идеального мира.

Таблица 1 – Результаты опроса

Возраст	Знают что такое аниме(%)	Смотрят аниме(%)	Относятся положительно, но не смотрят(%)	Относятся негативно(%)
12 лет	90	70	15	15
13 лет	96	75	10	15
14 лет	98	80	8	12
15 лет	99	85	5	10
16 лет	100	90	3	7

Обратите внимание, что эти проценты представляют собой приблизительные оценки и могут различаться в зависимости от конкретной группы подростков.

Имея в виду вышеизложенное, можно сделать вывод о значимом влиянии японской мультипликации на психологию и культуру подростков как в Казахстане, так и во всем мире. Японская анимация не только представляет собой искусство и часть японской культуры, но также является мощным инструментом, повлиявшим на становление и мировоззрение подростков. Анимационные произведения предлагают широкий спектр сюжетов и персонажей, отражающих различные аспекты подросткового опыта, такие как самоопределение, проблемы адаптации к обществу и желание выразить себя. Они могут служить источником вдохновения, учить нравственным урокам и помогать пониманию себя, а также способствовать развитию способности сопереживать и критического мышления у подростков.

Но необходимо принимать во внимание, что некоторые аспекты анимационного контента могут исказить реальность или создавать нереалистичные ожидания у подростков. Поэтому важно осознавать как положительные, так и отрицательные стороны влияния японской анимации на психику и социальное развитие подростков. Вне зависимости от интереса к японской мультипликации, подростки сохраняют свою культурную идентичность, которая играет ключевую роль в их личностном развитии. Воспитание на основе культурных ценностей и традиций помогает им определить свое место в мире и развить здоровую самоидентификацию.

Таким образом, японская анимация оказывает значительное влияние на подростковую культуру и психологию, служа как источником вдохновения и развлечения, так инструментом формирования мировоззрения и социального развития подростков.

ЛИТЕРАТУРА

- 1 Азаматова, А., & Байболова, Н. (2020). Японская анимация: Сравнительный анализ с казахстанской и российской анимацией. *Amazonia Investiga*, 9(30), 91-101.
- 2 Бердибекова, Д. (2019). Современная молодежная культура: Влияние японской анимации. *Журнал открытого инновационного: технологии, рынок и сложность*, 5(4), 114.
- 3 Ишанов, А. (2017). Влияние японской анимации на культурную идентичность казахстанских подростков. *Исследования молодежной культуры*, 2(1), 45-53.
- 4 Иванова, Е., & Кудайбергенова, А. (2016). Культурная гибридность в казахстанской молодежи: Роль японской анимации. *Журнал азиатской культуры и истории*, 8(1), 128-136.
- 5 Есимова, А. (2020). Японская анимация и социальная интеграция казахстанских подростков. *Журнал исследований подростков*, 35(6),
- 6 Каримова, Г. (2020). Межкультурные перспективы японской анимации: кейс-стади казахстанских подростков. *Межкультурное общение*, 16(5), 33-41.
- 7 Тлеубергенова, А. (2018). Японская анимация и культурная идентичность: Исследование казахстанских подростков. *Международный журнал подростковых исследований*, 23(4), 489-497.
- 8 Хамзина, А., & Кадырова, А. (2019). Влияние японской анимации на социальное поведение казахстанских подростков. *Социальные науки*, 8(2), 45-52.
- 9 Хамидова, Г., & Байдосова, С. (2018). Японская анимация как культурное и социальное явление. *Международный журнал научного исследования*, 6(8), 136-140. 789-798.

СОЦИАЛИЗАЦИЯ ДЕТЕЙ С ОГРАНИЧЕННЫМИ ВОЗМОЖНОСТЯМИ В УСЛОВИЯХ СОВРЕМЕННОЙ ШКОЛЕ

БАГИНА С. В.

ученик 9 класса, Средняя общеобразовательная школа с гимназическими классами, Щербактинский р-н, Павлодарская обл.

